

БЗ.3

М 91

ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ

Мекемтас
Ырзахметұлы



Мекемтас
Мырзахметұлы

ӘУЕЗОВ
және
АБАЙ

АЛМАТЫ
«ҚАЗАҚСТАН»,
1997

ББК 83.3 Қаз.
М 91

Редакторы Алдоңғар Бермаханов

М 91 Мырзахметұлы М.

Әуезов және Абай.— Алматы: «Қазақстан»,
1996.— 272.

ISBN 5-615-01814-3

М. Әуезов Абайдың шығармашылығы мен өмір жолын 20-жылдардан бастап зерттеуді қолға ала бастады. Ол ұлы ақынның шығармашылық құмырбаянының бірнеше нұсқасын жасады, көптеген мақалаларын қазақ, орыс тілдерінде жазды, жоғары оқу орнында алғаш рет абайтану курсының енгізді. Қолдарыңыздағы кітапта М. Әуезовтың абайтанудағы ізденістері, батыс-шығыс әдеби, мәдени байланыстар арналары, суреткердің тезис түріндегі айтылған ой-пікірлерінің төркіндері талданып ашылады.

Сондай-ақ ұлы қаламгердің 20-жылдары Орыс Географиялық қоғамының Семей бөлімшесінің мүшесі ретінде атқарған сан-салалы жұмыстары, Орта Азия мемлекеттік университетінің (САГУ) аспирантурасында оқыған жылдары хақында, жоғары оқу орындарындағы ұстаздық қызметі жөнінде танымдық материалдар енді Әуезов қолданған автоцензура тәсілінің табиғатын ашып талдап, бүгінгі оқырманға ұсыну да Мұхтартанудың көп қырын аша түскен.

Кітап Әуезовтың 100 жылдық мерейтойына арналады.

Ғылыми-көпшілік басылым.

М $\frac{4603000000-26}{401(05)-96}$ 20-97

148019

ББК 83.3Қаз

ISBN 5-615-01814-3

© Мекемтас Мырзахметұлы, 1997 ж.

ҒЫЛЫМНЫҢ СОҚТЫҚПАЛЫ СОҚПАҚТАРЫ

АБАЙҒА БАРАР ЖОЛДА

Мұхтар Әуезов — тұла бойына ақындық дарын мен ғұламалық ойшылдық қатар біткен суреткер екендігі әлемге әйгілі. Саналы өмірін ғылыми-творчестволық іздену жолына бағыштаған қайталанбас талант иесінің шабыт қанатына мінген әрбір буынды кезеңінен танып, сырына қанығу — мұхтартану саласының келелі міндетіне айналып отыр. Осы жолда айтулы қаламгердің жүріп өткен әдеби соқпағына үңіле түскен сайын беймәлім мол тың деректер көзіне де ұшырасып жатамыз.

Архив қазынасында сыр бүккен беймағлұм деректер көзінің бірі — Ленинград университетінің түлегі Мұхтар Әуезовтің Семейдегі қазақ педагогикалық техникумы мен Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінде атқарған ұстаздық, ғылыми-ұйымдастырушылық, журналистік қызметіне келіп тіреледі.

Мұхтар Әуезов 1924 жылы Ленинград университетінде оқып жүрген кезінде Семейдегі жаңа ұйымдастырылған қазақ педагогикалық техникумына қазақ әдебиетінен дәріс оқу үшін арнайы шақырумен келеді. Ол туған елге оралысымен-ақ ұстаздық, ғылыми-творчестволық, әлеуметтік жұмыстарға қызу араласып, бар ынта-жігерімен беріледі. Сол тұста Семей губерниялық атқару комитетінің Ленинград университетіне жолдаған ресми хатында: «...жолдас Әуезов қазақ әдебиеті бірлестігіне деген ынта-жігерімен әрі осы салада өз бетімен жүргізіп отырған ғылыми зерттеулерімен техникумдағы қазақ әдебиеті тарихының лекторы ретінде бірден-бір кандидатура болып табылады», — деп оның осы жылдар аралығында жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстары мен теориялық даярлығының деңгейі аса жоғары бағаланды.

1922 жылы Орта Азия университетінде сырттай оқып жүрген кезінде-ақ Абай мұрасын, осы саладағы өз таны-

мын ғалымдық, ұстаздық жолмен насихаттап жүрген еді. Өз ой танымын дәріс үстінде де баяндап отырған М. Әуезовтің 1923 жылы Ташкент қаласындағы Орман шаруашылық техникумында қазақ тілі мен әдебиетінен оқыған лекцияларын тыңдаған Нұртас Оңдасынов (бұрынғы Қазақ ССР Министрлер Советінің Председатели) өзінің естелігінде: «Біз Абаймен көп жұрттан бұрынырақ және тереңірек таныстық, Абайды дұрыс түсінуге ұстазымыздың сабақтары тікелей себебін тигізді»,— деп жазады.

Мұхтар Әуезов қазақ педагогикалық техникумында қазақ әдебиетінен дәріс бере жүріп, Абайдың тұңғыш толық жинағын құрастыруға бар күшін жұмсады. Абайдың Мүрсейіт қолжазбаларында қамтылмаған, бірақ ел аузында сақталып қалған өлеңдерін хатқа түсіріп, қайта тірілтті. Дәл осы жылдар ұлы ақынның тұңғыш ғылыми өмірбаяны да жазыла бастады. Қазақ әдебиеті тарихынан оқыған лекцияларының негізінде «Қазақ әдебиеті тарихы» деп аталатын атакты монографиялық еңбегінің алғашқы нұсқасы да жазыла бастады. 1927 жылы Қызылорда қаласында басылым көрген осы монографиялық қолжазба 1925 жылы Ленинградта біткен болатын. Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің арнайы қаулысы негізінде жоғарыдағы аты аталған оқу орнында қазақ әдебиеті үйірмесі ашылып, оны басқару жұмысы да Мұқанға тапсырылып, қала жастарын әдеби-творчестволық, мәдени жұмыстарға қызу араластырып баули бастады.

Мұхтар Әуезов өмірінің жарқын тұсы әсіресе Семейдегі сәтті жылының бірі белгісі — Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне толық мүшелікке сайланып, ғылыми-ұйымдастыру мәселесіне қызу атсалысып, әдеби-мәдени жұмыстары ерекше көзге түсе бастайды.

1902 жылы Батыс Сібір Императорлық Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ашылады. Осы бөлімше 1924 жылы 8 мартта Орыс географиялық қоғамының Қазақстандағы Семей бөлімшесі деген атпен қайта құрылып, өз алдына дербес қызмет атқарды.

1924 жылы 15 октябрьдегі Кеңестің (қоғамды басқару органы) мәжілісінде М. Әуезов толық мүшелікке алынсын деген ұсыныс қабылданды. Көп ұзамай-ақ 1924 жылы 19 октябрьдегі Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы бірауыздан Қоғамның толық мүшелігіне сайланды. (Семей өлкетану музейінің архиві, папка № 8, Орыс

географиялық қоғамы Семей бөлімінің октябрь-ноябрь айындағы есебі. 1924 жыл, 32-бет). Осы жалпы сайлау жиналысында Қоғамның барлық мүшесі 116 адам болса, оның екеуі құрметті мүше, сегізі толық мүше болып сайланды.

Бұл тұста Мұхтар Әуезов Қоғамның ғылыми — ұйымдастыру жұмысына белсене араласып, өзінің терең білімі, көп салалы ғылыми творчестволық жұмыстары, шебер ұйымдастырушылық қабілеті арқылы бірден көзге шалынды. Осы ерекшеліктерді ескере келе Мұхтар Әуезовті 1924 жылы 16 ноябрьде өткен Қоғамның жиналысы басқару орнына сайланған алты адамның құрамына ендіреді. Қоғамның председателі болып Б. Герасимов 35 дауыспен (1 дауыс қарсы, 3 дауыс қалыс), орынбасары болып Мұхтар Әуезов 36 дауыспен (қарсы дауыс жоқ, бір дауыс қалыс) сайланды. Кеңеске, яғни басқару орнынан сайланған алты адамға берілген жасырын дауыстың құрамына көз салсақ, Мұхтардың аз уақыт ішінде-ақ бедел алып, сайлануға түскендер арасында ең жоғары көрсеткішке жеткені байқалады.

Әрине Мұхтар Әуезовтің тез арада мұндай зор сенімге ие болып, бедел алуының себебі қоғамдық жұмыстағы белсенді әрекеті мен ғылыми-творчестволық ізденістері, жарық көрген еңбектері сол кезде-ақ баспасөзде кең танылып бағалануында жатса керек. Осы себепті Қоғамның жалпы жиналысында Димитриевтің барлық қоғам мүшелерінің атынан Кеңеске тұңғыш рет мүше әрі орынбасар қызметіне сайланған Мұхтар Әуезовті қазақ интеллигенциясының қоғамдағы тұңғыш өкілі ретінде қызу құттықтап, арнайы сөз сөйлеуінде көп мағына жатса керекті.

Ол 1924 жылдың күзінен бастап-ақ Қоғамның жалпы жиналыстары мен Кеңестің арнаулы мәжілістерінде зор белсенділік көрсетіп барлық жұмыс саласына қызу араласады. Қоғамның басқару органы болған Кеңес мәжілістерінде ұсыныстары мен пікірлерін өткізіп, аса қажетті деген мәселелерді принципті түрде күн тәртібіне батыл қойып отырады. Мысал ретінде айтар болсақ, Кеңес мәжілісінде ертеректе жарияланып келген ғылыми «Запискарды» қайтадан жандандырып, жүйелі түрде басылым көру ісі талқыланғанда, М. Әуезов ғылыми «Запискарды» орыс, қазақ тілінде қатар шығарып отыруды ұсынып, шешім қабылдатады.

Кеңес басшылары М. Әуезовті Семей қаласында жаңадан ашылып жатқан Совет өкіметінің жергілікті ұйымдастыруымен Қоғамның қарым-қатынасын күшейтіп, жақсарту ісіне де ретті жерінде үнемі шебер пайдаланып отырған. Мысалы, Семей губерниялық халық ағарту бөлімі «Малшылар мен шаруалар үйіне» жалпы білім беретін лекциялар циклін ұйымдастыруды өтінгенде, Кеңес басшылары бұрын тәжірибеде жоқ мұндай жаңа да күрделі жұмысқа тағы да М. Әуезовті бөледі. Немесе 1925 жылы 4 марттағы Қоғам мүшелері мен Семей губерниясының ағарту ұйымдарымен біріккен арнаулы мәжілісінде халық ағарту бөлімі әрбір мектепке арналған жеке-жеке программа жасап беруді талап еткенде, мәжіліс дағдарысқа ұшырап, асыра сілтеген пікірлер өріс ала бастайды. Сонда Мұхаң жеке-жеке программа жасаудың негізі жоқ, керісінше барлық мектептерге арнап бір программа жасау қажет, оны әрбір мектеп өз жағдайына қарай творчестволықпен пайдалансын дейді, осы пікірі қызу қолдау табады.

Кеңес ең ақыры әдеби-мәдени шаралар өткізетін орындарға рұқсат алып, келісім табу жұмыстарына дейін тындырымды Мұхаңа жүгініп отырған. Мысалы, Кеңес мүшелері 4 октябрь атындағы клубқа рұқсат алып, Мұхтар Әуезов пен Жұмат Шаниннің этнографиялық сыпаттағы пьесасын қоюға даярлана бастайды.

Кеңестің орынбасары ретінде Мұхтар Әуезов Қазақстанда ғылыми экспедициялар ұйымдастыру үшін, қажетті қаржы көзін тауып оның жоспары мен сметасын жасауға да қолма-қол араласып отырған. Арнайы түрде фольклорлық мұраларды жинастыруға экспедиция ұйымдастырып, халық санасында ғасырлар бойы екшеліп сақталған рухани байлықтың деректі көздерін дер кезінде, уақыт өткізбей қалай жинау керектігін «Әдебиет естелігін жинаушыларға» деген мақаласында жариялап та үлгереді.

1924 жылы 21 октябрьдегі Кеңестің арнайы мәжілісінде тарихи, фольклорлық, этнографиялық, археологиялық экспедициялар ұйымдастыру мәселесі күн тәртібіне қойылады. Осы жөнінде Кеңес мәжілісінің протоколында: «Мұхтар Әуезов хабарлады: белгіленген аудандар ерекше көңіл бөледі. Өйткені басқа қазақтарға қарағанда қаракерейлерде дәл бүгінге дейін көне өлеңдер, жырлар, аңыздар сақталғандықтан оларды жинап алуға асығу керек. Экспедиция жол-жөнекей Шыңғыстау бо-

лысына да соға алар еді»,— деп жазылған. Осы протоколда бұл арнаулы көп салалы экспедицияға Мұхтар Әуезов пен Жұмат Шаниннің қатысуы пайдалы болар еді делінген.

Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі ұйымдастырмақ болған үш саладағы экспедицияның барып-қайтатын маршруттары да нақтылы көрсетіліп, тарихи-фольклорлық экспедиция М. Әуезов нұсқаған жерлерге, ал этнографиялық экспедиция Каркаралы уезіне, этнографиялық экспедиция Бұқтырмаға баратын болып белгіленеді.

Бұл көп салалы арнайы экспедициялардың жоспары мен сметасын жасау үшін Кеңес тарапынан сайланған арнайы комиссия құрамына да Мұхтар Әуезов, Борис Герасимов, Николай Белослюдов кіреді.

Артынша-ақ 1924 жылы 19 октябрьдегі Кеңес мәжілісінде М. Әуезовтің экспедиция жөніндегі арнайы хабарламасы тыңдалады. Бұл экспедициялар үшін Академия орталығынан (Орынбордағы) арнайы қаражат бөлінгенін, бұл қаражат көптен бері ойластырылып келе жатқан тарихи-этнофилологиялық экспедиция жұмысына жұмсалатынын айтады. Кеңес осы мәселе туралы шұғыл шешім қабылдап, экспедицияның нақтылы іс жоспары мен сметасын жасауды М. Әуезов пен Б. Герасимовке тапсырады. Халық ауыз әдебиеті үлгілерін ертерек зерттеу жұмысымен айналыса бастаған фольклорист Мұхтар Әуезов бұл экспедицияға тікелей басшылық етіп, оның баратын ауданы мен қандай нақтылы деректер жинау қажеттігіне ғылыми тұрғыдан жөн-жоба, бағыт-бағдар сілтейді.

* * *

Қазақ әдебиетінің іргелі саласына айналған абайтанудың негізін салушы ғұлама ғалым Мұхтар Әуезов ұлы ақын мұрасын жинау, зерттеу жолында жүргізген ұланғайыр еңбегін ғылыми-творчестволық өмірінің рухани нәр алар бұлағы десе болғандай. Сонау алыстағы балғын балалық шағында Абай өлеңдерін түгел жаттап, аты аңызға айналған ақын жайындағы әңгімелерге құлағы қанығып өссе, 1914 ылы Абай туралы тұңғыш әдеби кешке қатысып та үлгеріпті. Абай қайтыс болған 20 жылдан соң Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі өткізген кезіндегі ұйымдастыру жұмысы тағы да

жігіт Мұхтарға бұйырыпты. Соңғы жылдарда да Абайға арналған мерейтойына мерекелердің бәрінде де зор шабытпен күш жұмсап, ғылыми-творчестволық еңбектерімен ерекше дараланып ұлы тұғырға көтерілген замана данасын көреміз.

Бір ғажабы Мұхтар Әуезов Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесіне толық мүше болып сайланған күні-ақ, яғни 1924 жылы 19 октябрьде Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толу қарсаңында Қоғамның жалпы жиналысында Абай күнін атап өтуге ұсыныс ендіреді. Осы ұсыныс бойынша Абайға арналған салтанатты кешті өткізу жөнінде арнайы программа жасап, Қазақстанның академиялық орталығымен келісіп, Қоғам мүшелері мен қала жұртшылығы біріге отырып өткізу туралы кең өрісті шешім қабылданады.

Абайдың жиырма жылдығын өткізу қарсаңында Семей губерниялық халық ағарту бөлімі мен Қоғам мүшелері арқылы ұйымдастырылған жұмыс атаулының бәрі де тікелей Мұхтар Әуезов басшылығымен жүргізілгені кездейсоқ құбылыс емес-ті.

Мұхтар Әуезовтің ұсынысы бойынша, Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесі алдына қойылған Абай мерекесін ресми түрде салтанатпен атап өту мәселесі Қоғамның бас қосқан жалпы жиналыстары мен Кеңестің арнаулы мәжілістерінде айналасы үш ай ішінде бес рет талқыланып, тиісті қаулылар алынып отырады.

Кеңес 1924 жылы 21 октябрьде өткізілген мәжілісінде Абайдың жиырма жылдығын бүкіл Қазақстан бойынша атап өткізілуі керек деп шешіп, осыған лайықты өз программасын даярлауға кіріседі. Осы ұсыныстарын Орынбордағы Академиялық орталыққа хабарлайды. Егер Академиялық орталық белгілі бір күнді межеге алып, хабар бере алмаған жағдайда ноябрь айының соңында өткізбекке шешім қабылдайды.

Кеңес мәжілісінде қабылданған шешімнің айрықша назар аударарлық бір тармағы бар. Ол Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын бастыруға Академиялық орталықтан арнайы нұсқау сұрайды. «Құнанбаев туралы мақалалар жинағын жариялап, күні бүгінге дейін жарияланбай жеке кісілердің қолында сақталып келе жатқан ақын шығармаларының толық жинағын бастыруға Қазақстан Халық Комиссариатының Академиялық орталығынан нұсқау сұралсын» (*Семей өлке-тану музейі, папка № 8, протокол № 3, 1924 ж. 21 ок-*

тябрь, 67-бет). Ал тұңғыш Абай шығармаларының толық жинағын басуға қажетті қаржыны ел арасында ақын кітабына ерікті түрде жазылу арқылы және де біраз қаржыны орталық ұйымдардан алу жолымен жүзеге асыра болады деп қараған.

Осы қаулыдағы алғаш рет Абай мұрасын зерттеуге арналған ғылыми мақалалар жинағын құрастырып бастыру жөніндегі ұсыныс та негізсіз емес еді. Себебі 27, 29 декабрьде Абайдың қазасының жиырма жыллығына арналған бас косуда оқылатын М. Әуезов, Ж. Шанин, Көкбайдың баяндамалары мен естелігі даяр болатын-ды. Мұның үстіне Кеңес председатели Б. Герасимов пен Абай мұрасын ертеден зерттеп келе жатқан Николай Николаевич Белослюдовтің оқыған лекцияларының тексі мен мақала, зерттеулері даяр тұр еді. М. Әуезовтің 1918—1922 жылдар аралығындағы Абай мұрасы жайындағы зерттеу мақалалары мен енді жазыла бастаған Абайдың тұңғыш ғылыми өмірбаянының алғашқы нұсқасын қоссақ, Абай мұрасы туралы жарияламақ болған ғылыми жинақтың аумақты көлемі мен нақтылы қарасы көрініп те қалады емес пе?

Бұл кезге дейін Абай шығармаларының таңдамалы жинақтары 1909 жылы Петербургта, 1916 жылы Орынборда, 1922 жылы Қазанда, 1923 жылы Ташкентте басылым көргенімен, ұлы ақыннан қалған барлық әдеби мұра толық жинастырылып оқырмандар қолына жетпей жатқан шақ еді. Бұл орны толмас олқылықтың орнын толтыруға ұмтылып, Абай шығармаларының шын мәніндегі тұңғыш толық жинағын жарыққа шығаруға Академиялық орталықтан нақтылы нұсқау сұрап, әрекет етудің де айтарлықтай негізі бар, даярлығы толық пісіп-жетілген аса қажетті әлеуметтік рухани мәселе болатын. Қаулыда атап көрсетілгендей Абай шығармаларының баспа бетін көрмеген жазбаша нұсқалары жекелеген кісілер қолында сақталуда деп ескертуінде белгілі мән-мағына бар-ды. Өйткені Абай өлеңдерінің дені жарық көргенімен, көптеген өлеңдері, поэмасы, әсіресе қазак әдебиеті тарихындағы соны құбылыс болып енген қарасөздері қолжазба күйінде жеке кісілер қолында сақталып келгені мәлім. Осылардың ортасында Абай мұрасын толық күйінде шығарудың маңызын терең түсінгендіктен Абай туындыларын тірнектеп бір жерге жинастырып толықтыруды мақсат еткен және де бұл сала-

да жеке-дара өндіре жұмыс істеп зор ізденіс жолына түскен аса сергек зерттеуші М. Әуезовті көреміз.

Сол тұстың өзінде-ақ Абай мұрасының бірегей білгірі деп танылған. М. Әуезов Абай туындыларының хатқа түспеген, бірақ Абай айналасына топтасқан Көкбай, т. б. білікті кісілердің ойында сақталып қалғандарын қайта жаңғыртып, шамамен алғанда ақын мұрасының үштен біріндей туындысын қайта бастапқы табиғи қалпына келтіруде теңдесі жоқ ғылыми — текстологиялық жұмыстар атқарып үлгерген де еді.

Профессор Мұхтар Әуезов 1946 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде абайтанудан оқыған лекциясында: «1924 жылы жиырма жылдығына байланысты шамадан келгенше «Абайдың толық жинағы» деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924—1925, 1927 жылдары жиналды. Жинаушы адамдардың көбі Абайдың маңында болған Көкбай, Кәкітай...», — (М. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің архиві, № 331-папка) деп жол-жөнекей хабарлауы көп нәрседен сыр шертіп тұр. Яғни 1924 жылы Қоғам ұсынып отырған Абайдың толық жинағының тұңғыш нұсқасы жоғарыда Мұхтан атап отырған нұсқа екені талас тудырмаса керек-ті. Алғаш рет құрастырған Абайдың толық жинағын дер кезінде жарыққа шығара алмаған соң, оны Мұхтан соңғы жылдары тағы да ізденіп, барынша толықтыра түскен кезі 1927 жылға тірелетінін жасырмайды.

1924—1927 жылдар ішінде: «Абай өлеңдерін биограф ретінде зерттеп жүр едім. Көп адамның аузынан Абай өлеңдерін жазып ап, бұрын баспа бетін көрмеген шығармаларының қырық проценттейін қалпына келтірдім», — деп текстологиялық салыстыра зерттеулерінің қай дәрежеде жүргізілгенінен хабар береді. (Сонда, № 202-папка). Яғни Мұхтар Әуезов 1909 жылы Петербургте басылым көрген Абай жинағында жарық көрмеген Мүрсейіт қолжазбасындағы өлеңдерді де, және де Мүрсейітте жоқ Абай туындыларының 1086 жолын қайта тірілтудегі Көкбайдың қазақ мәдениеті алдында атқарған тарихи еңбегін аса жоғары бағалап: «Көкбай өзінің жадында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтарды, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты», — деп ескерткен еді. (Сонда, № 194-папка, 345—346-б).

Текстологиялық сәтті ізденістердің нәтижесінде та-

рихтан өшіп кетуге айналған ұлы ақын туындыларын қайта тірілітіп, игілікке айналуын мына фактілерді салыстыра қарасақ та анық сезінеміз: 1909 жылғы басылымдағы Абайдың 5899 жол өлеңі қамтылса, 1933 жылғы басылымдағы Абай өлеңдерінің жолы 7113 жолға жетіп, қара сөздерді де толық қамтылып басылды.

Бұл айтылғандардан екшелер ой қорытындысы: «Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің» мәжілісінде Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын бастыруға қаржы көздерін қарастырып, іске тікелей кірісуінде табан тірер негізі Мұхтар Әуезов даярлаған 1924 жылғы Абай туындыларының толық жинағының қолжазба нұсқасында жатқаны сезіліп тұр.

Бүгінгі күнде қазақ әдебиеті тарихының аса күрделі де өнікті саласына айналып отырған абайтануды, шындығын айтқанда, 1933 жылғы басылым көрген Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағынан басталады деп жүрміз. Ал шындығына келсек, осы толық жинақтың негізі 1924 жылы-ақ даярланып, Абайдың ғылыми өмірбаяны да сол жылдары жазыла бастаған-ды. Бірақ осыншалықты зор мәні бар қолжазба еңбектің дер шағында халық қолына тимей кешеуілдеп қалуында жалпы қазақ әдебиетіне сор болып жабысқан асыра сілтеулер мен тұрпайы социологиялық танымдардың ұзақ жылдар бойы тұрақтап қалуының зардабы жатыр.

Сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынбордағы Академиялық орталыққа қаншалықты зор үміт артылса да, Абай қазасының жиырма жылдығы Қазақстан бойынша Семейде ғана кең көлемде атап өтілгені жұртшылыққа мәлім. Өйткені 1923 жылдан бастап Абайды керексіз деп тапқан пікірлер белең ала бастаған шақ екенін де ұмытуға да, елемеге де болмайды. Жалғыз-ақ Түркістан Компартиясы Орталық Комитетінің органы болған «Ақжол» газетінде «Абайдың жиырма жылдығы» деген редакциялық ойлы бас мақаланы ғана еске алмасақ, басқа баспасөз атаулының бәрі де үн қатпай қалды десе болғандай. Кейбір газет, журналдарда Абайдың бірлі-жарымды өлеңі мен бірер қара сөздерінен үзінділер берумен ғана шектеліп қалды.

Орынбордағы Академиялық орталықтан ресми нұсқау күте-күте күдерін үзген Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің 1924 жылы 26 ноябрьдегі жалпы жиналысы Абайдың жиырма жылдығына байланысты пікір алысып, әрі осы кезде халық ағарту бөлімі Абай

күнін өткізу туралы пікір сұраған № 4979 ресми қатынас келгенін ескеріп, Абайға арналған салтанатты мәжілісті 1924 жылы 20 декабрьде өткізу керек деген шешім алады. Салтанатты кештің ертеректе қабылданған программасын қайта қарап толықтыра түсу үшін, арнайы комиссия сайлап, оның құрамына М. Әуезов, Ж. Шанин кіреді. Арнайы комиссия жетекшісі М. Әуезов Абайдың жиырма жылдығына арналған салтанатты кешті шама келгенше кең көлемде, жоғары дәрежеде өткізудің жолдарын, мүмкіндіктерін іздестіре бастайды. Уақыттың мүлде қысылтаяндығына қарамай Абай мерекесін өткізу үшін бар саладағы даярлық жұмыстарын айтарлықтай жігерлілікпен жүзеге асыруға кірісті.

1924 жылы 24 декабрьдегі Кеңес мәжілісінде Абай мерекесіне арнайы программаны даярлаушы комиссия мүшелері атынан Мұхтар Әуезовтің хабарламасы тыңдалды. Комиссия уақыттың аса тығыздығына қарай Абай мерекесін өткізуді 27, 29 декабрьге белгілеп, программаның жаңадан жасалған жобасымен таныстырды.

Программа жоспары бойынша 27 декабрь күні Комарның Абайға арналған салтанатты мәжілісінде (Орталық кітапхана үйінде) М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетіндегі Абайдың орны» деген баяндамасы мен Абайдың үзеңгілес жолдасы Көкбай Жанатаевтың «Абай өмірінен естеліктері» тыңдалса, программаның екінші бөлімі бойынша көпшілікке болжалдалған әдеби сауық кеші Луначарский атындағы клубта өткізілетін болып белгіленді. Онда Жұмат Шанин Абайдың музыкалық шығармаларын орындап, Қазпедтехникум студенттері мен Абай аулының өнерпаздары әншілік өнер көрсетпек. Осындай сан салалы жұмыстардың бәрін ұйымдастырып, даярлап, Қазақстан бойынша тұңғыш рет өткізілгелі отырған ұлы ақын мерекесін айтарлықтай дәрежеде өткізуге бар күш-жігерін салған Мұхтар Әуезов қазақ халқының келешек рухани өмірінде Абай мұрасының қаншалықты тарихи орны барлығын кімнен болса да ертерек әрі терең сезінген еді.

Мұхтар Әуезов ұсынған Абай мерекесін өткізуге жасалған арнайы программа Кеңестің мәжілісінде бекітілді. Аталған шаралардың жиырма жылдығын үлкен қуанышпен атап өтудің қазақ елі үшін рухани әсері қаншалықты елеулі болғандығын сол жылғы «Степная правда» газеті мен «1924 жылы октябрь-декабрь айындағы Орыс географиялық қоғамы Семей бөлімшесінің есебі»

деген ғылыми еңбектегі ресми хабарлардан да анығырақ байқаймыз.

Мұхтар Әуезовтің Қазақ педагогикалық техникумы мен Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімшесінде бір жыл аралығында атқарған қызметі мен Абай шығармаларын жинау, толық жинақ ретінде құрастыру, ғылыми өмірбаянын жазу, зерттеулер жүргізу жұмыстарында абайтану тарихындағы зор белес пен түбегейлі ізденістердің негізі жатыр деп танимыз.

САГУ-ДЫҢ АСПИРАНТЫ

1960 жылдың сәуірі. Ташкент темір жол вокзалында Тәжікстан астанасынан келе жатқан поезды күтіп тұрмыз. Күтіп тұрған қонағымыз ХХ-ғасырдың ұлы жазушысы атанған көп ұлтты совет әдебиетінің классигі — Мұхтар Әуезов. Күтушілер — Өзбекстан Жазушылар одағының хатшысы атақты ақын Рамз Бабажан бастаған ақын-жазушылар тобы мен Низами атындағы Ташкент пединститутындағы қазақ тілі мен әдебиетінің меңгерушісі Әлменбет Төлеуов және мен.

Мұхат сапардан көңілді оралған болу керек вагоннан түсе өзбек ақын-жазушыларымен құшақ жая жарқын амандасып, алыстан сағынып келіп табысқан бавырын көргендей шұрқырасып жатты. Бір сәт бізге қайырылып жылы шыраймен қол алысып жатып:— Мүсәпірханаға бірге жүріңдер, кетпендер,— деп табыстап, жатқанда, біздің аңтарылып, сөзге түсінбей қалғанымыздың аңғарды ғой деймін.

— Бәлі, сендер мүсәпірхана сөзіне аңтарылып тұрсындар-ау деймін, ол қонақ үйі деген көне түрік сөзі ғой, ол «Құтадғу білікте» солай жазылған,— деп күле қарап өзбек достарымен сөйлесіп кетті.

Мұхатты сол кездегі ен жайлы «Ташкент» қонақ үйінің екінші қабатында орналастырып, жайласқан соң дәстүр бойынша шай алдырып, әңгімеге кірісіп те кеттік. Әңгіме сұхбат үстінде бізден Өзбекстандағы қазақтардың өткен-кеткен тарихынан, қазақ мектептері мен Ташкентте болған өткендегі қазақ зиялылары туралы сұрай бастады. 1922—1930 жылдар аралығында өзі Ташкентте қызмет атқарып, аспирантурада оқыған тұста араласқан кейбір жора-жолдастарын да сұрастырып жатыр. Бірақ біздер олардың бірін білсек, бірін білмей, шалалығымыздан шала жауап беріп, ұялыңқырап отырдық. Мү-

хаң осы жағдайымызды тез сезініп «е... оларды сендердің білмегендерінің жөні де бар» деп, бізді тығырықтан өзі шығарып кетті. Мұхаңмен бұлайша еркін әңгімелесіп жақындасып кетуімізге ұлы жазушының бұдан бірер жыл бұрын Ташкент пединститутында кездесу өткізіп, студенттермен суретке түсіп, арнайы қонаққа шақырып, рухани жағынан іштей табысып кеткен едік.

Бір кезде әңгіме үстінде сұрақ қоя берген маған назар аударып Әлмембет Төлеуовтен «мына жігіттің не істеп жүр» деп сұрап қалды. Бізге де керегі осы болатын. Мұхаң біздің дйттеген жерімізден шықты. Өйткені Әлекеннің мені Мұхаңа алып келгендегі мақсаты менің кандидаттық диссертациямның тақырыбын анықтап алу болатын-ды. Мұхаң бізге бір түрлі сынай карағандай қалпын аңғартып:

— Бұл жігіттің өзі қай салаға қызығады екен, тақырып жайлы өзінің ойы қалай,— деп сұрап қалды. Мен саскалақтап тұрдым да:

— «Абай және Шығыс» деген тақырыпқа қызығып жүрмін, өйткені осы тақырып Абай мұрасын зерттеуде арнайы түрде қолға алынбай жүрген тәрізді,— деп ойымды күмілжи айттым.

— Араб, парсы, шағатай тілдеріне қалайсың?— деді.

— Араб, парсы тілдерін сөздікпен қарастыра аламын, ал өзбек тілін жақсы білемін, сол арқылы шағатай әдебиетіне ене аламын,— деп едім, Мұхаң біраз үнсіз отырды да:

— Абайдың Шығысына бірден кірісіп кету қиын, оған үлкен алдын ала даярлықпен келу керек. Оның үстіне бұл тақырыптың алмағайып жақтары да бар, космополитизм туралы партияның қаулысы да бар ғой,— деп бұл тақырыптан одан ары сөз қозғамай ойға батқандай отырып қалған соң, араны үнсіздік басып әңгіме желісі үзіліп қалған соң, Әлекене іле шала:

— Бұл жігітке Кажекең (академик Кажым Жұмалиев — М. М.) ұсынған тақырып та бар,— деп қалды. Мұхаң ол қандай тақырып еді?— деп сұрап қалған соң, мен бағана-ақ айтып салмай қалтарыста қалдырғанымға қысылыңқырап барып «Абайдың әдеби мұрасының зерттелу жайы» деп едім, Мұхаң бірден тақырыпты мақұлдай жөнелді де:

— Бұл қажетті тақырып, осы біздер не бітіріп, не қойдық, неден ұтылдық, неден ұттық, соны жинақтап ой қорыту керек емес пе?— деп Әлекене бұрыла қарады.

Әлекеңде өз пікірін ортаға салып, Мұхаң пікірін қостай жөнелді. Осы кезде мен бұл тақырып туралы көңлімдегі күдігімді айтып қалуды мақұл таптым да:

— Мұха, абайтанудың тарихын қозғайтын бұл тақырып Сіздер айтқандай дұрыс-ақ қой, бірақ оның арты дау-дамайға ұласып, еткен еңбегім еш болама деп қауіптенем,— деп неден сескеніп отырғанымды аңғарттым. Мұхаң менің сөзіме күле қарады да:

— Бәлі, мұның шымшықтан қорыққан тары екпестің өзі ғой. Жасқанар болсаң несіне ғылым жолына талаптанасың,— дегенде қызарып терлеп кеткенімді сезді де Әлекеңе қарап күле отырып, мені ішке тарта:— Құр ғылыми атақ алуға қызығу— тоғышарлық, ол ниет мандытпайды. Инемен қазғандай ғылым жолы қиын жол, ол, әсіресе төзімділікті, үздіксіз іздемпаздықты керек етеді. Қажым ұсынған тақырыптың жөні дұрыс, соған тоқтау керек. Ал үлкендерге сын пікір айтудан сескенсең, орташалары мен төмендегілерін сынай бер... Ойдағы сиырды ұрсақ, қырдағы сиырдың мүйізі сырқырар,— деп көзінен жас аққанша ұзақ күліп, біздің де көңіл күйімізді көтеріп тастады. Әлекеңде осы пікірді мақұлдап, іштей осы тақырыпқа тоқталғанмыз сол еді, есік қағылды. Жүгіріп барып есікті ашсам, медицина ғылымдарының докторы Өтегенов екен. Біз алдыңғы қонақты соңғы келген қонақ қуады емес пе деп қалжыңдай орнымыздан тұрып қоштасып шығып кеттік. Бұл кездесу біздің Мұхаңмен ең соңғы кездесу болатынын білмеппіз...

Тағдыр мені 1975 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясы Мұхтар Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ірі бөлімі деп саналатын М. Әуезовтің әдеби-мемориалды музейіне аға ғылыми қызметкер болып келуімді несібеме жазыпты. Музей бөлімінің меңгерушісі Мұхаңның туған қызы, тарих ғылымдарының докторы, аса инабатты, адамгершілігі зор Ләйлә Мұхтарқызы Әуезованың қамқорлығы мен көмегін де көп көрдім. Осы бөлімде жүріп Мұхтар Әуезовтің жиырма томдық шығармалар жинағын шығаруға қызу араластым әрі «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деген тақырыпқа докторлық диссертация қорғадым. Ләйлә Мұхтарқызы, әсіресе еліміздің ірі архив қазыналарындағы фондылармен танысуыма қолма қол жәрдемдесіп отырды. Соның бірі — Ташкент қаласындағы архив қазыналарын ақтарып жүріп, Мұхаңның өмірі мен творчество-

сы туралы деректер көзін сүзе жүріп, бұрын-соңды таныла бермеген архивтік дерек — мағлұматтар көзіне де ұшырасып, олжалы боп оралып та жүрдім. Енді бір кездері яғни 1953—1969 жылдар аралығында өзім қызмет атқарып, ең қызықты шақтарымды өткізген әрі ағайын туыс боп араласып кеткен Өзбекстандық қазақ бауырларымның назарына Мұхтар Әуезовтің 1922—1930 жылдар ішінде Ташкент қаласында қызмет атқарып, САГУ-дің аспирантурасында оқыған жылдарының өшпес ізі қалған кейбір архив деректерімен таныстыра кетуді де мақұл көрдім.

Мұхтар Әуезовтің жалпы жоғарғы оқу орындарындағы алғашқы шәкірттік дәуірі Ташкент қаласындағы Орта Азия университетінің қабырғасында басталады. Сол кездің өзінде-ақ ол тек оқумен ғана шұғылданбай ғылыми-педагогикалық, творчестволық жұмысқа, әсіресе баспасөз ісіне қызу араласып, атақты «Шолпан» журналын шығарушылардың бірі болды. Түркістан өлкесінде шығатын газет-журналдарда алғаш рет жарияланған көркем туындыларымен сол тұста-ақ қалың оқырман қауымға молынан танытып қалған еді.

Түркістан баспасөздерінде басылым көрген көркем әңгімелері мен ойлы, проблемалы мақалалары, әсіресе «Манас» эпосы жайлы жасалған тұңғыш ғылыми баяндамасы арқылы, Ташкенттің зиялы қауымына ой сала білді. Әсіресе Абай мұрасының жұрт мойындаған айтулы білгірі ретінде таныла бастаған Мұхтар Әуезовті Түркістан Республикасының үкіметі 1923 жылы Ленинград университетіне арнайы жолдамамен жібереді.

Мұхтар Ленинград университетінің сол кездегі қоғамдық ғылымдар деп аталатын (қазіргі тарих, филология факультеті) бөлімін 1928 жылы бітіріп шығады да, өзі үйренген Ташкентке қайта оралып, ғылыми-педагогикалық, творчестволық жұмыстармен шұғылданады. 1929 жылы наурыз айында САГУ-дің шығыстану факультетіндегі түркология кафедрасының аспирантурасына қабылданады.

Бұл кезде Мұхтар баспасөздерде көптеген мақалалар, зерттеулер, оқулықтар, повестері басылым көреді. Әсіресе, тұңғыш рет басылым көріп, әдебиеттанудағы ғылыми ойға қозғау салған «Әдебиет тарихы» деп аталатын кө-

лемді монографиясын жариялап үлгерген Мұхтар Әуезов қазіргі күннің талабы тұрғысынан қарасақ аспирантураға ғылыми-творчестволық жағынан алдын ала жан-жақты даярлықпен келген бірегей аспирант болатын-ды. Бірақ сол заманның асыра сілтеулері жаңа басылым көрген «Әдебиет тарихын» жөргектен шықпай жатып-ақ көктей солдырып, оқуға тиым салып, қолданудан алдырып тасталды. Ол кітап жуырда «Ана тілі» баспасынан тұңғыш рет бір сөзі де қысқартылмай халық жазушысы Әбділдә Тәжібаевтың алғы сөзімен жарияланды.

М. Әуезов аспирантурада оқып жүріп атқарылуға тиісті ғылыми-зерттеу жұмысы мен оқылатын әдебиеттердің, үйреніп біліп шығуға тиісті араб, парсы, неміс, шағатай, түрік, өзбек, эзербайжан, түркмен, қырғыз тілдері жайлы үш жылға арналған жеке іс жоспарын жасап шығады. Мұхан өзінің ғылыми жетекшісі профессор Михаил Филипович Гавриловпен, шығыстану факультетінің білгір ғалымдарымен тікелей кеңесе отырып, кең пішіліп, терең ойластырып жасаған іс жоспарында алдына ауқымы мүлде зор үш салада үлкен міндеттер қояды. Мысалы, 1930 жылы 18 наурызда түркология кафедрасында бір жыл аралығында атқарған жұмыстары жайлы берген жазбаша есебінде көптеген нақтылы деректер келтірген: 1) Әдеби текстерді оқып меңгеру саласында бүкіл түркі тілдес халықтардың халық ауыз әдебиетіндегі барлық жанрлары оқылып, оның ішінде, әсіресе қазақ, қырғыз әдебиетіне айрықша көңіл бөлген. Ғылыми жетекшісі М. Ф. Гавриловтың тікелей тапсыруы бойынша: шағатай әдебиетінің үлгілерінен Қожа Ахмет Ясауидің «Дивани хикметін», Ә. Науаидың шығармаларын, Әбілғазы Баһадурдың «Түрікмен шежіресі» атты еңбегі мен Шаһнаманы» және осман түріктері мен түркмен эпостарын оқып шығып, шағатай, түркмен жазба әдебиеті түп нұсқаларымен жүйелі түрде үздіксіз жұмыс істеген. 2) Тілдерді үйрену саласында да көп жұмыстар атқарады. Мысалы, шағатай, эзербайжан, түрік әдебиетін жете тану үшін парсы тілін меңгеруге ерекше назар аударып, елеулі нәтижеге де жетеді. Кафедра мәжілісінде парсы тілінің оқытушысы профессор А. А. Семенов қазірдің өзінде М. Әуезовтің екі жыл бойы парсы тілін оқыған аспиранттармен бірдей жақсы даярлығы бар деп қуана хабарлаған. Ал профессор А. Э. Шмидттің сүйікті шәкірті үшін арнайы қосымша

сабақтар өткізуі арқылы араб тілін де кафедра қойып отырған талаптың деңгейінде меңгеріп алған. Европа оқымыстыларының еңбегімен танысу үшін неміс тілін үйренумен де шұғылданады. 3) Марксизм, әдебиеттану, тіл білімі туралы терең теориялық даярлықты орыс тілінде шыққан әдебиеттерді жүйелі түрде оқу арқылы жүргізіп отырған. М. Әуезов: «Өзім еркін бойлай алатын орыс әдебиеті арқылы европалық ғылымның ең соңғы жетістіктері деңгейінде әдеби фактілерді ғылыми тұрғыдан қорытып ала білу де өз бетімен зерттеу жұмысын жүргізуді шешуші жол деп білемін»,— деп жазуына қарағанда тікелей нысанасына алып отырған қырғыз эпосы «Манасты» қай тұрғыдан даралап жазатын өрісін аңғартқандай.

Бір жыл ішінде ғана осындай орасан зор көлемдегі ғылыми зерттеу жұмыстары мен оқылатын әдебиеттерді, тілдерді ойдағыдай меңгеруіне ерекше қамқорлық жасаған ғылыми жетекшілерін айрықша ілтифатпен атап өтеді. Бірақ осы ұстаздары, әсіресе ғылыми жетекшісі М. Ф. Гаврилов жайы деректер әлі күнге дейін бізге беймәлім болып келеді.

1977 жылы 28 наурыздағы «Вечерний Ташкент» газетінде И. Безбродныйдың «Архивтен табылған олжа» деген қысқаша хабарламасында Мұхтар Әуезовтың 1930 жылы сәуірде толтырылған аспиранттық анкетасы, онда жетекшісі М. Ф. Гаврилов болғаны ғана аталады. Осы хабардан кейін М. Ф. Гаврилов жөнінде деректер көзін іздестіре бастағанымызда кездейсоқ сәтті жағдайда Гавриловтің баласы Борис Михайловичпен ұшырасып, біршама нақтылы деректер көзін танып білуге мүмкіндік тапқандай болдык.

М. Ф. Гавриловтың ұлы мен қызы 1931 жылдан бері Алматы қаласында тұрады екен. Ұлы Борис Михайлович жиырма жылдан бері Қазақ ауылшаруашылық институтында ұстаздық етіп, қазір республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер. Су шаруашылығы Министрлігінде қызмет аткарып келеді екен. Борис Михайловичтің айтуы бойынша, әкесі М. Ф. Гаврилов 1884 жылы Ташкент қаласында көпес семьясында туған. Әуелі Ташкент гимназиясында оқып, оны бітірген соң Париж, Берлин қалаларында білімін жетілдіреді. Кейіннен Петербург университетінің шығыстану факультетіне түсіп, оны 1911 жылы бірінші дәрежелі дипломмен аяқтап шығады. Университет қабырғасында жүрген кезде-ақ ғылыми-зерттеу жү-

мыстарымен шұғылданып, 1910 жылы «Сарттардың қол-өнері» деген еңбегі үшін Университет Кеңесі оны күміс медальмен наградтайды. Оқудан оралған соң САГУ-де қызмет атқара бастайды. 1922 жылдан 1931 жылға дейін университетте шығыстану факультетінің деканы, тюркология кафедрасының доценті, соңыра профессоры, 1930 жылдан бастап Түркістан республикасындағы Терминологиялық комиссияның председателі қызметін қоса атқарады. Осы аралықта «Өзбекстан қуыршақ театрының даму тарихы» деген көлемді ғылыми еңбегін жариялайды. М. Ф. Гавриловтың осы кітабы революцияға дейінгі баспасөзде академик А. Н. Самойлович тарапынан жазылған рецензияда («Живая старина», 1914, вып. I, стр. 229) аса жоғары бағаланды. 1927 жылы Ташкентте басылым» көрген «Орта Азиялық ақын сопы Хууанда» деп аталатын еңбегіне де қазіргі күнде өзбек әдебиеті тарихында назар аударыла бастады.

Профессор М. Ф. Гавриловтың көркем әдебиеттегі образы да бұл күнде кейбір туындыларда орын ала бастағаны белгілі жазушы А. Домбровскийдің «Хранитель древности» романында (Москва, 1966) кеңінен суреттелуінен көреміз.

1931 жыл мен 1938 жылдар аралығында Алматыда Қазақ ССР Оқу Министрлігінде, КК(б)П Орталық Комитеті жанындағы Марксизм-ленинизм институтының профессоры, кейінірек Пушкин атындағы көпшілік кітапханасының шығыс бөлімінде қызмет атқарған. Гавриловтың шәкірті Мұхтарға деген ықыласы мен сыйластығы архив сөресінде сақталған САГУ-дің өндірістік мәжілісі мен протоколында және Мұхаңның «САГУ-дің шығыстану факультетінің аспиранты Мұхтар Әуезовтың бір жыл ішінде істелген жұмысының есебі» деген өз қолымен жазылған қолжазбасында анық сезіледі. Мысалы, 1930 жылы 20 наурызда шығыстану факультетінің өндірістік мәжілісінде сөйлеген М. Ф. Гаврилов: «..Түркі тілдері мен әдебиеті жайлы жұмыстарында Әуезов айрықша нәрселерге қол жеткізді. Қазақ қырғыз әдебиеті саласында ол өте бағалы ғылыми қызметкер бола алады. Жұмысын жоспармен әрі жүйелі түрде жүргізеді»,— деп дәлмедәл қысқаша байсалды баға беріпті.

М. Әуезовтің болашағына үлкен сеніммен қараған жанашыр ұстаздың көрегендігі байқалып тұр. Осы аталған мәжілісте шығып сөйлегендер аспирант Мұхтардың ғылымға деген жан-жақты терең даярлығын, көлемді де

күрделі үш жылдық ғылыми жоспардың бір жыл ішінде жартысынан асыра орындап тастағанын ескере отырып аспиранттық мерзімін үш жылдан екі жылға түсіріп қысқарту туралы арнайы қаулы алған. Бұл — аспирантура тарихында өте сирек ұшырасатын құбылыс.

М. Әуезов жасаған аспиранттық ғылыми жұмыстың жоспары нақтылы асыра орындалуын М. Ф. Гавриловтың өзі тікелей қадағалап, әңгіме түрінде немесе пікірлесу арқылы кейде тіпті аспирант оқыған әдебиеттер ғылыми еңбектерді меңгеру жағына да ерекше назар аударып, Мұхаң өзі жазған есебінде ризалықпен еске алған. М. Ф. Гаврилов аса дарынды аспиранты М. Әуезовты ғылыми жұмысқа ғана баулымай, оны лекция оқу, оқулықтар жасау және ғылыми үйірме жұмысына да қызу араластырған. Мұхаңның Ташкент қаласында 1930 жылы жарық көрген «Жеткіншек» деп аталатын оқулығының осы тұста басылым көруі — осы қамқорлықтың белгісі болатын.

Түркістан республикасы бойынша САГУ-де түркі тілдес халықтар арасында баспасөз бен ағарту жұмысының қауырт өркендеуіне байланысты алғаш рет Терминологиялық комиссияның ұйымдастыру мәжілісі өтеді. Мәжілісте Уақытша терминология комиссиясының төрағалығына М. Ф. Гаврилов, ғылыми хатшылығына аспирант Мұхтар Әуезов сайланады. Мұхаң мәжіліс уақытша терминологиялық комиссияның жұмысына тікелей қатысып, араласуға тиісті жеке кісілердің, ресми мекемелер мен ұйымдарды анықтап, арнайы тізім жасау сияқты аса жауапты жұмыстарды жүктеп, үлкен сенім білдіреді. Уақытша терминологиялық комиссияның екпінді тобының қатарында М. Әуезов те бар еді.

САГУ-дегі ғылыми үйірмелердің бірі — қазақ, қырғыз, түркмен ғылыми зерттеу қоғамының жетекшілігіне де Мұхтар Әуезовтің сайлануы жас аспирант ғалымның қоғамдық ғылыми-зерттеу жұмыстарында салмағы артып, бедел ала бастағанын, ұйымдастырушылық қабілетінің даралана түскенін айғақтайды. Мұхаң ғылыми қоғамдық ұйымдарда басшылық етуші ғана емес, оған өзі тікелей араласып, баяндамалар жасап үлгі-өнеге көрсетуші де болған.

«Манастың айтушылары мен тыңдаушы ортасы» деген тақырыпта 1929 жылы 15 қарашада (*Ташгорархив. фонд 38, опись I, ед. хр. № 327, стр. 24*) ғылыми баяндама жасап, ғылымдар назарын біржолата өзіне баурап

алады. Бұл жасалған баяндамаға пікірді жазбаша түрде өзінің ғылыми жетекшісі Гаврилов беретінін алдын ала хабарлайды. Бұл жасалған баяндама М. Әуезовтің тұңғыш жасаған баяндамасы деуге келмейді. Өйткені «Манас» эпосы туралы көлемді монография жазуды ерте ойластырғандықтан, жалпы «Манас» жырының зерттелу жайы жөнінде Түркістан зиялыларының алдында 1923 жылы-ақ арнаулы ғылыми баяндама жасап, жұртшылық назарын өзіне аудара білген еді. М. Әуезов баяндамасы тыңдалған мәжіліс президиумында Тұрар Рысқұлов, Әубәкір Дибаяев, Сұлтанбек Ходжанов отырып, жас ғылымның «Манас» эпосын одан ары тереңдете зерттеу керектігі туралы қолдау пікірлер де айтылады.

Аспирант Мұхтар Әуезовтің ғылыми зерттеу нысанына Орта Азия мен қазақ халқының әдебиет тарихын алып, алғашқы жұмысты қырғыз халық эпосы «Манастан» бастауында терең ойластырылған ғылыми мән-мағына бар-ды. Себебі «Манас» түркі тілді туысқан халықтар эпосының ең көне мұраларының бірегейіне жатады. Ол өткен дәуір шындығын жан-жақты мол қамтыған эпостың энциклопедиялық ауқымын ерте сезінген, зерттеу нысанының алтын өзегіне де адаспай дөп түскен ғұлама ғалым тұлғасын сол кезде-ақ танытып үлгерген еді.

Аспиранттық жылдарда М. Әуезов ғылыми-зерттеу, түрлі қоғамдық жұмыстарды қоса атқарумен бірге ұстаздық жұмысын да жалғастыра жүргізді. Ташкенттегі қазақ тіліндегі оқу орындарында дәріс беріп, оған әр күні үш сағат уақыт бөліп отырғанын хабарлайды. Нұртас Оңдасынов орман шаруашылығы техникумында оқып жүргенде Ташкент қаласында сабақ берген ұстаздарының ішінен Мұхтар Әуезовті ерекше бөліп атайды. Сабақ үстінде Абайдың өмірі мен шығармаларын басқалардан гөрі біздер ұстазымыздың айтуымен, терең танып түсіндіруімен біршама жетік біліп шықтық деп еске алады.

Осы кезде-ақ ұстаздықпен қатар Түркістан республикасындағы оқу орындарына оқулықтар, программалар, оларға арнайы жазылған түсінік хаттар, методикалық нұсқаулар жазу ісіне де қызу араласады. Халық ағарту комиссариатының тікелей тапсыруы бойынша шаруа жастарының мектебіне, техникумдар мен ағарту институттарына, орта мектептің 9-класына арналған әдебиет тарихын жазғанын, оларды Қазнаркомпростың ұнатып

мақұлдағанын да хабарлайды. Жуық арада бұл жазғандарының бәрі де жарыққа шығатынын әрі бұларға жазбаша ресми пікірді де ғылыми жетекшісі М. Ф. Гаврилов беретінін де ескертеді. Бірақ бұл жүзеге асқалы тұрған жұмыстардың бәрі де 1930 жылдың күзінде Ахмет Байтұрсынов бастаған зиялы қауымның жаппай тұтқындалуы себепті тоқталып қалды.

М. Әуезовтің Ташкент қаласында ұсталып, түрмеге қамалуы жайындағы нақтылы деректі біз САГУ-дің, қазіргі Ташкент мемлекеттік университетінің архивінен ғана таба алдық:

«Приказ № 232 по САГУ от 24/ХІ. 1930 года.

5. Аспирантов Ауэзова и Кеменгерова снять с аспирантуры, Кошкинбаева с ассисентов педфака САГУ и снять оплаты со дня их ареста 1/Х 1930 года.

Основание: Представление зав. педагогического факультета.

Директор САГУ «Сегал» (САГУ, опись 2, Ед. хранение № 20. стр. 138, начало 1930 г).

Бұл документтегі Әуезов — САГУ-дің шығыстану факультеті түркология кафедрасының аспиранты, Кеменгеров — Қазақ тілінен тұңғыш аспирант болса, Көшкінбаев педфакта тарихтан сабақ беруші еді. М. Әуезовтің Ташкенттегі өмірінен қысқаша деректер осылар.

АБАЙТАНУШЫ ҒҰЛАМА

АБАЙ МҰРАСЫНЫҢ БІРЕГЕЙ БІЛГІРІ

Абай шығармаларын ғылыми-зерттеу нысанасына алу жұмысына Мұхтар Әуезов Қазақстанда жаңа дәуір орнасымен-ақ қызу ат салыса бастады. Алғаш рет «Абай» журналына ақын мұрасы жайлы жазылған мақала, деректерімен араласса, 1922 жылы «Шолпан» журналында жарияланған «Қазақ әдебиетінің қазіргі дәуірі» деген нағыз зерттеушілік тұрғыдан жазылған Абай мұрасы жайлы ойлы пікірлерге толы мақаласында алғаш рет теориялық негізде батыл барлау да жасады. Осы кезеңде-ақ Абай өмірі мен ақын шығармаларының табиғатын терең танушы білгірі әрі ол мұра туралы нақтылы мағлұматы молы да М. Әуезов деген пікір баспасөзде қалыптасып та үлгеріп еді. Осы еңбектерінде зерттеуші Абай мұрасының басты ерекшеліктерін дер кезінде көтеріп, әрі дұрыс танып, білгірлікпенен бағалай алған сергек қалам иесінің қалпын танытты.

Жалпы қазақ әдебиетінің даму жолын ол кезде М. Әуезов халық ауыз әдебиеті, көшпенді дәуір әдебиеті, жазба әдебиет деп үш салаға бөлетін-ді. Көшпенді дәуір әдебиеті деп аталатын салаға XV—XIX ғасырлардағы төл әдебиетке шығармаларын импровизаторлық жолмен ұштастыра дамытқан, аты әйгілі өнер иелері — ақындар тобының тғындылары жататын. Ал жазба әдебиетке шығармаларын тікелей жазып шығара бастаған ақындар шығармалары кіретін. Міне, осы соңғы сала — жазба әдебиетінің шын мәніндегі атасы, яғни оның негізін салушы жаңа бағыттағы Абай шығармалары болды деген көзқарасты алғаш рет Әуезов көтере білді. Абай ақындығындағы басты да зор ерекшелік — Европа, орыс әдебиетінің есігін айқара ашып, әдеби тілді дамытудағы тарихи еңбегінде жатыр деп дәл таныды. Бұл аталмыш пікір соңыра Абай шығармаларының нәр алған

үш қайнарының басым жағы Европа, орыс әдебиетінде жатыр деген танымымен ұштасатынын еске алсақ, М. Әуезовтың сол кезде-ақ Абай мұрасының табиғатын қаншалықты терең дәрежеде тани алғаны талассыз айғақталады. Европа, орыс әдебиеті классиктерінің шығармаларымен терең танысып, эстетикалық озық идеялармен молыққан Абай қазақ әдебиетінде жана бағыт, соны жол ашып қана қойған жоқ, ол жұртшылықтың көркемөнерге деген көзқарасын тұнғыш рет қазақ топырағында жаңа эстетикалық идеалдың негізінде тәрбиелеуші де бола білді деп батыл бағалауы терең таным негізінен туған ойлы пікір еді.

Шығыс ақындарының ішінде Абай ғана жеке дара өз заманында айтушы мен тыңдаушы жөнінде аса күрделі мәселені тұнғыш рет эстетикалық жаңа тағам тұрғысынан көтере білді. Өзінің көркемөнер жайлы эстетикалық танымдарының негізін ақындық программасы ретінде өлең түрімен айта отырып, жаңа заман идеологының жаңа типін жасады. «Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп әдебиетті де, оқырман-тыңдаушысын да бұрын жүріп көрмеген соны соқпаққа, тарихи жаңа бағытқа бағдарлады. Түзелген сөз иесі, яғни Абай шығармаларының өзекті арқауы болған ұлы ақын творчествосының көркемдік әдісі қалай еді деген аса күрделі мәселеге сол кездің өзінде-ақ М. Әуезов дұрыс болжам жасады. Яғни, Абай шығармаларының қол артқан өзекті желісі сыншыл реализмде жатқанын дәл танып: «Абай өлеңіндегі беттеген бағыт, құлаққа естілген сарын ненің сарыны екені байқалады. Ол ашық тілек, айқын ағымның (здоровый реализмнің) сарыны»,— деген бірден-бір дұрыс тұжырымға келген болатын

Ұлы ақын мұрасы жөнінде М. Әуезовтың отызыншы жылдарда ерекше көңіл бөліп, мән бере қараған әрі көптеген пікір талас-тартысына себепкер болған күрделі мәселе — Абай шығармаларының нәр алған қайнарлары жайлы пікірлеріне саятын. Бұл туралы отызыншы жылдары екі дүркін пікір білдіріп, өзінің түпкілікті танымын Абайдың жүз жылдық юбилейіне байланысты Қазақстан Жазушылар одағында жасаған баяндамасында негіздеп берді. 1934 жылы «Абай ақындығының айналасы» атты әйгілі зерттеу мақаласында ол өзінің көздеген мақсаты Абайды: «Шығыс, Батыс сияқты екі жағадан алған нәр қорегін ұзын ұрқа атап өту, түгел зерттеп тексеру емес, сондай тексерушіге нобай айту»,— деп қарайды.

Аталмыш мақалада М. Әуезов Абайдың Европа, орыс классиктері үлгісінен ірі шеберлік, зор ақындық мәдениет тапқанын, табиғат, көңіл-күй, махаббат лирикаларында шығыстық поэзиядағы махаббат лирикаларынан әлде қайда жоғары сапаға көтерілгенін баса айтады. Осы ой-пікірдің теориялық желісі 1922 жылғы зерттеуінде де айтылып, таратылған еді. Ал, 1934 жылғы мақаласындағы: «Абайда Батыстан кірген белгіден гөрі, Шығыс белгісі басымырақ, нығырақ»,— деп нобаймен жалпылай айтылған барлау пікірін әдебиет қауымы күні бүгінге дейін жадағайлау түсініп, оған сын нөсерін ретсіз төгіп те келді.

М. Әуезов Абай мұрасының Шығысқа қатысы жайлы жауапты да күрделі проблеманы 30—40 жылдары батыл көтергенімен, оларды жеріне жеткізе тереңірек зерттеуге, өз ойларын толық тарата отырып айтуға бір кездегі әдебиет әлемінде орын тепкен сыңаржақ, солақай сындардың зерттеу өрісін тарылтып келгенін ұмытпаған жөн. Осы салдарға байланысты зерттеуші Абай мұрасының шығыстық белгілерін сөз еткенде өзінің ол саладағы мол танымын, көп салалы ойларын нобаймен қадау-қадау қорыта, келешек зерттеушілерге сілтеме ой ретінде жалпылай айтумен шектеледі. Келешекте Абай шығармаларының шығыстық белгілерін әр салада зерттеушілер М. Әуезов тарапынан айтылған барлау іспеттес сілтеме ой-пікірлеріне соқпай өте алмақ емес. Ғұлама ғалым пікірлері келешек зерттеушілерге күрделі де қиын мәселеде адастырмас темір қазықтай бағдар берерлік қуатқа ие боп қала бермек.

Абай шығармаларының нәр алған бір қайнары — Абай мұрасының Шығысқа қатынасын өзінің зерттеу еңбектерінде М. Әуезов негізінен үш салаға топтастыра, олар жайлы танымның өзекті желілеріне жеке-жеке тоқтай отырып, нақтылы түрде анықтама беруге әрекет еткені байқалып тұр. Бұларды бас-басына атап өтер болсақ былайша болып шықпақ: а) Абай және Шығыс классиктері, ә) Абайдың исламға қатысы, б) Шығыс хакімдерінің, ойшыл даналарының ортасында ғасырлар бойы мол сөз болған мораль философиясы жайлы мәселелерге қатысы.

Абай мен Шығыс классиктері поэзиясының ара қатынасы шәкірттік шақта таза еліктеуден, жігіттік шақта өнер жарыстырудан басталып, соңыра ақындық жолына құлай берілген дәуірде биік талап тұрғысынан сыншыл-

дықпен меңгеру арқылы ақындық өнерде өзіндік өлең өрнегін табу дәрежесіне дейін көтерілді. Бірақ ақын шығармаларындағы аталмыш шығыстық белгілер Европа, орыс әдебиетінен енген белгілерде аздығын, қайта ақындық жаңа сапа жағынан батыстық әдебиет белгілері нық, басым жатқандығын сол жылдарда-ақ дәлелдеп берген болатын. XIX ғасырдағы классикалық орыс әдебиеті арқылы енген Абайдағы озат эстетикалық таным, көркемдік шеберлік пен ақындық зор мәдениет, өлең өнерінде өмірдегі ескілікті терістеп, жаңалықты дамытуды жақтауға қызмет етуде Абай мұрасының ең басты өзіндік ерекшелігіне айналып отырғанын да дәл көрсетіп берген осы Мұхаң еді.

Абайдың исламият дүниесіне қарым-қатысын Әуезов, әсіресе оның дін негіздерін рационалистік сыншыл ойдың елегінен өткізіп барып, оны ақылдың, адамгершіліктің дініне айналдыруға ұмтылған белсенді әрекетінде жатыр деп қарайды. Абай көзқарасындағы мұндай өзіндік ерекшелігі бар күрделі танымды, яғни Абайдың исламиятқа қатынасын арнайы ғылыми-зерттеулер жүргізу арқылы анықтауды талап ететін өте күрделі құбылыс. Өйткені, бұл саладағы Абай ойлары көбінесе Шығыс хакімдерінің дін негізінде сынмен, сыншыл ақыл көзімен қараған дәһри (атеистік) пікірлерімен ұштаса, іліктесіп жататынын байқаймыз.

Үшінші топта Абайда мол сөз болып, көп таратылатын ойдың желісі — толық адам жөнінде өте терең мәндегі мораль философиясына соғатын ақынның өзіндік көзқарасына айналып кеткен ішкі терең нанымдарында жатыр. Абайдың осы терең ішкі нанымдарындағы ерекшеліктеріне айрықша мән бере қараған М. Әуезов: «нравственная личность мәселесін бар тартысының, талап-арманының тетігі етеді», — деп жайдан жай ескертіп отырған жоқ. Осындағы «нравственная личность» ұғымын М. Әуезов Абай шығармаларында мол қолданылатын толық адам, кәмили инсани деген, мағынасы терең термин сөздермен бір мағынада, балама ретінде қолданып отыр. Осы өзекті ойдың желісіне Абайдың «Адам болам десеңіз» деген ұғымда айтылатын ойларының бәрі де қамтылады. Яғни, Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде жиі ұшырасатын әрі ойшыл ақын ерекше мән бере тартатын «толық адам, жарты адам, кәмили инсани, инсанияттың кәмалаттығы, жан құмары, жан қуаты, хауас, жәуанмәртлік», т. б. толып жатқан күрделі этикалық

ұғымдардың бәрі де түгел қамтылады. Абай осы салада өзіндік етіп қорытып алған төл ойлары арқылы замандастарын түзетін, түзу жолға түсіріп, сол арқылы қоғамды да түлетіп өзгертпек болғандықтан:

Өзімді өзім зор тұтып,
Түзетпек едім заманды,— дейді емес пе?

Міне, осындай мораль философиясы саласындағы Абай өміріндегі арман тартысының құралына, тегеурінді тетігіне айналған толық адам жайлы ұғымындағы шығыстық белгілерді еске ала отырып, М. Әуезов «Абайда... Шығыстық белгі басымырақ» деген тұжырымын әлі күнге дейін ғылыми мәні бар пікір деп қарау қажет. Абай мұрасының шығыстық белгілерін М. Әуезов сілтеген салаларға бөле отырып, жігін аша алмасақ, әр саланың өзіне тән ерекшелігін түсінбесек, Абай шығармаларының шығыстық белгілерін жадағай топшылаудан әрине ада-самыз.

Елуінші жылдары М. Әуезов тағы да ақын мұрасының талас тудырып жүрген күрделі проблемаларына көңіл бөле бастады. Өйткені, бұл кезде кейбір сыңары жақ зерттеушілер тарапынан Абайдың Шығысқа қатысы, жастық шақ кезіндегі өлеңдері терістеліп жатты. 1951 жылы М. Әуезов абайтану жайлы дискуссияда ақын шығармалары туралы сегіз түрлі проблеманың төңірегінде өз танымдарының негіздерін ашып берді. Абай мұрасының шығыстық белгілері жайлы мәселеге қайыра оралып, келешек зерттеушілерге сілтеме бағыт, бағдар берер ой арналарын қайтара тұжырымдап өтті. Абайдың жастық шақтағы өлеңдерінің табиғатын жарқырата ашу үстінде пайдасынан зияны басым бас көтере бастаған нигилистік пікірдің жалғандығын арнайы мақала жазу арқылы жұрт алдында әшкере етті. Сол жылдарда М. Әуезовтың ерекше назар сала қарастырған мәселелері: Абай мұрасының халықтығы мен реализмі, текстологиясы мен биографиясы, ақындық дәстүрі мен мектебі, орыс әдебиетіндегі реалистік дәстүрдің қазақ әдебиетінде орын тебу процесіндегі заңдылықтары жайлы әдеби-теориялық деңгейдегі күрделі зерттеулер еді.

Қазақ әдебиетінің елеулі бір жаңа саласы абайтанудың негізін салушы М. Әуезов ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген Абай мұрасы жайлы зерттеулеріндегі айтылып келген ойларын бір жерге жинақтап қорытындылаған монографиясы «Әр жылдар ойлары» деген атпен

жарияланды. Бұл еңбек — ғұлама ғалымның арнайы зерттеулері мен жоғары оқу орындарында арнайы курс, арнайы семинар ретінде абайтанудан оқыған дәрістерінің өзекті желістерін бір жерге шоғырландыра қорытқан ойлары еді. Аталмыш монографиядағы басты мақсат — Абайдың ақындық өнердегі жетілу дүние танымы мен идеялық өсу процесіндегі эволюциялық даму жолдарын көрсетуге тіреледі. Осы мақсатқа сай хронологиялық жүйені өзекті желіс етіп ұстанады да Абайдың ақындық өнер жолындағы елеулі өзгерістер мен бетбұрыстардың түп себебін сол дәуір шындығымен бірлікте баурай көрсетеді. Абайдың ақындық өнердегі өсу, жетілу, сапалық жаңа қасиет табу себебі мен сырын үнемі осы тұрғыдан қарай отырып ашуға ұмтылған.

МҰХТАР ӘУЕЗОВ: АБАЙ ЖӘНЕ ШЫҒЫС ЖҰЛДЫЗДАРЫ

Жан-жақты дарын иесі Мұхтар Әуезовті өз замандастары жазушылық пен ғұлама ғалымдық қатар біткен саңлақ ойшылдардың бірі деп таныған еді. М. Әуезов — өзінің ғұмыр бойғы мұраты болған сүйікті кейіпкері Абай іспеттес, әдеби мұрасының нәр алған көздерін өзі туған халқының, Батыс пен Шығыстың рухани терең қойнауынан тартқан Жер-ананың жарып аққан ұланғайыр шалқарлы дарияларындай дана перзенттерінің кейпіндегі ірі тұлға. Ол — Абай шарлаған кәрі Шығыстың арғы-бергі замандарда жасаған рухани дүниесіндегі мол байлығынан жастай сусындап, жаңа дүние таныммен бар нәрін зерлеп ала білген ғұламалық білгірлігімен де өз ортасында ерекше дараланатын. Түрлі тілдес халықтардың көркем туындыларын түпнұсқадан оқитын, көне әдеби тіл саналатын шағатай тіліне де еркін дендейтін.

Одақтық және республикалық ірі оқу орындарында СССР халықтары әдебиетінен оқыған лекциялары, онда қамтылған көне дәуір әдебиеті мен Шығыс классиктері жайлы жазушы архивіндегі конспекті-деректер, көптеген кітаптар шетіне жазылған хашиялар ғалым ойының түп-төркінінен ұланғайыр деректер де бере алады. М. Әуезов біздің республика көлемінде ғана емес, бүкіл одақ аумағында Шығысты танудың бірегей білгірлерінің алдыңғы сапында тұрды. Тіпті проф. Жирмунский, Брагинский

сиякты шығыстанудағы көрнекті ғалымдардың өзі Мұхаңнан кеңес алып, пікірлесетін.

Жалпы Шығыс мәдениетін, оның ұлы классиктерін терең бойлай білу нәтижесінде 1934 жылдың өзінде-ақ Абай мұрасының нәр алған қайнарлары жайлы ақын мұрасын зерттеушілер арасынан тұңғыш рет кең түрде пікір көтерді. Ұлы ақын мұрасындағы үш қайнардың бір саласы оның шығармаларындағы шығыстық белгілер жайлы күрделі де қиын мәселені ерте кезде-ақ зерттеуге көңіл бөлсе, соңғы жылдары жазылған еңбектерінде де пікір айтып отырды.

Абай мұрасының бар болмысын танып білуде хронологиялық әдіспен талдаулар жасап, ақын шығармаларындағы шығыстық белгілерді, әр тақырыптағы ақын көтерілген шеберлік пен ой-пікірдің даму жолындағы құбылыстармен бірлікте ашуға көңіл бөлген. Ақын шығармаларын жан-жақты терең зерттеу үстінде творчестволық ізденістен туған шығыстық белгілер жөніндегі ой-пікірлерінің өзекті желісін түйіндей қорытындылап, келер ұрпақ талқысына ұсынудан тартынбаған. Яғни Абай шығармаларының шығыстық белгілері жайлы жүргізіле беретін болашақ зерттеулерде қандай мәселеге қай тұрғыдан келу керектігін назар бөле көрсетіп, бағыт-бағдар беретін сілтеме көсем ойлар да мол қамтылған.

М. Әуезовтың баспасөзде жарияланған немесе ой жүгіртіп барлаған пікірі ретінде хатқа түсіп, өз архивінде сақталған Абай жайлы ұшан-теңіз деректеріне көз жіберсек, Абай шығармаларының шығыстық белгілерін зерттеу мен ізденуінде, өзінше танып пікір айтуында әр кезеңде әр қырынан келгендігі байқалады. Бұлай болуы заңды да. Өйткені Мұхаңның ақын шығармаларын меңгеру, көптеген сырын өзінше ашып, пікір қалыптастыру кезеңдеріне сай аталмыш мәселенің де іліктестік тауып отыратыны бар.

Алғаш рет ақын шығармаларындағы шығыстық белгілер туралы пікірлер 1924—1927 жылдар аралығында жазылған Абай өмірбаянында шет жағалап айтылған. Абайдың жастық шақтағы өлеңдері жайлы пікір көтергенде, шәкірт ақынның Шығыс классиктеріне еліктеп, жігіттік дәуірінде ақын өнер жарыстыруға талап еткен ізденістерін «жалпы мұсылман ғаламындағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз» деп Абайдың ақын-

дык кітапханасының алғашқы нобайымен біршама дерек те тастағандай болады.

Абай шығармаларының жалпы Шығыс дүниесімен байланысы жастық шағынан басталып өмірінің соңына дейінгі аралыққа созылған желідей орын алып, әр кезеңде әр түрлі деңгейдің дәрежесінде көріну процесіне ғұлама ғалым ерекше ден қояды. Осы әрекет соңыра Абай жайлы зерттеулерінің қорытындысы ретінде жазылған монографиялық еңбегінде де Абайдағы шығыстық белгілердің орын алу, ақын ойының творчестволық даму жолындағы эволюциялық сырын ашуға қарай жүргізілетіні үнемі аңғарылып тұрады. Бұл жалпы ақын мұрасын бөлмей-жармай тұтас қалпында, бірлікте алып зерттеудегі М. Әуезов ұстанған ерекшеліктердің бірі жағы болатын. Ел екінші бір ұстанған ерекшелік зерттеу нысанасына тақырыптық тұрғыдан да келе отырып, Абай мұрасының Шығысқа қатысын өзі бөле қараған күрделі үш саланың маңына жинақтай ашуға ұмтылған әрекетінде жататын. Атап айтар болсақ, соның бірі — абайтану тарихында көп талас тудырған әрі барынша аз зерттелген Абай өлеңдерінде орын алған Шығыс классиктерінің белгілері жайлы мәселе, екіншісі, Абайдың мұсылман дініне қатысы, үшіншісі, Абай және мұсылман хакімдері мен ғұлама философтарымен мораль философиясындағы ара қатынасы жататынды.

Абайдың Шығыс классиктерімен ара қатынасын М. Әуезов өз зерттеулерінде екі кезеңге бөле қарайды. Бірінші кезең балаң ақынның таза еліктеу жылдарын (1860—1865) қамтыса, екінші кезең 1886 жылдан өмірінің соңына дейін созылған екі аралықтағы шын мәніндегі екшеу, меңгеру жолындағы творчестволық процесті қамтиды. Осы екі кезең аралығында да Абай мектеп-мدرسелерде үстем болған Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқты суфизмнің ірі ақындарымен қатар Шығыс поэзиясының ұлы классиктерін де баурай оқып, ой-көзімен екшеп, талғап меңгерген жылдары болатын. Бұл аталған топтағы ірі ақындардың бәрі де суфизммен әрқилы дәрежеде тікелей, жанама түрде болса да байланыста болып, суфизм дүние таным шеңберіне тартылып, әрқайсысы әрқилы дәрежеде көрінген аса күрделі рухани құбылысқа жататынды. Осы іспеттес жалпы Шығыс классиктеріне де тән көріністі профессор Бертельс: «Өте сирек жағдайда болмаса, мұсылмандық Шығыстың ірі авторларының бәрі

дерліктей суфизммен қалай болса да байланыста болған. Осы әдебиеттермен таныспайынша оларды түсінудің өзі қиын», — деп пікір түйеді (Е. Ә. Бертельс. Суфизм и суфиская литература, М., 1965, стр. 54). Жалпы Абай сқып үйренді, соңыра творчестволық жолмен меңгерді деген Шығыс поэзиясы классиктері түгелге жуық суфизммен белгілі дәрежеде қатысы болмай кеткен емес. Осы ерекшеліктерді ерте сезінген М. Әуезов Абай өлеңдеріндегі шығыстық белгілердің табиғатын тереңірек ашуды мақсат еткенде, Шағатай әдебиетінде мол орын алған суфизм сарынындағы поэзия өкілдерімен отызыншы жылдардың басындағы зерттеулерінде-ақ жанастыра қарауға әрекет етуі жай нәрсе деуге келмейді.

Абай шығармасында орын алған шығыстық белгілер негізінде: махаббат лирикасында, дидактикалық өлеңдерінде, кейбір өсиет сарынында келетін өлеңдері мен қара сөздеріндегі толық адам (кәмили инсани) жайлы ой толғаныстарының ұштасатын жерлерінде де жиі көрініп отырады. Осы аталмыш белгілерді бас-басына бөле қарап, қысқаша сөз етер болсақ, тағы да М. Әуезов сілтеген ой оралымдарын еске алмай, оны негіз етіп сүйенбей ізденудің өзі қиын. Мұнсыз нысанасыз, бағдарсыз, ой орманына кіргенде адаспай жүре де алмайсыз.

а) Абайдың махаббат лирикасы — шын мәніндегі әлемдік лириканың деңгейіне көтерілген шығармалар. «Желсіз түнде жарық ай», «Бір ысып, бір суып», т. б. лирикалық өлеңдері қандай маңдай алды мақтаулы лирадан асып түспесе кем түспейтін қасиетке ие. Осылармен қатар махаббат тақырыбындағы өлеңдерге шығыстық белгілердің лебі де барлығын, оларды ақын өзіндік төл дүние етіп жіберген ақындық өнердің қуатын да сезінеміз. Абайдың «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» сияқты атақты өлеңдерінде Шығыс классиктері Низами, Сағди, Жами, Науаи, Фзули поэзиясында көп толғанатын ғашықтық сезім жайлы мазмұнды ойлармен де біршама тоқайласатынын көреміз. Тіпті олардағы сарынның «Көзімнің қарасы» өлеңінде ерекше бой көрсетумен бірге, осы өлеңге ақынның ән шығарып таратуын да елеусіз қалдыруға болмайды.

Шығыс классиктері қол артқан суфизм әдебиетінде ежелден келе жатқан символикалық шарттылық рухындағы эротикалық поэзия соңғы дәуірге дейін өріс алып дамып келді. Ол поэзияда ғашықтық сезімді тәңірден келген құбылыс ретінде тану бар. Осы ұғымды Ясауи

бағытындағы сопы ақындар «тазарған жанмен иенді танысын» деген сопылық махаббат пәлсапасына қарай жырласа, ұлы классиктерде шын өмірдегі махаббат сезімін жырлауға ойысу басым еді. Абайдағы шығыстық белгісі бар өлеңдері, әсіресе жастық шақ кезіндегілері де, осы соңғы ақын — классиктер танымымен көбірек жанасатын. Бірақ осылай бола тұрса да: «Абай өзі аз дәурен үлгі еткен Шығыс классиктерінің шығармаларындағы ішкі мазмұндарға түгел табынған деген пікірді айрықша бөлек айтамыз... Ғашықтықтың өзін құдайды тану жолындағы жан әрекеті есебінде жырлау басым еді», — деп М. Әуезовтің арнайы ескерту жасауында белгілі мән-мағына жататын (М. Әуезов, Абай Құнанбаев, Алматы, 1976, 96-бет). Өйткені Абайдың ерте кездегі және үлкен ақындықтың жолына түскен кездегі махаббат жайлы «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы» сияқты лирикасындағы ғашықтық сезімді «Алланың рахматы», немесе сұлулықты «көрік — тәңірі сәулеті» деп түсінудің түп-төркіні Шығыс ақындарына тән ортақ белгі ретінде қарауға болатын сияқты. Махаббат лирикасындағы бұл сарынды Абай аз уақыт үлгі тұтынып барып тастап кетуіне байланысты ұлы ақын шығармаларында бұл әсер терең тамыр жайып, түбірленбейді. Ал ондағы ауыс-түйіс белгілердің өзін сыншыл ақыл таразысынан өткізіп барып екшей қабылдаған Абай оны бөтен бөлігі көрінісінен гөрі өзіндік тума нәрселерге айналдырып жіберді. Тіпті ерте кезде жазылған «Әлиф деп ай иузіне ғибрат еттім» өлеңінің аяғында ақын сөз ойынына салып, бұлыңғыр тұманды ұғымдағы махаббат сезімнің өзін өмірлік тілекке қарай бұрып жіберуі осыны айғақтайды.

ә) Абайдың кейбір дидактикалық өлеңдерінде қолданылған өлең формалары мен ой төркінінде шығыстық белгілердің біршама ұшырасатын жерлері де кездеседі. Балаң кезіндегі Шығыс классиктеріне таза еліктеуден туған «Иузи — раушан, көзі — гауһар» өлеңінде Абай тіл шұбарлығына бой алдырғанымен, өлең үйлесімін ғаруз ұйқасы үлгісінде (араб) құрып, Шығыс классиктерінде мол қолданылған өлең өрнегін қазақ әдебиетіне ендіруге тырысқан әрекеті соны құбылыс болатынды. Алғашқы ақындық қадамындағы аталмыш әрекет соңыра ақындық жолына құлай берілген дәуірінде де ұмыт қалмай, үлкен творчестволық ізденіс үстінде үстеліп, сапалық соны белгілер де көрсете бастайды. Осы себептен де М. Әуезов: «Тың жаңалыққа Абай Шығыс әдебиетінің

қорына қол артқан кезеңде де жол тауып отырады»,— деп әдейі атап көрсететіні де бар. Қазақ өлең құрылысына түбірлі өзгерістер ендіріп, жаңарту процесінде Абай шығыстық өлең өрнектерін де өзінше түрлендіріп, табиғи туындыдай қабылдатып жіберген өлең түрлерін де берді. Осындай өлең өрнегіндегі сонылықтың келу себебіне барлай қарасак, Абайдың Шығыс әдебиетіндегі өлең сөздің теориясымен терең таныстығы аңғарылады.

Абай өз өлеңдерін белгілі бір өлең жүйесінің (бармақ үезіні) негізіне сала отырып жазғанын жасырмайды. Қайта осы ерекшелікті жете түсіне алмаған замандас тыңдаушыларына:

Уәзінге салып тізілген...
Қайран тіл, қайран сөз,
Наданға қадірсіз,—

деп қатты реніш білдіретіні бар. Уәзін (арабша вазн — өлшем) өлең өлшемі жайлы ілімді білдіретін теориялық күрделі ұғымды қамтиды. Арузи арабий (мәт үезіні) деп аталатын араб өлең өлшемі ислам идеологиясының таралуымен бірге әуелі парсыларға, соңыра түркі тілдес Орта Азия, Закавказье, Поволжье, Шығыс Түркістан, шінара қазақ даласына да жайылған болатын. Бұл өлең өлшемі әсіресе классикалық түркі әдебиетіне зорлықпен танылды. Өйткені араб тілінің фонетикалық ерекшелігі негізінде пайда болған арузи арабий өлең өлшемі табиғаты бөлек азам халықтарының тілдерін қос өкпеге тепкілей отырып, жазба әдебиетіне күшпен ендірілген өлең өлшемі еді. Соңыра жасалған ғарузи парси, ғарузи түрки деп аталатын өлең өлшемдерінің теориялық негізі арузи арабий жайлы еңбектерге сүйеніп, жергілікті тілдердің ерекшеліктеріне бейімделіп жасалғанын Бабырдың «Ғаруз рисаласы» мен Науаидың «Мазан ал-авзан» еңбектерінен де байқаймыз. Ғаруза түрки жазба әдебиетке енгенімен, ол түркі тілдес халықтардың халық ауыз әдебиетіндегі өлең құрылысына сіңбеді. Ал қазақ халқы ислам дінінің шеңберіне тартылғанымен, тіпті оның көшпенділік дәуірдегі төл әдебиетінің өзіне де тұмсығын батыра алмады.

Қазақ әдебиетіне Абай ендірді деп жүрген өлең өрнегіндегі шығыстық белгі делінетін ғаруз ұйқасы азам халықтарының әдебиетінде, тіпті тілдік құрылысы бір саналатын қарақалпақ, ұйғыр, түркмен, азербайжан әдебиетінде ерте кезде-ақ орын алып, тума құбылысқа

148019

айналып кеткен ұйқастардың біріне жататын. Міне, Абай Шығыс классиктеріне қол артқанда балаң шағында қаз қалпында алып, соңыра оны творчестволық тұрғыдан екшеп, өңдеп ендіргенде оны қайталанбас өлең өрнегіндегі соны құбылысқа айналдырып жібергенін көреміз. «Білімдіден шыққан сөз», «Келдік талай жерге енді» өлеңдеріндегі шығыстық өлең өрнегінің белгісі дейтіндердің өзі табиғи тума құбылыстай тың өрнекке айналып кетеді.

Абайдың шығыс поэзиясынан, яғни бізге туыс түркі халықтарының әдебиетінен қазақ әдебиетіне ендірген өлең өрнегіндегі тың жаналықтардың қатарына ілгеріде аталған екі өлеңді жатқызуға болар еді.

«Білімдіден шыққан сөз» өлеңі сегіз шумақты, өлең жолдарының бәрі де жеті буынға құрылған. Алғашқы шумақтан басқалары ғаруз ұйқасымен жазылған. Бір ғажабы барлық шумақтағы ең соңғы ұйқасатын сөздердің бәрі де түп-түгел бірыңғай үйлесімді сөздермен сап құрып, жаңаша өлең өрнегін жасайды. Абай жасаған аталмыш тың үлгі дәл осы қалпында шағатай ақындарынан кездесе қояр ма екен? Абайдағы осы соны өлең өрнегінің қайталанбас жаңа түрінің шығу төркінін қай дәуірден іздеген жөн дегенге біз оны XI ғасырдың ар жағында жатқан дәуірден қарастыру жөн дер едік. Осы пікірімізге айғақты дәлел ретінде М. Кашқари сөздігінде ұшырасатын өлең шумақтарындағы өлең өрнегін ұсынар едік. Осы сөздікте көптеген өлең шумақтарының өлең өрнегі Абай өлеңіндегі үлгімен өте ұқсас келіп жатады.

б) Абай өзі жасаған қоғамдық ортаны ағартушылық жолмен өзгертуге ұмтылған ойшыл қайраткер болуы себепті шығармаларында мол сөз болған толық адам жайлы өте күрделі тамыры тереңде жатқан гуманистік ойларға мейлінше көп көңіл бөлген. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа», «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек» өлеңдеріндегі толық адам жайлы гуманистік ойының кейбір қарасөздерінде де арнайы сөз болып үндесіп жатқан желілі пікірлер соқпағын барлығын байқаймыз. Бұл салада жалпы Шығыс әдебиетінде әр дәуірде әр түрлі көзқарастар тұрғысынан сан ғасырлар бойы ерекше сөз болып келген кәмили инсани — инсанияттың кәмалаттығы, беңделіктің кәмалаттығы, жәуан-мәртлік, толық адам, жарты адам, жан қуаты, ақыл қуа-

ты, жүрек пен ақылдың культі жайлы көбінше мораль философиясына соғатын күрделі этикалық ұғымдар Абай шығармаларында да бастан-ақ срын алып, молынан таратылатын нақтылы пікірлер екеніне көз жеткізу қиын емес. Әрі бұл ұғымдардың бәрінде де шығыстық белгілердің басым жатқандығымен есептеспесе тағы да болмайды. Осы аталмыш күрделі ұғымдар төңірегінде Шығыс ойшылдарының еңбектерінде кеңірек сөз болса, Абай осылардың гуманистік негіздегі ойларына өзінше творчестволық тұрғыдан сыншылдық ойдың елегінен өткізе отырып қабылдаған. Ал мистикалық сарынындағы суфизм поэзиясының өмірден безіну, тәркі дүние идеясын озат көзқарас тұрғысынан қатаң сынға алған ХІХ ғасыр әдебиетінде Абайдай Шығыс ақыны болған емес. Шығыс классиктері мен суфизм поэзиясының ірі ақындарының шығармаларында айрықша көтеріліп көп таласқа түскен кәмили инсани (толық адам немесе нравственная личность) мен бенделіктің кәмалаттығы жөніндегі пікірлердің шығуындағы түп төркіні мен оларды таратудағы орын алған қарама-қарсы көзқарастардың ішінде Абай бағыты нық, жасампаздық идея жағында жатыр. Өйткені Абай толық адам жайлы ойларының түп қазығын, өзінше сыншыл ой таразысына салып, екшеп алған танымын өзінің күрес жолындағы қуатты құралы ретінде ұстанады.

Абай өзі осы жолда ұстанған ой-пікірін, өмірден жинаған, түрлі ғылым саласындағы кітаптардан оқып білген, бойға ұялатқан рухани нәрлерін бал жиған бал арасы сияқты ең асылдарын ғана:

Әділет пен ақылға,
Сынатып көрген, білгенін.
Білгізер алыс, жақынға,
Солардың сөйле дегенін,—

деп, ұлы гуманистік асыл мұраттардың мұнарасынан қарай отырып, ой-толғап халқына, келер ұрпағына ұсынады. Көрген-білгендерін түгел айтуды шарт деп санамайды. Оларды ақыл мен әділеттің тегеуірінді сыншылсынына салып барып, солардан елеп, екшеп өзіндік ойларын ғана беруді мұрат етеді.

Шығыс классиктері мен суфизм поэзиясы өкілдерінің шығармаларында өзекті желі ретінде үзіліссіз сөз болып, зор таластар тудырып келген арғы жағы араб халқынан келген «вали», бергі түп төркіні ажам халықтарындағы

«инсан-и-камил» танымының төңірегінде айтылған ойларға Абай өзінің ғақылият-тасдиқатында (38-сөзінде) ерекше кең тоқталып, ол жайлы күрделі ұғымдарды көзқарастары жағынан қарама-қарсы екі бағытқа бөле қарап, оған деген өз қатынасын ашық та айқын танытады.

Абай қазақ қауымын ағартушылық жолмен өзгерту жолында халық мүддесі үшін күрескер адам бейнесі кандай болу керек деген мәні зор мәселені көтергенде айтар пікір, тоқталар жері «адам болам десеңіз» деген мағынасы терең тезистік түрде берілген ұғымының маңына топтастырады да, өзінің ұстанар жолын өзіндік дербес ұғым боп қалыптасып кеткен толық адам жайлы танымында барынша толық түрде таратып, баяндап береді. Абайдың толық адам жайлы ойлары әр қырынан сөз етілетін «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнеге», т. б. өлеңдері мен 17, 7, 38, 43-қара сөздерінде біршама жүйеге түсіріліп берілген. Бірақ бұлардың арғы түп төркіні, шығар көзі Шығыс классиктері мен ғұлама ойшыл хакімдерінде жатса да, оны Абай өз заманы талап еткен қажеттілік тұрғысынан өзінше қорытып, өзіндік төл ойына айналдырған. М. Әуезов Абай мұрасындағы осы іспеттес құбылыстардың сырын зерттей келе ой қорытқанда Абай: «өзінің ой-сезім дүниесіне әсер еткен ағымдардың бәрін өзінің өздік ерекше елегінен өткізіп, қорыта өзгертіп өзіндік етіп алады»,— деген ой байламының терең ғылыми мәні бар пікір. Өйткені Абайдың өлеңдері мен қарасөздерінде Шығыс классиктерінен енген белгілермен қатар суфизм әдебиетінде қолданылып келген кейбір терминдік мәні бар сөздер мен кейде Сопы Аллаяр шығармасынан үзінді келтіріп отыруы осыны аңғартқандай, Абайдағы: қанағат, рахым, шафағат, жәуан-мәртлік, хауас, кәмили, инсани, бенделіктің кәмалаттығы, инсанияттың кәмалаттығы, жан қуаты, сабыр, махаббат, шариат, тарихат, хакикат, шарап, ғадаләт, тағриф, мумин, т. б. толып жатқан термин сөздер негізінен суфизм әдебиетінде де әрі Шығыс классиктерінің шығармаларында да қатар қолданылып келгені жұртқа мәлім. 38-сөзінде Абай: «Аллаяр сопының бір фәрәдән жүз фәрә бижай дегені басыңа келеді»,— деген үзінді келтіргенде, оны шафағат, ғадәләттан қол үзбеу жайлы ұғымдармен байланысты қолданады. Осы қарасөзде Аллаяр сопының айтқан сөзінің желісі «Жаксылық ұзақ тұрмайды» өлеңінде мынадай оралыммен:

Бір қайғыны ойласаң,
Жүз қайғыны қозғайды.—

деп берілетіні бар. Бұл кездейсоқ нәрсе емес. Осы себепті болса керек, М. Әуезов Абайдың өмірбаянында және «Абай жолы» романында Аллаяр сопының кітабын әкесіне оқып беріп отырған шәкірт Абайды бостан-бос жай көрсете салған емес. Бұлай етудің негізінде Абайдың жас кезінде де, соңыра кемелденген кезінде де суфизм әдебиетімен мол таныстығы барлығын ескеруден тұса керек.

Абай «вали», «камил-и инсани» жөніндегі адамшылық ойды суфизм әдебиетінің ірі өкілдері Ясауи, Бақырғани, Сопы Аллаяр, Харакани еңбектерінде ол дүниелік, тәркі дүние идеясына айналған бенделіктің кәмалаттығы деп аталатын кертартпа танымның тұрғысынан таратылатын ойды да жете танып, оның зиянды да зардапты бағытын қатты әшкерелейді. Абай дүние танымындағы осы сыншыл ойдың төркінін М. Әуезов ерте аңғарған. 38-сөздегі Абайдың жәуанмәртлікке жататын топтарды жіктеп көрсетуінен, ол топтардың жәуанмәртліктің негізі болған үш сипатын (ғақыл, рақым, ғадәләт) танып білуді бір-біріне кереғар екі топқа жіктелетінін талдап көрсетуде көп сыр жатыр. Осындағы жәуанмәртліктің сипаттары мен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі гуманистік ойдың негізінде берілетін ақыл, қайрат, шафағат, әділет ұғымдары — бір-бірімен тікелей байлауғымдардың арасынан акын әділет, шафағат (рахым) ныста жатқан нәрселер. Аталмыш өлеңдегі көрсетілген ұғымының ролін қазақ қоғамы үшін биік тұғырға көтереді. Акын осы ойын басқа өлеңдерінде жүректің күйтін мадақтайтын «Әуелде бір суық мұз — ақыл зерек», «Малға достың мұңы жоқ малдан басқа» өлеңдері мен 17, 43-қара сөздерінде молынан таратып отырады. Ақыры, осы ойлардың өзекті желісі 38-қара сөздегі ойлардың негізімен тоқайласып, толық адам жайлы акын ұғымымен баяндалады. Осы арада нақылияға сүйенген ғалымдар мен ғақылия дәлелдерге сүйенген хакімдер арасында талқыға түсетін кәмили инсани жөніндегі өзіндік болып кеткен тұма ойларын ортаға салады.

Абай суфизм тарихындағы сама (суфизмнің өз идеясын халыққа насихаттауда поэзияны, музыканы, биді пайдалану жолы) жайында да жақсы біліп, хабардар болған. Өйткені суфизмнің негізін салушылар өз идеяла-

рын халық көңіліне терең орнықтыру үшін өлеңмен ән-күйді, тіпті биді де дінді уағыздауға мықтап пайдаланғаны мәлім. Суфизмнің аса көрнекті ақыны Ясаун «Дивани хикметін» қарапайым халыққа түсінікті өлең уәзінімен жазуы да тегін нәрсе емес-ті. Бұл дәуір араб-парсы әдебиетінің ықпалы зор болғанына қарамай классикалық әдебиет қолданып отырған арузий уәзінің қолданбай, ауыз екі жаттап алуға оңай әрі халыққа тез ұғынылатын өлең түрінде жазуды қалауы ойланбай істелген нәрсе деуге келмейді. Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллярлар да осы жолды өз шығармаларында мықтап пайдаланған. Осы құбылыстың тарихын Абай жақсы білген. Арғы төркініне қарай сілтей көрсетсе, соңғы дәуірдегі дін иелері де поэзияны қоғамдық пікірдің құралы ретінде пайдалануды көздейтінін жасырмайды:

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,
Мүнәжат уалилердің зар наласы.
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,
Әрбірі келгенінше өз шамасы,—

деп дәл танып біліп отыр. Яғни Абай шығыс поэзиясында белгілі орны бар суфизм әдебиетінің бар болмысын ғана емес, сол дүние танымды насихаттауға поэзияны күрес құралы ете білген ерекшелігін де жете таныған сергек ойшыл ақынды көреміз.

М. Әуезов Абай шығармаларындағы шығыстық белгілердің бір саласы Шығыс классиктері мен суфизм әдебиетіне қатынасын жете біліп, мәнін тереңірек ашу мәселесін отызыншы жылдарда-ақ айқын сезіп, арнайы зерттеу міндетін алға қойған.

«ІШІ АЛТЫН, СЫРТЫ КҮМІС СӨЗ ЖАҚСЫСЫ» (М. ӘУЕЗОВ — АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТЕКСТОЛОГИ)

Қазақ әдебиеті тарихында текстологиялық ғылыми жұмыс жүргізудің өзі де Абай шығармаларын зерттеу кезеңіне тұс келеді. Ұлы ақын мұрасын жан-жақты терең танытуды ертерек қолға алған М. Әуезов ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар ақын шығармаларының текстологиялық жағына да ерекше ден қоя ізденді.

Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағы 1927

жылы-ақ М. Әуезов тарапынан даярланып әрі Абайдың ғылыми өмірбаяны да бірінші рет жазылып біткен еді. Бірақ бұлар кейбір жағдайларға байланысты 1933 жылы ғана жарық көрді. Абай шығармаларының толық жинағы текстологиялық сұрыптаудан өтіп жариялануы — республикамыздың рухани өмірінде, әсіресе, Абайтану тарихында маңызы зор мәдени құбылысқа айналды. Қазақ елі өзінің ұлы ақыны Абаймен алғаш рет толық түрде танысуға мүмкіндік алды.

Бұған дейін Абай мұрасы жайлы айтыс-тартыстар, жазыла бастаған көптеген зерттеу еңбектер мен мақалалардың бәрі де негізінен 1909, 1917, 1922, 1923 жылдары шыққан Абай өлеңдерінің таңдамалы шағын жинақтарына ғана сүйеніп келген еді. Олардың бәрі де Абайдың өмірбаяны мен басқа шығармаларын толық пайдалана алмауы себепті елеулі олқылықтар мен кате тұжырымдарға да жол беріп алған-ды.

Бұл іспеттес кемшілік жағдай Ф. Сағдидің зерттеулері мен Ыдырыс Мұстамбаев пен Ілияс Қабыловтың арасында ақын мұрасы туралы өткен қызу айтыстан анығырақ байқалады. Бұлар Абайдың өмірі мен әлеуметтік ортасын, әсіресе шығармаларын толық білмеуі себепті кейбір тосын пікірлерге де ұрынып калып отырды.

Бұрынғы-соңғы Абай мұрасын зерттеушілерді аталмыш қиыншылықтан біржолата арылтқан, зерттеу өрісін кеңейтіп, сүйенер негізін барынша молықтыра түскен түпнұсқа текст М. Әуезов жариялаған толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаяны болатын. Бұл еңбек — М. Әуезовтың ұзақ жылдар бойы тырнақтап жинауы арқылы қорланған, ізерлеп ізденуден, сарыла зерттеуден туған әрекетінің жемісі еді. 1933 жылғы тұңғыш толық жинақтың Петербург, Орынбор, Казан, Ташкент басылмдарынан көп жағынан айтарлықтай ерекшеліктері мол еді.

Толық жинаққа дейінгі басылымдарда Абай шығармаларынан 5399 өлең жолы ғана орын алды, оның 1090 жолы аударма өлеңдерге жататын, яғни төл шығармаларынан 4309 өлең жолы ғана енген еді Мүрсейіт қолжазбасында бар, бірақ 1909 жылғы жинаққа енбей қалған 628 өлең жолы және М. Әуезов тарапынан іздеп табылған 1086 өлең жолы алғаш рет 1933 жылғы толық жинаққа түгелдей ендірілді. Яғни Абай өлеңдерінің жолы 5399 өлең жолынан 7113 өлең жолына жетіп, жанадан

қосылған өлең жолдары арқылы елеулі түрде молығып, текстологиялық сапасы арта түскенін көреміз.

Абай өлеңдері Мүрсейіт қолжазбасына түгел түспей қалуына белгілі бір себептер де болса керек. Өйткені «Мүрсейіт Абайдан 10—17 жастай кіші...: Ол 1896 жылдан Абай жина дегеннен бастап жаза бастаған. Онда көп нәрсе жоқ» (*ЛММА, папка № 493, 3-бет*),— деп М. Әуезов жайдан-жай ескерту жасап отырған жоқ. Абай шығармаларының біразы, әсіресе жастық, жігіттік шағындағы өлеңдері қаншалықты өкінішті болса да кейінгі ұрпақ қолына жетпей қалғаны да рас. М. Әуезовтің «онда көп нәрсе жоқ» деп қайыра ескертіп отырған сөзі де осы шындыққа меңзейді. Тіпті М. Әуезовтің өзі Абайдың бозбала шағында тұңғыш махаббат сезімін оятқан аяулы да арманды ғашығы Тоғжанға арнап шығарған «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деп аталатын лирикалық өлеңін қаншалықты күш салып іздестірсе де ертеде жазылып, есте қалмауы, оны білетін адамның болмауы себепті таба алмағанын өкіне отырып еске алады емес пе?

Біршама атақты өлеңдер осылай ұшты-күйді жоғалып кеткенімен осы іспеттес жоғалуға бет алған өлеңдердің көбін М. Әуезов қайта тірілтіп, іздеп тауып, түпнұсқа тексті бастапқы қалпына түсірудегі тарихи еңбегі теңдесі жоқ мол табыс, зор ырыс екендігін қазіргі ұрпақ асаризашылық сезіммен еске алады. Өйткені М. Әуезов ұзақ жылдар бойы іздестіру, сұрастырумен қатар бұл мәселеге айрықша мән бере қарау арқылы өз тарапынан ғана 1086 өлең жолын тыңнан тауып қосуы — Абай шығармаларының текстологиясы саласында теңдесі жоқ жемісті еңбек болатынды.

М. Әуезов арқылы табылған мыңнан астам өлең жолдары мүлде келмеске кетіп, жоғалуға айналғанда оларды Көкбай, Кәкітай, Ақылбай, Мағауия, Тұрағұлдар арқылы, солардың жадында қалған өлең жолдарын қайта жаңғыртып айттыру арқылы еске оралған өлең жолдары екенін зерттеуші архивіндегі өз мәліметінен білеміз. Жанадан қосылған 1086 өлең жолының Абай өлеңдері үйіріне қосылуына аянбай атсалысқандар ішінен М. Әуезов, әсіресе Көкбай еткен тарихи мәні бар еңбекке зор баға бере отырып: «Көкбай... өзінің жадында жүрген, біржолата жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтарды, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қос-

ты» (п. № 194, 345—346-бет) деп келер ұрпақ атынан алғыс сезімін білдіргендей тебіренген.

1933 жылғы басылымда алғаш рет Абайдың ғылыми өмірбаяны мен акын өлеңдеріне текстологиялық жұмыстар жүргізу арқылы түсініктер мен естеліктер де қоса берілді. 1909 жылғы таңдамалы жинақ Абай өлеңдерін тақырыптық жүйемен орналастыруды негізге алса, 1933 жылғы толық жинақта М. Әуезов Абай шығармаларының жазылған жылдарын анықтау арқылы ғылым тарихында сыннан өткен хронологиялық жүйемен беруді басшылыққа алған. Мұндағы негізгі мақсат — Абайдың дүниетанымы мен ақындық өнеріндегі шеберліктің эволюциялық даму жолын ғылыми тұрғыдан бағдарлап, тереңірек тануға мүмкіндік беретін бірден-бір ұрымтал тәсіл ретінде осы жолды саналы түрде ұстанған. Атамыш жүйе соңыра Абай жайлы зерттеулерін бір жерге қорыта жинақтап жазған «Әр жылдар ойлары» деп аталатын монографиялық еңбегіне де басты негіз болғанын білеміз.

М. Әуезов — әуел бастан-ақ Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтауға ерекше мән бере қараған сергек зерттеуші. Өйткені бұл мәселені тиянақты анықтаудың келешек зерттеу жұмыстарын жүргізуде де ғылыми маңызы өлшеусіз еді.

Абай шығармаларының жазылған жылын анықтауда екі түрлі кезеңі болды: алғашқы кезеңі — 1908 жылы Абай өлеңдерінің тұңғыш таңдамалы жинағын бастыру қарсаңында жүргізілді. Екінші кезең — 1927 жылы Абайдың толық жинағын даярлау қарсаңында жүргізілді. М. Әуезов Абай шығармаларының жазылған жылын анықтау жөнінде: «Абай шәкірттерінің (Көкбай, Мүрсейіт, Кәкітай, Тұраш, Махмұт), көшірушілерінің қуәлігімен әуелі 1908 жылы, кейін 1929 жылы қойылған», — деп мәлімдейді.

Осы тұңғыш толық жинақты негізге ала қайта басылған 1939—1940 жылғы екі томдық толық жинақ Абай шығармаларының текстологиялық жағынан жаңа сапа танытып, түсініктемелер мен естеліктер жағы көбірек өңделіп, Абайдың ғылыми өмірбаяны екінші рет қайта жазылуы — акын мұрасын зерттеу саласындағы жаңа беталысты аңғартты.

Осы екі томдық жинақты алғашқы толық жинақпен салыстырғанда көптеген өзгерістер мен жаңалықтардың орын тебуіне, барынша толығып, текстологиялық жа-

ғынан сапасы арта түсуіне М. Әуезовтің соңғы жылдарға дейінгі толассыз ізденістері мен ғылыми зерттеулерінің шешуші ықпалы да бар еді. Себебі, 1933 жылғы басылымда 35 өлеңге ғана түсінік берілсе, соңғы басылымда 88 өлеңге жаңа түсініктеме жазып, көптеген деректер мен қосалқы деректер ендіруі — Абай шығармаларының табиғатын тануда қаншалықты тереңдей түскенін көрсетті. Абай мұрасын толығырақ тануда мәні бар нәрсенің бірі — шеттен енген сөздерде жатса, олардың да түп-төркіні ашылып, 194 сөзге түсінік берілді. Абайдың композиторлық өнерінің бетін нақтылай аша түскен 12 өлеңіне арнаулы ноталар мен ақын өміріне байланысты фотосуреттер де тұңғыш рет осы басылымда жарияланды.

Осы аталып өткен сонылықтар жиналып келіп, ақын мұрасын танып-бағалаудағы, оны ғылыми тұрғыдан зерттеп меңгерудегі басты шарт — Абай өлеңдерін барынша толықтырып, текст жағынан бастапқы түпнұсқа қалпына келтірудегі күрделі де қиын жұмыстарды М. Әуезов ойдағыдай орындап та шықты. Абай шығармаларының түпкілікті де тұрақты (канондық) текстің жасау жолындағы толассыз ізденістері ғұмырының соңғы жылдарына дейін жүргізіліп, ақын шығармаларында ұшырасатын ауысып немесе жаңылыс басылып келген өлең жолдарын, шумақтарын кейбір сөз тіркестерін түпнұсқа қалпына келтіруге есепсіз көп күш жұмсап отырған. Мысал ретінде алар болсақ, 1952 жылы 27 мамырда Қазақстан Көркем әдебиет баспасының бас редакторы Ғали Ормановқа жолдаған хатында (*п. № 394, 2 бет*). Абай шығармаларының жаңа басылымында көптеген сөздердің түзетілуін талап етуінде Абай мұрасы тағдырына араласпай отыра алмайтын сергек зерттеуші ретінде белгілі бір сыр да бар. Өйткені ол кезеңнің әдеби атмосферасында сыңаржақтық пен асыра сілтеудің орын алуы көпке мәлім нәрсе ғой?

Абай шығармаларының тексті үстінде атқарған жұмыстарының бір алуан түрі өзі басқарып, өз қолымен шығарып кеткен 1957 жылғы академиялық басылымда да ерекше байқалып тұр.

Абай шығармаларының тұрақты канондық тексін жасаудағы М. Әуезов ұстанған жүйе мен көзқарастардың игілікті ықпалын біз «Ғылым» баспасынан шыққан Абай шығармаларының екі томдық академиялық толық жинағында атқарылған текстологиялық жұмыстар, ізденістер

нәтижесінен де көріп, қуанғанымызды айтуды да орынды санаймыз.

Қазақ әдебиетін зерттеу тарихында текстологиялық жұмыстар жүргізудің алғашқы қадамы да Абай мұрасын зерттеу саласында жүргізілген жұмыстармен бірге туды.

Абай шығармалары мен акын өмірбаянын арнайы зерттеуді 20-жылдар басында саналы түрде қолға ала бастаған М. Әуезов ұлы мұраны тереңірек танып, түбегейлі меңгеру жолында сүйенер түпнұсқа дерек көздері мен текстологиялық жұмыстар жүргізу қажеттілігін кімнен болса да ерте сезінді. 1924 жылдың ішінде-ақ Абай шығармаларының толық жинағын құрастырып, жариялауды да алдымен қолға алды. Тұңғыш толық жинақты құрастыру процесінде асыл түпнұсқа ретіндегі Мүрсейіт Бикеұлының қолжазба көшірмесінде хатқа түскен Абай өлеңдері мен әлі де хатқа түспей санаулы кісілер санасында жатқа сақталып келе жатқан, көпшілікке беймәлім шығармаларымен аса күрделі текстологиялық зерттеулер жүргізу қажеттілігі көлденең тұрды. Мұның үстіне Абай шығармалары әр түрлі жолдармен ел ішіне таралып, әр қилы деректер көзі қабаттасып жатты. Жақсылы-жаманды, ірілі-ұсақты деректер көзі жиналып келіп, текстологиялық зерттеулер жүргізуге негіз болатын деректер көзіне (источниковедения) айналып та үлгірді. Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағын құрастыруға ұмтылған М. Әуезов сол тұста-ақ акын мұрасы жайлы источниковедение, текстология жұмысымен қатар айналысты.

Абай шығармаларын асыл түпнұсқа қалпына келтіру мақсатымен автор акын мұрасын қамтыған деректер көзі мен текстологиялық зерттеулерді акын өмірі мен шығармалары жайлы ғылыми еңбектер жазу жұмысымен бірлікте жүргізді. М. Әуезов Абай мұрасын зерттеуді о баста-ақ бөліп жармай, тұтас алып, қарастыруды мақсат еткен. Абайтану саласында атсалысқан замандастары арасында М. Әуезов акын шығармаларын хронологиялық принцип негізінде тұтас қамти зерттеуімен де дараланады. Абай мұрасын қарастырған көптеген ғалымдарға қарағанда, ол балалық шағында-ақ Абай өмір кешкен рухани ортамен, ондағы акын өмірін жақсы біліп, шығармаларын жатқа білетін білікті адамдар тобымен ерте араласу бақытына ие болды. Осы құбылысты М. Әуезов соңғы жылдары жазған еңбектерінде қайта-

қайта еске алып отыру да жай нәрсе емес еді. Тіпті, 1928 жылдың өзінде Абай жайлы деректерді ерте біліп меңгеруге әсері болған атасы Әуез жайлы: «Әр нәрсеге Абай үлгісімен, ақынша қарауға тырысушы еді. Абайдың сондайлық ұстаздық, үгітшілік әсерін мен кішкентай бала кезімнен өз әкелерімнің қалпынан көруіме болушы еді...

Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім»¹,— деп аса құнды дерек береді.

Әрине бала Мұхтар жаттаған Абай өлеңдері атасы Әуездің молдаға арнайы көшіртіп алған Абай аулында көп тараған қолжазбалардың бірі екенінде дау жоқ. Немерелеріне Абай өлеңімен сауат аштырып, ұлы ақынды сүйіп, түсініп, үлгі алып өсуіне күш салған қамқор ата сезімін ұлы жазушы тебірене отырып еске алуының себебі де ана сүтімен бірге енген рухани сана — Абай шығармалары болуында жатыр. Балауса сәби шағынан естіген әңгіме аңыздары, жаттап өскен ақын өлеңдері соңыра Абай шығармаларын жинау, текстологиялық зерттеулер жүргізу жолында, ғылыми зерттеу еңбектерінде көл-көсір көмегін тигізген рухани тірекке, қосалқы деректер көзіне айналды.

△М. Әуезов Абай мұрасы жайлы зерттеулерінде асыл түпнұсқаға немесе сол түпнұсқаларға тірек негіз болар сан қилы деректер көзіне айрықша көңіл бөлді. Бірақ сол ортада туып, сол жерде өссе де, Абай қолымен жазылған асыл түпнұсқа қолға түспеді. Абай қолымен жазылып қалды деген автограф ретіндегі бір ғана хат пен «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы» деген шығармасының бір бөлігі ғана (2 бет) сақталған да, қалған автографтары түгелдей бүгінгі ұрпақ қолына жетпей қалды. Осы себепті М. Әуезов Абай шығармаларының асыл түп нұсқасы ретінде 1896 жылдан бастап көшіріліп, қолжазба түрінде таратыла бастаған Мүрсейіт Бикеұлы топтастырған көшірмелер алынатындықтан: «Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, сол Мүрсейіттің көшірмелері»²,— болғанын тағы да атап өтеді. Бірақ Абай шығармаларын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіріп жариялауға негіз ретінде ұстанып келген Мүрсейіт көшірмелерінің өзі (қазір қолда бары 1905, 1907, 1910 ж.

¹ ДММА архиві, 382-п, 1-б

² *Әуезов М.* Әр жылдар ойлары Алматы, 1959, 18-б.

қолжазбалар) көптеген текстологиялық ақаулықтарға жол беріп алған. Мұнда біріншіден, Абай шығармалары толық қамтылмағандығы көрініп тұр. Екіншіден, кейбір өлеңдер орынсыз біріктіріліп, кейбіреулері ретсіз бөлек өлең ретінде берілетін жерлер де ұшырасады. Үшіншіден, қолжазбада Абай қаламынан тумаған беймәлім өлеңдер де орын алған. Төртіншіден, ең маңызды нәрсе — Абай шығармаларының жазылу мерзімі, жылдары да көрсетілмеген.

Міне, М. Әуезов осы олқылықтарды ескере отырып, Абай мұрасын түпнұсқа қалпына келтіру жолында тірек етіп сүйенер қосалқы деректер көзін дер кезінде ізденіп, мүлде ұмытылып, жоғалуға айналған Абай шығармаларын қалпына келтіруде теңдесі жоқ текстологиялық жұмыстар атқаруға кірісті. Бұл жолда Абай маңында үнемі болып, көп үлгі өнге алған үзеңгі жолдастары мен акын шәкірттері қызу атсалысып, мол еңбек сіңірді. М. Әуезов осылардың санасында жатқа алу арқылы сақталып қалған 45 өлеңді (1086 жол) хатқа түсіріп, қайта тірілтті. Абай шығармаларын текстологиялық жағынан салыстырып зерттеу жолында ертеде Мүрсейіт, Самарбай, Дайрабай сияқты қарттар арқылы көшіріліп жазылған қолжазбалардың Абай аулының қыздары Уәсила, Әсия, Рахила, Ғалия, Рабиға, Қаныштардың қолында сақтаған нұсқаларымен де танысқанға ұқсайды. Міне, Абай мұрасын асыл түпнұсқа қалпына келтірудегі деректер көзінің бір саласы осы аталып өткендермен шектеледі. Бұл көшпелі қазақ тұрмысынан, тарихи ерекшеліктен туындайтын көңігі таныс жағдайлар екені көпке мәлім.

М. Әуезов ақын мұрасын жинау, текстологиялық жағынан зерттеуде Абай шығармаларының революцияға дейінгі таралу жолдарын да анықтап, оларға деректер көзі ретінде сүйеніп отырғаны байқалады. Зерттеушінің анықтауынша, революцияға дейін Абай шығармалары үш түрлі жолмен: а) баспасөз арқылы; ә) қолжазба — көшірме күйінде; б) ел арасында ауызша жатқа алынып таралған.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінде сол дәуірдің белгілі бір тарихи ерекшелігінен көп туындайтын бұл іспетес жағдайлармен қазіргі әдебиет тарихын зерттеушілер есептеспей тұра алмайтын құбылысқа айналып отыр. Абай алдында өткен Дулатты алсақ та осы құбылысты бастан өткізгені байқалады. Бірақ осындай жағдайда өз

шығармасын тарату жолында Дулаттың өзі айтушы әрі таратушы ретінде қызу әрекет етуімен де ерекшеленетіні бар.

М. Әуезов ақын мұрасын зерттеуші ретінде ақын мұрасының ел ішінде таралу жолдарымен ерте кезде-ақ түгелге жуық танысқан. Әрі бұл саламен танысуға итермелеген белгілі себептер де бар еді. Соның бірі — Абай мұрасының асыл түпнұсқасы сақталмауы себепті, баспасөзде (газет, журнал, кітапта, арнайы жинақта да) жарияланған кейбір шығармалары текстологиялық жағынан көптеген өзгерістерге түсіп, түпнұсқадан ауытқуында жататын. Баспасөздің өзінде өзгеріске ұшырап отырған Абай шығармалары кейбір қолжазба көшірмелерінде, әсіресе, ауызша таралуында, не ауызша таралып барып баспасөзге қайта түскенде, текстологиялық ақаулықтар молығып, түпнұсқа қалпынан мүлде алшақтап кететін. Абай шығармаларының әр түрлі таралу жолдарымен жете танысқан зерттеуші Абай шығармаларының асыл түпнұсқа қалпына түскен толық жинағын құрастыру үшін, яғни болашақ зерттеушілерді адастырмас темір қазықтай бір ізге түскен канондық тексті қалыптастыруда азабы көп текстологиялық зерттеу жұмыстарын бастан өткізді.

Ақын қолымен жазылған қолжазбаның қалмауы ұлы ата мұраны бастапқы қаз қалпына келтіру жолындағы алғашқы талпыныс, әрекет атаулының бәрі де әр түрлі деректер көзіне кеп тіреледі. Өткен ата мұраны зерттеушілер үшін батыс, шығыс әдебиетіндегідей архив мүліктері тіреліп тұратын мүмкіндіктен құралақан қалған көшпенді өмірдегі рухани қазына, көбінесе, ауызша жатқа алынып, ой-санада сақтау дәстүрімен шектелетін-ді. Басқа әдебиеттен осындай белгісімен де ерекшеленетін өзіндік жеке дара өзгешелігі бар деректер көзі қандай зерттеушіні болса да қат қабат қиыншылыққа түсіретін. Әдеби мұрасы басқа ақындарға карағанда біршама толық жетті деген Абай шығармаларының тағдыры да осы шеңберден ұзап кете алған жоқ. Осы себепті Абай мұрасын асыл түпнұсқа қалпына келтіру мен ақын өмірі мен шығармаларын ғылыми тұрғыдан зерттеу үшін сүйенер негізгі деректер көзін аса қажетті алғы шарт ретінде таңу мәселесі алға қойылды.

М. Әуезов ұзақ жылдар бойы деректер көзін қазбаулау, ақын өмір сүрген заман сырын ұғыну, оны ақын шығармаларында реалистікпен суреттелген өмір шын-

дығымен өзектес үндестігін табу жолындағы қажырлы ізденістері оны тарихи қайнарлар мен ақын мұрасы жайлы сан салалы деректер көзіне үңілтпей қоймайды. Бірақ ол қол артуға ұмтылған өзіндік ерекшелігі мол деректер көзі даяр күйінде, яғни хатқа түскен архив қазынасы түрінде кездесе бермеді. Бұл жағдай зерттеушіні дағдартпады. Қайта қолда бар жазбаша түрдегі деректермен қоса, жанама түрде болса да, негізінен, ел аузында кейбір білікті кісілер санасында сақталып, қозғау түспей жатқан тірі архив иелеріндегі өлеңдерді іздеу сияқты аса қиын, азабы мол деректер көзін зерттеумен айналысты. Осы жағдайларды мықтап ескерген М. Әуезов Абай мұрасын жинастырып, зерттеу жолында сүйенген деректер көзі түрі жағынан көп салалы өзіндік ерекшелігі мол, қайталанбас тарихи деректер көзін қамтуға тұс келді. Бұларды М. Әуезов өз зерттеулерінде, негізінен, төрт түрлі арнадан құралатынын үнемі ескеріп отырады. Осындай тарихи ерекшелігі бар көп арналы деректер көзінен нәр алып толысатын Абай мұрасының бастапқы асыл түпнұсқа қалпына түсіріп, канондық текстің жасау жолындағы жұмыстың негізін салған М. Әуезов ізденістері әлі де жүргізіле бермек.

М. Әуезов Абай мұрасына ерте көңіл бөліп, оны жинастыру, деректер жию, жариялау, зерттеу процесінде негізгі қайнар көздері ретінде пайдаланған тірек-негіз іспетінде ұстанған арналары бар.

1. Абай шығармаларының таралу жолдары

а) М. Әуезов о баста-ақ Абай шығармаларының түпнұсқасы ретінде ұстанып келе жатқан қолжазба көшірме деректерге айрықша мән бере қараған. Абай қолымен жазылған түпнұсқа қалмағандықтан, оның орнын толықтырар сенімді тірек-негіз ретіндегі бірден бір жазба дерек осы көшірме қолжазбаларда жататын. Осы себепті текстологиялық салыстырулар, талдаулар жүргізіп барып, ақын шығармаларының бастапқы қалпына келтірудегі ұстанар бірден бір хатқа түскен негіздері о баста Абай аулында пайда болған әрқилы көшірме қолжазбаларға кеп тірелетін-ді. Бұл іспеттес деректер көзіне кіші молда (Ғабитхан, Көкбай, Мүрсейіт, Кәкітай, Ақылбай, Мағауия, Шәкәрім, Тұрағұл т. б. арқылы көшірілген ақын шығармалары әр түрлі жолдармен ел

арасына таралып жатты. Бұл қолжазбалар сапасы жағынан әрқилы сипат танытатын. Себебі Көкбай, Қәкітай, Шәкәрім Абаймен тетелес боп, ақындық өнері шарықтаған шақта өмірі мен творчестволық туындыларына тікелей куәгер боп өссе, соңғылары Абай басып өткен өмір жолы мен творчестволық қадамын естелік-әнгімелер арқылы жанама түрде біліп өскенін де ескермек керек. Бұлар таралынан жазылған қолжазба көшірмелер сол тұстағы әдеби ортаға Абай шығармаларын танытып, таратуда елеулі қызмет атқарғанымен, асыл түпнұсқаны тұтас күйінде сақтап қалуда ерте көздеген биік талап тұрғысында бола бермеген. Өз кезінде ақын мұрасын таратуда белсенді әрекет етсе де, ол қолжазбалардың бірен-сараны болмаса, көбі соңғы ұрпақ қолына жетпей қалған.

Абай шығармаларының әр түрлі таралу жолына М. Әуезов ерекше ден қоя қараған. Ақын мұрасын таратудың бір жолы — қолжазба көшірмелерде жататынды. Ақын шығармаларына құмартушылар оны арнаулы кісілерге көшіртіп алып сақтайтын. Немесе өзі үшін көшіріп алушылар, не арнайы түрде көшіріп берушілер тобы да ақынның көзі тірісінде көптеп кездесетін-ді. Тіпті Абай мұрасын жаттап, көшіріп, немесе әнге, жырға қосып айтып таратушылар тобы да ең алдымен ақын маңынан шыға бастаған. Осы іспеттес тарихи шындықтар, тіпті, «Абай жолы» эпопеясының өзінде суреттеліп, жиі айтылып отыратын жерлері де бар. Бұл әрекет, әсіресе, Абайдың ақындар ағасы ретінде танылып, нағыз шабытты ақындық өнер жолына құлай берілген дәуірде басталғанын, яғни 1887 жылы «Бастығы Ысқақ боп бес-алты кісі қағаз, қарындаш алып, үстелге жабысып қалыпты. Шетінен көшіріп жатқаны кішкене молда жіберген «Татьяна хаты»¹, — еді деп суреттеуі нақтылы тарихи шындық негізіне кеп тірелетін. Бұл Ақшоқыда қанатты шабыт үстінде туып, Пушкиннен аударылған өлеңге шығарылған әннің қазақ даласына тұңғыш таралу процесін суреттейтін көріністер болатын. Міне, осы кезеңнен бастап Абай шығармаларын таратудың әрқилы жолдары өріс ала бастады. Осы өркен жайған өрелі де өрісті кеңіте түскен ақын аға Абай маңына топтала бастаған өнерлі жастар тобы атқарған тарихи еңбек абайтану жайлы зерттеулері мен эпопеясында қатар қамтылып,

¹ Әуезов М. Шығармалар, 5-т. Алматы, 1968, 413-б.

өзекті желідей өріліп таратылып отыратынын көреміз. Қазақ әдебиетінде жаңа бағыт, соны ағымды бастаған Абай поэзиясы ел мұңына ем болар шәрбаттай тыңдаушы санасына ұйи түсті. Ол баста «Абай жырларын әрдайым жазып айтады, сол жазғандарын таратушы және жат айтушы, жұртқа таратушы іні-достары... шыға бастады»¹— деп, жазушы ақын шығармаларының алғашқы таралу тарихына, оның әрқилы жолмен таралу түрлеріне оқушы назарын жайдан жай аударып отырған жоқ. Эпопея желісінің өзінде Абай шығармаларын әр түрлі жолдармен таратушы топтар бейнесі өмірде болған нақтылы тарихи адамдар өз атымен берілсе, кейде олардың бірсыпырасы прообраз ретінде беріліп отырған Романда Абай өлеңдерін көшіріп, қолжазба күйінде таратушылар есебінде, көбінесе, кішкене молда, Мағаш, Кәкітай, Ақылбай, Шұбар, Көкбай, Ысқақтар аталып отырды. «Антпенен таркайды» деген өлеңнің кандай өмір шындығы жағдайынан туындағанын суреттейтін жерінде «Бұл өлең Дәрмен күйінде домбырада, Мағаш пен Кәкітай қолында көшірілуде, кішкене молда оқытып жатқан балалардың қолында бөлек қағаздарға жазылып жатталуда»²,— деп Абай өлеңінің таралу процесін көз алдымызға әкеледі.

Ал Абай өлеңінің шын мәніндегі бізге дейін жетіп келген қолжазба көшірмелері де болды. Мұның ішінде ерекше көрнектісі — Мүрсейіт көшірген қолжазбалар. Мүрсейіт Абай шығармаларын 1896 жылдан бастап көшіре бастаған. Өзі құрастырып, асыл түпнұсқа ретінде көшіріп жинақтағандарын ел арасына қолқа салып, ақы төлеп алатындарға қайта көшіріп беріп қызмет етсе де, келешектегі қазақ әдебиеті үшін теңдесі жоқ тарихи қызмет аткарып жатты. Абай айналасындағылар ақын шығармаларын көшіруді дәстүрге айналдырса, артынан осы дәстүрді Ғабитхан, Мұхаметкәрім, Махмұт, Самарбай, Ыбырай, Хасен, Дайрабай сияқты бір топ сауатты жастар жалғастырып әкетті. 1974 жылы Шыңғыстаудан табылған Абай өлеңдерінің қолжазбасы да³ (көлемі 44 бет) жоғарыда атап өткен дәстүрдің бір көрінісі десе болғандай.

Абай мұрасының көптеген қолжазба көшірмелерімен

¹ Сонда, 342-б.

² Сонда, 342-б.

³ Қазақ әдебиеті, 1974, 19 июль.

сол ортада туып өскен М. Әуезов ерте танысты. Есейе келе аталмыш жазба деректерге сынмен, ғалым талғамымен қарап, онда кеткен текстологиялық ауытқуларды тамыршыдай танып өсуіне екі түрлі жағдай әсер етіп, көмектескендей. Бұның бірі — М. Әуезов балауса бала кезінде Абай шығармаларын жатқа білуі болса, екіншісі, Абаймен жолдас, туыс боп қатар өмір сүрген білікті, ақындық өнермен танылған бір топ талантты кісілермен әңгіме-дүкен құрып, солар айтқан Абай өлеңдерімен ерте қанығуында жатқан сияқты. Міне, Абай шығармаларының текстологиялық табиғатына мейлінше ерте қанығып, терең танып өсуі, тіпті Мүрсейіт қолжазбалары мен оның рухани өрісіне сынмен, ой жіберіп қарауынан да сезіледі. Әлі де жазушы архивінде жарық көрмей жатқан Абай жайлы жазылған көптеген шашпа (наброска) пікірлерінің бірінде Мүрсейіттің мәдени өресіне ой жүгіртіп: «Мүрсейіт Абайдан 10—15—17 жас кіші... Ол 1896 жылдан Абай жина дегеннен бастап жаза бастаған. Онда көп нәрсе жоқ... Абайдың архиві жоқ... Мүрсейіт осылардың сол кезде бәрінен білгенді алған емес... Ол кішкене молда... Ертеде өлген»¹, — деп көп нәрсеге сыншыл көзбен қарауды ескерткендей өз пікірін білдіріп өтеді. Абай шығармаларының бірден бір түпнұсқасы ретінде жазылып отырған Мүрсейіт қолжазбаларының өзіне М. Әуезов үлкен қанағатпен қарай бермеген. Абайдан Мүрсейіттің көп жас кіші болуы, ақынның жастық шағы мен жігіт болғанда жазған өлеңдерін білмеуі себепті, хатқа түсіре алмаған әрі соңғы кездің өзінде білгендерінің бәрін ала бермегені де текстолог ғалымды көп алаңдатқан. Қазіргі күнде қолда бар 1905, 1907, 1910 жылдары көшірілген Мүрсейіт қолжазбаларын бір-бірімен салыстыра қарағанда елеулі текстологиялық өзгерістер ұшырауы зерттеуші ойының дұрыстығына меңзейді.

ә) Абай мұрасын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолындағы басты деректер көзінің екінші арнасы — Абай өлеңдерінің 1909 жылғы Петербургте басылған тұңғыш жинағы мен мерзімді баспасөздерде қазақ, орыс тілінде жарияланған басылымдарымен шектеледі.

Бұл басылымдардың бәрі де яғни Абай қайтыс болған соң автордың қатынасуынсыз, асыл түпнұсқа негізінде басылмағанын еске алу қажет. Тіпті, ақынның

¹ ЛММА архиві, 493-п., 11-б.

көзі тірісінде басылған бірен-саран шығармалары да осы қалыптан аспады. Бірақ тұңғыш жинақ Абай шығармаларын түпнұсқа қалпында жақсы білетін Кәкітай мен Тұрағұл тарапынан даярланып, алғаш рет өлеңдердің жазылған мерзімдері қойылуымен де ерекшеленеді. Осы себепті бұл жинақ Абай шығармаларын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолында жүргізіліп келе жатқан текстологиялық жұмыстардың сүйенер тірек негізі ретіндегі басты қайнар көзге айналып отыр. М. Әуезов бастырған 1933 жылғы тұңғыш толық жинаққа дейін жарияланған Абай шығармаларының үш рет басылған таңдамалыларының екеуі (Казан, Ташкент, басылымы) 1909 жинақты қайталауы жай нәрсе емес-ті. Ал 1916 жылы Орынборда Самат Әбішұлы бастырған «Абай термесінде» акынның тұңғыш рет 1-қарасөзі мен жеті өлеңі басылды. Бұл басылымға да М. Әуезов назар аударып, абайтанудан оқыған лекцияларында сөз етіп отырған. Бұл басылымдағы Абай шығармалары 1909 жылғы жинақта берілмеген тың туындылар екені Саматтың «Бұл бір елге көп жайылмаған қазақ акыны Абай Құнанбаевтың бұрын басылмаған азғана сөздері еді. Мен қолымдағы барды кітапша етіп, бастырып алудымды қаладым»¹,— деп ескертуінен де көрініп тұр. Бұл Абай өлеңі мен қарасөзі Самат қолына қалай болса да бір қолжазба арқылы жеткен. Себебі өлең тексті асыл түпнұсқамен дәлме дәл түсіп отырады. Өлең тексті жағынан бірер сөз ғана сәл ауытқып өзгертуге түскен. Өлеңнің графикалық жағы бұл жинақта да бастапқы табиғи қалпын сақтай алмаған. Кейбір жерінде екі өлең («Белгілі сөз өлді-өлді», «Күшік асырап ит еттім») бір өлең ретінде берілсе, кейде екі өлең тексті («Ата-анаға көз қуаныш», «Тайға міндік») араласып кетеді. «Ата-анаға көз қуаныш» II өлең ретінде толық берілсе, V өлең ретінде тағы да «Ата-анаға көз қуаныштың» 7-жолынан кейін «Тайға міндік» басталып кетеді. Әрі өлең басындағы 5-жолдан басталатын «Жасында күтті, дәме етті, босқа өтті» деген өлең қайырмасы үш жол ретінде берілмей, бір-ақ жолмен беріледі... «Ата-анаға көз қуаныштың» екінші шумақтан кейінгі қайырмасы ауысып түсіп, 2-өлең ретінде берілген. Ата-анаға көз қуаныш» Саматта түгел, бірақ өлең өрнегі бұзылып,

¹ Абай термесі (Бастырушы Самат Әбішұлы. Орынбор). 1916, 1-б.

30 жолмен берілген. Асыл түпнұсқадағы қайырма ретінде берілетін үш өлең жолы Саматта бір-ақ жолға түсірілген. Ал, «Тайға міндік» өлеңі де түпнұсқадағы өлең өрнегін сақтай алмау себепті, 25 жолмен берілген. Немесе табиғи өлең өрнегін сақтаса, ол 5 шумақты, әр шумағы 9 жолдан оралатын, бәрі 45 жол өлең боп шығады.

Абайдың 1-қарасөзінің кітапта «Сөз басы» ретінде берілуі бастырушыда белгілі бір қолжазба деректің болғанын көрсетеді. 1-қарасөз тексті жағынан түпнұсқаға дәл түсіп отырады. Дегенмен бірлі-жарымды сөздерде айырмашылық ұшырасады.

б) Абай мұрасын оның ұмытылған шығармаларымен, кейбір өлең жолдарымен толықтыру кезінде ауызша таралған өлеңдері де іргелі деректер көзі боп табылмақ. Бұл М. Әуезов жүргізген текстологиялық жұмыстардың нәтижесінен көрінеді.

Дәстүрге енген салт бойынша ақын мұрасын ауызша тарату жолында Абай маңында топталған көкірек көзі ашық өнерпаз ақын, әнші, жыршы, шежіреші Көкбай, Шәкәрім, Ақылбай, Мағауия, Әріп, Бейсембай, Әлмағамбеттер әрекет етті. Осымен қабат алыстан ат арытып кеп, қона жатып, Абай өлеңдері мен әндерін үйреніп, өнеге үлгісін елге жаюшы Біржан, Әсет, Жаяу Мұса, Ғазиз, Естай, Мұқа, Мауқай, Шашубай, Ажар, Зейнеп, Сара, Қуандықтар сияқты көптеген өнерпаздар арқылы да ақын өлеңдері ауызша таралып жатты.

Қазақ әдебиетінде есте жоқ ескі заманда айтылған ақын, жыраулар сөзі, ертегі, әңгіме, көлемді эпикалық жырлар ғасырлар бойы ауыздан ауызға өтіп, ұрпақ қуалап өрбитін тарихи дәстүрі өз күшін Абай шығармаларының ауызша жырланып сақталып қалуында тағы да көрсетті. XIX ғасыр басынан жазба әдебиет туындылары баспасөз арқылы таралып жатқанда, Абай шығармалары белгісіз бір себептермен ақынның көзі тірісінде баспа бетін көрмеді. Бірақ баспа арқылы жайылмаса да, ауызша таралуы арқылы-ақ сол кездің өзінде Қазақстанның көп өлкесіне танымалы болған еді. Мұны кейбір орыс ориенталистерінің еңбектерінен де ұшыратамыз.

Біздің дәуірде ең алғаш Мұхтар Әуезов шығармаларын жинастырып, тұңғыш толық жинағын құрастыру жолында асыл түпнұсқаны толықтырып, ұмыт болған шығармаларын қайта тірілтуде бірден-бірге жатқа біліп, ауызша тарату дәстүрі өз жемісін көптеп берді.

Абай шығармаларын тек көшіріп таратумен ғана шектелмей, қолжазба күйінде жазып алып, түгелдей жатқа айтып жүретін жастар тобы — көшірілген қолжазба күйіндегі Абай өлеңдерін әнге салып, не ауызша жатқа айтумен таратып отыратындар. Осы ерекшелікке айрықша көңіл бөлген жазушы бұл көріністі: «Көкбай... Абайдың «Жігіттер ойын арзан, күлкі қымбат» деген өлеңін ұзақ айтып еді... Абай өлеңі мен әсем әндері мәжілісті жақсы жадыратты. Бұл кезде Базаралыға еті үйреніп айтқан сөздер Мағаштан, Шұбардан, Ақылбайдан да кезек шығып отырды»¹, — деп, өмірде нақтылы болған шындыққа сүйене отырып баяндалған. Жазушы Абайға немере туыс Шұбар әрекеті өмірде болған тарихи шындыққа сай көрсетілген. Шұбар — Абай өлеңін жатқа білетін, әрі Ырғызбай ішінде ақындық, шешендік, білгірлігімен даралана бастаған Абайдан кейінгі ірі тұлға. Абай өлеңдерін жинастыру мен ол шығармалардың жазылу тарихынан нақтылы мол деректер беруші білікті кісілердің бірі болғаны жасырын сыр емес-ті. Бірақ оны романда Шұбар, пьесада Кәрім атымен берсе де, тарихи шындықтан қол үзбей, өз қалпына беруге әрекет еткені роман желісінен анық байқалып отыратыны: «Өзге Құнанбай балаларының ішінен тілі орамды, айтқышы және Абайдан соңғы білгір осы»², — деп, оның ақындық өнері мен өнер-білімге ұмтылған қарымына сай бағасын бере көрсетсе, оның екінші қырын да жасырмай: «Бұл Абай өлеңінің бәрін біледі. Жатқа айту керек болса, Абай отырған жерлерде ағызып, судыратып айтып та бере алады», — деп, көрсетіп отыр. Романда Абай ақындығының айналасында ақындық өнерде өзіндік орны бар Шұбар өз болмысымен беріледі.

М. Әуезов абайтану жайлы зерттеулерінде Абай өлеңін жатқа айтып, ауызша таратушы көптеген кісілерді атап өтеді. Абай мұрасын насихаттау, елге таныту жолында олар атқарған мәдени қызметке іш тарта жазады. Ал осы құбылыс роман желісінде, әр түрлі әлеуметтік ортада ақын өлеңін ауызша таратушылар ретінде берілетін эпизодтық кейіпкерлері: Сейіт, Баймағамбет, Дәулеткелді, Бектоғайлар арқылы беріледі. Бұл аталғандардың кейбірі романда өз атымен жүрсе, қалғандары Абай өлеңін ауызша көптеп таратқан адамдар ретінде көрсетілетіні бар.

¹ Әуезов М. Шығармалар, 6-т., 65—66-б.

² Сонда, 134-б.

Абай әрі ақын, әрі композитор. Әсіресе, Абай өлеңдерінен — арнайы ән шығарғандары қазақ даласына айрықша мол әрі тез таралған. Абай өлеңінің әнмен таралуында, әсіресе, Абай маңында болған Мұқа, Әлмағамбет, Мұхаметжан, Әйгерім сияқты атақты әншілердің орны ерекше болғаны зерттеу негізінде табылған деректер бойынша беріледі, ол әндердің, тіпті, халықтық репертуарға айналып кеткені аяулы да ару қыз-келіншектер мен жас жігіттер арқылы ойын-той, әр түрлі жиындарды суреттеу үстінде көрсетіледі. Абай өлеңдерінің таралу тарихы мен жолдары өмірде болған шындық негізінде ғылыми зерттеу жұмыстары мен көп томды эпопея желісінде бір негізде беріліп отыратынын көреміз. Бұған нақтылы мысал ретінде тек Абай маңында боп, ақындық өнер жолынан үлгі-өнеге алған шәкірт ақындар мен әнші, жыршы топтар жатқа айтып, ауызша таратқан Абай шығармаларын көптеп білуі ұмыт болған ақын өлеңдерін түпнұсқа қалпына келтіруде қазақ әдебиеті тарихында теңдесі жоқ үлестер қосты. Бұлар қосқан көптеген өлеңдер мен бірнеше көлемді шығармалар, кейбір ұмыт болған өлең жолдары, тіпті, арнайы көшірілген Мүрсейіт қолжазбаларында ілінбей қалуы, егер М. Әуезовтей дер кезінде іздеушісі болмаса, мүлде беймәлім күйге түсіп, көз жазып қалуымыз қиын нәрсе емес еді. Осылардың еске түсіріп, ұмыт болған туындыларды қайта тіріліп жандандыруы арқылы Абай шығармаларына тыңнан 1086 жаңа өлең жолының қосылуы — ауыз әдебиетіндегі жат алып ауызша таратылатын кәнігі тарихи дәстүрдің жемісі болатын. Абай шығармаларын түпнұсқа қалпына түсіріп, толықтыру жолында осылардың арасында Абайдың көп жыл үзенгі жолдасы болған Көкбай сіңірген еңбекке М. Әуезов айрықша мән берген. Абай өмірі мен шығармасын танып білуде, әсіресе, ұмыт болған өлеңдерін тіріліп қатарға қосудағы Көкбай атқарған тарихи қызметке тоқтала келіп: «1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға барынша зор көмек етеді. Абайдан қалған мұраның, қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі Көкбай»¹, — деп арнайы атап өтеді.

в) Абай өлеңдері революцияға дейінгі дәстүрде ауызша түрінде мол таралып отырумен қатар, сол ауызша

¹ ДИМА архиві, 194 п., 345—346-б.

таралған өлеңдердің кейбірі баспасөз бетіне де түсе бастады. Яғни ақын өлеңі асыл түпнұсқа ретіндегі қолжазба арқылы баспаға жетпей, ел аузында ауызша айтылған күйінен алынып баспаға түсі. Бұл ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар тағдыры қызық жағдай еді. Осыған байланысты М. Әуезов кейбір Абай шығармаларының ауызша айтылуынан баспаға түсіп жариялану жайына да көңіл бөлді. Бұл құбылыстар Абай текстологиясын зерттеушілер үшін ақын мұрасын түпнұсқа қалпына келтіру жолында сүйенер деректерінің бір көзі ретінде қарастыру қажеттігін аңғартты. Өйткені «Қансонарда бүркітші шығады аңға», «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», Өлең — сөздің патшасы сөз сарасы» т. б. өлеңдері Қазан, Уфа баспаларында жарияланған кітап беттерінде жарық көріп жатты. Бірақ олар асыл түпнұсқа ретінде саналған Абай қолжазбаларынан алынбады. Керісінше ауызша таралып жүрген түрінен, онда да алыстағы Омбы мен қияндағы Қазан, Уфадағы кітап бастырушыларға түпнұсқа қалпынан өзгеріп, елеулі текстологиялық ауытқулармен жеткені айқын сезіледі. Бұл іспеттес олқылықтар, әсіресе, түпнұсқа қолжазбалар мен ауызша таралуынан алынып басылған шығармаларды текстологиялық тұрғыдан жай салыстырғанның өзінде «мен мұңдалап» тұрады. М. Әуезов ертеректе ақын шығармаларының жарық көруінде осындай ерекшеліктер бола тұрса да, олардан ілуге жарар, тілге тиек етер жеріне мейлінше ықылас беріп, кейбіреулерін толық жинаққа кіргізуге ұсынған кездері де бар. Мысалы, 1945 жылғы Абай юбилейі қарсаңында басылуға тиісті толық жинаққа осы іспеттес екі өлең ұсынады. Зейнелгабиден ибн Әміре әл Жәуһари әл-Омсқауидің 1909 жылы Уфада жарияланған «Насихат-Қазақия» кітабында басылған бір топ Абай өлеңдері ішінен «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап» деген атпен басылған екі өлеңін М. Әуезов өз қолымен көшіріп ендірген. Бірақ М. Әуезов ұсынған екі өлең де юбилейлік жинаққа белгісіз бір себептермен енбей қалған. Зейнелгабиден кітабында жарияланған бір топ Абай өлеңдері соңғы жылдары баспа бетінде жарық көрді¹.

¹ ЛММА архиві, 412-п., 146-б., Қазақстан мұғалімі, 1971, 12 май.

М. Әуезовтің Зейнелгабиден жариялаған бір топ Абай өлеңдеріне ерекше ілтифатпен карауында белгілі бір себеп те барға ұқсайды.

Өйткені ауызша таралу түрінен баспа бетіне түскен осы «Насихат-Қазақияда» ғана ұшырасады. Бұл ерекше көңіл бөлуді қажет ететін құбылыс. Болмаса «Кнәз блан Зағифа, «Сұлу қыз», «Әл-қисса хикаят бәйт» кітаптары мен Жүсіпбектегі Абай өлеңдері қыз бен жігіт айтысы, жұмбақ айтыс, өсиет өлең түрінде әр автор өз мақсатына сай өңдеп, өзгертіп пайдаланған. Бұларда Абай аты тілге алынбай, бөгде кісілер атынан айтылып отыратыны бар. Мысалы: 1903 жылы Қазанда басылған «Әл-қисса хикаят бәйт» кітабында Абайдың «Байлар жүр жиған малын қорғалатып» өлеңі бөгде кісі атынан айтылады әрі тексі жағынан да көп өзгеріске түскен. Мысалы, Абайда:

Жаны аяулы жақсыға қосамын деп,
Әркім бір ит сақтап жүр ырылдатып,—

болса, кітапта:

Жаны аяулы *жақсыны қаптырам* деп,
Нәр кім бір ит *алып* жүр ырылдатып¹,—

деп, біршама сөздердің тексі өзгеріске түскені көрініп тұр. Өлең тексін өзінше өзгертіп, пайдалануға, тіпті, Ыбырай Алтынсарин шығармалары да шалдыққан. 1898 жылы Қазанда: «Кел, балалар, оқылық кітабы» деген атпен басылған К. Шаһмарданұлының кітабында «Кел, балалар, оқылық» деген Ыбырай өлеңі:

Оқысаңдар, балалар,
Өнер-білім білгендер,
Тастан сарай салғандар,
Кел, балалар, оқылық!
Ғылым, өнер оқыған,
Айшылық жырақ көп жерден
Жылдам хабар алғызған,
Кел, балалар, оқылық²,—

— деген қалыпта әйтеуір сілемі сақталып, үлкен өзгеріске түсіп кете береді. Бұл өлеңді кітап авторы 1879 жылғы «Қазақ хрестоматиясынан» алса да, өзіндік етіп жі-

¹ Артықбаев С. Әл-қисса хикаят бәйт Қазан, 1903

² Шаһмарданов К. Кел, балалар оқылық кітабы. Қазан, 1989, 8-б.

беру ниетімен саналы түрде бұзғандай көрінеді. Бұл іспеттес жалпы сарыны бір өлеңдер Монғолия қазақтары ішінен де ұшырасатыны бар¹.

Зейнепғабиден өз замандастары арасында Абай мұрасын, әсіресе ақын тілімен көркемдік қуатын аса жоғары бағалайды. Абай шығармаларын қазақ поэзиясының гауһары деп танып, татар оқушыларына қазақ әдебиетінің классикалық үлгі-өнегесі ретінде танытады. Бірақ Абай өлеңдерін асыл түпнұсқа қолжазбасынан ала алмаған. Оны ел ішінде ауызша таралып жүрген күйінде алуы себепті, көптеген текстологиялық ауытқуларға орын беріп алған. Немесе Абай поэзиясының тілін соншалықты жоғары бағалайтын Зейнепғабиден қолына Абай шығармаларының қолжазба көшірмелері жетсе, өте елеулі текстологиялық ақаулықтар жіберуге бармас еді.

Абай өлеңдері ауызша айтылуынан баспасөзге түсуімен қатар, кейде ауызша жаңа вариантпен жырланып, хатқа түскен түрі де кездеседі. Бұл Абай өлеңдерінің таралу жолында өзіндік ерекшелігі бар тың соқпақ сияқты. Мысалы, ертеректе ел ішінде айтылып келген, бірақ 1947 жылы Ақмола (қазіргі Целиноград) қаласынан табылған «Хикаят»² деп аталатын көшірме қолжазбаның тағдыры да қызық. Бұл қолжазбада Абайдағы екі өлеңнің ұзын-ұрқа сілемі ғана сақталған. Екі өлең де бөгде ақын атынан жырланады.

Колында мұндай болса салған құсың,
Жұғымды болсын жұртқа қылған ісің.
Кейінгі бозбалаға нұсқа қалсын
Құстың да жазып кетем түрі түсін³,—

— деп, сөз тастасынан-ақ аңғарылып тұр. Бұл қолжазба «Хикаят» деп аталғанымен, онда Абайдың «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ», «Қансонарда бүркітші шығады аңға» өлеңінің желісі түгел сақталып, сөздері, өлең жолдары мүлде үлкен өзгеріске ұшыраған. Осындай деректерді еске алудан болса керек, М. Әуезов Абай өмірі мен өлеңдері жайлы деректерді жинастыру жұмыстарын жүргізгенде тек тобықты іші, Семей өлкесімен ғана шектелмей, көршілес Омбы, Ақмола, Өскемен, Пав-

¹ Қалинасарұлы Халық ақындары Өлпий, 1972, 164—165, 168—169-б.

² Қаз ССР ҒА ОҒК, 629-іс. 15—18-б.

³ Сонда, 15-б.

лодар, Карағанды аймағынан да іздеу қажет деп ескертеді.

Мұхтар Әуезов, тіпті, өмірінің соңғы жылдарына дейін ауызша таралған Абай өлеңдері тағдырына, ондағы текстологиялық өзгерістер сырына үніле түсіп, оларды үнемі жинастырып отырған. Абай кітаптарында «Соңғы жылдарда табылған өлеңдер» деген рубрикамен берілген өлеңдер тобындағы «Ойға түстім толғандым» өлеңінің (1945 жылдан бастап 32 жол өлең боп енді) ауызша айтылып жүрген нұсқасына да назар аударған. Осы өлеңнің «Ойландым да құр қалдым» (көлемі 10 жол өлең) деген атпен ауызша таралған түрін Алматы қаласының тұрғыны Бекежанов (бұрынғы Өзбек көшесі, 144-үй) айтуынан жазып алады. Ондағы өлең сөзі мен өлең жолдарындағы өзгерістердің себебі мен сырына үніледі. Бұл өлең 1945 жылдан кейін түпнұсқа ретінде танылса да, осы өлеңнің екінші бір түрі ел аузында соңғы кезге дейін біршама өзгерістерге ұшырап ауызша таралып, айтылып келуі зерттеушіні жаңа ойлар төркініне жетелейді. Бұл өлең ауызша таралып айтылуында:

*Ойландым да толғандым
Өз мінімді қолға алдым.
Жүрегіме қарасам,
Айнадайын таза емес.
Аршып алып тастауға,
Апандағы саз емес.
Сен жақсысың дегенге
Ісіппін де кеуіппін.
Арамдық пен сұмдыққа
Құладындай ұшыппын¹,—*

деген өлең жолдарында көрсетілген сөздер де текстологиялық өзгеріске ұшыраған. Өлең жолдарының ауысып түскені де баршылық. Яғни Абай өлеңдерінің асыл түпнұсқасы, көбінесе, ақын шығармаларының ел ішінде ауызша таралуында немесе ауызша таралу түрінен баспа бетіне түскенде текстологиялық өзгерістердің күшейіп түсетіні байқалады. Не ауызша таралуынан қайта жырланып барып, хатқа түскенде («Хикаят») де текстологиялық ауытқулар күшеймесе, азаймайды. Ал Абай өлеңі бөгде ақындар атымен берілген тұста да текстегі олқылықтар бәсеңдемейді. Тіпті, Абайдың өз атынан жария-

¹ ЛММА архиві, 402-п., 8-б.

ланған өлеңдері де (Зейнелғабиден) түпнұсқадан алынбауы себепті, көп өзгеріске ұшыраған. Асыл түпнұсқа ретінде қолжазбаларда да текстологиялық кемшіліктер орын алған. Міне, бұл құбылыстардың бәрі де Абай шығармалары жайлы зор текстологиялық ізденістер жүргізіп, білгірлікпен зерттелмейінше, ақын мұрасының түпкілікті бір ізге түскен канондық текстін жасаудың қаншалықты қиынға соғарын М. Әуезовтің 20-жылдар басында-ақ мықтап ұғынғаны байқалады.

М. Әуезов 1933 жылы: «Абайдың әдетінде бір жазған өлеңін қайта түзеп жазып, қайтадан қарастыру машығы жоқ. Жалғыз ғана «Сегіз аяқ» деген өлеңнің басын қайта бір түрлі ғылып айтып еді деген сөз бар»¹,— деп ескертеді. Абай өз шығармасын бір жазған соң өзгертпейтініне ақын замандастары куәгер. Естелік айтушылар тек өзгерткенін ғана айтады. Соңғы жылдары қытай қазақтары аузынан жазып алынған «Сегіз аяқ» өлеңнің² ауызша таралған түрі осы ескертпе пікірде шындық барын меңзейді. Өлеңдері ой сарыны мен ұйқас, аралас буынды шумақ қалпын сақтауы егіздің сыңарымын деп тұрғандай әсер қалдырады.

М. Әуезов жоғарыда аталған әр түрлі жағдайда туған ерекшелігі бар деректер көзін пайдалану, оны зерттей отырып пайдалысын, асылдарын екшеп алудан тартынбаған. Абай мұрасын канондық бір ізге түсіру жолында аталып өткен деректер көзін тұтас қамтып, дер кезінде іздену нәтижесінде Абай шығармаларына көптеген өлең жолдарын, тұтас күйінде табылған сом алтындай жаңа өлеңдер тобын қосып, ата мұрамызды өлшеусіз байытты. Осы жолда ұзақ жылдар бойы жүргізген зерттеу әрекетінен туған іс тәжірибелерін еске ала келіп, оларды әлі де абайтану саласында жазылатын еңбектерде пайдалану «...менің ойымша, жоғарыда аталып өткендей деректер көзінің тарихи өзіндік ерекшелігін терістемей де, жасырмай да тиянақты текстологиялық талдауларды негізге ала отырып, олардың пайда болу уақытын анықтау арқылы Абай творчествосын зерттеу үшін пайдалануға болады»³,— деп сенімді бағыт-бағдар сілтейді.

г) Абай шығармалары қазақ тілінде 1909 жылдан

¹ Абай Құнанбайұлы Толық жинақ Қызылорда, 1933, 382 б

² Абайдың жаңа өлеңдері — Лениншіл жас. 1963, 8 декабрь.

³ ЛММА архиві, 201-п, 6-б

бастап таңдамалы, толық жинақ түрінде үздіксіз жарияланып келеді. 1909 жылы Петербургте, 1916 жылы Орынборда жарияланған тұңғыш жинақты еске алмасақ, соңғы басылымдардың бәрі де біздің дәуірде жарық көрді.

1924 жылдан бастап-ақ даярланса да, тек 1933 жылы шыққан Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағы кейінгі дәуірде дүркін-дүркін жарияланып келе жатқан әр түрлі көлемдегі таңдамалылар мен толық жинақтардың бәрі де М. Әуезов даярлауымен, редакциялауымен немесе редколлегия мүшесі ретінде кеңес беріп, жолбасшылық етуімен шығып келді. М. Әуезовтен кейінгі басылымдар немесе бір кездегі әдебиеттегі асыра сілтеу кезінде М. Әуезов ыркынан тыс жарық көрген толық жинақтарда түгелдей тұңғыш толық жинақ негізінде жарияланғаны мәлім.

Абай мұрасына, ақын шығармаларының қазақ әдебиеті тарихынан алар орнын ерте таныған зерттеуші өзі араласқан «Абай», «Таң», «Шолпан» журналдарында көпшілікке әлі де беймәлім жатқан Абай өлеңдері мен қарасөздерін жариялап, алғашқы ғылыми зерттеу жұмысынан туған ойлы, пікірлі мақалаларын да жариялай бастады. Ақын мұрасына байланысты елеулі де күрделі мәселелерді көтеріп, ғылым сарабына сала білді.

Алғашқы түпнұсқасы даяр болған Абай шығармаларының тұңғыш толық жинағы, әрине, бір жыл ішінде даяр бола қалған жоқ. Ол осыған дейінгі уақыт ішінде біртіндеп жинастырған дүниелер. Абайдың қайтыс болуына жиырма жыл толу қарсаңында (1924 ж.) тұңғыш жинақтың алғашқы нұсқасын құрастырып, хронологиялық принципке негіздеуінде үлкен даярлықтың, алдын ала ізденістің белгісі жатыр. Кейбір өлеңдерге түсініктеме жазып, Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін екінші рет белгілеу Абайдағы арнау өлеңдердің кімдерге, не себепті жазылғанын анықтаумен қатар күрделі текстологиялық жұмыстар қоса атқарылған. М. Әуезов тарапынан тұңғыш толық жинақты құрастыру үстінде қазақ әдебиеті тарихында бұл сияқты үлгі-өнеге тәжірибенің болмауы себепті де, көп қол байлау болатыны кімге де болса мәлім. Міне, осы себепті 1924 жылғы алғашқы толық жинақтың даяр болған нұсқасы — көп жылғы текстологиялық зерттеудің жемісі.

Алғаш рет Мұхтар Әуезов С. М. Киров атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінде 1942 жылдан бастап

казак әдебиетін оқыту тарихында абайтанудан арнайы курс пен семинар сабағын жүргізе бастады. Өзі даярлаған 1924 жылғы толық жинақ жайынан дәріс үстінде алғаш рет хабар берді. Мысалы, 1946 жылы абайтанудан оқыған лекцияны жазып алған 3-курс студентінің (қазіргі филология ғылымының кандидаты Рәзия Рүстембекова) конспект дәптерінде: «1924 жыл жиырма жылдығына байланысты шамадан келгенше «Абайдың толық жинағы» деген жинақ болды. Бұл жинақ 1924, 1925, 1927 жылдары жиналды. Жинаушы адамдардың көбі Абай маңында болған Көкбай, Кәкітай...»¹ — деп жазылған ұстаз сөзі тұңғыш толық жинақтың алғашқы нұсқасы сонау 1924 жылдың ішінде-ақ даярланғанын, оны жинастыруға Абай маңындағы білікті кісілер араласқанын, 1925, 1927 жылдары ол жинақ тағы да толықтырыла түскенін хабарлайды. Яғни 1924 жылы Абайдың 20 жылдығы қарсаңында Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімі ұсынып отырған Абай толық жинағының алғашқы нұсқасы жайлы шындықты архив дерегімен бірге М. Әуезовтің өзі де атап көрсетеді.

Абай шығармаларын бастапқы ақын қаламынан туған қалпына келтіру жолында атқарылған жұмыстары мен текстологиялық ізденістері алғашқы толық жинақты құрастыру үстінде ғана жүргізілмей, соңғы уақытқа дейін созылғаны анық. Осы салада атқарған жұмыстары мен текстологиялық жұмыстар нәтижесін қорыта келе: «Абай өлеңдерін биограф ретінде зерттеп жүр едім. Көп адамның аузынан Абай өлеңдерін жазып алып, бұрын баспа бетін көрмеген шығармаларын қырық проценттейін қалпына келтірдім»², — деп жазуында Абай мұрасын қалпына келтіруде сіңірген текстологиялық зерттеулері еске алынып отыр.

Мұхтар Әуезов әуелі 1909 жылы Петербургте басылған тұңғыш Абай жинағына енбей қалған Мүрсейіт қолжазбаларындағы ақын шығармаларына назар аударады. Мүрсейіт қолжазбасында бар шығармалардан жинаққа енбей қалған 17 өлең (626 жол өлең), бір аударма поэма («Вадим»), 45 қарасөз, 1 тарихи шығарма бар екенін анықтайды. Бұлар Мүрсейіт қолжазбаларында бұрыннан бар, бірақ алғашқы жинаққа енбей қалған ақын шығармаларының бір саласы ғана. Ал қол-

¹ ЛММА архиві, 331-п., 152 б

² Соғ да, 194 п., 345—346-б

жазба көшірмелерге түспеген, егер М. Әуезовтей аса сергек зерттеушісі болмаса мүлде ұмытылуға айналып, өшіп кетуге бет алған екінші бір саласы барлығын олар кезінде сезінді. Бұл шығармалар, әзірше, Абай маңында болған кәрі құлақ білікті қарттар санасында жатқа сақталып, енді хатқа түспесе, мүлде өшуге айналған көптеген өлеңдер мен ірі поэмалар да бар еді.

Мүлде ұмытылып, хатқа түспей жоғалуға бет алған Абай өлеңдерін қалпына келтіру жолында Көкбай атқарған қазақ әдебиетінде теңдесі жоқ аса зор тарихи қызметіне де тоқталады: «Көкбай өзінің жадында жүрген біржолға жоғалады кетуге мүмкіндік болған Абай өлеңдері мен кейбір шумақтарды, жолдарды хатқа түсіріп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты»¹,— деп зор ілтипатпен жазған еді. Басы Көкбай болып Абай айналасындағы өнерпаз жандар санасында сақталған көптеген ірілі-ұсақты Абай өлеңдерін бәз бір хатқа түскен өлеңдерінің өзінен түсіп қалған, немесе ауысып түскен өлең жолдары мен кейбір шумақтарды дер кезінде солармен әңгімелесу, сырласу үстінде жазып алып, ауысқан жолдарды орнына түсіріп, келер ұрпақ қолына тапсыруда зор еңбек сіңірді. Осындай әрекеттер арқасында М. Әуезов Мүрсейіт қолжазбаларына еңбеген, онда мүлде болмаған жаңадан 45 өлең (1086 жол) алғаш рет толық жинаққа тыңнан қосылды. Абай мұрасы көлемі мен мазмұны жағынан да елеулі түрде молығып, келешек зерттеушілер үшін мол қазына бір жерге топтастырылды.

1909 жылғы жинаққа небары 5399 өлең жолдары ғана кірген еді (оның 4309 өлең жолы төл туынды болса, 1090 өлең жолы аударма шығармалар) міне, осы тұңғыш жинақты М. Әуезов, біріншіден, Мүрсейіт қолжазбасында бар 17 өлең (626 жол), 45 қарасөз, 1 тарихи мақаламен толықтырды. Екіншіден, Абай шәкірттерінің көмегімен М. Әуезов ізденістері арқылы тағы да тыңнан қосылған 1086 өлең жолымен молықты. Сөйтіп тұңғыш құрастырылған толық жинаққа 62 дербес өлең немесе 1712 өлең жолы тыңнан қосылды.

М. Әуезовтің ескертуінде Абай өлеңдері Мүрсейіт Бикеұлының қолжазба көшірмелерінде түгел қамтыла бермеген. Мұның көп себептерінің бірі — Абай өз өлеңдерін Көкбай, Кәкітай ескертуінен кейін (1896 жылы ға-

¹ ЛММА архиві, 194-п, 345.—346-б

на) жиналсын деген соң топтастыра бастауында жатыр. Яғни көп уақыт өтіп кетіп, ертеректегі жазылған өлеңдердің біразы ұмытылып та үлгерген еді. Абай өлеңін көшіруді арнайы қолға алған Мүрсейіттің өзі Абайдан 15—17 жастай кіші болуы себепті, ақынның балалық, жігіттік, ел ағасы кезінде жазылған өлеңдерін хатқа түсіре де алмай қалуы мүмкін. Осы себепті М. Әуезов Мүрсейіт қолжазбаларын талдай келіп, ол жайлы білдірген пікірлерінде «онда көп өлең жоқ». — деп, жайдан жай ескертпеген. Себебі ертеректе жазылған Абай шығармалары қаншалықты өкінішті болса да, кейінгі ұрпақ қолына түгел жетпей қалғаны да рас. М. Әуезов ескертіп отырған ой төркіні осы жайға мензейді. Тіпті, М. Әуезовтің өзі Абайдың бозбала шағында алғаш махаббат сезімін оятқан аяулы ғашығы Тогжанға арнап шығарған «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деп аталатын лирикалық шығармасын қаншалықты күш салып іздестірсе де, ертеде жазылуы себепті әрі осы жатқа білетін кісілердің болмауынан таба алмай қалғанын өкіне отырып еске алады. Осы іспеттес көптеген өлеңдер дер кезінде қозғау салып іздестірген М. Әуезов әректінің арқасында қайта жанданып, қатарға қосылды.

Ақын мұрасының үштен біріндейін өз қалпына келтіру жолындағы М. Әуезовтің бұл тарихи еңбегі теңдесі жоқ мол табыс екендігін бүгінгі ұрпақ әрдайым ризалықпен еске алады.

2. Абай өлеңдерін түпнұсқа қалпына келтіру

М. Әуезов атқарған текстологиялық зерттеулердің бір саласына Мүрсейіт қолжазбасында бар, бірақ бастапқы асыл түпнұсқа қалпынан өзгеріп барып, текстологиялық ауытқуға ұшыраған өлеңдер мен кейбір өлең жолдарын өз қалпына түсіру жолындағы жұмыстары жатпақ. Қазіргі күнде асыл түпнұсқа ретінде ұстанып отырған Мүрсейіт қолжазбасында Абайдың бірнеше өлеңі мен өлең жолдарының түсіп қалуы, текстің өзгеріп кетуі, не араласып, бытысуы сияқты елеулі текстологиялық алалықтар бар. Мысалы, 1907 жылы көшірілген Мүрсейіт қолжазбасындағы «Өлең деген әр сөздің ұнасымы», «Көк тұман — алдындағы келер заман», «Бір сұлу қыз болыпты хан қолында», «Шоқпардай кекілі

бар камыс құлақ», «Масғұт», «Жас өспірім замандас қапа қылды», «Қарға мен түлкі», «Жолға шықтым бір жым-жырт, түнде жалғыз», «Ауру жүрек ақырын соғады жай», «Тілім саған айтайын» тәрізді шығармаларда 2 өлең жолынан 52 өлең жолына дейінгі аралықта кейбір өлең жолдары түсіп, ұмыт қалған, кейде өлең жолдары, тіпті, кейбір өлең шумақтары бір шығармадан екінші шығармаға ауысып кеткен, не бір өлеңнің басы мен екінші өлеңнің соңы қосылып, бір шығарма ретінде беріліп отырған.

Мысалы, қолжазбадағы «Ата-анаға көз қуаныш» өлеңі «Тайға міндік» деп басталатын өлеңмен қосылып, бір өлең ретінде берілген. Бұл құбылыс 1916 жылғы Самат жинағында да осылай. Алдыңғы аталған өлеңнен мұнда жеті-ақ өлең жолы енген. Осының өзінде де бірінші шумақ дұрыс берілсе, өлеңнің қайырмасы ретінде берілген үш жол осы өлеңнің екінші шумағынан кейін берілетін қайырма еніп кеткен. Міне, қолжазбада осылайша бытысып, араласып кеткен өлең жолдары алғаш рет 1933 жылғы жинақта бастапқы түріне келтіріліп, екі өлең де табиғи өз қалпына түсті.

Мүрсейіт қолжазбасында өлең атауларының өзінде де өзгеріске ұшыраған, немесе сөздер орны алмасып түскен тұстары да бар. Мүрсейітте «Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» деп басталатын өлеңі «Бір сұлу қыз болыпты хан қолында» деп берілген. Әрі бұл өлең қолжазбада екі өлең ретінде берілген. Бірінші өлең, яғни «Бір сұлу қыз болыпты хан қолында» деп берілгені 24 жолдан тұрады да, түпнұсканы айнытпай қайталайды. Ал екіншісі «Мақтаным қалай демес ақсақал бай» деп басталатын өлең 14 жолдан-ақ тұрады, өлеңнің екінші бөлімі көп өзгеріске ұшыраған. Бірінші өлеңнің табиғи өз қалпын сақтауы, ал екінші өлеңнің не себепті текстологиялық жағынан көп өзгеріске ұшыраған себебі белгісіз. Мұның үстіне бірінші өлең 40 жол, ал Мүрсейіт қолжазбасында екеуін қосқанның өзінде (24—14) 38-ақ жол. Мысалы, Мүрсейітте:

Қарған бай, қатты сақ бол, тілге *пансаң*,
Қар шығар *қатыныңның* тіліне ерсең.
Тіпті *өкінбес*, өзіне өзі мәз боп.
Дастарханның байлығын мақтан көрсең ¹.

деп берілген.

¹ Сонда, 351-п., 168 б

Осы шумақ қазіргі қалпында:

Қартаң бай қатты сақ бол тілге көнсең.

Мүйіз шығар қатынның тіліне ерсең.

Тіпті оңбассың өзіңе өзің мәз боп.

Дастархан мен қатыныңды мақтан, көрсең»¹—

деп беріліп жүр. Екі шумақтағы курсивпен берілген сөздер қаншалықты текстологиялық ауытқуға ұшырағанын аңғартады. Осы іспеттес өлеңдерге М. Әуезов аса ыждағатпен қарап, оларды табиғи қалпына келтіру жолында өзі бала кезінде жаттап алған тексті еске түсіруге, не осы өлеңді жатқа білетін Көкбай сияқты білікті кісілерге қайта айқызып, хатқа түсіру арқылы бастапқы қалпына келтіріп отырған. Міне, Мүрсейіт қолжазбасының өзі осындай текстологиялық ақаулықта болғанын, оны шын мәніндегі табиғи қалпына келтіру жолындағы М. Әуезов ізденістері қазақ әдебиеті тарихы үшін қаншалықты зор мәні барлығы қадам басқан сайын сезіледі.

Немесе «Қорасында бір байдың» деген И. А. Крыловтан аударылған мысал өлең Мүрсейітте екі өлең ретінде, екі жерде ұшырасады. Бұл өлең И. А. Крыловтың «Крестьянин в беде» деген мысалының жалпы мазмұнын сақтаған еркін аударма болатын. Қазіргі Абай басылымдарында ол «Қазаға ұшыраған қара шекпен» деген атпен басылып келеді. Осы өлең Мүрсейіт қолжазбасында «Қорасында бір байдың»² деген жолмен басталып, жеті шумақ өлең тұтас беріледі. Екіншісі «Біреу айтты: Ләпкеңді» деген жолдан басталып, бес шумақ өлеңді қамтиды. Екеуін қосқанда 12 шумақ, 48-ақ жол өлең (қазіргі 56 жол өлең). Мүрсейітте осы өлеңнің 5, 7-шумағы берілмей қалған. Бірақ осы енбей қалған екі шумақтың 1909 жылғы жинақта қосылып берілгенін көреміз.

Бір кісі қолынан көшірілген Мүрсейіт қолжазбасының өзінде өлең текстері түсіп қалып, не жеке-жеке екі өлең түрінде беріліп отыруы — тұңғыш толық жинақты құрастыру үстінде аса зор көлемдегі текстологиялық зерттеу жүргізу ісінің қажет екенін алға қойды.

«Масғұт» поэмасы да Мүрсейітте 124 жолмен (31 шумақ) берілген. Яғни бұл поэманың бірінші бөлімі тұтас әрі тексі түпнұсқадан ауытқымай дәл беріледі. Ал екін-

¹ Құнанбаев Абай. Өлеңдері мен поэмалары, 252-б

² ЛММА архиві, 351-п. 162-б.

ші бөлімінің ең соңғы шумағы өз алдына дербес, жеке өлең ретінде «Сонымен бет-бетімен тарқап кетті» деген жолдан басталып берілтіні бар. Осы екінші бөлімі 1909 жылғы жинақта мүлде жоқ. Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта жоқ қосалқы, екінші бөлімдегі кейіннен табылған 44 жол өлеңді (11 шумақ) Көкбай, Тұрағұл т. б. жәрдемімен бастапқы қалпына келтіріп, тұтас бір шығарма ретінде алғаш рет толық жинаққа табиғи түрде қосылуы М. Әуезов еңбегінің жемісі болатынды.

Жиырмасыншы жылдар ішінде тек қана М. Әуезов зерттеулері арқылы ғана мүлде жоғалып кетуге бет алған өлең жолдарын қайта жаңғыртып хатқа түсіруімен жеткен шығармалар екенін жазушы архивінде сақталған деректерден¹ ғана білеміз. Ақын шығармаларын бастапқы қалпына келтірудегі Көкбай атқарған зор тарихи мәні бар еңбектерді, тіпті Орыс Географиялық Қоғамының Семей бөлімі архивтері де айғақтай түседі. Ал оны М. Әуезов 1945 жылы 15 декабрьде Университетте абайтанудан оқылған лекциясының тезистерінде: «1924 жылдың нәтижесі — 1933 жылғы толық жинақ... 1927 жылғы өмірбаяны»²,— деп атап көрсетуінде көп сыр жатыр. Яғни 1924 жылы алғашқы нобайы салынған тұңғыш толық жинақтың дүниеге келу жолында Көкбай атқарған текстологиялық қызмет пен өмірбаяндық деректердің кімнен алынғандығын қалайша толықтырылғанын тағы да еске алып отыр.

3. Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау

1924 жылдары-ақ М. Әуезов құрастырып даярлаған толық жинақ 1933 жылға дейін жарияланбай келді. Ол Абайдың қайтыс болуына отыз жыл толуы қарсаңында 1933 жылы ғана жарық көрді. Бұл басылым — республикамыздың рухани өмірінде, әсіресе, абайтану тарихында теңдесі жоқ зор мәдени құбылыс болды. Қазақ халқы өз классигі ұлы ойшыл ақын Абайымен алғаш рет толық танысуға мүмкіндік алды. Абайтану саласында жазылған зерттеулер мен ғылыми мақалалар да енді асыл түп-

¹ Сонда. 194-п., 150, 451-6

² Сонда, 249-п., 5-б.

нұсқа ретінде қабылданған шығармалар тексіне сүйене бастады. Осы жинаққа дейінгі жүргізілген зерттеу жұмыстарының бәрі де тек 1909 жылғы және 1922 жылдары Қазан, Ташкент қалаларында қайталанып басылып келген Абай өлеңдерінің таңдамалы шағын жинақтарын негізге алып келген еді.

Алғашқы жинақтардың бәрі де сапасы мен түзілімі, тексі, өлең өрнегі дұрыс сақталмауы жағынан орын алған кемшіліктерді Ғ. Сағди, І. Жансүгіров, М. Әуезов¹ тарапынан сол кезде ашып көрсетіліп, елеулі түрде сынға да алынған болатын.

Абай шығармаларының тұңғыш жинақтарымен және осыны сол қалпында қайталаған 1922 жылғы Қазан, Ташкент басылымдарымен ғана танысып, Абай өмірбаяны мен ақын шығармаларындағы ой желісімен толық хабарлар болмауы себепті 20-жылдардағы зерттеу мақалаларын жазғандар өз еңбектерінде елеулі олқылықтарға, жол беріп алды. Абай мұрасының алғашқы зерттеушілерінің бірі Ғ. Сағди мақалаларының өзінен де осындай жай байқалады²

Абай мұрасын зерттеушілерді жоғарыда аталып өткен қиыншылықтардан біржолата арылтып, зерттеу өрісін кеңейткен әрі сүйенер түпнұсқа негізін нақтылы қолға ұстатқан зор еңбек М. Әуезов құрастырған тұңғыш толық жинақ пен Абайдың ғылыми өмірбаяны болатын.

1909 жылғы жинақта Абай өлеңдерінің жазылған жылы шәкірт ақындар тарапынан алғаш рет көрсетілгенімен, тақырыптық жүйемен орналастырылды 1933 жылғы толық жинақты құрастыру үстінде М. Әуезов Абай өлеңдерінің жазылу мерзімдерін тағы да анықтай түсті де, ғылым тарихында сыннан өткен орыс, европа әдебиеті тарихында көптен қолданып келген хронологиялық жүйемен беру принципін ұстанды. Абай шығармаларын хронологиялық жазылу ретімен берудегі басты мақсат — Абай дүниетанымы мен ақындық өнердегі шеберліктің эволюциялық табиғи даму жолдарын ғылыми тұрғыдан бағдарлап тереңірек тануда жататын. Ақын мұрасының табиғатын тануда сенімді де ұрымтал тәсіл ретінде хронологиялық жүйені алғаш рет саналы да

¹ *Әуезов М.* Абай Құнанбаев: мақалалар және абайшылар туралы — Еңбекші қазақ. 1928. 20 ноябрь Мұстамбаев Ы Ақын Абай және пәлсапашыл Ілияс туралы — Еңбекші қазақ. 1928. 10-сентябрь.

² Ақжол, 1923, № 355—356, 359, 363, 369—370.

мақсатты түрде басшылыққа алды. Бұл тәсілге М. Әуезов үлкен даярлықпен қадам басқан еді. Ленинград университетінде, соңыра аспирантурада жүрген шағында-ақ әдебиет әлеміндегі әрбір құбылысты танып бағалауда европалық ғылым дәрежесінде тұрып пікір айтуды мақсат етіп қойған еді. Осы себепті орыс, батыс әдебиетіндегі озық тәжірибеге сүйене отырып, Абай жинағын құрастырумен бірге оны ғылыми негізде зерттеу жұмыстарына алғаш рет хронологиялық жүйені ендіруінде жан-жақты зор даярлықтың негізі жататынды. Осы хронологиялық жүйенің абайтану саласындағы монографиясы мен атақты «Абай жолы» эпопеясының жазылу процесінде де басшылыққа алынғанын көреміз. Осы себепті болса керек, М. Әуезов Абай шығармаларының текстологиялық сапасын көтеріп, бастапқы асыл түпнұсқаны қалпына келтіру жолында жүргізілген ғылыми зерттеулерінің бір желісі үнемі ақын туындыларының жазылу мерзімін анықтауға кеп тірелетіні бар. Абай шығармаларының жазылу мерзімдерін хронологиялық тұрғыдан әбден анықтап алмайынша, Абайдың ақындық өнері мен дүниетанымындағы өзгерістерін, эволюциялық жетілу жолдарын танып білудің өзі қиынға соғар еді. Сондықтан Абай өлеңдерінің жазылу себептерін анықтап, хронологиялық тәртіпке түсіру ғылыми тұрғыдан алғанда алғы шарт ретінде аса қажетті, кезек күттірмейтін міндет деп қаралды. Болашақта абайтану саласында ірі ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізгенде, хронологиялық жүйеге сүйене отырып зерттеудің маңызы өлшеусіз зор болатынын М. Әуезов кімнен болса да ертерек танып ұғынды. Соңғы жылдардағы барлық Абай басылымдары да осы тәртіпті бұлжытпай ұстанып келеді. Ол баста-ақ Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтаудың, ақын мұрасын белгілі хронологиялық жүйемен берудің мән-мағынасын, өзі не себепті осы принципті үнемі басшылыққа алатынын 1945 жылғы декабрьде абайтанудан оқыған лекциясында былай баяндайды: «Біз ұстанатын, қолданатын әдісіміз... Өмірі мен өсу, даму жолдарымен, ақынның эволюциясымен (творческая эволюция) жыл-жылдан тексереміз.

Сонда өмірлік, шығармалық ізімен жүреміз де, ақтара, кадала қарасақ, әр жыл қосқан әлеуметтік, көркемдік, мәдениеттік табыс жаңалығының бәрін танып отырамыз. Сонда тарихпен, күнделік өмірмен байланысқа, ортасымен ұғысу тартысуы да, замана қоғамы да

және ақынның өзіндік даралық бітімі де жылдан жыл айқындау қамымен толық қамтылып отырады. Өсе, жүре, еңбек ете, іздене, таба жүріп қалыптасып тола береді. Сондағы табиғи жолын танимыз — өрісті... орынды зерттеу осы арнаға түспей болмайды»¹, — деп ескертеді. Бұл айтылған пікірден Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау ісіне қаншалықты зор мән-мағына бергені сезіліп тұр. Асыл түпнұсқа ретінде ұстанатын Мүрсейіт қолжазбаларындағы Абай өлеңдерінің қай жылы жазылғандығы жайлы мәлімет жоқ. Осы себепті Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау қажеттілігі 1909 жылғы жинақты баспаға даярлау үстінде алға қойылды. Осы кезден бастап барлық Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтауға ұмтылған әрекеттің екі дүркін жүргізілгенін көреміз:

Бірінші кезең 1908 жылы жүргізілді. Мұнда да Мүрсейіт қолжазбасында бар Абай шығармалары түгел қамтылмай, тек 1909 жылғы тұңғыш жинаққа енген өлеңдерге ғана алғаш рет жыл мерзімдері қойылды.

Екінші кезең 1924—1927 жылдар аралығында жүргізілді. Бұл тұста 1924 жылғы жинақ құрастырылған кезде Абаймен бірге өмір сүрген бір топ білікті өнерпаз шәкірттері Көкбай, Шәкәрім, Тұрағұлдармен бірге ақын замандастары, Абай шығармасын арнайы түрде көшіруші қарттар да тірі болатын. Міне, осылардың көмегі мен куәлігіне сүйене отырып, Абайдың тұңғыш толық жинағына енген өлеңдердің жазылған жыл мерзімдері анықталды. Яғни Абай мұрасының жылдарын қою екінші рет 1927 жылы жүргізілді. Абай шығармаларының жазылу мерзімдерін анықтап, дәл қай жылы жазылғанын қағазға түсіру жайлы жүргізілген жұмыстарды еске ала кеп, М. Әуезов қолжазбаларының бірінде: «Бұрынғы жылдар бір топ Абай шәкірттерінің Кәкітай, Мүрсейіт, Көкбай, Тұраш, Махмұт... (көшірушілерінің) куәлігімен әуелі 1908 жылы, одан кейін 1927 жылы қойылған»², — деп ескертетіні бар. Абай өлеңдерінің тұңғыш толық жинағын құрастыру үстінде 1909 жылғы жинақта қойылған жыл мерзімдері негізге алынды. 1933, 1939—1940, 1957-жылдардағы М. Әуезов қолынан тікелей өткен Абай басылымдары және әр түрлі айдармен шыққан жинақтардың бәрі де осы 1909 жылы қойылған жыл

¹ ЛММА архиві, 249-п., 6-б.

² Сонда, 239-п., 5—6.

мерзімдерін өзгертпей сол қалпында қалды. Ал, негізінен, тұңғыш толық жинақтан кейін жарияланған Абай басылымдары түгелдей 1927 жылы М. Әуезов тарапынан қойылған жыл мерзімдерін қолданып келеді. 1933 жылдан бастап басылып келе жатқан Абай шығармаларының толық жинақтарында 21 өлеңде ғана бір жыл ілгері, не бір жыл кейінге шегіндірілген өзгерістер байқалады. Тек үш өлеңде ғана мерзім жағынан елеулі түрдегі алшақтық бар. Мысалы:

1. «Қанжар» өлеңі 1909-жылғы жинақта — 1898, 1933-жылғы толық жинақта — 1896, 1957-жылғыда — 1896 жыл деп көрсетілген.

2. «Көлеңке басын ұзартып» өлеңі 1909, 1933-жылғы жинақтарда 1895, ал 1957-жылғыда — 1900 жыл деп көрсетілген.

3. «Жүректе көп қазына бар бәрі қызық» өлеңі 1909 жылғыда — 1889, 1933-жылғыда — 1899, 1957-жылғыда — 1899 жыл деп көрсетілген. Жазылу мерзімі жағынан айырмашылығы он жылға созылып тұр. Шамасы, соңғы өлеңнің аударылу мерзімін он жыл кейін шегіндірудегі М. Әуезовтің сүйенер негізі — Абайдың жүректің культін көтеру жайлы ойлары ақын шығармаларында 1886-жылдан, әсіресе, 1889-жылдан бастап күшейіп, жүйелі түрде таратыла бастайтын пікірлер төркінінде жатса керек. Жүрек культін көтерер, жүрекке гуманистік астар бере жырлау шығыс поэзиясында тым ерте басталған. Осы сарын ұшқыны европа. орыс ақындарында да бар. Орыс ақыны Полонскийдің «Сердце» өлеңін Абай өз танымына жақын, үндес келетіндіктен өзіндік сарын қосып аударған.

Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтауға, кейбір өлеңдердің (мысалы: «Жас өспірім замандас қапа қылды», «Ем таба алмай», «Ақылбайға», «Көзімнің қарасы») жазылу уақыты дұрыс қойылмаған деген күдікті пікір академик С. Мұқанов тарапынан¹ айтылды да. Аталмыш төрт өлеңнің жазылу мерзімі дұрыс анықталмаған дегендегі автордың сүйенер басты дәлелі — өлең ақынның жас ерекшелігіне қарай, яғни жас шағында махаббат жайлы жазылуы, жырлауы мүмкін деген пікірде жатыр. Заманынан иығы асқан ойшыл ақынға бұл тұрғыдан қараудың өзі оны сырттай тануға итермелейді. Бұлай дейтін себебіміз: Абай Пушкин шығармаларын

¹ Мұқанов С. Жарқын жұлдыздар. Алматы, 1964, 146—148-б.

аударып, лиризмге толы, махаббат сезімінің құдайындай ән шығарған кезі 1889 жыл емес пе? Бұл кезде Абай қырықтан асқан. Осы тұста «Қартайдық, қайғы ойлады, ұлғайды арман» деп отырып-ақ, европалық дәрежедегі маңдай алды теңдесі жоқ махаббат сезіміне бөленген лиризмге толы өлеңдерін жазып, ән шығаруын не дейміз? Ұлы шабыт, дарқан дарын иесіне тек жас ерекшелігіне қарай меже қою, яғни махаббат лирикаларын жазу мүмкіндігін тек жастық шақпен шектеу үнемі дұрыс бола бермесе керек.

М. Әуезов және онан бұрын Абай шәкірттерінің куәлігімен қойылған ақын шығармаларының жазылу жыл мерзімдерін қоюы, негізінен, бастапқы қалпына дұрыс келгендігін уақыт межесі мен советтік дәуірде қалыптасқан абайтану саласында жазылған еңбектер де көрсетіп отыр. О баста Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін Абай творчествосымен тікелей байланыста болған білікті адамдар қойса, соңыра М. Әуезов Абай шәкірттерінің куәлігіне сүйене отырып және ақынның дүниетанымына, ойшылдық пікірі мен ақындық өнердегі шеберліктің табиғи өсу, даму, толығу жолдарына қарай қойылды.

М. Әуезов Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтау жолында кейбір өлеңдердің жазылу жылына күдікті пікір айтқан сынмен таныс болатын. Мұндай пікірлерге сыншыл ойлы көзбен қарай отырып, 1945 жылдың өзінде-ақ: «Бұнда бір күдік өлеңнің жылдары анық емес деуде... Бірақ ол үнемі дұрыс емес. Негізінде көп өлеңдердің бітім сырына осы табылған жылдар арналас келіп отырады»¹,— деп ескерту де жасаған еді.

М. Әуезов өзінің басты шығармасы «Абай жолы» эпопеясын жазудан бұрын Абайдың балалық шағынан қайтыс болғанына дейінгі өмір жолдарына арнайы хронологиялық жүйемен жоспар жасап² алып, романның сюжеттік желісін сол кезең аралығында болып өткен нақтылы тарихи оқиғалармен тікелей бірлікте, тығыз байланыста беріп отырған. Абай өмірінің ізімен, ақын шығармаларының жазылған мерзім межесімен жүріп отыру ұзақ жылғы созылған зерттеулердің жемісі екендігін: «Мен, шама келгенше, ғылым жолымен өмірін, ақындығын зерттемекпін. Ал шығармалық еңбектерімнен пьеса, роман туралы да өз ойым ақынды ғылымдық

¹ ЛММА архиві, 249-п., 6-б.

² Сонда, 28-п., 12—19-б.

зерттеумен негізі бір деймін»¹.— деген ескертпесі жайдан жай айтыла салмаған. Өзі ғұмыр бойы тесіле зерттеген Абай шығармаларының табиғатымен, онда айтылған әр салалы ой төркіндерімен етене таныс зерттеуші ақын ойының жүйесін, одан тарар сан тарау желілі пікір арналарын қалт жібермей танитын көңігі тамыршыдай, ондағы әрбір сезілуі қиын құбылыстардың өзін жіті аңғарып отыруынан да байқалады. Осындай білгірлік, танығыштық ерекшелікті бойына ұялатса да, Абай шығармаларының жазылу мерзімін анықтау жолында ұзақ жылдар бойы зерттей қарауын тоқтатпаған. Бұл әрекет, әсіресе, жазылу жылдары беймәлім өлеңдер мерзімін анықтай түсуге ұмтылып келгені жазушы архивінде сақталып жатқан наброска түріндегі пікір деректерден² анығырақ байқалады.

Абай шығармаларының жазылу жылдарын анықтау 1939—1940 жылғы толық жинақта түбегейлі түрде шешілсе де, кейбір өлең табиғатын тереңірек танып білу арқылы әрі жан-жақты ізденіп қарастырумен өзгеріс ендірген кездері де бар. Мысалы, «Жарқ етпес кара көңлім неғылса да» өлеңі әуелде жылы белгісіз өлеңдер тобына жатқызылса, осы өлеңді 1957 жылғы толық жинақта 1889 жылдары жазылған өлеңдерге жатқызады. Ал Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан аударылған Онегиннің сөзі («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін») аударылу мерзімі мен ол өлеңнің Пушкин романында айтылатын орнына да назар аударған. 1952 жылы бұл өлеңді Абайдағы Пушкиннен аударылған өлеңдердің соңына қалдырмай ілгері жылжытуды, яғни төртінші орынға қоюды ұсынады³. Соңғы басылымдардың бәрі де осы ұсынысты мақұл тауып, М. Әуезов көрсеткен ретті сақтап келеді.

М. Әуезов, әсіресе, Абайдағы лирикалық өлеңдерді жазылған жылдары бойынша хронологиялық ретпен көрсетуге ерекше мән береді⁴. Сонымен қатар бір жылда дүниеге келген, молырақ жазылған өлең топтарын тақырыптық жағынан жіктей зерттеуге де⁵ көңіл бөлгені сезіледі. Осы тұрғыдан қарасақ, 1886 жылы жазылған, ақындық өнер жолына біржолата құлай берілген

¹ Сонда, 249-п., 7-б.

² Сонда, 405, 249, 239, 394, 532, 400-п.

³ ЛММА архиві, 394-п., 2-б.

⁴ Сонда, 400-п., 2-б.

⁵ Сонда, 532-п., 9-б.

ақын беталысын аңғартатын өлеңдерді тақырыбы жағынан үш салаға жіктей топтастырып, оларды: 1) «Қанық сыры — қоғамдық мін», 2) «Ат сыны, жаз, табиғат», 3) «Жас буынға»¹ деп жіктейді. Осы тақырып аясындағы ақын ой желілері зерттеушінің ғылыми еңбектеріндегі талдауларында да анық белгі беріп отыратыны бар.

Абай өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтап, жылдарын қоюда тағы да ой елегінен өткізіп, сын көзімен қарауға ерекше мән бергені байқалады. Абайдың ақындық өнер жолындағы кейде әлі де толық байламға келе қоймаған өлең жылдарын анықтауды Абай мұрасында әр жылдар кезеңінде көтеріп отырған ой сарынымен, пікір табиғатымен ұштастыра отырып табуға ұмтылып отырған. Бұл жайлы ой толғаныстарын, кейбір пікір тәркіндерін шашыраңқы түрде болса да кейбір кезде қағазға түсірген пікірінен байқалады. Мысалы «17. Ішім өлген, сыртым сау — 1897 жыл, Разночтение, пропуск»², — деген арнайы ескертпе жасауынан да көреміз. Бұл аталмыш өлең Абай басылымдарының бәрінде де 1889 жылы жазылған деп көрсетіліп келеді. Архивте сақталған нобайларында М. Әуезов бұл өлеңді не себепті 1897 жыл деп көрсету себебі әзірше белгісіз. Мүмкін М. Әуезов әзірше бізге беймәлім бір деректі қарастырып, соның негізінде 1897 жыл деген шығар.

Міне, Абай шығармаларының тексін бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолында айрықша терең ғылыми маңызы бар ақын өлеңдерінің жазылу мерзімін анықтап, жылдарын дәл көрсетуде де М. Әуезов бірегей теңдесі жоқ еңбек сіңірген зерттеуші ретінде абайтануға елеулі үлес қосып отырғаны ешқандай талас тудырмайтын шындық.

4. Абай шығармаларындағы арнау өлеңдердің жазылу сыры

Арнау өлең — Абай шығармаларына тән құбылыстардың біріне жатады. Осы себептен болса керек осы жанр табиғатына ұлы ақын ұлкен сынмен қарап, келелі

¹ Сонда.

² Сонда, 532-п., 1-б.

пікір де білдірген. Әрі өзі де бір топ шығармаларын осы жанр түрімен жазған.

«Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деген өлеңінде Абай өзіне дейінгі ақын жырау, жыршыларға сын айтқанда «Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап» деп, арнау өлеңнің үлкен әлеуметтік мәні бар өткір сынға құрылмай, мақтауға, мадақтауға арналғанын сынап өтеді.

Абай 20 жылдық әдеби-творчестволық өмірінде өзі де талай рет арнау өлең жазып, үлгі-өнеге де көрсеткен. Абай жазған арнау өлеңдер саны 35-ке жетуі — бұл жанрға ұлы ақын қаншалықты мән бергенін аңғартады. Абайдағы арнау өлеңдердің жазылу себептері мен оны тудырған жағдайлар әр түрлі боп келеді. Бірде арнау өлең экспромтты түрде әзіл-сықақ, әжуа-қалжың түрінде туып жатса («Көжекбайға», «Мырзақұлға», «Абралыға» т. б.), кейде олар аса өткір әлеуметтік-саяси тақырыптарға орай туындайды. Абайдағы арнау өлеңдердің бұл түрі, көбінесе, басым жатуымен де ерекшеленетіні бар. Ал бір топ арнау өлеңдері 8 (өлең) нысанаға алған нәтижесін тура, тікелей сөз етпей, жанама түрде меңзеу арқылы білдіріп отырады (мысалы, «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін»).

Абай каламынан туған ірілі-ұсақты арнау өлеңдердің бәрі де өз заманында сол ортаға түгелдей мәлім болған. Ал уақыт өте келе Абайдағы арнау өлеңдердің көбі хатқа түсіп, олардың кейбірі ішінара баспа бетін көріп үлгерсе де, олардың нақтылы кімдерге арналғаны, қандай жағдайда пайда болғаны саналы түрде әдейі бүркемеленуі себепті келе-келе беймәлім күйге түсе бастады.

1909 жылғы жинақта Кәкітай мен Тұрағұл Абай жазған арнау өлеңдерден бес өлеңді ғана («Біреуден біреу артылса», «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Мәз болады болысың», «Болыс болдым мінеки», «Бөтен елде бар болса») ендіреді. Бірақ бұл өлеңдер кімдерге арналып жазылғанын атап көрсетуден бой тартып қалады. Әсіресе, Абайдағы сатиралық уыты күшті арнау өлеңдерін жинаққа ендіруді қажетсіз деп табады. Мұның басты себебі неде жатқанын Мұхтар Әуезов: «...бұл алуандас өлеңдерді Кәкітайдың баспаға бермеуінің себебі белгілі. Сол Абай сынаған адамдардың өзі немесе бала, бауырлары «баспаға шығарушы адамдарға өкпелейді, араздық ұстанады» деп жасқанып қалған»¹, — деп көр-

¹ Әуезов М. Абай Құнанбаев: Мақалалар мен зерттеулер, 20-б.

сетіп те өтеді. Осындан себептерге байланысты болса керек көптеген арнау өлеңдер баспа бетін көрмей қалумен бірге, олардың кімдерге арнап жазылғаны да беймәлім күйге түскен. Егер артында Әуезовтей іздеушісі болмаса, келер ұрпақ олардың кімге арналып, не себепті жазылғанын білмей қалуы да қиын нәрсе емес еді.

Абайдағы арнау өлеңдер, әсіресе, ақын өмір сүрген әлеуметтік орта мен сол дәуірдің саяси-әлеуметтік оқиғаларын, замана шындығын танып білуде аса терең ғылыми мәні бар туындылар тобына жататын. Абай дүние-танымын білуде, көзқарасын тануда бұл арнау өлеңдердің мән-мағынасы зор, жөні бөлек болады. Осы ерекшелікті ерге таныған Мұхтар Әуезов Абай жазған арнау өлеңдерді түгел жинап, олардың кімдерге қандай жағдайда жазылғанын анықтауға ерекше күш салды. Бұл саладағы толассыз сарыла зерттеу ісі 1924 жылғы толық жинақты құрастыру үстінде қызу жүргізілді. Сондай-ақ Абай шығармаларындағы арнау өлеңдердің табиғатымен де ерекше шұғылданады. Олардың кімдерге арналғанын, қандай себептерге байланысты туғанын анықтамайынша, романда суреттелетін жайды — ақын жасаған әлеуметтік ортаны, замана шындығын, ақын шығармаларындағы әлеуметтік сарындар сырын танып білуді қиынға соғарын терең сезінді.

Арнау өлеңдер Мүрсейіт қолжазбасында біршама қамтылса да, олардың жазылу мерзімі мен кімдерге арналғаны атап көрсетілген емес. Бұл да ізденістің көздерін қиындата түсті. Уақыт өтуге байланысты ақын замандастары сиреп, көп нәрсенің сыры ұмыт қала бастады. Дәл осындай алмағайып қиын буынды дер кезінде ізденіп, анықтап қалмаса, ол жайлы тарихи шындық көзі жабылып, көп нәрсе өз сырын ішке бүгері сөзсіз еді. М. Әуезов осы жолдағы ізденістің аяқтан алар қиынға соғар кедергілері жайлы тоқтала келіп: «Абайдың ақындық мұрасында өмірбаяндық деректер жоқтың қасы. Оның өлеңдерінен көптеген адамдар мен жеке кісілерге байланысты деректер өшірілген. «Тоғжан туралы» өлең де жоғалған.

Арнау өлеңдерді мен өзім жинастырып көптеген кісі аттарын қалпына келтірдім¹, — деп арнау өлеңдер жайын анықтау жолындағы зерттеу жұмысынан хабар береді. Қолда бар арнау өлеңдердің өзі кімге арналып,

¹ ЛММА архиві, 398-п., 11. 26—27-б., 395-п., 97-б

қандай жағдайда жазылғаны ешбір жазба деректерде көрсетілмеген. Қайта, керісінше, адам аттары өшірілген еді. Міне, осындай қиын жағдайға ұшыраған арнау өлеңдер табиғатын, жазылу тарихын, адам аттарын анықтап, шындықты қалпына келтіру жолында М. Әуезов Абай замандастары мен үзенгілес жолдас-жұрағаттарын: Көкбай, Кәкітай, Тұрғұл, Шәкәрім, Ділда, Әйгерім сияқты тонның ішкі бауындай туыстары көмекке келді. Осылармен сырласу, әңгіме дүкен құру, сұрастыру жолымен естігендерін ойға тоқып, жазып алу арқылы арнау өлеңдердің кімдерге байланысты жазылғанын, жазылу себептерін түгелге жуық анықтап та алды. Бұл жайлы анықтаулар жылдан жылға молығып, қорлана түсті. Мысалы, тұңғыш толық жинаққа кірген арнау өлеңдердің кімге арналып жазылғаны анықталды. Тіпті жанама түрде берілген арнау өлеңдегі мензеумен айтылған кісі аттары да аталады. 18 арнау өлеңге түсініктеме берсе, кейбіреулеріне тиісті жерінде сілтеме арқылы қосалқы мәліметтер де келтіреді. Арнау өлеңдердің көбіне сол өлең арналған кісінің аты қойылып, ол атаулар арнайы жақшаға алынып ұсынылды. Мысалы, Көкбайға арналған өлеңдер тағдыры бұған толық айғақ. Бұл салада көп ізденген М. Әуезовке Көкбай естеліктері мен әңгіме дүкен құру үстінде айтқан көптеген құнды деректері зор пайдасын тигізгенін үнемі еске алып отырады. Абай өмірбаянын жазуда болсын немесе ақын шығармаларындағы беймәлім, тосын ұғымдарды анықтап білуде болсын, Көкбай әркез көмекке келгенін: «1927 жылы біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянның көп фактылары Көкбайдың аузынан алынған. Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік, деректердің көптен көбі және де сол Көкбайдың айтуынан алынған»¹,— деп арнайы ескертуінен де көрініп тұр.

Арнау өлеңдер жайлы мағлұматтардың молыға түсуі 1939—40 жылдары басылған толық жинақтан да көрінеді. Осы жолы Абай жазған арнау өлеңдердің 23-іне түсініктеме беріп, жазылу себептері де анықталады. Ал 1945 жылғы юбилейлік толық жинақта бұндай өлең саны 28-ге жеткізіледі. Ал соңыра Абай өлең арнаған, тарихта болған кісілердің бірсыпырасы «Абай жолы» эпопеясына еніп, өткен дәуірдің тарихи-әлеуметтік шын-

¹ ЛММА архиві, 194-п., 345—346-б.

дығы мен оқиғаларын суреттеуге арқау болғанын да көреміз. Эпопеяда кейбір арнау өлеңдердің жазылу себебі жан-жақты екшеліп баяндалады, әрі ондағы аты аталған кісілердің көпшілігі шығармада белгілі кейіпкер дәрежесіне дейін көтеріледі.

М. Әуезовтің зерттеулері мен көркем туындыларында Абайдың арнау өлеңдері бірнеше топқа жіктеліп, өлеңдердің жазылу тарихы мен нендей себептерге байланысты жеке кісілерге арналғаны кең тұрғыдан ашылып отырады.

Абай арнау өлеңдерінің бір тобы о баста экспромтты түрде ауызша қалжың, әзіл ретінде айтылып, ел арасына таралып кеткен. Оларды М. Әуезов көбінесе ел аузынан, естелік айтушылардан жинастырған. Бұндай арнау өлеңдер Мүрсейіт қолжазбаларына ілікпеген. 1909 жылғы жинаққа да кірмей қалған. Оларға Абай өлеңін жинаушылар оншалықты мән де бермегені байқалады. Бұл іспеттес өлеңдерге М. Әуезовтей көреген зерек зерттеуші ерекше мән беріп жинастыруы арқылы ғана қармаққа ілініп, бар мән-мағынасы терең ашылып отыр. Мұндай экспромтты өлеңдердің көбі Абайдың ақындық өнерге құлай берілмей, бірақ ақындық қуаты шешек ата бастаған тұсқа көбірек туындағаны «Шәріпке», «Абралыға», «Жақсылыққа» деген өлеңдерінен де байқалады. Экспромтты түрдегі арнау өлең шығару машығын Абай соңыра ақындық ұлы тұғырға отырған тұстарында да тастамай, реті келгенде әзіл-оспақ, қалжың ретінде айтып отырған. «Назарға», «Баймағамбетке», «Күйісбайға», «Дүйсенқұлға», «Разаққа», «Көжекбайға» деген арнау өлеңдер табиғаты әзіл-сықаққа құрылған туындылар.

Арнау өлеңдердің екінші бір тобына жататын «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін», «Сап, сап, көңілім, сап көңілім», «Қуанбандар жастыққа», «Мен боламын демендер», «Караша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Жазғытұры қылтиған бір жауқазын» туындыларына да М. Әуезов ерекше көңіл бөлген. Өйткені бұл өлеңдерде кісі аты аталмайды, бірақ өлеңде жол жөнекей біреулер сөз болып, меңзеумен, ишаратпен ғана білдіретіні аңғарылып тұрады. Егерде осы аталмыш өлеңдерде жанама түрде сөз болатын адамдар аты М. Әуезов тарапынан аса білгірлікпен анықталып, өлеңнің жазылу сыры ашылмаса, олардың мүлде беймәлім күйге түсіп кетері қиын емес еді.

Бұл өлеңдер тобына тән ерекшелік — тікелей бір кісіге арналғаны мензеу ретінде берілгені болмаса, олар тікелей айтылмайды.

Бірақ өлеңнің мазмұны, ой сарыны, жазылу себебі белгілі бір нысананы көздейтіні жанама түрде болса да сезіледі. Мысалы: «Мен жазбаймын өленді ермек үшін» өлеңі — Абайдың эстетикалық танымын, акындық өнер жайлы жаңаша көзқарасын, өнерге қояр талабын барынша ашық білдіретін шығармаларының бірі. Міне, осы өлеңдегі Абай сынына ұшыраған, бірақ аттары аталмаған ақындар тобын да алғаш рет анықтап, олардың Көкбай мен Әріптер екенін М. Әуезов көрсеткен болатын. Бұл өлеңдегі ащы сынның төркіні сол тұстағы әдеби ортаға сыры мәлім болса да, қалың қауымға беймәлім күйде еді. М. Әуезов аталмыш өлеңнің жазылу себебі мен онда жанама түрде сыналған ақындар жайлы нақтылы деректі сол Көкбай, Тұрағұлдың өзімен әңгімелесу арқылы алып, түсінік береді. Өлеңде айтылған сынның адресі кімдерге арналғаны ашылған соң, зерттеушілер де, көпшілік оқырмандар да шығарма мазмұнын, негізгі ой сарынын тереңірек танып, Абайдың өз айналасындағы ақындарға қағынасын, оларды сынау себебін айқынырақ ұғына бастады. Осы өлеңдегі Абай көтерген сыншыл ойдың желісін М. Әуезов «Абай жолы» эпопеясындағы Көкбай мен Әріп, т. с. с арасындағы творчестволық ахуалды олардың Абаймен ақындық өнер жайындағы қарым-қатысын ұлы ойшыл ескерткендей «Есіл өнер қор болып кетер түзге» деген пікірі негізінде ашып отыратыны аңғарылады.

«Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай» өлеңінің дүниеге келу себебі мен жазылу тарихын аша отырып, оның мүлде жоғалып кете жаздағанын да ескертеді. Өйткені хатқа түсті деген осы өлеңнің өзінде екі шумақ (6—7-шумақтар 8 жол) өлең жолдары мүлде ұмытылған, тек қана өлеңнің жазылу тарихын зерттеу үстінде сұрастыру арқылы ғана қалпына келтіріледі. Бұл өлең жеке адамдарға, яғни Абайдың гуған ағасы Тәкежан үй-ішіне арналуы себепті, жазба түпнұсқасы сақталса да, өшірілген екі шумақ өлең Көкбай, Тұрағұл арқылы хатқа түсіріледі. Аталмыш өлең тарихын көп сұрастырып, жазылу себебі мен қандай жағдайда жазылу тарихын жан-жақты зерттеп білуі М. Әуезовке «Абай жолы» эпопеясындағы «Кек жолында» деген тараудың жазылуына, ондағы оқиға желісін өрбітуіне арқау болғаны

бірден сезіледі. Осы аталмыш өлең тексі жағынан бастапқы табиғи қалпына оралуына, өлең мазмұны сол тұстағы өмір шындығымен орайлас кең ашылып, дәл бүгінгі күндегі танып отырған дәрежеге көтерілуінде, сөзсіз М. Әуезов зерттеулерінің орны ерекше.

Абайдағы арнау өлеңдердің М. Әуезов айрықша көніл бөліп, көп қарастырған бір тобы — Абайдың тікелей өз басына байланысты үй-ішілік мұң-наласынан туған шерге толы өлеңдері Оспанға, Әбдірахманға арналып жазылған жоқтау сарыны басым өлеңдерді қамтиды. Бұл топқа енген өлеңдердің бәрі де 1909 жылғы жинаққа ендірілмеді. Ал Мүрсейіт қолжазбаларында түгелге жуық қамтылса да, өлеңнің тақырыптық атаулары бүгінгі қалыптасқан түрінен басқаша түсіп жататын. Мысалы, олар Мүрсейітте «Абайдың айтқаны» («Бермеген құлға қайтесің»), «Ағасының айтқаны» («Бірге туған бауырлас»), «Қатынының айтқаны» («Айналайын, құдай-ау») деген сияқты жалпы мағына беретін шартты тақырыптар қойылған. Немесе қалғандары әр өлеңнің бірінші өлең жолымен аталып отырады. Мүрсейіт бір-ақ рет «Абайдың айтқаны» («Бермеген құлға қайтесің») беріп, «1895 жылы Әбдірахман дүниеден өтті»¹, — деп деген өлеңге мағлұмат ретінде балақжазбада сілтеме ескерту жасайтыны бар.

Міне, осы іспеттес арнау өлеңдердің жазылу тарихы мен қандай жағдайға байланысты дүнге келу себебін білу арқылы Абай өмірінің елеулі бір кезеңін білуде маңызы зор тарихтық мәні барлығын М. Әуезов кімнен болса да ерте таныды. Осы саладағы өлеңдер табиғатын жан-жақты әрі терең тану мақсатымен, абайтану жайлы ғылыми зерттеулерінде үнемі үңіле назар аударса, соңыра «Абай жолы» эпопеясын жазу жолында Абай өмірінің аса бір елеулі кезеңін суреттеуде аталмыш өлеңдер тобын толық танып білудегі танымдары да тереңдей береді. Эпопеяның кейбір тарауларындағы оқиғалар желісіне арқау болған Абай өлеңдеріндегі Оспан, Әбдірахман жайлы арнау өлеңдердегі нақтылы дерек көзі — М. Әуезов зерттеулері нәтижесінде сол дәуір шындығын, тарихи оқиғалар ізін танып, білуде аса елеулі мән-мағынаға ие болып отыр. Осындай ізденістің бір айғағы ретінде М. Әуезовтің Абайдың «Әбдірахман науқастанып жатқанда» («Я, құдай бере көр») деген арнау өле-

¹ ЛММА архиві, 351-п. (Мүрсейіт қолжазбасы), 1907, 187-б.

нінде ұлы ақын ықылас бере, шын пейілмен арнайы сөз ететін Әбсәмет жөніндегі деректерді білуге ұмтылуын еске алсақ, көп нәрсенің сырына шомғандай боламыз.

Әдеби мұрасы әзірше барынша мол зерттелді деген Абай шығармаларының өзінде беймәлім ұғымдар мен бейтанис кісі аттары әлі де кездесе береді. Олардың біразы дәл бүгінге дейін оқырман қауымға жұмбақ күйінде, мағынасы мен мәні ашылмай келеді. Осы іспеттес Абай өлеңіндегі беймәлім кісі атының бірі — 1894 жылы жазылған «Әбдірахман науқастанып жатқанда» деген өлеңде ұлы ақын айрықша көңіл бөле айтатын:

Әбсәмет жиенің,
Ол — сенің біреуің.
Достығын достықпен
Өтемек тілеуім¹,—

деп, осы шығармада арнайы аты аталып отырған Әбсәметті туыс тартып, өзіне адамдық жүк арта сөйлейтін өлең жолдарының сыры қызық. Айтылу себебі мен мағынасын саралауды талап ететін беймәлім ұғымдардың біріне жатады.

Осы күнге дейін жарияланып келген Абай басылымдарында жеке кісі аттарына арнайы берілген түсініктемелерде Әбсәмет жайлы ешқандай дерек-мәлімет берілмей келеді.

Әбдірахман наукасына байланысты ерекше достық туыстық сезіммен еске алынатын Әбсәмет жайлы деректер көзіне М. Әуезов о бастан-ақ назар аударып, кім екенін, не себепті Абай өлеңінде аты аталу жайын білуге ұмтылған. Әсіресе, Әбсәмет туралы деректерге «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабын жазу қарсаңында көп көңіл аударып, мағлұматтар жинастыра бастайды. Оларды «Абай жолы» эпопеясының соңғы кітабындағы «Қапада» деп аталатын тарауындағы оқиға желісінде қажетті прообраз ретінде пайдаланған. Алматыда Әбіштің науқастанып жатуына байланысты эпизодтарда суреттелетін Әбсәмет жайлы өзі жинастырған мағлұматтар дәл осы арада көрініс береді.

«Абай жолында» Әбсәмет туралы деректер Әбіш жайлы жазылған Мағауияның хаты арқылы беріледі: «Тұрған үйіміз Әбсәмет деген шала қазақтың үйі, өзімізге

¹ Құнанбаев Абай. Өлеңдер мен поэмалар, 209-б.

досжар адам. Сұрастыра келе жиен боп шықты»¹,— деген хаттағы хабарды білісімен, Абай «Әбдірахман науқастанып жатқанда» деген атақты өлеңмен жазылған хатын жолдайтыны айтылады. Әбсәметті дос-туыс тұтынып, оған деген достық сезімін өлең тілімен білдірген Абай сөзі эпопеяда арнайы суреттелетін Әбсәмет жайлы оқиға желісіне арқау боп енген.

Абай өлеңінде арнайы тілге алынған Әбсәмет жайлы деректерді «Абай жолына» ендіру жолында оларды қалай білген, қайдан алған деген сұрақтың қойылуы да заңды.

Абай өлеңі мен М. Әуезов эпопеясында қатар сөз болып отырған Әбсәмет жөніндегі мағлұматтар туралы нақтылы шындықты білуге әрбір оқырманның қызығары мәлім.

Оқырман назарын аударар Абай өлеңі мен жазушы эпопеясындағы Әбсәмет жайлы сұраққа жауапты тағы да жазушы архивіндегі өз қолымен жазып, қысқа-қысқа тоқ етер сөйлемдер мен хатқа түсірілген қолжазба деректерден табамыз.

Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалды музейі архивіндегі қолжазбаның бірінде: «...Әбсәмет үйі Ыстықкөл көшесінде тұрады. Ыстанбек-Тастанбек. Әбсәмет Ыстанбектің баласы, Тастанбектің баласы Иган — Тастақта райпотребсоюз председателі. Әбсәмет 1929 жылы қайтыс болды... Әбсәмет үйі — жалғыз қабат ағаш үйі. Онша бай емес, кісілікті кісі. Сиязда, қалада, қырда білікті. Қырғыз-қазақ бас қосқанда Ноғайбай, Шабдан сонда «Көк түйнек Әбсәмет» депті, кішкене кісі, қара»²,— депті, оның арғы аталары Әлім батыр жайлы да қосалқы деректер бере кетеді. Шамасы Әбсәмет жайлы жазушы архивінде сақталып келе жатқан жазба деректерді бөгде бір кісімен сөйлесу, әңгімелесу үстінде ол туралы сырға әбден қанып барып, оларды еске ұстау мақсатымен ғана қағазға қысқаша түсіргенге ұқсайды. М. Әуезов те өзі жете біліп, қанықты болған әңгіме, не деректерді, кейбір құнды деген тарихи мағлұматтарды өте қысқа, шолақ-шолақ тұқыл сөйлемдермен естіп-білгендерінің нобайын ғана түсіріп отыратын әдеті болған. М. Әуезовте осындай әдеттің дағдыға айналғанын Ләйлә Мұхтарқызы да өзінің зерттеулерінде атап өтеді. Жа-

¹ *Әуезов М. Шығармалар. 7-т., 181-б.*

² *ЛММА архиві, 398-п., 22—23-б.*

зушы архивін терең зерттей келе: «М. О. Әуезовтің жазбалары тап-тұйнақтай қысқа және үзінді сипатта екенін атап өту керек. Өйткені бұлар оның... жақсы білетін фактілерге қосымша деректер боп келеді»¹, — деп жазуы мәселенің төркінін біршама аңғартады.

Мұхтар Әуезов Әбсәмет жайлы мағлұматтарды эпопея желісінде тарихи шындық ретінде пайдалану мақсатымен ол туралы ірілі-ұсақты деректерге дейін үңіле іздестіргені, тіпті, Әбсәмет үйінің қай көше, қай арада тұрғанына дейін зерттеп қарастыруынан көрінеді. Осындай ниетпен Алматы қаласының салыну тарихымен, ерте кезде отаршылдар қойған көше аттарын, олардың соңыра советтік дәуірде ғана жаңа атаулармен аталуына дейін салыстыра отырып зерттеген. Осы іспеттес тарихи болған деректерді анықтау жолында өткендегі архив деректері мен баспасөз мағлұматтарына сүйене отырып ашқаны № 398 папкадағы қолжазба көшірмелерінен де анық («Улицы» деген атпен берілген) байқалып тұр. Міне, осындай зерттеулері арқылы Абайдың «Әбдірахман науқастанып жатқанда» деген атакты өлеңінде тілге алынған Әбсәмет жайлы өлең жолдарындағы айтылған деректің көзін ашып, ізіне түсіп, қарастыру жөнімен көп сырға молыққан. Осы қаныққан сырлары эпопея соңына таман баяндалатын Әбдірахман жайлы эпизодтардан ашық көрінеді.

Абайға немере туыс Әрхам Ысқақұлы². Әбсәметті Құнанбайға немере інісі Жакыптың қызынан туған жиен еді деген мағлұмат береді. Абай өлеңінде тілге оралатын «Әбсәмет жиенің, ол — сенің біреуің» деген сөздегі туыстық қатынастың түп төркіні қайда жатқанына айғақты дәлел де келтіреді. Осы арқылы Абайдың Әбсәметке ғуыстық қатынасы нақтылы түрде ашыла түссе, екінші жағынан Әбсәмет Мұхтар Әуезовтің өзіне туған нағашы боп та шығады. Мұхтар Әуезовтің анасы Нұржамал осы ұлы жүз қазағы Әбсәметтің туған қызы болатын-ды. М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының төртінші кітабын аңғара оқыған кісіге бұлар жанама түрде біршама аңғарылады да. Мұхтар Әуезовтің жиені Мәжит Диханбаев естелігінде бұл аталып өткен туыстық деректер тағы да жаңа қырынан ашыла түсетінін: «Омархан

¹ *Әуезова Л. М.* М. О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары, 19-б.

² ЛММА архиві, 256-п., 193-б.

Алматыда ірі шаруашылығы бар Әбсәмет деген қазақпен танысып... Әбсәметтің Нұржамал деген қызын айттырып, күзде Нұржамалды бірге алып қайтады. Нұржамал нұрлы, қараторы, келбетті келген сұлу әйел еді. Осы Нұржамалдан үш қыз туады, орталарында ұлдан жалғыз Мұхтар болады. Мұхтардың «Абай жолында» Абайдың баласы Әбдірахман Алматыға әскери қызметке барып ауырғанда Әбсәметтің үйінде жататынына себеп болған»¹, деп, Мұханның нағашы жұрты қазіргі күнде Алматы облысы, Талғар ауданы Байсерке селосында тұратыны жайлы дерек береді. Мұхтардың нағашы жұртын тауып, нағашы әжесімен ұшырасуы жайлы соны деректі жазушының жұбайы Валентина Николаевна айтады².

М. Әуезов арнау өлеңдер табиғатын терең тани отырып, Абай басылымдарында қалыптасып үлгерген жаңа атауларды, яғни өлең мазмұнына лайықты анықтап, тақырыптарын қайта қойды. Бірақ арнау өлеңдерге жаңадан қойылған тақырыптардың бәрін де міндетті түрде жақшаға алып (мысалы «Әбдірахман өлгенде» деген сияқты) отырады. Бұлай ететін себебі, Абай өз өлеңдеріне арнайы тақырып қоймағандықтан, автор ырқыннан тыс, өлең мазмұнын ескертуден туған шартты атаулар екенін білдіруден туған еді. Абай шығармаларының текстологиялық табиғатын жете танығаннан кейін арнау өлеңдердің осылайша жаңа атауларымен берілуін жөн көрген. Арнау өлеңдерді бұлайша атау — шартты тақырып екенін ескертуден туған. Абайдағы арнау өлеңдер тақырыбын осылайша атауды қалыптастырған. М. Әуезов дәстүрі келешекте әлі де сан рет жаңғырып басылар Абай шығармаларында сол қалпын бұзбай сақтала бергені дұрыс. Өйткені бұл атаулардың сақталуы оның М. Әуезов жүргізген ғылыми зерттеулер табиғатына сай туындаған құбылыс екенін үнемі есте ұстауымыз үшін де қажет.

Абайдағы арнау өлеңдердің ең соңғы тобына әрі ең көбі жеке кісілерге арналған өткір сатиралық сарында жазылған шығармалары жатады.

Бұл топтағы арнау өлеңдердің бәрі де Мүрсейіт қолжазбасында бар шығармалар болғанымен, олардың кім-

¹ Сонда, 367-п., 3-б.

² *Ауэзова Валентина*. Первые годы.— В кн.: Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972, с. 318—319.

дерге арналып жазылғаны көрсетілмей, беймәлім күйде қалған еді.

Сатиралық сарында жазылған арнау өлеңдердің кімдерге арналғанын нендей себептерге байланысты жазылғанын анықтау жолында М. Әуезов көп уақытын сарп етті. Осы бағыттағы текстологиялық жұмыстарын күшейте түсті. Абай заманындағы тарихи шындықты ашып, сол ортада болып өткен әрқилы әлеуметтік оқиғаларға Абай қатынасын, дүние-танымын дәл анықтауда, бұл өлеңдер табиғатын қалтқысыз білу жағы аса зор танымдық мәнге ие болатын-ды. Міне, осы ерекшелікті қатты ескерген зерттеуші Абай басылымдарын даярлау мен атақты эпопеясын жазу үстінде күрделі зерттеу жұмыстарын бастан кешті. Бетпе-бет сөйлесіп сұрастыру, естеліктер жазып алу, әңгімелесу үстінде сатиралық сарындағы арнау өлеңдердің не себепті, қандай оқиғаға байланысты, кімдерге арналып жазылғанын толық анықтап, біліп шығуы — Абай мұрасының шын болмысын танып, текстологиялық жағынан сапасын көтеруде абайтануға елеулі үлес болып қосылып жатты.

М. Әуезов өз қолынан өткізген Абай басылымдарындағы арнау өлеңді ғана анықтаумен айналыспай, тіпті соңыра табылған жылы белгісіз Абай өлеңдеріне де ерекше көңіл бөлген. 1945 жылғы юбилейлік жинаққа (Қ. Мұхаметханов тарапынан табылған) «1944—45 жылғы жаңадан табылған өлеңдер» деген атпен қосылған өлеңнің¹ (80 жол) алтауының кімге арналғаны, не себепті жазылғаны жайлы түсініктемесінде қысқаша мәлімет берілген еді. Бірақ солардың ішінен «Домбыраға қол соқпа» — деген өлеңнің кімге арналғаны беймәлім күйде қалған еді. Міне, М. Әуезов осы өлеңнің кімге арналып жазылғанын анықтауға көп көңіл бөлген. Өлеңдегі ой сарыны мен лирикалық геройдың ішкі дүниесіндегі сезім толқындарына, жан сөзіне ой жібере отырып, танып білуге ұмтылады. Бұл жайлы пікірін баспа жүзінде айтпаса да, Абай өлеңдерінің текстологиясы жайлы зерттеулерінде өз пікірін түсіріп отырған қолжазбаларының бірінде: «Домбыраға қол соқпа» өлеңі Әйгерімге арналған², деп жазады да, бұл өлеңді жылы белгісіз өлеңдер тобына қосатыны бар. Бұдан М. Әуезовтің Абайдағы

¹ Құнанбаев Абай. Толық шығармалар жинағы. Алматы, 1945, 273—275-б

² ЛММА архиві, 405-п. 5-б

кейбір беймәлім арнау өлеңдері кімге арналды, неге жазылды, қай жылы дүниеге келді дегенді анықтау жолындағы ой-толғаныстары өмірінің соңына дейін үздіксіз жүргізіліп келгені байқалады.

5. Абай поэзиясының өрнек-үлгісін қалыптастыру

Абай шығармаларының ақын қолынан шыққан бастапқы түпнұсқасы сақталмай, оның орнын толтырар бірден бір түпнұсқа қолжазбалар — Мүрсейіт көшірмелері арқылы жетуі — Абай өлең құрылысындағы бастапқы табиғи қалпы жайлы мәселені де, яғни өлең өрнегіндегі өзіндік ерекшелікті де текстологиялық тұрғыдан зерттеп, бастапқы қалпына келтіру қажеттігін көрсетті. Абай өлең құрылысының бастапқы табиғи қалпы (өлең өрнегі) Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909 жылғы жинақта біршама сақталған. Мүрсейіт қолжазбасында, әсіресе, 1909 ж. жинақта өлең жолдарын рет-ретімен, өз табиғи орнымен түпнұсқа өрнегімен берілмей, ара-жігі ажыратылмай жолма жол жалғастырылып беріледі. Өлең жолдарының жігі тек (=) белгімен ғана берілуді себепті, оқырманға ақын өлең өрнегін танып білуіне елеулі қиындық келтірді.

Абай өлең өрнегіндегі ерекшелікті бастапқы табиғи қалпына келтіре отырып, оқушыға ұсыну міндеті де осы тұста көтерілді. Қазақ өлең құрылысына ұлы өзгерістер ендіріп, түр жағынан барынша жетілдіріп, соны өрнектермен мейлінше молыға түскен ақын поэзиясындағы өлең өрнегінің көрінісі (графикалық тұлғасы) Абай қаламынан туған бастапқы табиғи қалпында берілмей келді. Абай өлең өрнегін табиғи қалпына түсіру жолында 1916, 1921, 1922 жылдардағы Орынбор, Казан, Ташкент басылымдарында алғаш рет елеулі әрекет басталды да. Бірақ осы жинақта жарияланған шығармалардың өзі бастапқы өлең өрнегінің табиғи қалпын сақтай бермеді. Абай жинақтарын басу жиілеген сайын бұл саладағы ізденіс те жиілей түсті. Бұл жайлы ерте ойланып, Абай өлең құрылысындағы ерекшелікті жете танып, өлең өрнегін барынша табиғи қалпына келтірудегі М. Әуезов зерттеулері мен өлең табиғатын тануындағы тереңдік тұңғыш толық жинақты құрастыруда өз нәтижесін берді, 1933 жылғы толық жинақ осы саладағы олқылықтың

орнын толтыруда шешуші қызмет атқарды. Бұрынғы қолжазбалар мен баспа бетін көрген әр түрлі жинақтарда бір ізге түспей әрқилы өрнектеліп жүрген Абай өлеңдері бастапқы табиғи өрнегін тапты.

Тұңғыш толық жинаққа дейінгі Абай басылымдары мен көшірме қолжазбаларда акын өлең құрылысындағы өзіндік ерекшеліктер, жаңа түрлер бұрын-соңды қазақ әдебитеінде байқалмаған соны өлең өрнектері бір ізділік сақтай бермеді. Мәселен, Мүрсейіт қолжазбасы мен 1909 жылғы жинақта берілген «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңі 6 жолды, бір шумақты боп келетін табиғи қалпын сақтай бермеген. Бұл өлеңді о баста-ақ өз қалпына келтіріп, бір ізге түсіру соншалықты қиын болмаса да, ол тұстағы таным, өлең техникасын сақтау жағына жете мән берілмеген. Өлең өрнегін берудегі мұндай олқылық бірен-саран емес, жиі кездесетін құбылыс. Ал «Сен мені не етесің» сияқты өлең өрнегі өте күрделі Абай өлеңі Мүрсейіт қолжазбасында¹ 48 жолымен кестеленсе, осы өлең 1909 жылғы жинақта² 52 жолмен беріледі. Бұл екі арадағы өзгешелік, әрине, Абай поэзиясындағы өлең өрнегін кестелеудегі жаңашылдықты терең танып, дәл біле бермегендікті аңғартады. Міне, осылайша әр түрлі болып беріліп келген өлең өрнегі өз табиғи қалпын 1933 жылғы жинақтан³ ғана тапты. Яғни «Сен мені не етесің» 84 өлең жолымен (14 жолды, бір шумақты, үнемі бір қалыпты қайталанатын өзіне тән өлең өрнегімен) кестеленеді.

Өлең өрнегіндегі ауытқуларды былай қойғанда, тіпті өз алдына дербес екі бөлек шығармалар араласып кетіп, бір өлең ретінде берілетін жерлер де ұшырасып отырады. Мысалы 1909 жылғы жинақтың өзінде «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңі мен «Ғашықтық, құмарлықпен ол екі жол» бір боп тұтасып кетсе, «Алланың өзі де рас, сөзі де растын» ішінде «Жүректегі қызықтың бәрі асыл тас» өлеңі араласып жүр. Немесе «Интернатта» оқып жүр» мен «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі кітаптың 2, 8-бөлімдерінде бір шығарма ретінде ұласып берілгенін көреміз. Бұлардың әрқайсысы жеке дара дербес шығарма ретінде ажыратылып берілмейді. Мұндай

¹ ДММА архиві, 351-п., 117-б.

² Қазақ ақыны Ибраһим Құнанбайұлының өлеңдері. СПб., 1909, 30-б.

³ Құнанбайұлы Абай. Толық жинақ. Қызылорда, 1933, 119—121-б.

бытысу Мүрсейіт қолжазбаларында да жиі ұшырасады. Жай мысал ретінде алсақ, Мүрсейіт қолжазбасындағы «Ысытқан суытқан» өлеңі мен «Қызарып сұрланып» өлеңі араласып кетсе¹, кейде бір қолжазбаның ішінде осы өлең екінші рет дербес шығарма ретінде көрсетіледі. Осы іспеттес ара-жігі ашылмай орынсыз бірігіп, қосылып кеткен шығармаларға М. Әуезов ақын тексін білгір зерттеуші ретінде сынмен, сергек таныммен қарап, мұндай өлеңдерді заңсыз, орынсыз, ақын ырқынан тыс қосақтаудан арылтты. Зерттеуші кейде бұлайша кірігіп, қосақталып кеткен шығармалардың бір шығарма екенін сезінсе де, бас салып өзгерте бермеген. Оларға өз күдігін, пікірін білдіріп, қалың оқырман сарабына қалдырып отырады. Мысалы, «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» өлеңін екі шығарма ретінде танып, ол жайлы өз күмәнін: «Қақтаған ақ күмістей». Өлең екі ұдай, басы қандай көркем — соңғы бөлігі бөлек дүние көріністен туған көңілсіздік. Логика жоқ. Единства жоқ»², — деп ескертетіні бар. Соңыра осы өлең Абай шығармаларының соңғы екі томдық толық жинағын³ даярлау үстінде М. Әуезов пікірін ескере отырып, дербес екі шығарма ретінде беріліп, дұрыс шешімін тапты.

Абайдағы өлең өрнегі қазақ поэзиясын сапалық өзгеріске түсірген аса күрделі жаңалық болып табылатын. Ақынның өлең өрнегі сонылық белгілі бір өлшеммен жазылғанын ұлы ақын «Уәзінге өлшеп тізілген». — деп ескертетіні де бар. Осындай тамыры тереңге тартқан дәстүрлерді творчестволықпен пайдалану, үлкен теориялық даярлықпен 7 өлеңнің ұлттық топырағынан нәр алған өлең түріндегі жаңалық көздерін бірден танып кетудің өзі де зерттеушіге оңай болмаған. Осы ерекшеліктен болса керек, Абай мұрасының бірегей білгірі деп танылған М. Әуезовтің өзі де Абай өлең құрылысындағы табиғи қалпын түгелдей, бірден бастапқы түпнұсқа үлгісінде бере алмаған. Мысалы, «Қор болды жаным», «Қатыны мен Масақбай» тәрізді ерекшелігі мол өлеңдер тұңғыш толық жинақта бастапқы табиғи қалпын сақтай бермеген. Бұл тәрізді өлең өрнегіндегі табиғи ерекшеліктер 1939—40 жылдардағы екінші толық жинақта ғана өз қалпына түскен. Мұның өзі жалпы өлең

¹ ЛММА архиві, 355-п.. 112-б.

² Сонда, 40-п., 1-б.

³ Құнанбаев Абай. Өлеңдер мен поэмалар, 41—42-б.

өлшемі жайлы теориялық ойлар мен өлең техникасын, әсіресе, қазақ өлең құрылысына Абай ендірген жаңалықтар табиғатын терең сезініп, қалтқысыз танудан келтуатын қиындығы көп, ескермеген жанға сырттай оңай көрінетін нәрсе екенін аңғартады. Бұл айтылғандардан шығар ой түйіні — Абай өлең құрылысындағы жаңаша сомдалған өрнектер кесгесін өз қалпына келтіру жолындағы ұзақ ізденістер тарихын арнайы зерттеу нысанасына алынуға тиісті күрделі тақырып екенін ескермек керек. Абай өлең өрнегіндегі ерекшелікті тани алмай, өз қалпына келтіру жолындағы қиындықты проф. Ғ. Сағди 1923 жылы-ақ атап өткен болатын.

Міне, Абай өлең кестесіндегі өзгеріс табиғатын терең танып, оны асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолы — ұзақ жылдар бойында М. Әуезов атқарған қажырлы еңбектің нәтижесінде текстологиялық күрделі жұмыстардың бір саласы боп қалыптасты.

6. Өлең жолындағы сөз өзгерістерін анықтау

М. Әуезов атқарған текстологиялық жұмыстардың бір желісі — Абай өлеңдерінде түпнұсқа қалпынан ауытқыған сөздер мен кейбір өлең жолдарындағы өзгерістерді бастапқы табиғи қалпына келтіру жолындағы жемісті еңбегінде жатыр.

Қазіргі күнде түпнұсқа ретінде ұстанып жүрген Мүрсейіт қолжазбаларының үш нұсқасы (1905, 1907, 1910 ж.) өлең тексі жағынан бір-біріне дөп түсіп отырғанымен, бір кісі қолынан көшіріліп жазылғанына қарамай, сөз, сөйлем ішінде, өлең жолдарында, тіпті қара-сөздердің өзінде текстологиялық ауытқулар, өзгерістер ұшырасып отырады. Текстологиялық жағынан қарағанда, бұл көшірме қолжазбалар арасындағы текстік сәйкессіздіктер, әсіресе, 1905 жылғы Мүрсейіт қолжазбасы мен 1907, 1910 жылғы қолжазбаны салыстыра қарағанда айқынырақ сезіледі. Не себепті бір кісі қолынан шыққан көшірме қолжазбаларда текстологиялық өзгерістер орын алады деген сұрауға жауап берудің өзі қиын. Мүрсейіт Абай шығармаларын 1896 жылдан бастап көшіре бастады. Ол Абай шығармаларын асыл түпнұсқадан тікелей көшірумен бірге, кейбір ақын шығармалары оның қолына Абай маңындағы жақын адамдар арқылы жетуі

де мүмкін ғой. Ондай шығармалар жазбаша күйде жетті ме, әлде ауызша жатқа айту жолымен түсті ме, ол арасын атап айту қиын. Немесе бір ғана асыл түпнұсқадан көшіріп отырған болса, не себепті абсолютті түрдегі текстологиялық бірізділік сақтала бермейді? Әйтеуір бізге беймәлім белгілі бір себептердің болуы да мүмкін ғой.

Абайдың кейбір өлеңдері өзінің көзі тірісінде-ақ баспа бетінде жарияланып жатты. Бірақ осы жарық көрді деген шығармаларының өзінде текстологиялық ауытқулар, кейбір өлең жолдары мен өлең текстері елеулі өзгерістерге жиі ұшырайды. Әрине бұлардың бәрі де автор еркінен тыс болып жатқан құбылыстар екенін ескеруіміз керек. Тіпті, 1909 жылғы тұңғыш Абай жинағы Мүрсейіт қолжазбасы негізінде даярланды десек те, кітап болып басыла келе текстологиялық өзгерістер барлығын салыстыра қарасақ, аз да болса сезіледі.

1933 жылғы М. Әуезов қолынан өткен тұңғыш толық жинақ та, әсіресе, сол тұстағы баспа мәдениетінің төмендігі мен корректуралық ұқыпсыздықтан, араб әрпінің сол тұста латын әрпіне ауысу жағдайынан Абай шығармаларындағы көптеген сөздер текстологиялық ауытқуларға ұшырады. Тұңғыш толық жинақтың баспа кінәсынан текстологиялық сапасы төмен боп, сөз кателері кеткенін М. Әуезовтің өзі де ренжи отырып ескертеді¹. Дегенмен екінші рет басылған Абай шығармаларының толық жинағында осындай текстологиялық ақаулықтар өз қалпына келтірілді. Бірақ бұрын-соңды шыққан Абай шығармаларының кезекті басылымдарында акын мұрасы тексті, жазылу мерзімі, емлесі мен тыныс белгісі, өлең өрнектері жағынан канондық бір ізге түспей, кейбір ауытқулардың орын тебуі зерттеушіні көптен бері алаңдатып келген еді. М. Әуезов шығармашылығын зерттеушілердің атап көрсеткендей, тарих, әдебиет саласындағы ауажайылушылықтың кесірінен Абай мұрасының бірегей зерттеушісі ретінде танылған М. Әуезовтің өзі де кейбір Абай басылымдарынан тыс қалып, тікелей араласа алмаған шақтары да бар. Осы себепті, 1952 жылы 27 майда Қазақстан Көркем әдебиет баспасының бас редакторы болып қызмет атқарған Ғали Ормановқа жолдаған хатында: «Абай текстіне бұрынғы баспалардан кіріп жүрген... сөз кателері болушы еді.

¹ ЛММА архиві, 331-п., 152-б.

Бұл қаталықтар 1939 жылы шыққан екі томдық Абай шығармаларында,... 1945 жылғы академиялық басылымында орын алған болатын. Абай текстіне өздерінің әралуан өрескел айшығын салған»,— деп қайыра ескертуінде көп сырдың төркіні сезіліп тұр. Тіпті, 1922 жылы Ташкентте басылған Абай жинағын даярлаушылар автор еркінен тыс кетіп «Абайдың тіл байлығын түгел түсінбей, ақын сөзінің кейбіреуіне өзінше түзеу береді»²,— деп бұрынғы басылған қалпын сақтау орнына, көп жерде ырықтан тыс бұзғанын ескертеді.

Абай шығармаларының асыл түпнұсқа тексі, тіпті, Мүрсейіт қолжазбаларының өзінде біршама өзгерістерге түскені сол қолжазбаларды бір-біріне салыстыра қарағанның өзінде-ақ байқалады. Енді сол Мүрсейіт қолжазбасын түпнұсқа ретінде ұстанып, Абай мұрасын кітап етіп жариялағанда да, редакторлар мен бастырушылар тарапынан жіберілген әралуан өрескел қателіктер орын алып отырған. Осы себептерге байланысты Абай мұрасының түбегейлі бір ізге түскен тұрақты канондық текстің жасау қажеттілігі М. Әуезов алдына ерте кезде-ақ көлденең тұрды. Мұндай ділгірлік зерттеушіден әр кез өз қолымен даярлап бастыратын Абай шығармаларына кірісуден бұрын ұзақ мерзімге созылған текстологиялық жұмыстар жүргізіп отыруға әкелді. Әсіресе, Абай өлеңдерінде жиі ұшырасатын текстологиялық оққылықтар, яғни ауысып не жаңылыс басылып келген сөздер мен өлең жолдарын, шумақтарын, кейбір сөз тіркестерін асыл түпнұсқа қалпына келтіруге есепсіз күш салып, көп уақыт бөліп отырғаны жазушы архивінде сақталып қалған көптеген деректерден³ де ашық байқалып отыр. Текстологиялық жұмыстар көп жағдайда толық жинақтарды баспаға даярлау қарсаңында күшейіп отырған. М. Әуезов қолынан шыққан Абай басылымдарында ерекше сезілетін бір ерекшелік — Абай мұрасын баспаға даярлауда ауызша түрін де, көшірме қолжазба, баспасөз арқылы әр қилы дәрежеде таралған ақын шығармалары тұтас қамтылған. Оларды текстологиялық жағынан салыстыра талдап, сұрыптағанда, Абай мұрасына ғана тән ақынның стильдік ерекшеліктері үнемі басшылыққа алынады.

¹ Сонда, 394-п., 2-б.

² *Әуезов М. Шығармалар. 12-т., 253-б.*

³ ЛММА архиві, 394, 400, 405, 469, 493, 514, 523, 532, 536-п.

М. Әуезов Абай басылымдарын даярлау үстінде әркез 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында асыл түпнұсқа ретінде негіз етіп ұстанып келген. Абай өлеңі ретінде осы қолжазбаға енген «Бар болса білім», «Ғаріпке өзің рахым ойламасан», «Өлеңнің ұйқасы емес іздегенім», «Кәкітайдан білім ап». «Ынтық қасиеттерге», «Мұқамен бір ай жарым ермек қылдым» деп аталатын беймәлім өлеңдер де орын алған. Бірақ осы өлеңдер тобын М. Әуезов үңіле зерттей келіп, Абайдың ақындық ерекшелігі мен өзіндік стиліне, ой сарынына жуықтамайтын туындылар деп қарап, ақын жинағына ендіруді мақұл таппаған. Егер де осы өлеңдер тобы ақын өлеңдерінің табиғатын тамыршыдай танитын М. Әуезов қолына түспей, тәжірибесіз зерттеушіге ұшырай қалса, Абай өлеңдері деп басып жіберуінде күмән жоқ. Тіпті жаңадан ел аузынан табылған Абай өлеңдері деп көп жылдан бері ара-тұра баспасөз беттерінде жарияланып келе жатқан жағдайды еске алсақ та жеткілікті.

М. Әуезов Мүрсейіт қолжазбаларының өзінде де сергек текстолог ретінде үлкен талғам, сыншыл ой көзімен қарап ондағы бірсыпыра өлең жолдары мен кейбір мысал өлеңдерге күдіктене қарайтынын жасырмайды. Әсіресе, мұндай күдік пікір Крыловтан аударылған мысал өлеңдерге байланысты айтылады. Мұндай пікірлер М. Әуезов зерттеулерінде бір ғана айтылып қоймай, қайталанып отыратыны да белгілі. Тіпті, 1952 жылы Абай басылымының қолжазбасына жазған пікірінде Крылов мысалдарынан тек 1909 жылғы басылымға енгендерін ғана алуды мақұлдап, қалғандары күдік тудыруы себепті бой тарта тұруды ұсынатын кезі де бар. Бұлай дейтін себебі: «Абай жасаған аудармамен қатар, өзгелердің аудармаларын бұрын былықтырып қосып жіберушілер жоқ па екен деп көп күдіктемемін»¹.— деп ескертуінен де сезіліп тұр. Тіпті, Мүрсейіт қолжазбаларының өзіне немесе Абай жинақтарында үнемі басылып келе жатқан кейбір шығарма табиғатына соншалықты сергек ой көзімен қараған М. Әуезов өзі тікелей Рахымжан қарияның айтуынан жазып алған Абайдікі деген бір шумақ өлеңді:

Қартаңның жасқа жақпас қайғы ақылы,
Қартаң сүймес жайнақы, жайдарыны.

¹ Сонда, 394-п., 2-б.

Карны шығып, қабағы қалың тартқан
Қасаң келіп қартайр бай катыны¹,—

Абай сөзіне денгейлес кеп жұтынып тұрса да, Абай өлеңі ретінде ендіруді мақұл көрмеген. Мәселе төркінін терең танып, ақиқат шындық көзін іздейтін зерттеуші жоғарыда Мүрсейіт қолжазбасында Абай өлеңі ретінде хатқа түскен бір топ өлеңді ұлы ақын қаламына тән твынды деп таппаған. Ақын өлеңдерінің табиғатын терең танытын М. Әуезов танымы ғана оларды Абай жинақтарында басылып келіп, былығыдан сақтап қалды. Міне, осындай терең таным, ғылыми зерттеу барысында туған ойлы талғам Абай мұрасын тексі жағынан асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолында азабы көп қол байлар текстологиялық зерттеу жұмыстары жүргізілу нәтижесінде, Абай шығармаларының бір ізге түскен канондық текстінің негізі де қаланды. 1945 жылғы Абай шығармаларының академиялық толық жинағы да текстологиялық жағынан М. Әуезовтің кеңес беруімен басылды. Бастырушылар Абай шығармаларына тексі жағынан біршама зерттеулер жүргізіп, кейбір сөздерге өзгеріс ендіруде «Абайдың сөздерін жөндеп беруге басшылық еткен профессор Мұхтар Әуезов»²,— болды деп ескертетіні бар. Ақын мұрасын ұзақ жылдар бойы зерттеу нәтижесінде ақын шығармаларын тексі жағынан өзгеріске түскен жерлерін түпнұсқа қалпына келтіру жолында тынбай ізденген. Абай басылымдарындағы әрбір өлеңді өткендегі басылымдармен, басқа да жазба деректермен салыстыра отырып, әр шығарманың бастапқы табиғи қалпына келу жағын дамылсыз қадағалап, айрықша ықылас қоя ізденетіні соңғы кездердегі 19 өлеңге арнайы жасаған текстологиялық³ талдауынан да көрінеді. Мұнда әрбір өлеңнің бойындағы текстологиялық өзгеріске, өлең табиғатындағы зәредей болса да орын алған ауытқуларға сергек көзбен қарап, ескертулер жасап, өз пікірін білдіріп отырған. Мысалы: «Жігіттер, орын арзан, күлкі қымбат» («пропуск, разночтение. Аса қысқа, көп жолдары жоқ»),— деп өлең тексінде орын алған олқылықтарға нақтылы ескертулер жасаса, кейде ойға оралымды, ақыл сынына қонымды жерлерін қуаттап отыратыны бар. Тал-

¹ Сонда, 496-п., 20-б.

² Құнанбаев Абай. Шығармаларының толық жинағы Алматы, 1945, XXV III б.

³ ЛММА архиві, 536-п., 1-6.

дап отырған өлеңдердің он біріншісіне тоқтала келіп: «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін» — разночтение, шолақ, аяқтары жоқ, бірақ екі жақсы жолы бар: «Наданға айтқан ақыл сол мысалды, Жауғандай тасқа жаңбыр қалар жұқпай»¹,— деп, зерттеуші өзіне тән әдет бойынша, ерекше мән бере қарайтын нәрсесіне қоятын «NB» белгісін соғады. Немесе сегізінші өлең жайлы: «Бүркітші күз болғанда шығады аңға» (разночтение, көп өзгешелік),— деп өлең жолдарында ұшырасатын өзгерістердің молдығы жөнінде пікір айтады. М. Әуезов ерекше көңіл бөліп отырған жоғарыдағы 19 өлең тексі қай жердегі, қандай жазба дерек екені, әзірше, беймәлім болса да, ол өлеңдердегі текстологиялық елеулі ауытқулар мен кейбір өлең жолдарындағы ауыс-түйістер немесе Абайда жоқ жаңа өлең жолдары да қосылып кеткенін бас-басына тоқтала отырып анықтайды.

Абай басылымына өзі тікелей басшылық ете алмай қалған шақта да, оған атүсті қарамаған. Басылымда орын алып отырған текстологиялық олқылықтың жөнделуі жайында өз пікірін жасырмайды. Мысалы, 1952 жылы Абай шығармаларының толық жинағын бастыруда кейбір жансақтықтарды жібермей жөндеу керектігі туралы ойын айта келіп: «Түзеген сөздерім: «Ығы», «ой желке», «жоталы», «салқы», «бол-бол», «ол кісі», «жалғасқан», «болсашы», «үрген ит», «тебіренші», «ысынып», «төмендеп», «желқабыз», «тыюын» деген сияқты бұрынғы баспаларда басқаша айтылып... теріс сөздердің орнына жазылуы»,²— деп бір жолғы басылымның өзінде 14 сөзге орынды түзету ендіреді. Немесе 532-папканың 13-бетіндегі текстологиялық талдаулар Абай шығармаларының текстік жағынан мүлтіксіз шығуына атсалысқан зерттеуші еңбегінің қажырлы әрекетінің тағы бір қырын аңғартады. Осы ескерту жасалған сөздер түгелдей соңғы жылдардағы жарияланған Абай шығармаларында түзетіліп, бастапқы түпнұсқа қалпына келтірілді. Мысалы, 1909 жылғы тұңғыш жинақта «Балалық өлді білдің бе» өлеңіндегі бесінші жол «Кім біледі байғұсты»³,— деп берілген еді. Осы өлең жолын Мүрсейіт қолжазбасындағы өлең жолымен салыстыра келіп, «Кім

¹ Сонда.

² Сонда, 394-п., 2-б.

³ Қазақ ақыны Ибраһім Құнанбайұлының өлеңдері. Спб, 1909, 27-б.

біледі сен кәпір» — деген Мүрсейітте берілген өлең жолын дұрыс деп табады да, соңғы басылымдарда осы өлең жолын асыл түпнұсқа ретінде қалыптастырады. Мұндай жағдайда, әрине, М. Әуезов өз еркіне салып, орынсыз, ақыл сынына қонымсыз өзгеріс ендіруге бармаған. Бұл туралы зерттеушінің өз таным-нанымы, сүйенер басты әдісі, ұстанар жолы болғандығын: «Тұтастай алғанда Абай тексінің дәлдігіне туатын күмәнданулар осы текстің қолжазба, не ауызша таралған нұсқаларының барлық жиынтығына текстологиялық талдаулар жүргізу жолымен арылуға болады... Текстологиялық талдаулар үшін Абайдың творчестволық методы мен индивидуалдық ақындық ерекшелігі негіз бола алады»¹. — деген ой қорытындысы ретінде айтылған пікірі де айғақтап тұр.

7. М. Әуезовтің текстологиялық зерттеулері — ақын шығармаларының канондық тексін жасаудың негізі

Абай шығармаларының текстологиялық жағынан баянша сұрыпталып, бастапқы асыл түпнұсқа табиғатын сақтау жолында М. Әуезов атқарған ұзақ жылдарға ссызылған текстологиялық ізденістерінің бір қырын әр жылдарда жарияланып отырған Абай басылымдарындағы өлең жолдарындағы елеулі өзгерістерден де көреміз.

Тұңғыш толық жинақ соңғы жылдары сан рет басылып қайталанған Абай шығармаларының бәріне де тірек негіз ретінде ұстанатын түпнұсқаға айналғаны бұл күнде талас тудырмайды. 1939—1940 жылдары екінші рет жарық көрген екі томдық Абай шығармаларының толық жинағы да алғашқы толық жинақтың жетістіктеріне сүйене отырып, мейлінше толығып, текстологиялық жағынан жаңа сапа танытқаны жұртшылыққа мәлім нәрсе. Бұл — екінші басылымда, әсіресе, аса құнды естеліктер мен ғылыми танымы жағынан тереңдей түскен түсініктемелер жағы да молыға түсті.

Соңғы жинақ алдыңғымен салыстырғанда текстологиялық жағынан елеулі түрде сапасы артып, өлең жолдары мен өлең шумақтарында, емлелік, тыныс белгілерінде, сөздерде көптеген текстологиялық өзгерістер мен жаңалықтар орын теуіп, сапасы артуда. М. Әуезов зерттеулері шешуші әсер еткені бірден көзге түседі. Осы-

¹ ЛММА архиві, 201-п., 6-б.

ған мысал ретінде сырттай көз жүгірткеннің өзінде алғашқы толық жинақта 35 өлеңге ғана қысқаша түсінік берілсе, соңғы толық жинақта бұлардың саны 89-ға дейін көтеріліп, түсініктемелер мазмұны мен ғылыми сипаты жағынан да байи түскен. Көптеген өлең жолдары, өлең шумақтары қайта тіріліп, қатарға қосылғаны да бар. Мысалы, «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңіне осы жолы екі шумақ өлең жолдары тыннан қосылуы, осы өлеңнің туу себебі мен жазылу тарихын анықтауда жаңадан қосылған өлең жолдары¹ зор көмегін тигізді. Әсіресе, осы өлең жолдарының танымдық жағы соңыра «Абай жолы» эпопеясында мейлінше кең де терең түрде суреттелуі осыны көрсетті. Немесе «Алла деген сөз жеңіл» өлеңнің бастапқы екі шумағы Абай басылымдарында 1939 жылға шейін жарияланбай келсе де, Абай дүниетанымын көрсетуде айрықша мәні бар осы өлеңнің соңғы екі шумағы да екінші толық жинақта алғаш рет тұтас жарияланды.

Абай мұрасын бастырушылар соңғы екі шумақты көпшілікке танытудан не себепті екені белгісіз тартынып келген болатын. Осы өлең жолдарын жарыққа шығару арқылы М. Әуезов Абай дүниетанымындағы түбірлі өзгерістің тереңдей түсіп, Абайдың діні сыншыл ақылдың дініне айнала бастаған процесті түсінуде танымдық мәні зор айғақты деректер көзін ашты.

Екінші толық жинақта көптеген жаңа естеліктер тобы мен қосалқы құнды деректер көзінің барынша молығуы, алғаш рет Абай әндерін анықтап кейбір өлеңдердің жазылу тұлғасын бастапқы табиғи қалпына түсіруі — ақын шығармаларының табиғатын тану жолында қаншалықты тереңдей түскенін аңғартты. М. Әуезовтің өз ескертуінше, Абай романын жазуға біржола бет бұрысымен-ақ яғни 1937 жылдан бастап, ұзақ жылдар бойы өзі жинастырған Абай өмірі мен творчествосы, заманы, сол дәуірде болып өткен әркілы оқиғалар қайта қаралып, сұрыптауға кірісу үстіндегі зор көлемдегі терең даярлықтар — екінші рет басылған толық жинақтың жаңа сапа, соны нышан танытып, текстологиялық жағынан мейлінше толығып шығуына тікелей себепкер болғаны да бар.

Абай шығармаларында текстологиялық жұмыстың жан-жақты ойластырылып жүргізілгенін осы басылым-

¹ ЛММА архиві, 532-п., 1-б.

да арнайы көңіл бөлінген шеттен енген сөздерден де көреміз. Осы сөздердің түп төркінін қуалап, мағынасын ашуға ұмтылған зерттеуші екі жүзден астам шет сөздерге барлық жазуда түсінік жазуы — іргелі зерттеу ісінің нақтылы да айғақты дәлелі десе болғандай.

Абайдың аса зор композиторлық өнері де алғаш рет осы толық жинақ арқылы ашылды. Абай шығарған 16 әннің нотасы арнайы берілді. Абай әндерінің бастапқы айтылу табиғаты қаз қалпында сақталып бізге жетуінде Тұрағұл атқарған тарихи қызметі әлі де өз бағасын алмай келеді. Абай шығармасының асыл түпнұсқа негізінде сақталып, біршама толық жетуінде Мүрсейіт пен Көкбай еңбегі қандай құнды, зор мәні болса, Абай әндерінің де бастапқы табиғи қалпының бұзылмай жетуінде Тұрағұлдың да сондай елеулі де теңдесі жоқ атқарған қызметі бар. Ол өзінің әнші қызы Мәкенге Абай әндерінің табиғи мәнерін бұзбай, келер ұрпаққа бастапқы айтылу қалпын сақтап жеткізу жолында көп жаттықтырады. Соңыра М. Әуезов осы Мәкен айтуындағы Абай әндерін нотаға түсіртіп, Абайдың композиторлық өнердегі өзіне тән қайталанбас ерекшелігі бар әндерінің сол қалпында жетуіне де зор еңбек сіңіреді. Абай және оның балалары, орыс достары мен ақын оқыған мешіт-медресе, үй жайы сияқты түпнұсқа фотодокументтермен де жұртшылық тұңғыш рет осы соңғы толық жинақ арқылы танысып, қаныға бастады.

Абай мұрасын жариялау жолында М. Әуезовтің өз қолымен соңғы рет даярлап, көп күш салған ақын шығармаларының толық жинағы 1957 жылғы екі томдық болатынды. Бұл кезең М. Әуезовтің абайтану саласында ұзақ жылдар бойы жүргізіп келген ғылыми зерттеулері мен творчестволық шығармаларындағы ой толғаныстарын қорытындылаған жылдарына түс келді. Осы себепті де 1959 жылы 8-декабрьде жұбайына жолдаған хатында: «...Осы кітаптың қазақша бөлімінде мен Абай туралы үлкен монографиямды алғаш рет жариялап, осы арқылы өзімнің Абай жөніндегі барлық зерттеулерімді аяқтап отырмын»¹,— деп ескертеді. Міне, осындай зор ғылыми-творчестволық белестен соң, М. Әуезов тағы да өзі ғұмыр бойы қолдан өткізіп, әрбір жаңа басылымында өз үлесін қосып келе жатқан текстологиялық саладағы зерттеулері мен мол тәжірибесіне сүйене отырып, өз

¹ ЛММА архиві, 388-п., 21-б.

өміріндегі ең соңғы Абай шығармаларының толық жинағын бастыруға белсене кірісуі — ақын мұрасының текстологиялық жағынан сұрыпталып, канондық бір ізге түсіп шығуында шешуші мәні бар басылымға айналды. Соңғы толық жинақ ғылыми аппараттармен жабдықталу жағынан да бұрынғы басылымдардағы жақсы дәстүрлерді дамытып, текстологиялық жағынан берілген анықтамалар мен түсініктер сапасы арта түсті. Арнайы текстологиялық зерттеулер жүргізіліп, осы басылымға дейін жарияланған Абай шығармалары мен Мүрсейіт қолжазбасының үш нұсқасы (1905, 1907, 1910 ж.) және т. б. қосымша деректер тұтастай қамтылды. Бұл жылдары Абайдікі деген көптеген жаңа өлеңдер табылып, олардың көпшілігі баспа бетіне шықса, біразы қолжазба ретінде жинақтала бастады. Бірақ осы өлеңдерді Абай шығармасы деп танып, толық жинаққа өндіруге сын көзімен қарады. Абайдың ақындық ерекшелігіне, стиліне, дүниетанымына орайлас кеп, талас тудырмайтын асылдары болмаса, оларды талғамсыз жинаққа өндіру ғылыми танымға жат деп білді. Мәселе Абай шығармаларының аздығында емес, қайта қолда барын жете танып, терең зерттелмеуінде жатыр деген ойға ауысты. Жұрт танып, әдеби қауым мақұлдаған, 1945 жылдан бастап ене бастаған жеті өлеңді ғана «Соңғы жылдарда табылған өлеңдер» деген атаумен (80 жол) өндірді.

М. Әуезовтің тікелей басшылығымен шыққан 1957 жылғы толық жинаққа 7487 өлең жолы мен 46 қарасөздері енді. Толық жинақтың бірінші томына төл өлеңдері ретінде 172 шығарма (5712 өлең жолы), екінші томына аудармалары ретінде 56 шығармасы (1775 өлең жолы) мен қарасөздері берілді.

Абай шығармаларын бастапқы асыл түпнұсқа қалпына келтіру жолында М. Әуезов тарапынан әр жылғы басылымдар қарсаңында аса иждаһаттықпен жүргізілген текстологиялық жұмыстар нәтижесін, әсіресе, Абай шығармаларының әр жылғы басылымдарындағы өлең жолдарындағы елеулі өзгерістерден көруге болады: 1909 ж. жинақтағы Абай өлеңі — 139, өлең жолы — 5399, 1933 ж. толық жинақта Абай өлеңі — 204, өлең жолы — 6580, 1945 ж. толық жинақта Абай өлеңі — 233, өлең жолы — 7255, 1957 ж. толық жинақта Абай өлеңі — 228, өлең жолы — 7487, 1977 ж. толық жинақта Абай өлеңі — 230, өлең жолы — 7495. Бұдан әр басылым сәйін өлең саны молығып, өлең жолдары біртіндеп көбе-

йіп, үстемелеп қосылып отырғаны байқалады. 1909-жыл мен 1957-жыл аралығында Абай шығармаларына 2096 өлең жолы тыңнан қосылғаны көрініп тұр. Мұншалықты орасан көп өлең жолдарының әр түрлі жағдайлар мен себептерге орай қосылып отырғанын айрықша ескерген жөн.

а) М. Әуезов 1933 жылғы толық жинақты жариялауға дейін-ақ 1909 жылғы жинаққа Мүрсейіт қолжазбасында бар, бірақ енбей қалған 17 өлеңді (626 жол) анықтап, жаңадан қосқан болатын.

ә) 1909 ж. жинақ пен Мүрсейіт қолжазбаларына түспеген, бірақ білікті кісілер санасында жатталып қалған Абай өлеңдерін қайта тірілтіп, 45 жаңа шығарма (1086 өлең жолы) М. Әуезов зерттеулерінің нәтижесінде қосылған-ды.

б) 1945 жылы ел аузынан жиналып тағы да 7 өлең (80 жол) жаңадан табылып қосылса, 1977 жылғы жинақта бір шығарма, яғни «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» (8 жол өлең) қосылды.

в) Осы жоғарыда аталып көрсетілгендердің басқа өлең жолдары негізінен М. Әуезовтің Абай өлеңдерінің бастапқы өлең кестесін табиғи қалпына келтіру жолымен қосылғанын көреміз. Бір-екі нақтылы мысал келтірейік: «Қатыны мен Масақбай» өлеңі 1933 жылғы басылымда 20 өлең жолы ретінде берілсе, 1939 жылдан бастап ол өлең өрнегі жағынан бастапқы қалпына келтіріліп, 28 өлең жолымен беріліп келеді. Немесе «Сен мені не етесін» өлеңі 1907 жылғы Мүрсейіт қолжазбасында 48 жолмен, 1909 жылғы жинақта 52 жолмен берілсе, соңыра осы өлеңнің өрнегін тану арқылы ол өлең құрылысы жағынан 14 жолды бір шумақты қайталанбас өзіндік ерекшелігі бар өлең өрнегі ретінде бастапқы қаз қалпына түсірілуі арқылы өлең жолы бірден күрт өзгеріп, 84 жолға көтеріледі. Яғни бір шығарманың өзіне өлең жолы жағынан бірден 36 жол қосылды.

г) Мүрсейіт қолжазбалары мен 1909, 1916 жылғы басылымдарда бар кейбір өлеңдердегі өлең шумақтары белгілі бір себептерге байланысты енбей қалған, немесе біле тұра түсірілген өлең жолдарын қалпына келтіру арқылы жаңадан, тыңнан қосылған өлең жолдары да болатын. Мысалы, «Қараша, желтоқсанмен сол бір екі ай» өлеңі бұрын 7 шумақ (28 жол) көлемінде берілсе, 1939 жылдан бастап осы өлеңнің 6—7 шумақтары (8 жол) М. Әуезов тарапынан жаңадан қосылу арқасында

9 шумақ 36 өлең жолына көтерілді. Немесе «Алла деген сөз жеңіл» өлеңі 1909 жылғы жинақта екі шумақ, 8 жол өлең ретінде беріліп келсе, осы өлең де 1939 жылғы толық жинақта төрт шумақ, 16 жол өлең боп шығарма соңына екі шумақ өлең қосылды.

Бұдан Абай шығармаларының (өлеңдері) осы іспеттес шумақтар арқыты саны артып отырғанын көреміз. Мысалы, 1909 жылғы жинақ 139 шығармадан тұрса, 1907 жылғы осы жинаққа негіз болған Мүрсейіт қолжазбасында рет саны жағынан алғанда, 148 шығарма қамтылғанын көреміз. Бірақ осы қолжазба мен тұңғыш баспа бетін көрген жинақтағы Абай өлеңдеріне зер сала, үңіле қарасак, көптесген жеке шығармалар бір-бірімен қосылып, қосақталып бір бүтін шығарма ретінде кірігіп кеткен жерлері де ұшырасады. Міне, осы олқылықтан алғаш арылтып, әр шығарманы асыл түпнұсқа қалпына келтіріп, өз алдына жеке-жеке, дербес түрде беру нәтижесінде Абай шығармаларының саны 148 шығармадан қазіргі күнде 230-ға жеткенін, яғни жаңадан 82 шығарма (2096 жол) қосылғанын көреміз. Бұл салада да М. Әуезовтің текстологиялық зерттеулері мен терең танымы шешуші роль атқарғаны көрініп тұр.

М. Әуезовтің Абай шығармаларын текстологиялық жағынан жетілдіру саласындағы әрекеті мен ұстанған жолдары ақын мұрасының болашақта біржолата орнығар канондық текстің негізін салып, қалыптасуына шешуші түрде ықпал етті. Тіпті, оның игілікті әсері 1977 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының «Ғылым» баспасынан шыққан Абайдың екі томдық толық жинағында атқарылған текстологиялық жұмыстар нәтижесінен де анық сезілуде. Толық жинақты даярлаушылар жаңадан табылды деген Абай өлеңдеріне Мұхтар Әуезов ұстанған талап тұрғысынан қарай отырып, олардың ішінен бір ғана өлеңді, яғни «Жол көрмек, жоба білмек, жинан кезбек»¹ деген өлеңді ғана ендіруді мақұл тапты. Бұл өлең М. Әуезов қойған талап пен талғамға жауап беруімен бірге ол өлеңнің 1909 жылы март айында Абай атынан басылуы еске алынды. Бұдан шығар ой түйіні — келешекте әлі де талай рет келер ұрпақ тарапынан басылар Абай басылымдарының бәрі де Мұхтар Әуезов ұстанған жолмен жүріп, текстологиялық жағынан ширатыла берері анық.

¹ *Зейнелғабиден ибн Номре әл-Жауһари әл-Омскауи*. Насихат — казакция Уфа, 1909, 8 б

«СЫРЫМДЫ ТОҚТАТАЙЫН АЙТА БЕРМЕЙ» (БІР АВТОЦЕНЗУРА ХАҚЫНДА)

Әрбір кезеңде өмірге келген жаңа ұрпақ алдында өткен айтулы классиктердің шығармаларын жаңадан басылымға әзірлеу және оның ғылыми негізде даярлаған толық жинағын құрастыру үстінде текстологиялық зерттеулер жүргізбей тұра алмайды. Өйткені өз заманында жазушы әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай шығарма тексіне өзгерістер ендіріп, тіпті кей тұстарын қысқартып, автоцензура жасауға мәжбүр болатын жағдайға да ұшырайды. Сондықтан шығарманың тексіндегі белгілі бір орын алған текстологиялық өзгерістердің болмысын танып, сырын анықтауға, оның орын алу себебі мен тарихын ашуға келгенде, жазушы шығармасының төл нұсқасы мен бірнеше рет басылым көрген нұсқаларын салыстырмай отыра алмаймыз.

Мұндайда шығарманың төл нұсқасын баспа бетінде жарық көрген барлық нұсқаларымен тұтас салыстырып барып, екі арадағы айырмашылықтардың сыры анықталады. Яғни заманында жазушы айтайын деген ойын толық жеткізуге, ашып көрсетуге жағдайы болмауы себепті, оған автоцензуралық тәсілді қолдануға мәжбүр ететін саяси-әлеуметтік жағдайлар қысым жасайды. Мұның басты себебі: елімізде жеке басқа табыну мен тоқырау жылдарының кейбір буынды саяси-әлеуметтік мәселелері, әсіресе Қазақстанда шындығын айтып, мағынасын ашып, басты себебін танып білуге қызмет ететін бұқаралық ақпарат құралдары қатаң бақылауға алынды, кейбір проблемаларды жазуға тиым салынды, сынауға болмайтын аймақтар... пайда болды. Бұның, әсіресе қазақ халқының өткендегі рухани тарихына байланысты молырақ орын алғанын ұлтшыл деп таңбаланған ақын-жазушылар шығармашылығының тағдырынан айқын көреміз. Мысалы, осы іспеттес мәселелердің ең қатты тиым

салынған, салаларының бірі — патша үкіметінің отарланған елдердегі бұратана халықтарды рухани қыспаққа алған миссионерлік саясатына байланысты проблемалар болатын-ды.

Бұл мәселе өте күрделі, жымысқы саяси идеологиялық астарлы проблемаларды қамтуы себепті, қазақ ақын-жазушыларының көркем туындыларында, мақала-зерттеулерінде біршама сөз болып, нақтылы түрде көрсетілді де. Бірақ бұл құбылыс негізінен отызыншы жылдардан бастап сталиндік репрессия құрбандықтарына ұшыраған, яғни атын атауға тиым салған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Қошқе Кемеңгеров, Санжар Асфендияров, Жүсіпбек Аймауытовтар мен жартылай ақтандақтарға айналған Дулат, Мұрат, Шортанбай, т. б. туындыларында нақтылы көрінісін берді. Ал олардан кейінгі буын болып саналатын ақын-жазушы шығармаларында бұл мәселе сөз етілмеді десе болғандай. Бірлі-жарымды шет-жағалап сөз етіле қалған тұстың өзінде, алмағайып тағдырға ұшыраудан сескеніп, ат үсті жанама дерек ретінде жәй ғана сипай қамшылап айтылып отырған ерекшелікті көреміз. Бұлардың қатарына Мұхтар Әуезовтың «Абай жолы» эпопеясы мен Ш. Мұртазаевтың «Қызыл жебе», «Симашконың «Қоңырау», Жайсаңбек Молдағалиевтің «Таза бұлақ» романдары жатса, соңғы кезде бұл топқа Ғалым Ахмедовтың «Ескі достар» деп аталатын әңгіме-естеліктері келіп қосылған. Осы туындылардың қатарындағы М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясында ғана ұшырасатын бір автоцензуралық құбылыстың бірегей тарихи астарын ашып түсінудің айтарлықтай танымдық мәні мен тәрбиелік өнегесі жас ұрпақ үшін аса қажетті нәрсе. Өйткені қазақ әдебиетінің классикалық туындысы «Абай жолы» эпопеясы Мемлекеттік және Лениндік сыйлықтың жүлдегері болғанымен, XX ғасырдың ұлы туындысы деп танылған эпопеяның жеке басқа табынудың ызғарлы желі есіп тұрған кезде жазылды. Сол себепті, эпопеяда терең астарлы ойлар жатқанын аса зерек зерттеушілер болмаса, көп оқырманның тани білуінің өзі екі талай еді.

Автор өзінің тар жол, тайғақ кешу кезеңіне толы өмір жолында танып білген кейбір шындық болмысының қатпарын өз қалпында суреттеп беруден бой тартып, оны кейде тезистік желіде, бірде еріксіз автоцензуралық тәсілмен жеткізетін тұстары да ұшырасуы заңды құбылыс.

Автоцензуралық тәсілді қай жазушы болса да жетіскенінен қолданбаған ғой. Мысалы, атақты неміс ақыны Иоганнес Р. Бехер өзінің эстетикалық ой-танымдарын жинақтаған «Опыты» деп аталатын қолжазбасы басылып, гранкісі келгенде, КПСС XX съезі қорытындыларынан туған жеке адамға табыну туралы сыншыл ойларының біразын сызып, қысқартып, өзіне-өзі цензура жасап шығарғаны бар. Иоганнес Р. Бехердің автоцензурасы өзі қайтыс болған соң бұрынғы ГДР-де «Зинд унд форм» журналында жарияланды.

Мұхтар Әуезовте де өз ойында қорытып сомдалған өмір шындығының аса күрделі көрінісін сол қалпында дәл бере алмауы себепті ойларының ең өзекті деген тұстарын қалдырып, оқырман қауымға «ымды білмеген дымды білмейді» деген меңзеумен ғана білдіретін астарлы қабаттары бар. Бұларды жазушы шығармаларын текстологиялық тұрғыдан зерттей келіп, канондық тектің қалыптастыру үстінде зерттеуші ғалымдар мәселеге аса сергек қарап талдай отырып ашпаса, кез келген кісі оған даярлықсыз бара алмайды.

Автоцензура немесе өзіне-өзі цензура жасау деп аталатын әдеби тәсілді жазушы тарапынан көбінесе өзі суреттеп отырған кезеңнің бар шындығын сол қалпында баяндап беруге белгілі бір кезеңнің саяси-әлеуметтік талабына орай ашық айта беруге жол берілмеген тұста қолдануға мәжбүр болады. Осы тұрғыдан қарағанда Мұхтар Әуезовтің бүкіл саналы шығармашылық өмірінің шыңы болған басты туындысы — «Абай жолы» эпопеясы жан-жақты алдын ала терең даярлықпен келіп жазылғанның өзінде автоцензуралық тәсілді қолдануында елеулі мән-мағына жатыр деп қарау керек.

Қалың оқырман қауымға осы мәселенің төркіні анық әрі түсінікті болу үшін М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабындағы «Шайқаста» деп аталатын тарауы мен жазушының әдеби-мемориалды музей үйінде сақталған «Ақындар ағасы» (1949) романындағы осы тараудың «Қазада» деп аталған төл нұсқасында берілген алғашқы қалпымен салыстыра қарап көрейік. Екі нұсқаны қатар салыстыра қарап, ой жібере оқығанда жазушының бастапқы түп нұсқаны текстік жағынан көп өзгертіп, елеулі қысқартулар жасаған әрекетінен автоцензуралық тәсілді қолдану жолын аңғарамыз. Бұл көріністің себебін іздестіре бастасақ-ақ болды «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабындағы автоцензура-

ның бар болмысы мен оның мән-мағынасы толық ашылып, көз алдымызға келеді.

Алдымен М. Әуезовтің «Ақындар ағасы» деген романының «Қазада» тарауының алғашқы төлнұсқасына назар аударайық:

— «Бірақ мен қауымды, халықты ендігі тарихта жақсылыққа, әсіресе, жарыққа бастайтын дін деп білмеймін,— деді.

Жандаралға Абайдың дінсіздігі де ұнай бастады. Оның ойына енді мүлде жаңа бір ниет нық орнаған еді. Кейінгі сөзінде жандарал христиан дінін, соның ішінде православиені барынша мақтап, ұзақ сөйледі.

— Қиргиз сияқты Ресей империясының карамағына келген Сібір бұратана өкілдерінің көпшілігі өз діндерін тастап, шоқынып жатқандарын көп таратып айтты. Және солардың осындай тарихи өзгеріс арқылы ислам дінінде отырған қазақ сияқты елдерден, бұдан былай тез өсетінін, бақытқа тез жететінін баяндап, дін үгітшісі сияқты боп кетті. Бір кезек, бұны үндемей, ойланып тыңдап отырған Абайдан ол үлкен үміт еткендей сөйлеп барады. Абайға ақылшы боп толғанады. Бір ғана Пушкин, Лермонтовтар емес, православие шіркеуінің үлкен ақылды, білімді өсиетшілері бар екенін де айтты. Сол жөнінде Қазанда аты шыққан миссионер Ильминскийді, Түркістанға мәлім миссионер Остроумовты және әсіресе өзімен таныс, Омскіде тұратын әрі ағартушы, әрі зор миссионер Алекторовты да айтып өтті...

Ақмола, Семей облыстарын әкімшілік, әскери, шаруашылық жағынан бір генерал-губернатор билейтін болса, дін жағынан да осы екі облыстың орталығы бір. Оны бір епископ басқарады. Сол епископпен осы қазақ сияқты елді шоқындыру жөнінде бірнеше мәжілісте бұл жандарал сөйлескен-ді.

Екі облысты басқаратын епископ Омск сияқты үлкен шаһарда тұрмай, Семейге келіп, онда да Ертістің екінші жағасындағы қазағы көп Слободкеге «миссия» деген шіркеу салғызып, сонда тұратын. Соңғы жылдар қазақтың жетім балаларын тәрбиеге алып, соларды шоқындырып, өсіріп келе жатқан «ізгілік миссионерлік» деп аталатын әрекеттер бар.

Абайды мүлде теріс ұғынып, шолақ, үстірт таныған жандарал енді әлде бір желіккіш, саяз ойлары бойынша, осы Абайды қазақты шоқындыру жөнінде өзіне көмекке, керекке жаратам ба деген үміт ойлап та қалды...

Мен бұдан былай Құнанбаевтан басқа адам жасаймын. Көрсетілген, Ресей империясына елеулі пайда келтіретін, біздің шіркеуге зор қасиетті міндеттерін атқару жөнінде көмегі тиетін адам етемін!— деп осыдан ары жандаралдық әкімдігіне правоставие шіркеуінің миссионерлік әрекет мақсұтын қосып, ұзақ қиялдап кетті.

Иркут губерниясында, Якут облысында, Батыс Сібірдегі Барабин татарлары арасында, Минусин татарлары арасында жүргізілген буратана елдерді шоқындырудың бірталай мысалдарын айтып өтті. Осы киргиздармен шектес Алтай ойраттарының да өз дінін тастап, христианствоны қабылдап алғанын айтты. Әділетін айту керек, Семейдің әскери жандаралы бұл турада көп дерек жиған, анық мол мағлұматы бар әкім боп шықты.

Сол елдердің шоқынған тарихтарын еске ала отырып, жандарал сондай зор жауапты жұмыста жергілікті беделді княздар мен ру басшыларының, бектердің көп пайдасы тигенін айтты. Кейбір княздарды олардың көп пайдалы істер істегені үшін его императорское величество Петерборға шақырып, үлкен алғыстар білдіргенін айтты. Ол ғана емес, Иркутскінің және Батыс Сібірдің кейбір губернаторларын да осы жолда жақсы ізгілік іс істегені үшін, святейшей синод көп алғыс айтып мақтаған екен. Екі губернатор Петерборға шақырылып барып, көп сыйлықтар алыпты. Аса қадірлі монаршая милость жарияланғанын да жандарал еске алып өтті...

— Өз халқым ортасындағы менің абыройымды, беделімді ұлық дәрежелі әкімде мұншалық ілтифатпен бағалайды деп ойлаған жоқ едім. Және халқыма менің ететін әсерімді осындай жолмен пайдалануды ұлықтар ойлар-ау деп күткен де емес едім...

Менің халқым діндар болмаса да, фанатик болмаса да өздерін мұсылманбыз деп санайды. Оның тарихы, болашағы жақсылыққа ауысып өзгереді, еседі деп үміт еткенде, мен мүлде дніді өзгерту арқылы жақсылыққа жетеді екен деп ойлаған емеспін. Халқым шала мұсылман болса, мен өзім де сондай ғана мұсылманмын. Шала діндар күйінде күн кешемін. Бұл жасқа шейінгі өмірімде дін ұстазы, дін өсиетшісі болып көргенім жоқ. Сөйтіп мен нашар молла болған кісі едім. Енді менен «жақсы поп жасауға болады» деген сіздердің сенімдеріңіз қалайша туғанын әлі аңғарып болғаным жоқ...

Сөйтіп Лосовский Абайды ұта алмай, әзірше, ең алдымен, миссионерлік міндетті алатын Құнанбаев ете

алмай кетті... «(Мұхтар Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі. Папкі № 9, 135—142-б.)— деп жандаралдың аузымен жазушы патша үкіметінің қазақ елін гравославия дініне шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын жүргізгенде, осы саяси мақсат көздеген әрекеттің айтулы идеологы болған миссионер ғалымдардың аты аталып, түсі түстеліп жаңа ұрпақ алдына елуінші жылдар ішінде жаңадан таңбаланып көрсетілуінде мәселенің айсберг сияқты ұшар басы айтылса да, су астындағы мол жағының танымдық зор мәселе екендігін біліп барып анық отыр. Романда жанама түрде болса да аты аталған қасиетті синод арнайы құрып отырған миссия арқылы жүргізіп жаңа дінді ендірудің ірі қайраткерлері: профессорлар Ильминский, Алекторов, Остроумовтар нақтылы аталып, Сібірдегі майда ұлттардың бәрі күшпен шоқындырылып, сол үшін екі генерал-губернатор қасиетті синодтың алғысына бөленген т. б. саяси астары бар түбірлі де тамырлы әлеуметтік мәселелердің көбі түсіріліп, «Абай жолы» эпопеясының 3-кітабында олардың жанама түрде ғана сипай соғып қайта жазылуында қандай себептер жатыр?

Әуелгісінде «Қоршауда» («Қазада») деген атпен берілген тарауда «миссия» жайлы саяси-идеологиялық астарлы мәселе жандарал мен Абайдың арасындағы әңгіме үстінде берілген. Осында айтылған нәрселердің бәрі де «Абай жолы» эпопеясының қайтадан жазылған үшінші кітабында «Шайқаста» деген тарау арқылы суреттелгенде жазушы тарапынан автоцензуралық тәсіл қолданылған.

Мұны танып қанығу үшін алғашқы төлнұсқа мен «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабындағы «Шайқаста» деген тарауында айтылған оймен салыстыра қарайық: «...Павловтың өзі де, орыс патшалығы да православный шіркеу ұстаздары қазақ, татар сияқты елдерге қандай өрескел істер істейтінін жақсы біледі. Оған және Павловтың өзі де, дос тобы да өзгеше қарсы екенін Абайға білдіру керек.

Сонымен Павлов ең әуелі патшалық ісін сынады.

— Имамдар, байлар қаланың кедейлерін, қырдың қаранғы халқын алдайды, адастырады. Оларға көзге шұқып тұрып көрсетіп, нені айтады? Мынау почтаның қасында, қаланчаның жанында тұрған ақ шіркеуді көрсетеді. Онда кім бар, не бар? Бұл шіркеуді «миссия» деп атайды. Ал осы миссияда кімдер тұрады? Үлкен дін ба-

сылары тұрады. Анау Омскідегі генерал-губернатор дәрежесіндегі Акмола, Семей екі облысының дін басысы — епископ Андриан осы қазағы көп Слободка қаласына әдейі кеп орнаған. Неге? Қазақтың, татардың халқын «шоқындырамын» деп келіп отыр. Осы жөнінде Павлов Абай білмейтін миссия ішіндегі көп сыр мен жайларды айтты.

Ақ шіркеудің жанында школ да бар екен. Соған... пана­сыз жүрген жас жетім балаларды алады. Бұл күнде отыздан аса қазақ, ноғай балаларын шоқындырып, оқы­тып тәрбиелеп жүр,— деді...

Ивашкин... жетім бала Мекешті... миссияның интер­натына береді... жаңағы балаға Бутин деген фамилия беріпті. Мекеш деген атын жоғалтып Михаил, Мишка деп ат қойыпты (*Жиырма томдық шығармалар жинағы, Алматы, 1980. 6-т, 363—364-б*),— деп, қазақ елінің ру­хани ой көзіне айналған Абайдың өзі әлі де көзі жетіп сезіне алмаған, сезінсе де патша үкіметі саясатының отарланған бұратана елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру тәрізді өте жасырын, құпия түрде жүргі­зіліп отырған империялық саясатының астарына бойлай алмаған. Миссия деп аталған діндар ұйымының бұрата­на халықтардың бірі қазақтарды шоқындыруға бет ал­ған патша саясатының түп төркіні мен басты мақсатын жете біліп отырған Павловтар тобы миссионерлік әре­кеттің мән-мағынасы мен көздеген түпкі мақсатын Абай­ға жанама түрде болса да сездірген әрекетін аңғара­мыз. Өйткені қазақ ағартушылары: Шоқан, Ыбырай, Абай — Ресей империясының жасырын түрде астыртын жүргізілген миссионерлік саясатын әрқайсысы әрқилы тұрғыдан танып білген. Ол туралы шындықты әртүрлі жасырын не ашық деректер көзінен хабардар болып отырған. Мысалы. Шоқан бұл миссионерлік саясатқа на­разылық білдіріп, оны сынай караған. Ыбырай Алтын­сарин болса, миссионерлердің идеологтарымен тікелей араласып, оларды өзінің ағартушылық жолына дипло­матиялық әдіс-айла тұрғысынан қарым-қатынас жасап, ретіне қарай пайдаланған. Ал Абай болса бұл мәселені сезінгенмен, мәселенің түп төркінін дөп басып тани бер­меген сияқты. Осы себепті де М. Әуезов миссионерлік саясаттық құпия сырын Павлов арқылы жеткізудегі көр­кемдік әдісті өз танымы тұрғысынан беруді мақұл тап­қан. Яғни осы тәсіл арқылы сыртқа шығаруды, оқыр­манды ойға қалдыруды мақсат еткені байқалады.

Жазушының эпопеяда осы эпизод арқылы патша отаршылдарының қазақ елінде жүргізген әрі шым-шымдап, біртіндеп ендіре бастаған миссионерлік саясаты жайында аса бір өзекті де кезеңді саяси-идеологиялық күресінің астарлы қыртысын Абай мен Павлов арасындағы әңгіме-кеңес арқылы сездіре кетуі сергек ойлы әрбір оқырманды көп нәрсеге меззейді. Әрине, жазушы екі арадағы әңгіме арқылы патша үкіметінің, әсіресе, ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап ұсақ ұлттарды православия дініне шоқындыру жайындағы ішкі саясатының басты бағыт-бағдарын миссия ішіндегі көп сырлардың қатпарларын меңзеу арқылы білдіріп отырады.

«Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабынан келтірілген жоғарыдағы үзіндіні жазушының өз архивінде сақталып қалған жазбасының төл нұсқасымен салыстырғанда екі арада үлкен өзгешелік барлығы бірден көзге шалынады. Қолжазбаның түп нұсқасында көп нәрсе өз атымен аталып, нақтылы фактілермен дәл көрсетілген. Тіпті қазіргі зиялы қауымның өздері миссионер оқымыстыларға құлдық ұрып табынып жүргені де, әсіресе орта және жоғары оқу орындарындағы оқулыққа еніп кетуі бүгінде жасырып қалар сыр емес, ащы шындық. «Абай жолы» эпопеясының үшінші кітабы ретінде жазылған әрі алғаш рет жарияланған нұсқасы «Ақын аға» (1951) романында миссионерлік әрекет пен оның идеологтары Ильминскийдің, Остроумовтың аттары нақтылы аталып, олардың негізгі көздеген мақсаты мен атқарған қызметі таңбаланып көрсетілуінде елеулі мән-мағына жатыр. Алғашқы төлнұсқада айтылған ойлардың көбі түсіріліп, жұмсартылып әрі жандарал мен Абай арасында болған әңгіме енді Павлов пен Абай сұхбаты арқылы беріліп, басқаша сарын, яғни елеулі түрдегі текстологиялық өзгерістерге ұшырағаны анық сезіліп тұр. Оларды танып білген сайын тарих сабағынан тағлым берер кеменгер жазушының терең танымына, саналы түрдегі азаматтық батылдығына таңданбасқа болмайды.

Жазушы төлнұсқа мен «Ақын аға» романының «Коршауда» («Қияда») тарауында өз ой-пікіріне, ой-танымына автоцензура тәсілін нақтылы түрде қолданбаса да, айтар ойына қарауыл қойып, сақтана суреттеген жағын да еске алмасқа болмайды.

Уақыт ызғары солай етпесіне ырық бермейтінін жазушы жақсы түсінген. Болмаса ұзақ жылдар бойы өзі көзімен көріп, күнделікті өмір ағысында бетте-бет кез-

десіп, әрі ұстаз тұтқан ағаларының (А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, т. б.) мақала зерттеулері мен көркем туындыларында біршама желі тартып, анықталып қалған шындықты қай тұрғысынан болса да ағылтып-ағылтып алуына терең танымды ой қуаты мен шеберлік өнері де жетерліктей еді. Қолжазбасының алғашқы түп нұсқасында автор мемлекеттік тұрғыдан алға қойылған миссионерлік саясаттың идеологтарын бас-басына атап көрсетуінде көптен қордаланған, танып-білген ой төркіндерінің арналы желісінің өзекті де буынды тұстарын ғана ишаралап жеткізуді көздегені бергек оқушыға сезіліп-ақ тұрады. Бұны аңғару үшін белгілі миссионер ғалымдар туралы бұрын-соңды жазылған еңбектер мен архив қазынасында қозғалмай жатқан деректі мағлұматтарға назар аударсақ, ол ғалымдар туралы қазіргі қазақ әдебиеті тарихына беріліп келе жатқан атүсті, зерттелмей, көз жеткізбей айтылған жалаң мақтау сөздердің, жалған бағалардың бәрі де бір жақты, яғни жаманын жасырып, жақсылығын асырып бүркемеленуі бүкіл қоғамдық ойды шындыктан сырт айналдырып, жалған ұғымға түсірген ой танымдар үстемдік етіп келе жатқаны жалған емес, ашы да болса шындық.

Бұл мәселеде кейбір зерделі деген қалам қайраткерлерінің өзі осы жалған, теріс ұғымның тұтқынында қалып, қолдан қалыптастырған ғылыми негізі жоқ, жасанды, қате танымның шеңберінен шыға алмай қалуы көп нәрсені аңғартса керек. Ал Қазақстандағы бүкіл мектеп жастары мен жоғары оқу орындарындағы студенттерге арналып жазылған әдебиет, тіл, тарихтың оқу құралдары да осы ғылыми негізі теріс жалған танымды әлі де талшық етіп малданып келе жатқаны көп нәрсені аңғартса керек-ті. Осы себепті бұл өзекті мәселені тарих және архив деректері негізінде толық ашып мән-мағынасын айқындап беру-қалың оқырман танымын ақтаңдаққа айналған саяси мәндегі шындықпен таныстырып өту аса қажетті буынға айналмақ. Осы себепті енді оның тарихына қысқа шолып тоқтала кетуді мақұл тапқанда оқырманнан өтінеріміз айғақты дәлел ретінде архив мағлұматтарынан үзінділерді молырақ қамтып, түп нұсқа қалпында беруді қажет деп білдік. Нақтылы тарихи дәлелдерсіз, архив мағлұматынсыз тұжырым айту да, ой тұю да қиын болмақ.

Романовтар династиясы билік еткен бүкіл Ресей патшалығының ғасырлар бойы жүргізіліп келген ішкі,

сыртқы саясатының негізгі бағыт-бағдары отарланып алынған елдерді дінге шоқындыру арқылы орыстандыру саясаты және де оны жүзеге асырудың ең ұрымтал буыны отарланған бұратана елдердің ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазу таңбаларын, яғни алфавитін өзгерту, оны кириллицаға ауыстыру саясаты тым ертеректен басталғанын көреміз. Өйткені ескі жазуын өзгерту — олардың тарихи есінің сақталу дәстүрі мен тарихынан қол үздіру арқылы идеологиялық мәңгүртке айналдыру — отаршыл үкімет атаулының негізгі мақсаты болып табылатыны ортақ құбылыс. Бүкіл тарих тәжірибесі мұны айғақтап отыр. Қолда бар деректердің мәлімдеуінше, 1719 жылы бұл мәселе сенатта Еділ бойы қалмақтарына орай қаралып, мақұлданған болатын.

Ал қазақ даласында патша билігінің үшінші кезеңі деп саналатын «жаңа низам» ережесін ендіру алдында Ресей империясы қазақ жерін мемлекет меншігі деп жариялады. Қазақ елінің жерінде бір жағынан Қытай империясы, бір жағынан Ресей империясының шекарасы ресми түрде белгіленіп, картасы сызылып бекітілген соң, патша үкіметі бұрынғы уақытша ислам дінін тарату саясатынан бас тартып, 1862 жылдан бастап ресми түрде қазақ халқын шоқындыру, сол арқылы біртіндеп орыстандыру саясатын ашық жүргізе бастады. Бұл, әрине, тамыры, түп төркіні арырақта жатқан дәстүрлі саясат болатын.

Қазақстан жері түгел отарланып, халық бодандыққа ұшыраған соң, кең-байтақ қазақ даласын экономикалық және идеологиялық жағынан меңгеру мәселесін патша үкіметі күн тәртібіне қойды. Бұл үшін қазақ елін өз мүдделері тұрғысынан билеп-төстеудің саяси жаңа амалдарын алдын-ала ойластырып, көп жылғы ғылыми зерттеулер мен «бейбітшілікті» бүркенген экспедициялар арқылы халықты билеудің жаңа жүйесі — территориялық принципке негізделген көп сатылы болыстық сайлау жүйесі ендірілді. Мұның өзі қазақ даласын бірыңғай билік жүргізу үшін үкімет арнаулы «дала комиссиясын» құрып, қазақ елін алдын-ала жан-жақты зерттеп барып келген елеулі түрдегі саяси-элеуметтік қорытындысы болатын. Бұл мәселенің түбірлі зардабын қазақ интеллигенциясының алғашқы тобы, яғни өмірі мен шығармашылығы көп жылдар бойы ақтандаққа айналған ақын-жазушылар терең сезініп, қарсылық білдірген де еді. Патша өкіметі тұрғысынан жүргізіліп отырған орыстан-

дыру мен шоқындырудың комплексті шараларын өз көзімен көрген Жүсіпбек Аймауытов: «...Қазақтың жерін тілгілеп, келімсек мұжықтарға аударып бере бастады, тілін бұзуға, дінін бұзуға аулный школ, миссионерлер таратты, әдет-ғұрпын, салт-санасын өзгертіп, орысқа бас игізуге жаңа закон, мировой судья, крестьянский начальниктер шығарды. Қазақты ішінен тоздыруға сайлау, штат деген шырға тастап, өзді-өзін жұлыстырып, қыркыстырды», — деп көрсетуі арқылы-ақ халықтың мойнына түскен тауқыметтің түп төркінін дәл көрсетіп берді. Яғни сезімтал жазушы қазақ елінің тағдырына қол салып, жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтырудың ызғарлы лебі қайдан соғын гұрғанын сана-ла түрде біліп, сезіп отыр.

Әрине, бұл комплексті тұрғыдан қойылған саяси-әлеуметтік әрекеттерді жүзеге асырудың шешуші кілті Екінші Александр патшаның 1865 жылы 5 шілдедегі арнаулы раскриптінде жатыр. Өйткені ресми саяси құжат ретінде осы патша қолымен жазылған раскриптіге сүйене отырып, екі нәрсеге айрықша назар аударылды. Оның бірі — қазақтардың бәрін бірыңғай билеп-төструдің жаңаша жүйесін жасап, яғни «жаңа низам» деп аталатын ережені 1867 жылдан бастап өмірге нақтылы түрде ендіру мақсаты көзделді. Екіншіден, қазақтарды келешекте православия дініне ендірудің бар мүмкіндіктерін қарастыру арқылы көздеген орыстандыру саясатының түпкі мақсатына меңзейді.

Өткендегі сыр бүгіп жатқан тарих қатпарларына үңіле қарар болсақ, патшалы Ресей империясы өз қол астына енген көп тілді бұратана халықтардың ғасырлар бойы тұтынып келе жатқан жазуы мен діни нанымын істен шығарып, мүлде шоқындырып жіберу саясатын тым ерте күннен бастағанын XIV ғасырдағы шуваш, мордва, коми халықтарының тарихынан көреміз. Мысалы, коми халқынан шыққан священник Стефан 1383 жылы эпископ дәрежесіне көтерілді. Ол орыс графикасы негізінде коми алфавитін жасап, миссионерлік қызмет атқарды, немесе XVI ғасырдағы Ресейдегі Қасым хандығының соңғы мұрагері Сайын Болатханның шоқындырып, өз атын өзгертіп Самсон атанғаны да тарихтан белгілі жәйт. Өйткені шоқынған бұратана атаулының ата-анасы қойған есімі міндетті түрде өзгертіліп, оның аты мен фамилиясы жаңадан орысшалап қойылатын дәстүр сол тұста-ақ қалыптасқандығын аңғартады.

Ресей патшалығының ең сенімді идеология майданының ең белсенді тобы миссионерлердің бар амал айласы, күш-қуаты татар халқын шоқындыруға жұмсалғаны тарихтан мәлім. Бұл мәселені түпкілікті жүзеге асыруды миссионер ғалым Ильминский қолға алды. Осы күрес үстінде ол кертартпа ресми педагогиканың өкілі ретіндегі өзі жасаған педагогикалық миссионерлік жүйесін татарларға ендірді. Ильминскийге дейін-ақ 1802 жылы қарулы күшпен шоқындырылған он мыңдаған татарлар православие дінінен бас тартып, өз дініне қайта бастады. Ал 1803 жылы Қасиетті синод татарларды қайта шоқындыруға бұйрық берді. Дағыстандықтарды шоқындыруға шет ел миссионерлері келіп араласты. Ал Ильминский болса шет елдік миссионерлердің осы салада жүргізген жұмыстардың тәжірибесін үйреніп, үлгі алу үшін шет елдерге жіберілді. Өйткені бұл кезде патша үкіметінің дінге ендіру, орыстандыру саясатының әрекет өрісі көлемі жағынан кеңейіп, бүкіл Сібір, Кавказ, Волга бойы халықтарын тұтас қамтыды. Ендігі әрекет өрісінің ауқымында алдымен қазақтар, артынша Орта Азиялық халықтар тұрды. Бірақ бұл өлкенің өзара ерекшелігіне орай орыстандыру, шоқындыру үрдісі жағдайға, уақытына, халықтың діни наным мен салт-дәстүріндегі ерекшелігін еске ала жүргізілді.

Әсіресе миссионер ғалымдар алдымен қазақ елінің рухани болмысы мен өткендегі тарихи жолын, психологиясын, мінез-құлқын, салт-сана дәстүрінің ерекшелігін, билеу жүйесін, яғни өздеріне қажет буынды да ұрымтал тұстарын терең барлап зерттей отырып, миссионерлік саясатының стратегиялық негіздері мен тактикалық әдістерін, мақсаттарын анықтап отырды.

Миссионерлер алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен бөлектеп ұстауды, араластырмауды мақсат етіп қойды. Себебі татарлар қазақ арасындағы мектеп, медреселерде сабақ берді, дін таратты, кеңсе жұмыстарын атқарды, тілмаштық қызмет ету істерінің бәрі де солардың қолында болды. Екіншіден, қазақтар татарларға қарағанда ислам дініне наным осалдау, оларда ескі шамандық наным мен мұсылмандықты қосарлана пайдалану жағы басым жатты. Яғни сырттай қарағанда мұсылман болғанымен, өздерінің күнделікті тұрмысында ата-баба жолы мен әдет-ғұрпы, салт-сана дәстүрі басым жатты. Қазақтардың осы қос дінділік ерекшелігін, мұсылмандықтан алыстау жатқандығын

тілті Орта Азиялық автор Рузбехан өзінің «Бұхара мейманының жазбасы» деген еңбегінде: «...қазақтар әлі күнге дейін пұтқа табынады. Олардың садағат қайталанғаны түкке тұрғысыз. Сондықтан намаз оқығанына карамай қазақтарды көпір деп таныған жөн. Олар әлі күнге дейін күнге табынады... Өздерінің жерінен өткен мұсылмандарды мазақ қылады» (*Прошлое Казахстана в материалах и источниках. Алма-Ата, 1935, с. 103—104*).— деп жазып, қазақ елінің мұсылмандық нанымға осалдығын арнайы түрде көрсетуі, әрине, тарихи шындық еді.

Осы Рузбехан айтқан ерекшелікті патшаның билеушілері мен миссионер ғалымдары ерте сезініп, өз мақсаттары жолында пайдалану үшін әрекет ете бастады. Бұлай етуінің бір себебі олармен шекаралас әрі тығастас таза шамандық нанымдағы Сібір бұратаналарын тез арада зорлықпен православие дініне ендіру жолындағы тәжірибелері де болатын. Ресей империясына қараған түркі тілді халықтардың арасында сан жағынан басымы да, жер көлемі жағынан үлкені де қазақтар болып келуімен отаршылдар мен миссионерлер санаспай тұра алмады. Бұл кең-байтақ өлкені экономикалық және идеологиялық жағынан тезірек меңгеріп алудың саяси зор мәні барлығын олар жақсы түсінді. Мысалы, өте құпия деген гриппен белгі соғылған Ақмола генерал-губернаторы жазған ресми катынасында: «...Киргизы хотя и называют себя мусульманами, но в своей частной жизни, как религиозном, так гражданском и нравственном отношении они не руководствуются ни кораном, ни шариатом и никакими другими постановлениями магометанской религии, а своими народными обычаями... Будучи незнакомы с магометанским, учением киргизы чужды фанатизма, легко уживаются с русскими» деген ұсыныс жасауында көп нәрсенің астарлы сыры жатыр.

Дін жолына көбірек шалынған татарларды шоқындырудан айтарлықтай нәтиже шығара алмаған Ильминский, жоғарыда айтылған қазақтардың мұсылмандық нанымға қалай болса солай карау ерекшелігін еске ала отырып, 1872 жылдан бастап Казаннан Орынборға қызмет ауыстырғының басты себебі де осында жатыр.

Жалпы отарланған халықтарды біртіндеп орыстандыру, шоқындыру мақсатын патша үкіметі ерте кезден бастап-ақ ойластырғаны 1731 жылы Сенатта Волга бо-

йы халықтары үшін арнайы түрдегі «Новокрещенская контора» дегенді құруымен де айқындала түседі.

Ал қазақ жері тұтас отарланып Қытай мен Ресей арасындағы шекаралық жік анықталып бекітілісімен-ақ қазақ жері мемлекет меншігі деп жарияланып, отарланған кең өлкеге орыс шаруаларын орнықтыра бастады. Өйткені патша өкіметінің отарлау саясатында сыннан өткен ең сенімді әдісі — орыс шаруаларын мүмкіндігінше көбірек қоныстандырудың айтарлықтай саяси мәні барлығын генерал-губернаторлардың бәрі де жақсы білген. Түркістан өлкесін арнайы тапсырмамен жыл жарым бойы аралаған ерекше істің чиновнигі, кейін Ресей империясының Ішкі істер министрі болған Л. Л. Половцев Жетісудың атакты генерал-губернаторы Колпаковский «қазақтарды орыстандырудың аса қажет екендігін алғаш рет анық түсінген еді», — деп арнайы түрде атап көрсетуі жай нәрсе болмаса керек. Өйткені келешекте Түркістан өлкесін шоқындыру ісіне кадр даярлау үшін Ыстық көл мен Николевкада (Ташкент обл) жергілікті ұлдары мен қыздарын жинап ерлер мен әйелдер монастырын ашқан, генерал-майоры Колпаковский бұл әрекетті қызу қолдап, ақшалай қаржы бөлетінін мәлімдеуі, қуаттап сөз сөйлеуі де белгілі мақсаттың диірменіне су құудың өзі болып шығады.

Жалпы Ресей империясының орыс емес халықтарды күшпен орыстандыру жолында ұстанып келген саясатының өзекті желісі қайда жатқанын РСДЖП-ның X съезінің қарарында: «...Бұл халықтар жөніндегі патша өкіметінің саясаты, помещиктер мен буржуазияның саясаты олардың арасында қандай да болса мемлекет рухын жою, олардың мәдениетін бүлдіру, тіліне қысым келтіру, оларды надандықта ұстау және ақырында оларды мүмкіндігінше орыстандыру саясаты болды» (*КПСС съездерінің, конференцияларының және Орталық Комитет пленумдарының қарарлары мен шешімдері. Алматы, 1985, 1-бөлім, 595-б.*), — деп арнайы түрде көрсетіп өтуінде үлкен мәселенің түбірлі мағынасы жатыр. Өйткені 1797 жылы келешек миссионер кадрларды даярлауға айырықша мән беріліп, Қазан рухани академиясының ашылуы, арнайы түрдегі «орыстандыру палатасы» мен «переселенческий контораның» дүниеге келуі — бәрі де алысты көздеген әрі жан-жақты ойластырылған үстем тап идеологиясы мен жүзеге асырар саясатының нақтылы көріністерін береді.

Патша өкіметінің ұстанған осы саясатының негіздерін жүзеге асыру саласындағы әрекет өрісінің жүйесіне және де оның өзекті салаларына ой көзімен қарар болсақ, олардың өзі бірнеше буынды бөліктерді қамтиды.

1

Алдымен империядағы көп тілді бұратана халықтарды түгелдей шоқындырып, орыстармен кіріктіріп жіберу мәселесіне шешуші мән берілді, яғни оларды тілі мен дінінен ажырату арқылы орыстандыру саясатын ұстанды. Осы мақсат тұрғысынан келіп 1869 жылы Мәскеуде арнайы түрде миссионерлік қоғам ұйымдастырылып, оған осы саяси идеологиялық мәселені жүзеге асыру міндеті жүктелді. Әрине, патша үкіметі көп тілді халықтарды орыс халқымен кіріктіріп жіберу үрдісін күшпен ассимиляциялау арқылы жүргізуге бағдар алғанда, бұл істегі ең шешуші әрі ең әсері мол күш деп отарлаудың ең сыннан өткен сенімді тәсілі қоныс аударушыларға көп үміт артылды. Осы тұрғыдан келіп 1868 жылы «Переселенческий комитеттің» құрылып, қызу іске кірісуі миссионерлік әрекетті қатты жандандырды. Мұндай құбылыс АҚШ-та 1824 жылы Бюро Дело Инородцев деп аталған еді

Орыстандыру саясатын тікелей осы комитетпен ұштастыра жүргізу қажеттігі анықталып, бұл іспен тікелей айналысатын арнайы түрде құрылған «Обрусительная палатаға» тапсырылды

Ресей империясының бұратана халықтарды отарлаудағы ең сенімді әрі нәтижесі тез көрінетін әдісі — водворения, яғни орыс шаруаларын бұратана халықпен араластыра қоныстандыру, мүмкіндігінше қоныстанушылардың санын жыл өткен сайын молықтырып отырудың саяси астарын жақсы ұғыну себепті де, бұл мәселеге шешуші мән беріле қаралды. Шоқындыру, орыстандыру мәселесі де осы әдіс арқылы жүргізіліп келді (*Воцинин В. Очерки нового Туркестана. СПб. 1914, с. 77*). Бұл саяси әрекетті қазақ жеріндегі генерал-губернаторлардың бәрі де жергілікті жердің тарихи ерекшелігіне сүйеніп отырып аспай-саспай әрі өте сақтықпен толассыз түрде біртіндеп ендіру арқылы жүргізуді көздеді.

Бұл мәселе патша үкіметінің ең дәстүрлі әрі кең тұрғыдан алдын ала ойластырылып келіп қолданған саясаты болды. Мұның, тіпті декабристердің көрнекті өкілі

П. И. Пестель тарапынан да қолдау тауып: «...барша халықтардың бір халық түзіп, Ресейдегі мекендегендердің барлығы орыс болуы тиіс» («Русская правда», СПб. 1906, с. 77),— деп жазуы бұл түбірді де дәстүрлі мәселенің саяси астары, тарихи тамыры қайдан келе жатқанынан хабардар етсе керек

Бір ескерер жәйт «слияние нации и народности» деген терминдік мәні бар ұғымның о баста миссионерлердің еңбектерінде қолданыс табуы ойға қалдырады. Жеке басқа табыну, тоқырау жылдарында осы термин сөздер кеңестік баспасөз бен информациялық құралдарында да тілден түспей, бірақ шын мағынасы терең ашылмай, мақсаты талданып ғылыми тұрғыдан зерттелмей қалып жатты. Ал идеологияның басында отырған М. И. Суслов КПСС ОК-нің хатшысы ретінде халықтардың, олардың тілі мен мәдениетінің кірігіп кеткіне күш салғанын Саяси бюроның мүшесі болған Шелест: «...он очень настаивал на быстрейшем слиянии наций, и их языков и культур» («Аргументы и факты», 1989, № 2, с. 5—6),— деп арнайы түрде атап көрсетуінің мән мағынасы біз біле бермейтін, танылмаған қатпары мол, тереңде жатқан бүркемелі ұғымдар болатын. М. И. Сусловтың тікелей қолдауымен ол терминдер қайта жанданып, жасанды интернационализм ұғымының жаңа жамылып шыға келуі себепті де, бұл мәселеге сын көзімен қараған жазушы С. Барауздин: «...они начались со времени Сталина, который всячески форсировал процесс слияния наций и народностей. Хотел он того или не хотел, но в определенной мере это вело к русификации» («Дружба народов», 1988, № 12, с. 226),— деп жазуында әсіресе қазақ әдебиеті тарихында орын алған асыра сілтеулер мен бояма ұғымдардың төркінін дәп басып көрсетіп тұрғандай сезімде қаламыз. Өйткені Түркістан мұғалімдер семинариясының жиырма бес жылдық мерекесінде жасаған баяндамасында: «Русско-государственные задачи и стремления нашего отечества по отношению и инородцам состоят, в обрусении... еще другая задача — способствовать слиянию киргиз с русскими в один целый политическо-государственный организм» (*Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1904, с. 25*),— деп тайға таңба басқандай етіп, негізгі саяси мақсатын ашық айтуы арқылы-ақ мәселенің мемлекеттік тұрғыдан қойылып стырғанын паш етіп тұр.

Жоғарыда айтылып өткен мәселені жүзеге асырудың екінші бір саласы — Ресей империясының халық Ағарту министрлігі мен миссионерлердің шет аймақтағы бұратана халықтар арасында ашылатын, бірақ негізінен миссионерлік мүддені көздеген аралас мектептерге ерекше мән берілді. Мұны тіпті революцияға дейінгі отарланған өлкелерде ашылған аралас мектептер тарихына ой жүгіртсек те көп нәрсенің астарлы сырына қаныға түсеміз.

Отарланған халықтарды орыстандырудың шешуші кілті, нәтижелі құралы — аралас мектеп немесе әртүрлі саяси-әлеуметтік жағдайларға орай ашылып отырған мектептер түрі мен кейбір кәсіптік оқу орындары болуы керек деп ұйді. Осы себепті патша үкіметі орыс емес халықтар үшін мектептер ашқанда, оларды сауаттандырып, ғылым-білімге тарту үшін емес, керісінше өздерінің күнделікті саяси-әлеуметтік мұқтажына қызмет етер төменгі дәрежелі қызметкерлер даярлау мақсатымен ашып отырған. Бірақ осы іспеттес шет аймақтарда ашылған мектеп атаулының бәрі де миссионерлік мақсатты мықтап ұстағанын өте құпия деген белгі соғылған Ағарту министрлігінің арнаулы нұсқауында да аталып өткен. Онда: «...народное образование на окраинах русской державы есть совего рода миссионерство... миссионерство есть своего рода духовная война, воюющие стороны никогда не разглашают своих планов»,— деп жазылып, өздері ерте бастан-ақ алдын ала ойластырылған әрі өте сақтықпен жүргізіп келген ағарту жұмысындағы миссионерлік саясатын шама келгенше бұратана халықтардың алдыңғы қатарлы өкілдеріне сездірмеуге тырысқан. Мектеп арқылы жіңішкелеп өткізілетін миссионерлік әрекеттеріне алдамшы жамылғы бүркемелеп, елеусіз түрде біртіндеп сіңіруге ұмтылған мақсатының мән-мағынасын осы құпия нұсқау әйгілеп отыр.

Патшаның отаршыл әкімдері қазақ даласында ашылған оқытушылар семинариясы мен орыс-түземдік мектеп дейтін аралас мектептер атаулының бәрін де шамаға қарай миссионерлік ағартушылық мақсатта ұстап отырған. Ал Ресей патшалығына қазақтардан кейін қосылған бүкіл Орта Азия халықтары арасында ашылған аралас мектептердің бәрі де осы нұсқау талабы тұрғысынан қызмет атқарғанын: «...в Туркестанском крае был намерен держаться обрусительной политики при посредстве

русской школы» («Народное просвещение, 1906, № 2, с. 10). — деп атап көрсетілуінде де мәселенің саяси төркіні қаншалықты тереңдеп жатқанын жасырмайды, ашығына кетіп отыр. Өйткені бұл мәселе мемлекеттік саясат деңгейінде қойылулы себепті, Түркістан өлкесінің алғашқы генерал-губернаторы фон Кауфманның 1880 жылы 8 қараша күні Халық Ағарту министріне жолдаған хатында казактарды ислам дінін терең қабылдаған көрші халықтардан бөлек ұстай отырып, орыс жазуы негізінде оқылатын мектеп арқылы тезірек ассимиляциялау міндетін алға қояды. Оның осы тілегі көп ұзамай-ақ 1881 жылы 28 қаңгарда патша тарапынан нақтылы қолдау тауып бекітіледі де.

Патша үкіметі жалпы отарланған бұратана халықтарды, оның ішінде елін біртіндеп, асықпай сақтықпен шоқындыру арқылы орыстандыру жолындағы ең басты тәсілдерінің бірі — қазақ халқының ғасырлар бойы қолданып келе жатқан араб графикасы негізіндегі жазвын қолданудан шығару болатын.

Күнделікті тұрмыста ғасырлар бойы қолданылып келе жатқан арабша жазуын кириллицамен алмастыруда — бүкіл халықтың келер ұрпағын ата-баба салтынан, ұғым-нанымынан, тарихи естегі дәстүрлік жалғастығынан үзіп, рухани жағынан қалай илессең солай қарай жығыла бсретін көнбіс құлға айналдыру мақсаты жатты

Өткен тарих тәжірибесіне ой көзімен қарасаң, отарлаушы үкімет атаулының бәрі де бодан болған халықты рухани жағынан билеп-гестеудің ең еснімді жолы ретінде, алдымен, халықтың тарихи есін жалғастыру дәстүрінің басты буыны болып саналатын оның тілі мен дінін, жазу мәдениетін, топономикасын өзгертуге тырысады. Мысалды, бүкіл Түркістан аталатын өлкенің көне тарихына үңілсек, Көктөңіріге табынып, көне түркі жазуын қолданып келгенін ғылым дәлелдеп отыр. Міне, осы тума мәдениет алғаш рет VIII ғасыр ішінде араб басқыншыларының тарапынан қудалауға ұшырап, ислам идеологиясымен көне түркі жазуы араб жазуымен алмастырылды, эрине жаңа идеология зорлық-зомбылықпен, қарудың күшімен тарих сахнасынан ығыстырылды. Яғни түркі тілді халықтар енді өткендегі ата салты, ұғым-нанымы мен жазба мәдениетінен көз жазып қалғанын оның қайта тумастай болып тарих бе-

тінен өшірілгендігін ұлы ғалым Бируни өкси отырып есе алады.

Кеңес елінде халықтардың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан жазуын өзгерту мәселесі В. И. Ленин қайтыс болған соң қызу қолға алына бастады. Алдымен түркі тілді халықтардың қалыптасқан араб алфавитін кириллица жазуымен алмастыру мәселесі жедел қолға алынды. Бұл бір кездегі қоғамдық пікірде латын алфавитін: «...бүкіл әлемдік коммунистік қоғамның алфавиті» деген қате ұғымның орын алуына байланысты көтерілген еді. Жиырмамыншы жылдар ішінде латын жазуы түркі тілді халықтардың жазуына айналып та үлгерді. Тіпті ерте кезден-ақ православия дініне шоқынyp, орысша жазуды қабылдаған якуттардың өзін қайтадан латын жазуына көшірген солақайлықты да бастан кешірдік.

Қазақ зиялыларының білікті тобы латын алфавитін қабылдауға наразылық білдірді. Бұл пікір, әсіресе, көрнекті филолог Ахмет Байтұрсыновтың «Әліппе — таңбалар жұмбағы» деген белгілі мақаласында толық көрініс беріп, латын жазуын «Европа жұртымен бірдей болу мақсатымен аламыз десек, алу қиын болған себепті орыстар аяқ баспай отырғанда, біз сол мақсатпен істейміз деп айтудың қанша орны барлығын сөйлеп, көп сөз қылмасақ та болар»,— деп өз пікірін қысқа әрі тұжырымды түрде білдіреді.

Латыншаға көшудің түбінде қандай залалды қысастық жатқанын, ең нәзік айлалы саясаттар тіл арқылы жүргізілетінінен бейхабар біздің шала піскен дүмбілез белсенді айғайшылдарымыз жерден жеті қоян тапқандай, алды-артына болжап қарамай-ақ еңкілдей кіріскені «Еңбекші қазақ» газетінің 1931 жылы 25 мамырдағы үндеуінде: «...Жаңа әліпті білмеймін дейтін қызметшілер жаңа әліптің жасырын жауы деп саналып, сотқа тартылсын»,— деген ұрда-жық солақайлықтың дүмпуінен де ісі аңқып тұр. Немесе Бахтияр деген ақынсымақтың «Жаңа әліп жолында» («Еңбекші қазақ, 1931, 24 шілде») деген өлеңіндегі:

Арапшы, жаңа әліпші,
Екі жақ боп тартысты:
Ахмет, Елдес, Мұхтарлар
Арапқа жұмсап бар күшті,—

деген пікірі екі арадағы танымдық тартыстың бар болмысын өзінше түсінікпен айтып тұр. Бұл арада Мұхтар Әуезовтің есімі жайдан-жай аталып тұрған жоқ. Аса нәзік жолмен жүргізіліп отырған саяси астарлы мәселенің түп төркінін, бар тарихын ерте танып-білгендіктен туған саналы түрдегі қарсылық екенін білдіру себепті аталып отыр. Осы тұста қазақ жазуын бірден орыс графикасының негізінде алу туралы да үн көтерілген болатын. Бірақ бұл жолға түсер болсақ, мемлекеттік саясат ретінде революцияға дейінгі жүргізілген орыстандыру мәселесі еске түсіп, кері реакция тудыруы мүмкін деп қаралды. Осы себепті уақытша шегініс жасап барып, пікір айтар саналы зиялылар тобын тұтас сыпырып тастаған соң, қайта оралуды ойда сақтаған саятшылардың болғаны да рас. Уақыт өте келе бұның шындық екеніне көзіміз жетіп отыр емес пе? Өйткені түркі тілді халықтардың жазуын тұтастай орыс жазуына көшіріп, мектеп арқылы орыстандыру саясаты Ресей империясының ғасырлар бойы армандап, нақтылы әрекеттер жүргізіп, жүзеге асыруға ұмтылған дәстүрлі саясаты еді. Осы күрделі де қиын, аса нәзік астарлы мәселе Кеңес үкіметі тұсында ғылыми институттарда академик Гордлевский тарапынан 1921 жылы қайта көтеріліп ұсынылған еді. Бірақ институт ғалымдары бұл идеяны қабылдамай тейтарып тастады, яғни жабулы қазан жабулы күйінде қалды.

Міне, жоғарыда баяндалған осы миссионерлік идеяны жүзеге асыруды бір кездерде рухани семинария шәкірті болған Сталин өзіне тән суық ақылдың тезіне сала отырып, әрекет етті. Әсіресе орыс жазуын бірден алу түркі тілді халықтардың қарсылығына ұшырауы мүмкін деп уақытша латын жазуын ендіре тұру керек деген кеңеске құлақ асып, 1930 жылы латын жазуын қабылдатты.

Латын жазуын үйреніп, тіл мәдениетінің жетілу жағы нашарлап, сауаттану жағы жетілмей тұрған тұста 1937 жылдың тауқыметін жасап, өзінше ойлай білетін пікірі бар зиялы қауымды сүттің бетіндегі қаймағындай сыпырып алып тастаған соң, 1940 жылы халықтың қалауы бойынша деген жасанды сылтаумен латын жазуынан енді орыс жазуына көшіріп те үлгерді. Бұл әрекетті философия ғылымдарының докторы Г. Батыгин: «Сталинские репрессии обрели такой масштаб, что во многих регионах была истреблена национальная интеллигенция,

которая является носителем исторической памяти народа.

В Азербайджане, Казахстане, Молдавии традиционный алфавит был заменен кириллицей. Корни культуры, державшейся на многовековой традиции, были подрезаны» (*Новое время*, 1989, № 18, с. 25), — деп бүркемлі жатқан шындықтың шымылдығын сыпырып отыр.

А. Байтұрсынов миссионер атаулының өткен тарихымен жете таныс әрі олармен тікелей қызметтес болуы себепті де, олар көздеген саяси түпкі мақсаттың шоқындыру мен орыстандыруға алып келерін біліп, революция алдында-ақ: «...Хүкіметке жағымдысы қол астындағы жұрттың жазу-сызуы, тілі, діні бір болу. Ресей қоластында түрлі тілді, дінді, ғипті жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық іс болмас» (*Қазақ*. 1914, 9 мамыр), — деген ой қорытындысына келуінде айтарлықтай терең таным, үлкен сыр жатыр. Өйткені Ресей империясының топтары, әсіресе, миссионер ғалымдары бұратана халықтардың бәрі бір тілде сөйлеуін, бір дінде болуын қатты армандап, осы жолда талай саяси амал-айлаларды қолданып, дегеніне жете алмауына біздің бағымызға Қазан революциясы себеп болған еді. Бірақ осы идеалды қайта тіріліп, бұл кездейсоқ немесе саналы түрде болсын Н. С. Хрущевтің: «Біз бәріміз неғұрлым тезірек орыс тілінде сөйлесек, соғұрлым коммунизмді тезірек орнатамыз» (*«Правда»*. 1989, 5 наурыз), — деп ұран тастауынан келіп қазіргі ұлттық нигилистер мен космополиттік ниетті ең қатерлі әлеуметтік жіктің өрістеп кетуіне себепкер болуы, оны одан ары Суловтың ушықтыра түсуінің ашы дәмін қазіргі күнде татып отырған жайымыз бар.

Айналасы он жылдың ішінде көптеген халықтардың, яғни орыс, грузин, армяндардан басқалардың ғасырлар бойы қолданып келе жатқан дәстүрлі жазуларын үш рет алмастырып жіберудің қаншалықты орны толмас рухани жұтаңдыққа апаратынын жақсы білген Сталиннің мұндай зарарлы жолға барғанын бүгінгі күні толық біліп отырмыз. Өйткені бір ұрпақтың кезінде халықтардың дәстүрлі жазуын екі, үш рет өзгертуге тікелей Сталиннің нақтылы нұсқауымен болғандығын проф. М. Всеволодованың «Поговорим на равных языках» деген (*«Правда»*, 1989, 6 наурыз) қоғамдық пікірге қозғау салған мақаласында: «Достаточно напомнить о прове-

денных по личному решению Сталина переводах с арабского на латинский, а затем и кириллический алфавит языков Средней Азии, что не могло не привести к определенным потерям»,— деп көрсетуі жоғарыда баяндалған ойдың түп төркіні қайда жатқанынан хабардар етеді.

Ресей патшалығының қол астына қараған әртүрлі діндегі, әртүрлі тілдік жүйеде сөйлейтін бұратана халықтарды православия дініне шоқындырып, орыстандыру үшін бәрінің де дәстүрлі жазуын орыс жазуына аудару мақсаты алысты көздеген отаршылдық мүддедегі үлкен мемлекеттік саясатқа айналдыру әрекеті тым ертеден басталған еді. Бірақ бұл саясат бұратана халықтардың тұрмыс ерекшелігі мен діни нанымына, әдет-ғұрпы мен салт-санасына және де дүниетанымына орай әртүрлі дәрежеде өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып жүргізілді. Мысалы, коми халқын шоқындыру, жазуын орыс графикасының негізіне көшіру XIV ғасыр ішінде-ақ басталған болатын. Оларды шоқындыру ісіне тіпті Дмитрий Донскойдың өзі қызу араласады. Ал татар халқының басына бұл тауқымет Иван Грозный билігі тұсында-ақ басталады. 1769 жылы архиерей Вениамин (ұлты чуваш, алғаш шоқынған миссионер қайраткерлерінің бірі) орыс алфавитін қолдану арқылы чуваш тілінің алғашқы грамматикасын жазып шықты. Ал 1808 жылы мари халқының тіліне орыс алфавитімен діни қатехизис аударылды.

Сібірдің ұсақ халықтарын күшпен шоқындыру ісі Ермақ жорығы аяқталысымен-ақ жүзеге асып, қазақ даласы мен енді ғана отарланған Түркістан өлкесіндегі халықтарды айрықша нысанаға ала бастады.

Ресей патшалығының дәстүрлі саясатына айналып ғасырларға созылған шоқындыру, біртіндеп орыстандыру мәселесі, әрине, қай жағынан алып қарасақ та, империяның үстем табы дворян-помещиктері мен кулақтардың мүддесіне орай жүргізіліп келді. Осы тұрғыдан қарағанда, мемлекет билігінің рухани саласына ықпал етіп отырған Святой синод арқылы дін идеологтары, яғни миссионер ғалымдар, өз мақсаттарын жүзеге асыруға қажетті қаражатты керегінше мемлекет тарапынан алып отырған. Осы рухани топтар 1739 жылдан бастап, әсіресе мемлекеттік саясат дәрежесінде қойылып отырған миссионерлік әрекетті нақтылы әрі белсенді түрде жандандыра бастаған ерекшелікті аңғарамыз.

1876 жылы Орынборда Ағарту министрі граф Толстой қазақтар үшін арабша жазуды орыс графикасына кешіру үшін арнайы мәжіліс шақырып, нақтылы нұсқаулар да берді. Семей генерал-губернаторының 1878 жылы 26 қыркүйектегі құпия деген белгі соғылған Батыс Сібір генерал-губернаторына жазған № 9623 — қатынас қағазында: «...Во всех случаях, когда приходится объявлять киргизам распоряжения правительственных мест на киргизском языке, употребляется русский алфавит. Обучение изложению киргизской речи этим же алфавитом вводится, на точном основании предложения Вашего Высокопревосходительства от 4 мая за № 26, в киргизских интернатах.

Будет время, когда русский алфавит в степи возьмет верх над арабским», — деп жазуына қарағанда, мәселенің түп төркіні граф Толстой ағарту саласында мемлекеттік миссионерлік саясатты жүргізуші қайраткер ретінде берген нұсқаудың сарыны анық аңғарылып тұр деуге келеді.

1876 жылы патша ағзамның өсі қазақтар ғасырлар бойы қолданып келе жатқан арабша жазуды орыс жазуына ауыстыру туралы жарлыққа қол қойды. Дәл осы жылы граф Толстой Ыбырай Алтынсаринге орыс алфавитін ешқандай өзгеріссіз сол қалпында қазақ жазуына қолдану жайында кеңесіп, нұсқау берген. Осы мәселе жайында Ы. Алтынсарин өзінің «Қазақтың облыстық мектептері туралы записка» деген еңбегінде: «...1876 жылы граф Толстой Орынбор қаласына келген кезде... ең алдымен талқыға салынған мәселе — қазақ арасына орысша хат таныту жолдары және бұл үшін қазақ тіліне орыс алфавитін қолдануға болатын-болмайтыны туралы мәселе қойылған еді. Бұл мәслихаттарға Орынбор өлкесінің бұрынғы генерал-губернаторы генерал адъютант Крижановский, Орынбор оқу округінің попечителі Лавровский, Қазандағы оқытушылар семинариясының директоры Ильминский және Торғай, Орал облыстарының губернаторлары қатысты, бұлардың бәрі де орыс алфавитін қазақ тіліне қолдануға әбден болады деген қорытындыға келген еді» (*Ыбырай Алтынсарин. Таза бұлақ. Алматы, 1988, 133-б.*), — деп жазуы арқылық жергілікті отаршыл хакімдердің бәрі бас қосып қазақтар қолданып келген араб жазуының орнына орыс жазуын қолдану туралы көптен бері алдын ала ойластырылып келе жатқан саяси мақсаттың ең буынды тұсын

толық түрде ашып беріп отыр. Яғни патшаның өзі қол қойып, жарлық берген жылы-ақ оның қазақ даласындағы билеушілері мен миссионер ғалымдары сол жылы бұл мәселені жүзеге асыруға нақтылы кірісіп, бір шешімге келуінен көп нәрсенің сыры айқындалып тұр.

1876 жылы Орынбордағы мәжілістен он төрт жыл бұрын, яғни 1862 жылы Орынбор шекаралық комиссиясының бастығы профессор В. В. Григорьев Ильминскийге қазақ тілінде басылған орыс әрпін қолдану арқылы кітап жазуды тапсырады. Әрі дәл осы 1862 жылдан бастап татар тілінде басылатын кітаптардың бәрін де миссионерлердің талап етуі бойынша, орыс алфавитін қолдана бастауы да мәселенің бір талап тұрғысынан қойылып отырғанын айғақтайды. Осы тұрғыдан жүргізілген әрі жан-жақты барлап байқау үшін жасалған алдын ала шаралардың бәрі де 1876 жылғы Орынбор мәжілісінде қаралған мәселенің тамыры тереңде жатқан астарлы саясаттың сырын аша түседі.

Ильминский бастаған миссионерлік саясатты іске асырушылардың бәрі, алдымен қазақтарды татарлардың рухани ықпалынан бөліп алып, олармен қарым-қатынас жасап алуға бар күшін салса, осы саясатты Түркістанды отарлаушы патша әкімдері ислам дініне беріктеу болып келетін бұхаралықтардан қазақтарды ажырату, рухани ықпалын таратпау мәселесіне ерекше көңіл бөлді. Осы себепті де 1880 жылы 8 қарашада генерал адъютант фон Кауфман Ағарту министріне жазған жолдамасында көшпелі қазақ елін ассимиляциялап Ресеймен кіріктіріп жіберу үшін, оларды ортаазиялықтардан бөлек ұстаудың қажеттігін атап өтеді. Бұл үшін қолданылатын саяси тәсіл ретінде қазақтардың жазуын орыс жазуымен алмастыруды көздеді, олар діншіл рухани ықпалдан аулақ ұстауға қызмет етеді деп білді. Ал Түркістанның танымал миссионер ғалымы Острумов болса осы саяси мақсатты жүзеге асыру үшін Түркістан елkesіндегі қазақтар арасында атқарылатын жұмыстардың желісін анықтай келіп: «...сближение туземцев с русским государством и русским народом — велось при посредстве русской транскрипции, в основание которой был положен русский алфавит без всяких изменений, дополнений и сокращений» (*Острумов Н. П. Отчет Туркестанской учительской семинарии за XXV лет ее существования. Ташкент, 1904, с. 25*), — деп қазақтарға орыс алфавитін өзгеріссіз, қосымшасыз, қысқартусыз қолдануды талап

етуі де, патша үкіметінің ресми талабынан шығып отыр. Өйткені миссионер ғалымдар арасында бұратана халықтар үшін қолданылғалы отырған орыс алфавитін ендіру-дің екі түрлі жобасы болған еді.

Мысалы, қазақтар үшін орыс алфавитінің алғашқы жобасын Ыбырай Алтынсариннен бұрын орыстың миссионер ғалымдары жасаған болатын. Соның бірі 1862 жылы Ильминский жасаған алфавит жөнінде проф. Григорьев: «...Өзіңіздің орысша-қазақша алфавитіңізді жасағанда. Сіз кеңсешіл ғалым сияқты әрекет еткенсіз»,— деп, ол жасаған қазақтарға арналған алфавиттің өмірге икемсіз, жасанды түрде шыққанын сынайды.

Ал В. В. Радлов болса 1870 жылы жарық көрген «Образцы народной литературы тюркских племен южной Сибири и Джунгарии» деген еңбегіне енген түркі тілдегі әдеби материалдарды осы тілдің фонетикалық табиғатына орай өзі қолданған орыс алфавитінің нұсқасымен пайдаланады. Орыс тілінде ұшыраспайтын түркі тіліндегі дыбыстарды өзінше таңбалап қосымша әріптермен береді.

Міне, осы екі түрлі жобадағы орыс алфавитінің қай нұсқасын пайдалану керек деген мәселені талқылау үстінде Петербург университетінің кертартпа оқымыстылары Ильминский нұсқасын қолдайды. Олар түркі халықтары өз тілдерінің фонетикалық табиғатына үйлеспесе де, араб алфавитін өзгеріссіз сол қалпында пайдаланып келеді. Бұдан олардың тіліне ешқандай қиыншылық келіп отырған жоқ. Сол себепті орыс алфавитін де олар өзгеріссіз, ешқандай қосымша таңбаларсыз қаз-қалпында алуы керек деген шешімге келді. Жоғарыда айтылған проф. Остроумовтың талабы да осы ресми шешімнің негізінен туындап жатқанына талас болмаса керек.

Жалпы түркі тілді халықтардың жазуын орыс алфавитіне көшіру туралы ереже 1906 жылы 31 наурызда өткен мәжілісте Екінші Николай патшаның өзі бас болып қабылдатқан еді. Бірақ Ресей империясындағы сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайдың қиындауы себепті, орыс алфавитін бірден жүзеге асыруға сескенді. Әзірше бұратаналардың бойын біртіндеп үйрете беру үшін, орыс алфавитін ресми құжаттар мен мектеп оқулықтарында қолданумен шектелу қажет деген қорытындыға келді.

Татарлар үшін де орыс графикасының негізіндегі алфавитті Ильминский жасаған. Бұл Ильминскийдің миссионерлік қызметінің қатты өрістеген тұсымен шамалас

келеді. Әрі бұл уақыт татарларды православие дініне шоқындырып, орыстандыру саясатына қызу ат салысып жатқан қарбалас кезең еді.

Татарлар үшін жасаған орыс жазуының нұсқасы татар тілінің табиғи ерекшелігін ескермеуі себепті де, шоқынған татарлардың басын қатырып, шала сауаттылыққа ұрындыратын кертартпа құбылыс болып шықты. Өйткені Ильминскийдің негізгі көздеген мақсаты — осы арқылы татарлардың ұлттық рухани мәдениетінен қол үздіріп, рухани жағынан шөктіріп жіберуден басқа еш нәрсе де емес еді.

Ильминский татарларға қойған талап тұрғысынан келіп, қазақтарға арналған кітаптардың бәрін де орыс алфавитімен шығаруды талап етті. Ы. Алтынсарин еңбектерінің, әсіресе оқу құралдарының бәрі орыс алфавиті негізінде шығарылу себебі де, осы қатан талаптың ырықна байланысты құбылыс деп білмек керек.

Ильминскийдің татар, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс алфавиті негізінде шығарудағы мақсатының негізі, әрине халықтың өмірге келген жаңа ұрпағын өзінің ғасырлар бойы сұрыпталып тұрақтанған тарихи есінен, тілі мен нанымынан, ата дәстүрінен, өткен тарихынан, ұлттық сезімінен қол үздіріп рухани мәңгіртке айналдырудан басқа ешнәрсе де емес. Бұл іспеттес халқының рухани бұлағынан көз жазып, туған халқының салт-дәстүрінен өгейсуі — оның қатарға қосыла алмас рухани мешеулікке ұрынуы — адамзат тарихындағы ең қатерлі апат. Тілін, дінін, ұлттық дәстүрінен айыру арқылы кез келген халықты тарих санасынан өшірудің тәжірибесі тарихтың әр кезеңінде-ақ ұшыраса беретін құбылыстарға жатады.

Қазақ тіліндегі қазіргі басылымдар мен мектеп пен жоғары оқу орындарының оқулықтарының бәрінде де қазақтар үшін орыс графикасының негізіндегі алфавитті алғаш рет жасаған Ыбырай Алтынсарин деген ғылыми негізі жоқ және де сол кездегі арнайы түрде жүргізіліп отырған миссионерлік ресми саясаттан тыс, сол құбылыстармен байланыссыз алынған қасаң ұғым қалыптасып отыр. Шындығына келсек, түркі тілді халықтар үшін орыс алфавитінің алғашқы нұсқасын миссионер ғалымдар жасап ұсынғаны талас тудырмайды. Ал Ы. Алтынсарин 1876 жылы патшаның өзі қол қойып, Ағарту министрі нақтылы түрде жүзеге асыру мақсатымен, граф Толстойдың талабымен, оны Ильминскийдің жан сала

қолдауымен орыс алфавитін ешқандай өзгеріссіз алу керек деген Петербург университеті ғалымдар шешімінің негізіндегі принципті ұстанып, қазақ тіліндегі оқулықтарды сол алфавитпен бастырушы ғана болғанын ескере бермейміз.

1870 жылы Ағарту министрлігінің «О мерах к образованию неселеяющих Россию инородцев» заңы жарияланды. Бұл заңда негізінен Ильминскийдің орыстандыруды көздеген миссионерлік педагогикалық жүйесі ендірілді. Осы заңда орыс емес халықтар үшін үш түрлі категория белгіленді. Бірінші категория бойынша, ұлт тілдерінде сабақ өз тілінде, бірақ міндетті түрде орыс алфавитімен оқыту талап етілді. Мысалы, Ыбырай ашқан мектептер осы категорияның ішіне кірді. Екіншісіндегі сабақ таза орыс тілінде жүргізіліп, тек сабақ үстінде түсінбеген жерін ана тілінде айтуға рұқсат етілді. Ал, үшінші категория бойынша, сабақ тек орыс тілінде жүріп, ана тілінде сөйлеуге рұқсат етілмеді.

1905 жылы 10 мамыр мен 3 маусым аралығында өткен Шығыс халықтарын оқыту жөніндегі арнайы Кеңес орыс емес халықтардың оқу жүйесін орыстандыру принципін ашық түрде күн тәртібіне қойды. Кеңеске патшаның өзі мен Ағарту министрі бастаған атақты миссионерлердің бәрі қатынасты. Татарлардан басқа түркі халықтарының бәрі де мектепте алғашқы екі жылын өз тілінде, басқасы түгел орыс тілінде оқытылып, оқулықтар орыс алфавитінде болу керек деп табылды. Тарих тәжірибесі қай заман, қай уақытта болса да халықтардың ғасырлар бойы пайдаланып келе жатқан жазуын өзгерту мәселесі қаласын, қаламасын ешқандай мақсат көздемегені, бұл қай кез болса да отаршылдық пиғылдан аулақ жатқан кұбылыс еместігін бүкіл тарихтың жүрісі айғақтап отыр емес пе?

3

Миссионерлік жолмен жіңішкелеп шоқындыру арқылы орыстарды — рудың ең бір алмағайып тетігі жергілікті халықтардың ішінде аралас мектептер мен оқу орындарын ашудың өзінде миссионерлік мақсатты ұстанған саясатты көреміз. Осының бір көрінісі М. Әуезовтің: «...Бұл шіркеуді «миссия» деп атайды... Ақшіркеудің жанында школ да бар», — дейтін ішіне қатпарлы сыр бүккен тезистік желідегі сөзінің арғы төркініне үңілер

болсақ, көп ойлар сабақтауға, бұларсыз шындықты толық танып білудің өзі қиынға соғарын сезінеміз.

Миссионерлердің қолдауымен ашылған орыс-түземдік аралас мектептер мақсаты жағынан мұсылман мектеп-медреселеріне қарсы идеологиялық құрал ретінде үкімет тарапынан қолдау тауып отырды. Осы себепті де Түркістан өлкесінде аралас мектептерді орнықтырған ғалымдар: «...в Туркестанском крае был намерен держаться обрусительной политики при посредстве русской школы» (*Кауфманский сборник. М., 1910, с. 140*), — деп орыстандыру саясатында аралас мектептің атқарар роліне ерекше мән беруінің белгілі сыры да болатын. Мұның мәнісін 1863 жылы Перовск уезінде қазақ балаларына арналған мектеп ашылғанда, генерал-губернатор фон Кауфманның өзі арнайы келіп, орыс, қазақ балаларын араластырып оқытатын аралас мектеп болуын талап еткен. Өйткені балалар жастайынан аралас мектепте оқыса оның дүниетанымы мен мінез-құлқының қалыптасуы шоқындыруға бейім, өз халқының рухани тамырынан қол үзіп, ұлт тағдырына селқос қарайтын делікұлы жандар шығатынын білгендіктен талап еткен. Кауфман, әсіресе қазақ қыздарын оқытуға шешуші мән беріп, оларды ана ретінде келешек ұрпақты миссионерлік мақсат тұрғысынан тәрбиелеуші бесік иесі деп қараған. Ал бүгінгі күндерде Қазақстандағы аралас мектептердің арғы төркіні — осы миссионерлік мақсаттан туғанын, академик Амановшили айтатын ұлттық рухы, ұлттық ерекшелігі жоқ қазіргі кезде айыпталып отырған ұлттық тамырынан қол үзген нигилистік пиғылдарды шығаратын жарымжан мектептер екенін көбіміз біле бермейміз. Ғылыми негізі дұрыс қойылмаған миссионерлік идеяның жемісі болғаны аралас мектеп үлгісін интернационализмнің ұясы деп көкірек ұра желігетініміз бар.

Миссионер ғалымдар осы бағдарға орай оқытушылар кадрын даярлау ісіне де айрықша мән берген. Бұл салада Мәскеу, әсіресе Қазанның рухани академиясының орны бөлекше деп саналған. Қазанның рухани академиясында арнайы мақсат көздеп ашылған «мұсылмандыққа қарсы бөлімнің тұңғыш кафедра меңгерушісі Ильминский түркі-моңғол тілді халықтар үшін ашылған аралас мектептерді кадрмен қамтамасыз етудің ордасына айналдырды. Бұлар осымен қатар жетілікті халықтың өкілдерінен келешек миссионерлік жолға берілген дін

кадрларын даярлау үшін, тіпті ерлер мен қыздар монастырын ашуға да тікелей кірісіп кетті. Мысалы, 1881 жылы Ыстық көлде қырғыз, қазақтың жетім балаларынан еркектер монастыры ұйымдастырылды. Бұған Мәскеу, Ташкент, Верныйдағы дін орындары арнайы қаржы бөлді. Жетісудың генерал-губернаторы Коллаковский бұл монастырға айрықша назар аударып, қанша қаржы керек болса да, қол ұшын беретінін ресми түрде мәлімдеуі жай нәрсе болмаса керек. Өйткені алдағы уақытта Түркістан өлкесінде жүргізілетін зор көлемдегі миссионерлік жұмыстың буынды орталығы осы монастырларға ауысады деп танылған еді. Осы тәжірибеден кейін тіпті ислам діні басым жатқан Ташкент маңында өзбек, тәжік қыздарынан құрылған 1893 жылы ашылған қыздар монастыры Николаевкада орналасты. Міне, бұл іспеттес әрекеттердің тіпті қазақ жерінде де орын алғанын, яғни осыған даярлықтың алдын ала әрекеттерін М. Әуезовтің «Ақын аға» романында: «...қазақтың жетім балаларын... шоқындырып, өсіп келе жатқан «ізгілік миссионерлік» деп аталатын әрекеттер болды», — деп істің жонын ғана көрсеткендей меңзей айтылатын тұстары зерттей қарамасаң, оңайлықпен ашылмайтын сыр бүгіп жатыр. Осы жерде жазушының көп жылдар қырқасында зерттеп білген ой өрісінің өзекті желісі ғана қылаң беріп көрінсе де, көп сұмдықтардың көзден таса болып сыр бүгіп ашылмай жатқаны да аңғарылады.

Аралас мектептер мен шіркеу жанынан ашылған приходская школалар қызметкерлерінің бақылауында тұрды. 1871 жылы патша ағзамның тікелей жарлығы бойынша Түркістан өлкесі үшін архиререй кафедрасы ашылып, ол Верный қаласына орнықты. Ал Жетісу губерниясында 1872 жылы миссионерлік қызметті жандандыру үшін Верныйда архиепископ резиденциясы ашылды. Өйткені Мәскеу митрополиті Владимир қазақтар арасында миссионерлік шоқындыру жұмысын күшейтуді талап еткен еді. Осы талапқа орай Верныйда 1901 жылы 11 карашада арнайы түрде миссионерлік эпархиальды комитет құрылып, оған қаланың бас көтерер шенеуніктері мен әскери қызметкерлері, купецтер енді. Олар нақтылы түрде миссионерлік үгіт-насихатты өрістетті. Мысалы, священник В. Я. Яковлев 1902 жылы Верныйда басылым көрген: «Из истории церковной жизни Туркестана» деген кітабында: «...здесь каждый православный христианин обязан быть и миссионером... Мы, русские,

призваны насаждать среди всего этого населения начала истинной религиозной жизни» (с. 91—93),— деп жазуындағы пікірі жоғарыда аталған комитеттің мақсатын көрсетіп тұр. Жазушы Шерхан Мұртазаевтың «Қызыл жебе» романындағы түрме бастығы Приходконың бала Тұрарды шоқындыру жолындағы әрекеті де эпархияльды комитеттің талабынан туындап жатқан құбылыс болатын-ды.

1867 жылы қазақ даласы үшін «жаңа нұсқа» ережесінің өмірге енуімен қатар қазақтар арасында орыс-түземдік деп аталатын аралас мектептер ашыла бастады. Бұл мектептің отаршылдық мүддеден туындайтын түпкі саяси-миссионерлік мақсаты неғұрлым бұратана балалары орыс оқушылармен араласып оқыса, соғұрлым орыстандыру үрдісі де жылдамдайды деген танымға негізделген болатын.

Патша үкіметі қазақтар арасында, әсіресе қыздар мектебін ашуға көңіл бөле бастады. Өйткені 1868, 1872 жылдар ішінде қалмақ қыздары үшін ашылған мектеп үлгісін көптеп ашып, бұл әрекет шоқындыру, орыстандыру жолында аса пайдалы буын екендігіне іс жүзінде тәжірибеде көзі жеткен миссионерлер енді қазақ қыздары үшін де мектеп ашу ісіне ықыластана кірісті.

4

Миссионер ғалымдарының елеулі мән берген мәселелерінің бірі — баспасөз арқылы миссионерлік идеяны таратып, насихаттау үшін арнаулы зерттеу жинақтарын, газет, журналдар, аударма кітаптар шығарумен айналысуында жатыр. Православие дінінің қасиетті кітаптарын қазақ тіліне аударып, оны нақтылы түрде насихаттау ісімен айналысты. Мысалы, 1860—1917 жылдар арасында қазақ тілінде православие дінінің 72 кітабы аударылып таратылуы жай ғана нәрсе емес еді. Бұларға қоса 1861 жыл мен 1874 жылдар аралығында Ильминский, Катаринский, Алекторов, Васильев, Воскресеньский, Левшин орыс алфавитімен жазылған кітаптар жазумен айналысты. Миссионер ғалымдар негізінен православие дінін насихаттау үшін Казанның рухани академиясының жанынан 1847 жылы 2 маусым күні арнаулы түрде аудармашылар комитеті құрылып, оны Ильминский басқарды. Ресей империясындағы түркі тілді халықтар тіліне аударылған православиелық рухтағы діни кітаптар-

дың аударылып таралуында, олардың мол тиражбен жарық көруіне де Ильминский тікелей атсалысып, басшылық етіп отырған. Ильминский бұл саладағы істерін оның өзі тәрбиелеп үміт еткен шәкірттері қызу жалғастырып жатты. Мысалы, Федор Демьянович Соколов — Ильминскийдің сенімді шәкірті және де Ыбырай Алтынсарин мектебінің ұстазы болған. Оның 1893 жылы 24 қарашада Орынбор мен Орал облысының епископы Макариге жазған мәлімдемесіне назар аударсақ, ойламаған жағдайға тап боламыз. Ф. Д. Соколов 1887—1892 жылдары Торғай облысындағы екі кластық қазақ училищесінің меңгерушісі қызметін атқарған, Ы. Алтынсарин қайтыс болысымен Торғай облысындағы мектеп инспекторы қызметін уақытша атқара бастады.

Ф. Соколов Ы. Алтынсаринмен 1886—1889 жылдар аралығында жиі хат жазысып тұрған. Ыбырай мектебінің өнегелі оқытушысы ретінде танылып, Ыбырайдың оған жазған бес хаты сақталып келген. Қазақтың тұңғыш журналисі М. Сералин — Ф. Соколовтың қолында оқып, шәкірт болған. Ы. Алтынсарин қайтыс болған соң, оның қызметін тікелей жалғастырып жүрсе де, о бастағы көздеген мақсаты миссионерлік жолға біржолата ауысып кетеді. Николаевкадағы (бұрынғы Қостанайдың аты) қалалық шіркеудің бас священнигі қызметін атқаруға кіріседі. Өйткені бұл тұста Қазан қаласы империяның миссионерлік саясатының орталығына айналғандықтан, миссионерлік кадрлар мен оқытушылардың бәрі де Қазанның рухани академиясында даярланып, дін ісіне берік болып шығатын. Осы себепті олар түркі халықтары арасындағы миссионерлік қозғалыстың ұйтқысы болып, белсене қызмет атқаруға міндетті болғандықтан протерей А. И. Макаров: «...Учителя мы, а ученики они. Изучая их, сближаясь с ними, не следует прятать себя и свое все русское, тем более православное. Повторяю, русскому, тем более православное. Повторяю, русскому православному нужно всегда и везде оставаться и быть лишь русским и православным» (*Остроумов Н. П. Отчет Туркест...*, с. 5), — деп, әрі бұған үлгі ретінде Пушкинді мысалға келтіріп миссионер ғалымдар мен шіркеу қызметкерлерінің идеологиялық танымын аңғарып тұр.

Ф. Соколов жоғарыда аталып өткен мәлімдемесінде қазақ арасында болып, қазақ тіліне аударылған православиe дінінің қасиетті кітаптарын оларға оқып беріп, тікелей діни насихат жұмысын жүргізеді. Қазақтар ара-

сында әлі де болса татарлардың діни әсері күшті болуына наразылық білдіріп, оларды қазақ даласынан қууды талап етеді. Өзінің мәлімдемесінде ол 1892 жылы мамыр айында Николаевкадағы 21 қазақ пен екі татарды шоқындырады. 1893 жылы Торғай облысының Домбар болысынан үш қазақты, Кеңарал болысынан он алты жасар Қанипа Жұматова деген қазақ қызын, Арақарағай болысынан екі кісіні, Сырдария болысы Перовск уезінен екі кісіні, Ақмола облысы Құсмұрын болысынан бір қазақты шоқындырып, олардың аты-жөнін орысша қойғанын қуана хабарлайды. Бұл әрекеттен М. Әуезов автоцензурасындағы: «...Мекеш деген атын жоғалтып, Михаил, Мишка деп қойыпты»,— деген сөздерінің астарында өмірде болып өткен шындықтың ызғарлы табы жатыр десе болғандай.

Миссионер атаулының ең бір ұрымтал тәсілінің бірі шоқынуды бұратана атаулының ата-анасының азан шақырып қойған атын өзгертіп, орысшалап қою болатын. Осы тұрғыдан қарағанда, неге екені белгісіз Сталиннің миссионерлік оймен рухани семинарияда оқығандықтан ба, әйтеуір ұлты түрік атақты опера әншісі Краузені тыңдап, риза болады. Бірақ артынан ұлты түрік екенін білгенде, оның фамилиясы ұнамай, оны Петров атандырып жібереді. Бұл кездейсоқ нәрсе емес, өйткені осы оқиғадан бұрын грузин әскери ревкомының мүшесі, ұлты түрік, революционер ақын Омар Файкті фамилиясын орысшаға ауыстыруды Сталин талап еткенде, көнбей қойғаны үшін атылуы көп нәрсенің сырын аңғартса керек-ті. Немесе мекхет түріктерін туған жерінен Орта Азия мен Қазақстанға қуғын-сүргін жасауының астарында не ой жатқанын кім білсін? Дәл Сталиннің тікелей нұсқауымен бүкіл түркі тілді халықтардың ғасырлар бойы бауыр басып қолданып келген алфавитін орыс жазуына алмастырып жіберуі — миссионер атаулының ғасырлар бойы жүзеге асыра алмаған арманын іске асыруының астарында әсіресе «көсемнің» бастауымен болуы — көп құпияны ішіне бүгіп жатыр деген сөз.

Алекторовтың көрсеткішінде де Ф. Соколовтың екі еңбегін кіргізіп, оның негізінен миссионерлік идеяны насихаттап, сол жолда қызмет атқарғанын жасырмайды. Яғни Ф. Соколов Ы. Алтынсарин мектебінде қой терісін жамылған қасқыр тәрізді өзіне құпия түрде тапсырылған миссионерлік әрекетін сездірмей дос-жаран бола жүріп, аралас мектепте «ұстаздық» қызмет атқаруы көп

сырды ішке бүгіп жатқан катерлі рухани жараның өзі болып шығады.

М. Әуезовтің 1951 жылы басылым көрген «Ақын аға» романында: «...православие шіркеуінің үлкен ақылды, білімді өкілдері: миссионер Ильминскийді, Остроумовты, әрі ағартушы, зор миссионер Алекторовты айтты»,— деп жандаралдың аузынан Абайға насихат айттыру да көптеген деректі ойлардың түп төркінінен хабар беріп тұр. Бұдан автордың жалпы миссионерлік идеяны арғы-бергі тарихынан танымы мол болуы себепті халыққа жат идеологиялық саясаттың маскасын сыпырмақ болған ойы байқалады. Бірақ жағдайға байланысты өзіне-өзі автоцензура жасауға мәжбүр болған. Иә, бұл автоцензураның жасалуында жеке басқа табыну заманындағы жазықсыз жазаланудың ащы дәмін татқан жазушының ішкі танымын аша беруге ызғары суық заманның аса қатерлі лебі сескендіргендей. Осыдан келіп өз ой танымына терең барлап, жан-жақты зерттеуден туындаған ой қорытындысын, яғни патша отаршылдарының аса зиянды, мүлде құпия ұстаған миссионерлік саясатының түп тамырларын терең ашып беруге жеке басқа табыну заманы ырық бермеген. Өйткені бұларды терең бойлай отырып шындықты баяндаса, отаршыл өкіметтің арманына айналған саяси мақсаттарды неге екені белгісіз Сталин тарапынан қайталануын жалаңаштап көрсетуге айналып кетер еді. Мысалы, түркі тілді халықтардың бір кездерде зорлықпен таңылып, сан ғасырлар бойы біртіндеп дендеуі арқылы қалыптасып кеткен жазуын өзгерту, православие дініне шоқындыру арқылы біртіндеп орыстандыру, немесе Қырымды қырым татарларынан тазарту туралы Екатерина патшаға ой салған адмирал Потемкин идеясы мен Кавказды мұсылман халықтардан тазарту жайындағы генерал Ермоловтың ұсынысы, отарланған жерлерді қоныстандыру арқылы түпкілікті иелену, т. с. с. бәрі де Сталиннің тікелей нұсқауымен отызыншы жылдардан бастап жүзеге асып жатуы еріксіз ойға оралтар еді.

Жазушы нақтылы тарихи шындық болса да, бұлай ашық айтуға болмайтын саяси қатерлі шындықты әшекейге етудің мерзімі жеткен жоқ деп білді. Бірақ келешек ұрпақтың өткендегі бүркемеленген астарлы шындықтан көз жазып, құр алақан қалмауы үшін, оның бір ұшын қолына ұстата кету мақсатымен өз ой танымының өзекті бір желісін жанамалап меңзеу арқылы беру тәсілінен

сырт айналмады. Әрине, сол бір кезең үшін қатерлі болса да батыл әрекет етті. Өйткені М. Әуезовтің кезінен бастап дәл бұл күнге дейін миссионерлік идеяның басты идеологтары: Ильминский, Остроумов, Алекторов, т. б. Қазақстан мен Орта Азия республикаларының ғылыми еңбектері мен оқулықтарында, күнделікті баспасөздерінде оларды интернационалистік, ізгі ниетті ағартушылық құбылыс ретінде өңін айналдырып мадақтай насихатталып келе жатқан мұндай астарлы мәселеге тереңдеп барып, шындықты жалаңаштап ашу — буынсыз жерге ұрылған пышақтай теріс бағаланар еді. Міне, осы себепті М. Әуезов алғашқы нұсқасында Ильминский, Остроумов, Алекторовты зор миссионер ғалымдар деп айтып қалса да (онда да көркемдік тәсілмен айтса да) бұл ойын қатерлі деп санап, өзіне-өзі саналы түрде цензура жасауға барған еді. Осы себептерге орай жазушы Ильминский, Остроумов, Алекторов сияқты аса көрнекті миссионер, монархист ғалымдардың атын сызып тастап, өз ойының ең өзекті де мәнді тұсын ғана ишарамен жеткізу тәсіліне барған болатын.

Жоғарыда баяндалған М. Әуезов ойының түп төркінін ұғынып, ғылыми дұрыс бағытта түсіну, танып білу үшін бізге шешуші кілтті академик А. Н. Кононовтың: «...Для политико-экономического освоения восточных окраин Россической империи было необходимо их предварительное «идеологическое освоение» путем привлечения живущих там народов и народностей в лоно православной церкви. Решение этой задачи взяли на себя православные миссионеры, которые проходили курс специальной подготовки в особых учебных заведениях для овладения языком и ознакомления с бытом и обычаями своих будущих подопечных. (*История изучения тюркских языков в России. М., 1982, с. 207*), — деген терең ғылыми танымынан салықалы да сыншыл тұжырымы ұстатады.

Отарланған қазақ даласы мен Түркістан өлкесіндегі бұратана халықтарды «идеологиялық жағынан меңгеріп алу» үшін оларды шоқындыру, орыстандырудағы аса жауапты мемлекеттік дәрежеде қойылып отырған саяси мақсатты жүзеге асыру мәселесін Қасиетті синод миссионер ғалымдардың қолына тапсыруды мақұл тапқан болатын. Миссионерлік топ мемлекет тарапынан қажетті діни оқу орындарымен, қаржымен қамтамасыз етілді. Қоғамдық пі-

кірде олардың миссионерлік қызметін, тіпті жеке басын марапаттап, «патриот» ретінде танытуды да ұмытпады.

Қазан қаласындағы көптен бері қызмет етіп келе жатқан діни семинарияны миссионерлік мақсатты жүзеге асыру мен осы жолдағы кадрларды көптеп даярлаудың орталығына айналдыру үшін, оны 1797 жылдан бастап Қазандағы діни академияға айналдыруы да алдынала жүргізілген даярлықтың барысын көрсетумен бірге, идеологиялық саяси мәселенің қаншалықты терең де өткір қойылып отырғанын аңғартады.

Патша отаршылдары бодандыққа айналған бұратаналардың рухани болмысына терең бойлап ену үшін миссионер ғалымдардың алдына ол елдің дінін, тілін, әдебиетін, фольклорын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, тарихын, этнографиялық, психологиялық ерекшелігін жан-жақты терең танып меңгеруді — басты шарт ретінде талап етті. Осы талап тұрғысынан келіп өздерінің жан-жақты алдын-ала даярлықтары мен осы жолға қалтқысыз берілген миссионер ғалымдар Ильминский, Остроумов, Алекторов өз орталарынан екшеліп шығып, ұзақ жылдар бойы белсене қызмет атқарды. Бұлардың бәрі де отызыншы жылдардың аяғынан бермен қарай қоғамдық ой-санада ағартушы педагог, ғалым және де халықтар достығына ат салысқан озық ойлы қайраткерлер ретінде бағаланып келді.

Бірақ мұндай жалған да жасанды ұғымның сарынына бой алдырмаған М. Әуезовтің миссионерлердің атын, идеялық бағытын дәл танып, сілтеме беруінде, әрине, елеулі сыр да жатыр. Өйткені біздің қалың оқырман қауым олардың атымен, «достығымен», ағартушылық жолындағы қызмегімен кеңірдектен келе тойса да, олардың астарлы әрекеті мен жасырын жүргізілген дін жолындағы идеяларымен таныс болмауы себепті, бұл орайда қысқаша болса да мағлұматтар бере кетудің орны бар.

Ильминский Николай Иванович — 1822 жылы Пенза губерниясындағы священниктің отбасында туып, діни ортада тәрбиеленген. 1846 жылы Қазанның діни академиясын бітірген соң академияның арнайы мақсатпен ашылған «Противомусульманское отделение» кафедрасын басқарады. Академияда татар, араб тілімен бірге теологиядан да дәріс береді. Дін жағынан білімін жетілдіріп, тәжірибе жинастыру мақсатымен Сирия, Египетті шарлап, 1847 жылы 2 маусымда Қазан қаласында мис-

сионерлік мүддені көздеген арнайы «Аудармашылар комитеті» құрылғанда бұл комитетті басқару Ильминскийге сеніп тапсырылады. Мұнда православие дінінің қасиетті кітаптарын бұратана халықтардың тіліне аудару мәселесімен шұғылданатын. Бұл комитеттің құрамына сыннан өткен танымал, белсенді миссионерлер: Н. Я. Близовский, Е. А. Малов, В. Т. Трофимов, священник Н. Н. Остроумов, Н. И. Золотницкий, И. Я. Яковлев, Н. А. Боброников, В. В. Катаринскийлер енді. Осы дін қайраткерлері аударып, басылым көрген 307 кітаптың 288-і таза діни кітаптар болғандығын татар ғалымы А. Каримуллин де арнайы түрде атап өтеді. Осы аударылған кітаптардың ішінде бірдебір тарих, география, арифметика тәрізді өмірге керекті кітаптардың болмауы — тікелей олардың миссионерлік мақсатына байланысты құбылыс екені айтпаса да түсінікті. 1847 жылы 5 қаңтарда граф Протасов татар тіліне православие дінінің кітаптарын ғана аударуға арнайы бұйрық бергенде, бұл жауапты жұмыстың да тетігі Ильминскийге тапсырылған еді.

1858 жылдан бастап үш жылдай Орынбор шекаралық комиссиясында қызмет атқарған Ильминский енді миссионерлік істі астыртын түрде қазақтар арасында жүргізуге қызу кіріседі. Өйткені қазақтар ислам дініне құлай берілмей, өз ата-салтын мығым ұстауы себепті оларда діни фанатизмнің болмауы миссионерлік жұмысқа аса қолайлы жағдай жасап, жаңа дінге тез көндігетін халық деген тұжырымға келген еді.

Бұл іспеттес таным ол кезде орыс ғалымдары мен миссионерлері арасында кең таралып, талай пікірлер де айтылғанын білеміз.

Ильминский Орынбор өлкесіндегі қазақтардың өмірі мен тұрмысын, әдет-ғұрыптарын жақсы білген. Әсіресе олардың мұсылман дініне деген қатынасына үңіле қарап, жоғарыда айтылған ерекшеліктерін жақсы таныған. Орынбор қазақтары туралы публицист А. Солнцев те өзінің «Из религиозно-нравственной жизни киргизов Букеевской орды» деген мақаласында: «...равнодушное отношение киргизов к закону Магомета дает возможность заключить, что ислам не проник еще в орду, так сказать, до мозга — костей и что Киргизская орда с этой стороны быть самою благородною почвою трудов русских миссионеров» (*Атраханская Епарихальная Ведомость. № 8, 11*) — деп көрсеткен танымына Ильминский

Орынборда жүрген кезінде-ақ көзі жетіп, қазақ даласына біржолата бет бұрған болатын-ды. Осы себепті 1861 жылы ең жақын досы П. С. Савельевке жазған хатында: «Мен сізге бар сырымды айтайын, татарларды бұрынғыдай ерекше жақсы көруімді қоя бастадым, енді менің жүрегім түгелдей қазақтарға берілді. Бұдан былай менің қыбылам Қазанға қарамай тіке Орал өңіріне ауады» (**Кітапта:** *Вытебский В. Н. «Ильминский», Казань, 1892, с. 8*),— деуінде оның түпкі мақсатына жетудің жолын танып бұрылуында да астарлы үлкен сыр жатыр.

Ресей империясы отарланған түркі халықтардың ішінде саны жағынан да, жері жағынан да басым жатқан қазақ елін идеологиялық жағынан игеріп алудың келешекте аса зор мәні барлығын, әрі халықты рухани жағынан құлдыққа түсірудің зор саяси маңызын білген Ильминский бұл өлкедегі ағарту мәселесін миссионерлік мүдде тұрғысынан пайдалануға жан сала кірісті. Бұл үшін алдымен қазақтарды татарлардың рухани әсерінен ажыратып бөлектеп, араб графикасы негізіндегі жазуының орнына орыс алфавитіне ауыстыру арқылы да екі араны ажырата оқшаулау — шешуші кілт деп білді.

Осы ойдың төркінін жете танып білген Ахмет Байтұрсынов: «Қазақ — діні шынығып жетпеген, шала мұсылман халық. Мұны мұсылман дінінен христиан дініне аударып жіберу оңай деген пікірмен, патша өкіметі қазақпен ноғай арасында жік салып, екеуін айырғысы келді. Оның үшін қазақ байлары ноғайша оқымай орысша оқитын боларлық саясат жүргізілді. Қазақ балалары үшін школ ашады, ноғайға қазақтың жазу жағынан сорпасы қосылмас үшін араб әрпін қалдырып, қазақ тіліндегі кітаптарды орыс әрпімен басады. Орыс өзіне тартып, ноғай өзіне тартып, екеуі екі жаққа сүйреп жүргенде, қазақ орыс әдебиеті арқылы Европа жұрттарының әдебиеттерімен танысады» (*«Ахмет Байтұрсынов, Шығармалары. Өлеңдер, аудармалар, зерттеулер, Алматы, 1989, 262-б.*),— деп, оқырманды көп нәрсенің сырына көз жеткізіп хабардар етеді.

Осы идеяларды жүзеге асыру жолында Ильминский бұл қызметтің сырын ашып, шын шығармай атқаратын кісіні қазақтардың өз ішінен іздестіре бастады.

1861 жылы Ильминскийге профессор атағы беріліп, енді Орал, Сібір, Еділ, қазақ даласындағы отар халықтарды шоқындыру мәселесі тапсырылды. Ол алдымен татарларға арналған орыс графикасы негізіндегі жазу-

дың жаңа үлгісін жасап, оны өмірге ендіру жолында әрекет етті. 1872 жылы Казан университетіндегі қызметін тастап, біржолата миссионерлік жолдағы қызметке ауысты. Бұдан бұрын-ақ яғни 1862—1867 жылдар аралығында-ақ татар тілінде жеті кітап шығарып, олардың бәрін де миссионерлік талапқа сай орыс алфавитімен жариялаған болатын.

1872 жылы Казан қаласында миссионерлердің рухани орталығына айналған оқытушылар семинариясы ашылғанда директорлыққа Ильминский ұсынылды. Белгілі татар ғатымы А. Қаримуллин осы мәселеге назар сала келіп: «...таким образом и подготовка кадров миссионеров перешла в руки самого Ильминского... здесь готовили для всех районов России»,— деп арнайы атап көрсетуі арқылы Ильминскийдің миссионерлік жолдағы басты мақсатын ашып беріп отыр.

Ильминский 1881 жылы П. П. Масловскийге жазған хатында жалпы Ресей халқының санасы оянуынан қатты сескеніп, әсіресе бұратана халықтардың өкілдері кадет корпусы, жоғары оқу орны мен орталық университеттердің есігін ашуынан қатты шошынды. Бұны тіпті монғол шабуылынан да әсері жаман құбылыс деп таныған. Ол тіпті қарапайым халыққа таза бастауыш білім беріп сауаттандырудан да қауіптен бас тартып: «...в школах грамотность... орфография и грамматика совершенно излишни, а для инородческих школ вредно и убийственно».— деп арнайы түрде мән бере жазуы оның әлеуметтік, идеялық мақсатының ішкі сырын жалаңаштай түседі.

Ильминскийдің тюркологиялық, педагогикалық еңбектерінің бәрі де тек қана миссионерлік мақсатқа бағытталған. Оның тюркологияға қабілеті бар болғанымен, ол бар күш-жігерін, ынтасын миссионерлік жолға салуы себепті де, оның ғылым жолындағы қызметіне әділ баға бере қараған академик Крачковский «...Н. И. Ильминский, выдающийся представитель Казанской школы, блестящий тюрколог — арабист, глубоко увлеченный идеями миссионерства и «просветительной» деятельностью среди «инородцев», не дал и тюркологии, и арабистике того что он мог бы дать»,— деп қынжыла отырып жазған еді.

Кенестік дәуірде Ильминский мұрасы да біршама зерттеліп бағаланды. Ол атқарған миссионерлік бағыт-

тағы ағартушылық қызметі теориялық, практикалық жағынан алып қарағанда да, оның шектен шыққан монархистік, отаршылдық пиғылы айқындалып тұрады. Осы себепті де Ильминскийдің қызметі мен еңбегін арнайы түрде зерттеген проф. В. М. Горохов: «...педагоге — миссионере, последовательном руссификаторе, стороннике колонизаторской политики царизма» (*Реакционная школьная политика царизма в отношении татар. Казань, 1941 с. 37*), — деген қорытындыға келген болатын. Осы пікірді тарихшы А. Н. Григорьев те айтып, Ильминскийдің ағарту саласындағы кертартпалық қызметі мен дүниетанымын қатты сынға алған болатын. (*Материалы по истории Татарии. Казань, 1948, с. 261*). Ал Ильминский жайында Қазақстан баспасөзінде 1937 жылғы репрессияға дейін кертартпа дүниетанымдағы миссионер ретінде бағаланып келді де ол туралы шындық ендігі кезде бұрмалана бастады. Өйткені өзінше пікірі бар, әр нәрсеге сын көзімен қарай алатын интеллигенцияның қаймағы бірнеше рет сыпырылып алынған соң, енді Ильминскийге жасанды, шындықтан аулақ, жалған танымдағы бағалар беріле бастады. Тарихи шындықтың түп тамырына бармай-ақ ақты қара, қараны ақ деп көрсету жағы үстем болып, оны асыра бағалау, қолдан озық ойлы қайраткер жасауға ойысып, жабыла мақтай насихаттау жағы бел алып кете барды: тарихшы, педагог, әдебиетші, тілші ғалымдар Ильминскийге дәл бүгінге дейін сын көзімен қарап, ол жасаған кездегі тарихи, саяси-әлеуметтік жағдайлармен ұштастыра отырып бағалаудан бой тартып келді. Қайта бұларға қарағанда ауыл қариясы марқұм Әбен Сыбанұлының 1963 жылы 25 желтоқсанда көшірілген қолжазбасында (Оңтүстік Қазақстан облысы, Ленин ауданы, Жаңа-Базар селосы): «...кешегі орысқа қарағанымыздан кейін 1865 жылы атақты дін бұзушы Ильминский қазақ арасына шығып, қазақ мұсылман емес, шамани деген дінсіз халық, оларды орыс дініне айналдыру оңай деп үкіметті осы сөзбен нандырған екен... Мінеки, үкіметтің осындай тұтқан жолы қазақ арасын тынышсыздандырып. 1869 жылы қазақтар үкіметтің бұл ісіне наразылық шығара бастады» (39-б.), — деп тарихи шындыққа сай бағасын беріп, көп нәрсенің сырын хабардар етеді. Осымен бірге осы қолжазбада патшаның ресми миссионерлік саясатына қарсы қазақ арасында исламиятқа іш бұру арқылы исламшыл қисса-дастандардың молыға бастауы; тіпті қазақ тілінің шұбарлану үр-

дісін де осы құбылыспен байланыстыра қарауы сезіліп тұрады.

Патша үкіметінің ресми шоқындыру саясатына қазақ даласының қай бұрышында болса да, бірде ашық, кейде жасырын түрде қарсылық әрекеттері болған. Мұны, тіпті, миссионерлердің өздері де еңбектерінде атап өтетіні бар.

Патша үкіметінің отаршылдық саясатына оның, әсіресе, рухани жағынан қысып келе жатқан шоқындыру саясатына сескене қарап, зәрін қайтаруға әрекет етіп, ол жайында ойланып-толғанған саналы азаматтар қазақ даласының әр жерінде-ақ болған. Осы тұрғыдан қарағанда жазушы Р. Отарбаевтың «Екі киіз үйдің тарихы» (Қазақ әдебиеті, 1988, 24 маусым) деген мақаласында аса қызықты деректі мағлұматтар келтірілген. Онда Ыбырай Алтынсаринмен шығармашылық қарым-қатынаста болған Мақаш Шолтыұлы (1830—1904) патшаны қазақтарды шоқындыру саясатынан тоқтату мақсатымен киіз үйдің макетін алтыннан жасап сый тартуында көп нәрсенің астарлы сыры жатыр.

Патшаға жолығып, тілегін айтқан Мақаш: «...Артынан бізді шоқындырып, мұсылмандық үлгіден айырманыз деп тілек қылдым. Жауабын хакім арқылы есітесің деді. Екінші жұманың сәрсенбі күні оң тілек тілеп жатқан бізге екі хакім келіп: «Патша саған резиденция салсын деп ақша бөлді» деді. Осымен қайыр қош айтысты. Өтеғай екеуміздің көңіліміз күпті оралдық», — деп мемлекеттік деңгейде аса маңызды мәселе ретінде қойылып отырған қазақтарды шоқындыру арқылы орыстандыру саясатынан патша сыйға қанша риза болса да, райынан қайта алмау сыры тереңде жатыр. Яғни патшалық құрылыс тұрғанда бұл саясаттан қайту болмайтынын ашық көрсетіп тұр.

Қазақ әдебиеті тарихындағы аса бір осал тұсымыз — Ильминский мен Ыбырай Алтынсариннің ара қатынасын шыншылдықпен сынай қараудың орнына тарихи шындықты бүркеп, бұрмалап жалған танымның тұтқынында қалып келеміз. Яғни ащы да болса шындықты ашық айта алмай келеміз. Ы. Алтынсарин мұрасын зерттеушілер бұл қолдан жасалған ақтаңдақ мәселенің шын мәніндегі мағынасын ашудың орнына одан саналы түрде айналып өтіп, ғылыми негізі жоқ жасанды ұраншыл ұғымдарды насихаттап келеді. Мысалы, қазақ зиялылары Ыбырай алғаш рет қазақтың орыс графикасы негі-

зіндегі жаңа алфавитін жасаушы деген жалған ұғымның шеңберінен де шыға алмай отыр. Бұл мәселе жан-жақты зерттелуі, саяси астары бар құбылыстың түп төркінін сол кезеңнің тарихи болмысымен тікелей байланыста ала отырып, ғылыми негізде шын бағасы берілмегі керек. Әрине, бұл үшін архив қазынасын қайтара сын көзімен сүзе отырып, ғылыми тұрғыдан талдау арқылы ғана шындықты айта аламыз.

Оқырмандарға мәлім Ы. Алтынсарин отаршылдық мүдде тұрғысынан ашылған Орынбордағы оқу орнында оқып, орыс тіліне терең жетіліп шықты. Арманы — туған халқының көкірек көзін ашып, европалық білім беру, жұбарланып бара жатқан қазақ тілінің табиғатын таза сақтау жолында күрес жүргізді. Бірақ сырттан еріксіз танылған миссионерлік дүниетаным мен олардың педагогикалық жүйесін бойына дарытпады. Осы себепті де оның екі жақты саяси-әлеуметтік қыспаққа түскенін М. Әуезов: «...Он чувствовал двухстороннее давление от церковников и мусульманства. Мусульмане считая, что он хочет крестить казахских детей, клеветали на него, а Ильминский, который официально помогал ему, был убежденней христиан-миссионер, уверял всех, что через эти школы скорее можно провести свою идею обрусения казахов», — деп мәселенің түп тамырын дәл танып көрсеткенімен, бұл пікірі баспа бетіне шықпады.

Патша отаршылдары мен миссионерлердің ағарту саясатында қаншалықты түлкі бұлаңға салып культрегерлік жолмен бүркемелегенімен бұратана халықтарды шоқындыру арқылы орыстандыру саясатына шошына қарады. Екінші жағынан, бұл жағдайды діндарлар да ушықтыра түсті. Мұны Қостанайдағы екі кластық аралас мектептің оқытушысы Ф. Д. Соколов өзінің 1889 жылғы 23 қыркүйектегі естелігінде: «...Оның Троицкі молдаларының ықпалына түскен Николайлық қазақтар арасында жаулары да болды. Олар «оны орыстарға ерекше ілтифатпен қарағаны» үшін қазақ балаларын шоқындыруға қызмет етеді деп жек көрген», — дейді. Алтынсарин қазақ балаларын шоқындыру үшін емес, оларға европалық білім беру үшін үкімет ашқан орыс-қазақ аралас мектебін пайдалану мақсатын олар, әрине, жете танып біле бермеген.

Ильминскийдің мақсаты. Ресей империясының орыстандыру саясатын қазақ арасында жүзеге асыруды қазақтардың өз қолымен жүзеге асыру саяси жағынан

әлдеқайда сенімді болады деп білгендіктен, Ыбырай Алтынсаринді осы іске пайдалануды көздеген. Осы себепті Ильминский 1869 жылы Ағарту министріне жазған хатында: «...Алтынсарин... қазақтардың ортасында өзі мектеп ашса, орыс алфавитін сонда қолданса, оны орыс елінің адамдары істетіп отыр дегізбей, өзі ашқан болса... оны орыс бастықтарының талабы деп халық ойламайтын түрде жүргізсе... ең әуелі жаңа идея Алтынсариндікі болады» (*Казан архиві, 968-қор, 1-тізім, 16-іс, 1—1-б.*),— деп өз мақсатының басты да өзекті желісін ашып беріп отыр. Яғни мұнда орыс алфавиті негізінде қазақ жазуын жасаушы Алтынсарин еді деп көрсетіп, халықты осы идеяға сендіруді көздеген. Ал қазақ әдебиетшілері тіпті осы күнге дейін «жаңа идея Алтынсариндікі» деп жазып, насихаттап келуі аса нәзік астарлы мәселеге сын көзімен қарай бермегенін аңғартады.

Ильминскийдің екінші мақсаты. қазақтарды татар діншілдерінің ықпалынан ажыратып, бөлектеп ұстаудағы басты құралы қазақтың ғасырлар бойы қолданып келген жазуын орыс алфавитімен ауыстыруға келіп тіреледі. Осы мақсат тұрғысынан келіп Ильминскийдің миссионерлік әрекетіндегі: «...басты орыс радикалды құралы — қазақ тіліне орыс алфавитін енгізу. Қазақтар орыс алфавитімен жазып отырғанда, ол қазақтарды өзінің шырмауынан шығармай, өзіне тарта береді... Бұл ойды орыс чиновнигі жүргізуі, тіптен келіспейді».— деген ой тұжырымы көп нәрсенің астарлы сырын ашып беріп отыр. Яғни идеологиялық мәселенің өзінде де басқаның қолымен от көсеу арқылы әрекет ететін отаршылдықтың жымысқы тәсілін сездіріп отыр деген сөз Ильминскийдің отаршыл үкіметтің миссионерлік жолдағы көздеген идеясы Ы. Алтынсариндікі болып таңылуға шешуші мән бергендігі көрініп тұр. Әлі бұл астарлы пікір жоғарыда атап көрсетілген Ресей империясының Ағарту министрлігінің өте құпия нұсқауында айтылған ой-пікірімен де өзекті байланыста тұр десе болғандай.

Батыс Сібір генерал-губернаторының 1876 жылы Ішкі істер министріне жазған жолдамасында: «...Торғай облысының халық мектебінің инспекторы Алтынсарин өзі орыс алфавитін қолданып жазып қазақтардың халық өленінің тексін маған әкеп тапсырды... біз орыс алфавитімен қазақ грамматикасын жасауымыз керек.. бұл жұмыс Ильминскийге тапсырылды»,— деп хабарлауы-

нан қазақтар үшін орыс алфавитін алғаш рет жасаушы Ильминский, оны тәжірибеде алғаш рет қолданып байқаушы Ыбырай екені ашық айтылған.

Шынын айту керек, Ильминскийдің ресми түрде көмектесе отырып, қатаң талап етуімен және де Ағарту министрі граф Толстойдың тікелей нақтылы түрде тапсыруымен Ы. Алтынсарин өз кітаптарын Ильминский ұстанып келген ресми принципке орай орыс алфавиті негізінде жазып шығаруға мәжбүр болған. Ы. Алтынсариннің іс жүзінде қолданған орыс алфавиті негізіндегі қазақ жазуында орыс алфавитін өзгертпей сол қалпында алуды талап еткен Петербург университетіндегі кертартпа ғалымдардың талабы тұрғысынан орындалғанын да ұмытпағанымыз жөн. Осы себепті Ыбырай мен Ильминский арасындағы қарым-қатынастың көп жағдайда дипломатияға құрылған өте нәзік әрі астарлы қабаттары мол құбылыс екендігіне ерекше сын көзбен қарап барып зер салуды талап етеді. Өйткені Ильминский дипломатиялық жолмен Ыбырайды өз мүддесіне, яғни миссионерлік жолға пайдалану үшін қолынан келгеннің бәрін де, яғни саяси сес көрсету, саналы түрде қысым жасау, мектеп ісіндегі мұқтаждығын пайдалану, «қамқоршы» болып көлгірсеу, ұстаз болып араласу — бәрі де оны ұсынан шығармай пайдаланудың амал-айлалары болатын.

Ы. Алтынсарин де өзінің ағартушылық мақсаты жолында қолында үлкен билігі бар, саяси жағынан ресми үкіметке сенімді Ильминскийдің миссионерлік танымын бойына дарытпай әрі сенімсіздік тудырмай дипломатиялық жолмен пайдалануды көздеген мақсаты екеуінің арасында жазылған хаттардың астарлы мазмұнынан байқалып тұрады. Ыбырай өз хаттарында миссионерлік идеяға ішкі танымынан туған қарсы пікірін ашық білдіре бермейді, бірақ белгілі дәрежеде жанама түрде болса да сездіреді. Мысалы, «Шариат-уль ислам» деп аталатын кітабын арабша жазумен жариялауға Ильминский үзілді-кесілді қарсы болып қасарысқан тұста, діни мазмұндағы кітапты орыс алфавитімен жариялап, қазақтарды теріс қаратып алмау үшін ілтипат сақтау керектігін көлденең тартып өз ойын жүзеге асырғанын көреміз.

Ыбырай Алтынсарин отаршыл үкіметтің бұратана халықтарды шоқындыру арқылы орыстандыру саясатын танып білген. Бұл салада жүргізіліп отырған кертартпа

шаралардан мол хабардар болғанға ұқсайды. Өйткені бұл мәселе жөнінде үкіметтің ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қазақ даласындағы зорлықпен күшке салып жасанды түрде орыстандыру саясатына қарсылығын жанама түрде болса да, ишарамен айтатын тұсы да бар. Ол өз ойын: «...искусственном сближения народов России до сих пор не приводили еще к особо успешным результатом, как это мы видим на живых примерах татар, башкир и прочих инородцев...

Поэтому не лучше ли сближение русских с казахами предоставить естественному ходу дел», — деп халықтарды жақындастыруды табиғи жолмен жүргізілуін жақтайтын пікірі көп нәрсенің астарлы сырын аңғартып, өзінің іштей бұл аса күрделі мәселеге қарсылығын да сездірді. Б. Алтынсарин үлкен мемлекеттік саясат ретінде жүргізіліп отырған миссионерлік әрекетке бұдан артық пікір білдіруі мүмкін де емес еді, өйткені «аузы қисық болса да, ұлы баласы сөйлесін» дегендей, саяси-әлеуметтік жағдайдың барлық күші үкімет қолдап отырған миссионерлердің бақылауында болғанын ескермек керек.

Жалпы проф. Ильминский бұратана бодан халықтардың ғылым-білімге ұмтылған Ыбырай сияқты бірлі-жарымды талантты жастарын өзінің миссионерлік идеясын жүзеге асыру жолында пайдаланып қалуға көп күш жұмсаған. Ресей империясының қой терісін жамылған аса қауіпті, кертартпа идеологы болғанын енді жасырудың реті жоқ шығар. Өйткені А. Каримуллиннің зерттеп тануы бойынша, миссионерлерді даярлаудың кілтін қолына ұстаған Ильминский бүкіл Ресей өлкесінің барлық аудандарына кадрлар даярлаумен айналысқан. Әр халықтың ерекшелігіне орай миссионерлік саясатын да, жүргізу тәсілін де өзгертіп, жағдайға бейімделе жүргізген айлакер идеолог екендігін көрсетеді. Мысалы, татар халқының тағдыры күрделі ақыны Яков Емельянов (1848—1893) шоқынған татар отбасында туған. Ол 1864—1869 жылдар аралығында арнайы түрде ашылған «Шоқынған татарлар мектебінде» оқып, бітірген кезде, оны Ильминский қамқорлық жасап Қазанның діни академиясына оқуға түсіреді. Оқуды бітірісімен дьяк атағын алып, қызмет етеді. Ол жастайынан өлең жазумен айналысып, алғашқы туындыларын жариялай да бастайды. Яковтың осы өнерін өз идеясын насихаттауға пайдаланбақ болып Ильминский оны 1880 жылы дьяктан

поп дәрежесіне көтереді. 1879 жылы оның өлеңдер жинағы «Шоқынған татар тіліндегі өлең» деген атпен басылым көріп, ақын ретінде танылып қалған тұсы болатын. Бұл жинақ жөнінде Ильминскийдің қорында жатқан баян етулерде «...Шоқынғандардың санасын оятып, татар ісін күшейту» себепті (*Татар әдебиеті тарихы. Қазан, 2-т., 1985, 465-б.*) ақын Яков Емельянов «қаһар ұрған полтардың» қатарынан бірақ шығады. Өйткені ол туған халқының әлеуметтік мұңын жырлап, Ильминскийдің үміт еткен мақсатының шеңберінен шығып кетугіне байланысты миссионерлердің қарғыс таңбасы басылып отырғаны көрініп тұр. Ильминский Яковтың «Шатасқанның оянуы» деген миссионерлік сарындағы өлеңінен үлкен үміт күткенімен, өмір талқысы ақынды туған халқының мұңын жырлауға ойысқанда жер сабағандай одан түңіле үмітін үзген еді.

Міне, татарларды біржолата шоқындырудан күдер үзген Ильминский енді Орынборға келіп, қазақтарды шоқындыру әрекетін өте сақтықпен жүргізе бастайды. Оның қазақ даласына оралу себебін, оның замандастарының пікірі мен өзінің де қазақтарды іштей танып білуінен іздемек керек. Өйткені қазақтардың татарларға қарағанда ислам дініне осалдығы, оларда діни фанатизмнің жоқтығы туралы қоғамдық пікір қалыптасып та қалған еді. Бір ғана мысал: белгілі публицист С. Н. Южаков өз мақалаларында ислам діні қатты дендеген мұсылман халықтарын ассимиляциялау өте қиын мәселе екенін ашып айтады. Қалай болса да олардың жазуын орыс алфавитіне ауыстыру арқылы әрекет етуді ұсынады. Бұл үшін мәселені қазақтардан бастаудың жемісті болатынын ескеріп, олардың ислам дініне салқын қатынасын негізге алады. Осы себепті: «...в киргизских школах необходимо сделать теперь же. Здесь нет ни мусульманской нетерпимости, никаких традиций, которые мешали бы этому нововведению и дело, несомненно привится легко и быстро» (*Русский вестник, 1891, кн. 7—8*),— деп жазып, шоқындыру ісін мүмкіндіктен шындыққа айналдырудың құнарлы топырағы қазақтардың арасында жатқанын ашық айтып көрсеткен. Міне, Ильминскийдің қазақ даласына аңсары ауып, Ы. Алтынсаринді іздеп табуында миссионерлік мақсатын жүзеге асырудың ең ұрымтал орны қазақ даласы екендігіне көзі жеткен соң келгендігі байқалады.

Остроумов Николай Петровичті өз шығармасында

Мұғтар Әуезов жайдан жай атап отырған жоқ. Өйткені Ташкент қаласында САГУ-дің аспирантурасында оқыған кезінде проф. Остроумовтың еңбектерімен тікелей танысқан болатын-ды. Проф. Остроумов Орта Азия халықтары мен ұлы жүз қазақтарын біртіндеп шоқындыру, мектеп арқылы орыстандыруды мемлекет тарапынан қойылып отырған саяси мақсатты жүзеге асыру ісіне бойындағы бар қуатымен қызу атсалысқан атақты да танымал, аса айлакер тәжірибелі миссионерлердің бірі болатын. Остроумовтың да ұшқан ұясы Қазанның діни академиясы. Оның осы жолға түсуіне кімдер себеп болғанын ол жасырмайды, қайта мақтанышпен: «...Николай Иванович и Ефим Александрович Малов были моими наставниками, а Гордей Семенович Саблуков руководил мною уже по окончании курса в академии... На изучение мусульманства я обязан личному влиянию названных наставников» (*Остроумов Н. П. Воспоминания о миссионерском отделении при Казанской духовной академии. Казань. 1899, с. 12*),— деп ұстаздарын басбасына атап көрсететіні бар.

Проф. Н. П. Остроумов Тамбов губерниясында туып-өскен, сондағы духовный семинарияны үздік оқып бітірген. 1866 жылы миссионерлік жолдағы ұстаздарының шақыруымен Қазанның діни академиясына түсіп, оны 1870 жылы аяқтасымен-ақ бірден Ильминскийдің ұсынуымен, оның өзі басқарып келген «Противомусульманское отделение» меңгерушісі болып тағайындалады. Оның миссионерлік жолдағы ізденістері мен жүргізген істеріне аса риза болған әрі келешегінен зор үміт күткен Ильминский Остроумовты зор көлемдегі миссионерлік жұмысты жүргізу үшін, 1877 жылы кең-байтақ Түркістан өлкесіне жібереді. Ол Ташкентке келісімен ең алдымен Жетісу, Самарканд жерлерін аралап, мұндағы жергілікті халықтардың тұрмыс ерекшелігімен, рухани болмысымен жете танысып шығады. Түркістан өлкесінде әр түрлі қызметтер атқара жүріп, өзінің басты мақсатын, яғни жергілікті халықтарды мектеп арқылы орыстандырудан қол үзбейді. 1883 жылдан 1901 жылға дейінгі аралықта Ташкенттегі гимназияның директоры, 1901 жылдан 1917 жылға дейін Түркістан оқытушылар семинариясының директоры болады. Ал 1883 жылдан 1917 жылғы Октябрь революциясына дейін, яғни 34 жыл бойы үзіліссіз жергілікті «Туркестанская туземная газетаның» редакторлық қызметін атқарады.

Остроумов негізінен ислам дінін зерттеумен айналысты. Оның еңбектерінің дені осы тақырып саласында жазылған. Оның қолынан шыққан 42 еңбектің бәрі де миссионерлік мақсат тұрғысынан жазылды. Ол жергілікті ғұлама руханилармен көп әңгімелесіп, исламияттың мәні мен тарихынан көп мағлұмат деректер көзін табады.

Остроумов жазған: «Историческое и современное значение христианского миссионерства среди мусульман» (Казань, 1894), «Колебания во взглядах на образование туземцев в Туркестанском крае» (Ташкент, 1910), «Исламоведение» (Ташкент, 1912), «Отчет Туркестанской семинарии за 25 лет ее существования» (Ташкент, 1900), «Аравия и корань» (Казань, 1899), «Сарты» (Ташкент, 1908), «Способны ли кочевые народы Азии к усвоению христианской веры и христианской культуры» (Ташкент, 1895), «Введение в курс исламоведения» (Ташкент, 1914) т. б. еңбектерде автордың басты идеялық бағдары мен миссионерлік жолдағы күрес жолы толық көрінісін тапқан.

Остроумов бұратана халықтарды орыстандырудың ең басты құралы мектеп пен ағарту жұмысына саятынын жақсы білген. Ол қазақтарды Ресеймен дін жағымен біріктіріп, мектеп арқылы орыстандырудан басқа балама жол жоқ деп қараған. Отаршыл тарапынан жүргізілетін культурегерлік саясаттың астарлы сырын ұғынған қазақтар күндердің күнінде саяси жағынан қауіпті күшке айналады деп көрсетті. Басқа миссионер ғалымдар сияқты Остроумов та қазақтардың арабша жазуын міндетті түрде орыс алфавиті негізіндегі жазуға алмастыруды, соны орнықтыруға ерекше шешуші мән берді. Осындай бүркемелі культурегерлік айла арқылы діни фанатизмнен аулақ, рухани жағынан таза сақталған қазақ халқы мұсылман әлемінің ықпалынан, әсіресе татарлар мен Орта Азиялықтардың рухани теологиялық әсерінен қол үздіре аламыз деген қорытындыға келуі себепті: «.. задача — сближение туземцев с русским государством и русским народом, велось при посредстве русской транскрипции, в основание которой был положен русский алфавит без всяких изменений» (*Отчет... с. 25*), — деп Петербург университеті ұсынып, ресми түрде үкімет тарапынан қолдау тапқан принципті ұстанғаны байқалып-ақ тұр.

Бұл айтылған танымдық мәні бар мәселе Түркістан оқытушылар семинариясының жергілікті халықтарды

орыстандыру жолындағы басты міндеті болса, екінші елеулі міндет қазақтарды шоқындыру арқылы орыстармен біріктіріп сіңіру екенін жасырмайды, ашық айтады. Бұл іспеттес саяси мақсат проф. Остроумовтың өмір бойы ұстанып, толассыз жүзеге асыруға тырысқан дүниетанымының іргелі негізі болатынды.

Мұхтар Әуезов 1951 жылы басылым көрген «Ақыға аға» романында Абаймен сұхбаттасқан жандаралдың аузынан: «..зор миссионер **Алекторовты** айтты»,— деп бұл миссионер ағартушы ғалымға ерекше мән бере қарауының белгілі бір себебі де бар еді. Егерде сыр бүгін жатқан тарих қойнауларын аралап, қатпарларын ашып, сын көзімен сүзе қарар болсақ, мұның да кұпиясын ашып, мән-мағынасын, саяси астарын түсінуге болады.

Қазақ әдебиеті тарихындағы кейбір мақала, зерттеу еңбектерде А. Е. Алекторовтың дүниетанымы мен таптық позициясына сын көзімен қарамай, біржақты мадақталып, қазақ елінің ең зор қамқоршыларының бірі ретінде бағаланып келеді. Әрине, бұл таным ат үсті түсінуден, немесе Алекторовтың өмір бойы ұстанған идеялық бағыт-бағдарының саяси төркіндеріне сын көзімен терең зерттей отырып пікір айту ниетінен тұмай, белең алған жаттанды пікірдің шылауында кетуден туған құбылыс. Бұған мысалды алыстан іздемей-ақ өткенге көзі қарақты деген академик жазушымыз Ғ. Мүсіреповтің «Қазақ халқы А. Е. Алекторовқа үлкен қарыздар» (*Қазақ әдебиеті, 1977, 18 наурыз*) деген мақаласында аса зор миссионер ғалым Алекторовтың алыс мақсат көздеген саяси астарлы мәні бар еңбегін асыра мадақтап жіберуі жастар мен ғалымдарды оның саяси-әлеуметтік болмысын дәл танып білуге, әділ бағалауға кедергі жасап келеді. Өйткені дуалы ауыздан шыққан сөздің бәрі шындық деп қабылданған танымның тұтқынынан сытылып шығудың өзі көбінесе қиындыққа айналатыны бар. Жеке басқа табыну дәуірі мен тоқырау заманында шындықтың бетін бүркеп ғылым мен әдебиетте жасанды пікірдің, яғни лакировканың үстем болып келуі де академик Панкратованың атап көрсеткеніндей: «...Егер патшалық Ресейдегі ұлттардың жағдайын көрсетудегі кәтеліктер жойылмаса, онда осы мәселенің бәрін дұрыс шешуге болмайды. Біздің оқулықтарда және жеке-жеке халықтардың тарихы жөніндегі кітаптарда патша самодержавиясының ұлт-отарларды езушілігін әшкерелеуге тіпті назар аудармайды» (*СОКП XX съезі. Стенография-*

лық есеп. 1-т. Алматы, 1958, 653-б.),— дегеннің өзіне айналып отыр. Алекторов мұрасын танып бағалаудағы қателіктің де осы жолмен кеткені жасырын сыр емес. Немесе Ресей империясындағы ресми педагогиканың өкілі болған А. Е. Алекторовты саяси-әлеуметтік, тарихи танымымыздың биік көрсеткіші болып отырған Қазақ Совет Энциклопедиясы (КСЭ. 1-том, Алматы, 1972, 267-б.) оның қазақ тарихын, мәдениетін, этнографиясын, фольклорын жинап зерттеуші педагог ғалым ретінде жайбарақат таныстырып, оның ең басты саяси-әлеуметтік, яғни монархистік, миссионерлік мақсатын ашпай кетеді. Әрине мұның бәрі академик Панкратова атап көрсеткен ұлт тарихын көрсетудегі қате танымдардың шылауында кетуінен деп қараймыз.

Ал шындығына келсек, яғни тарихи, таптық мүдде тұрғысынан бағалар болсақ, А. Е. Алекторов саяси бағыт-бағдары жағынан барып тұрған монархист, үлкен жолдағы миссионер, өмірінің соңына дейін революциялық қозғалысқа қарсы күрескен қаражүздіктердің көрнекті өкілі болатын. Осы мәселенің төркінін М. Әуезов терең танып барып, шындық шеңберінде Алекторовтың миссионерлік идеясын әшкерелеген еді. Бірақ уақыт М. Әуезовтің танымын шындыққа негізделуіне қарамай бүркемелеп тастағанын оның автоцензурасынан көріп отырмыз.

Алекторов Александр Ефимович (1861—1919) өз қызметін Орынборда оқытушылықтан бастаған. Бұл өлкеде сол тұста Ильминскийдің миссионерлік әрекеті мейлінше кең өріс алып, үкіметтен қызу қолдау тауып тұрған кезең еді. Ол Ильминскиймен танысып, оның миссионерлік жолына біржолата құлай беріледі. Бірақ мұндағы бір ерекшелік басқа миссионерлер сияқты шіркеу маңында айналсоқтамай, ресми оқу орындарында ұстаздық етсе де, бұратаналарды орыстандырудың басты құралы мектеп пен ағартушылық деген танымға толық сеніп барған. Миссионерлік жолға түскен ғалымдарға қойылған іргелі талаптың бірі — отарланған бұратана халықтардың тілін, тарихын, фольклорын, этнографиясын, діни танымын, тұрмыс ерекшелігін жан-жақты терең біліп, осы таным негізінде оларды орыстандырудың саяси айла-тәсілдеріне жетіле түсуде жататын. Осы тұрғыда миссионер ғалымдар жазған еңбектер негізінен отаршылдық саяси мақсаты жүзеге асыруға бағытталған бұратана халықтарды идеологиялық жағынан меңгерудің се-

німді құралына айналғанымен, біздер үшін өткен тарихты білуде ғылым нақтылы информациялық деректер беруі арқылы оларды сын көзімен пайдалана білсек, нағыз тарихи шындықтың үстінен де түсіреді. Объективті тұрғыдан қарағанда, шындықты танып білуде біздер үшін пайдалы қайнарлар көзіне айналып та отыр.

Алекторов 25 жасында, яғни 1886 жылы Ішкі орданың оқу инспекторы болып тағайындалады. Жалпы патша үкіметінің отаршылдық тарихында қазақ халқына қолданған әрқилы саяси-әлеуметтік айла-тәсілдерін сенімді болған осы Ішкі ордада тәжірибе жасап, нәтижесін жалпы қазақ даласына ендіретін ішкі қулығы да болатынды. Мысалы, Алекторовтың «Что нужно обрусения инородцев» (*Астраханский листок, 1892, № 207*) деген атышулы мақаласында Ішкі орда қазақтарын орыстандырудың мәселесін көтеріп, өзінің миссионерлік жолдағы басты танымын анық байқатады. Алекторов «бұратана халықтар үшін мектеп орыстандырудың басты құралы» деген ұранды жүзеге асыруды ұсынады. Ал дәл осы тұста белгілі проф. И. Н. Смирновтың «Обрусение инородцев и задачи обрусительной политики» (*Исторический вестник, 1892*) деген белгілі мақаласында орыстандыру саясатының туына «бұратаналарды христиандандыру» ұранын жазуды ұсынған еді. Бұл бір мақсаттағы миссионер ғалымдардың ұсынған ұрандарының ішінде, әрине Алекторов ұсынған жолдың культурегерлік бағыты мейлінше бұркемеленген әрі сенімді болып келуі — оның миссионерлік ағартушылық жолдағы идеялық бағыт-бағдарын дәл анықтайтын құбылыс.

Ол Батыс Қазақстанда жүрген кезінде-ақ орта жүз қазақтарының арасындағы аралас түрде келетін орыс-қазақ мектептерінің тарихына жіті назар сала бастайды. Ол өлкедегі миссионерлік жұмыстармен алдын-ала танысып даярлана бастады. Оның 1895 жылы жарияланған «Задачи русской школы в инородческой орде» (*Московская ведомость, 1895, № 261*) деген белгілі мақаласында Торғайдағы аралас орыс-қазақ мектептерінде шоқындыру, орыстандыру ісі ойдағыдай дәрежеде жолға қойылған деп аса жоғары бағалап, осы дәстүрді жалғастыру мақсатымен Торғай облысына ауысады, бүкіл Орта жүз қазақтарының тұрмысымен танысып, миссионерлік әрекетті күшейтуді мақсат тұтынады. Ол Кіші жүз қазақтарының өмірімен жете танысып, миссионерлік-педагогикалық тәжірибесі толыққан соң, 1896 жылы Торғай

облысының оқу ісінің инспекторы болып тағайындалады. Осы облыста алты жылдай қызмет атқарып, 1902 жылдан бастап Ақмола, Семей облысындағы училищенің директоры бола жүріп, осы кезде өзінің миссионерлік бағыттағы еңбектерін өндіре жазып шығады.

Ғылыми, педагогикалық саладағы тәжірибесі молығып, миссионерлік бағыты мейлінше күшейген тұста әл орта жүз қазақтарының әкімшілік астанасы ретіндегі Омбы қаласына келген соң жазған «Исламизм и киргизы» (*Московская ведомость. 1897, № 301*) деген еңбегінде қазақтарды шоқындыру, орыстандыру ісіндегі басты кедергі әлі де болса татарлардың әсері Орта жүз қазақтары арасында басым жатқандығына көзі жете түседі. Қалай да болса екі халық арасындағы рухани байланысты ұзу, қазақтарды олармен араластырмау жолындағы күресте тікелей ұстазы Ильминский бағытымен идеялық жағынан да, практикалық жағынан да өзектесіп жатқан біртұтас құбылысты көреміз.

Алекторов өз ойын қорыта келіп жазған «Наши газеты о деятельности православной миссии на русском Востоке» («Народ». 1897, № 237) деген мақаласында мейлінше ашық миссионерлік отарланған Шығыс халықтарын орыстандыруда алдымен олардың қыздары мен әйелдерін шоқындырудың мәселесіне шешуші мән бере қарайды. Өйткені Шығыс халықтарының үй-іші мен болашақ ұрпақтарының бесігін тербетіп, халықтық рухтағы тәрбиенің тетігін ұстап отырған әйел-ананы шоқындырып орыстандырудың рухани нәтижесі әрі сенімді, әрі өнімді болатынына баса назар аударылған.

Алекторов айтып отырған аса қатерлі идеяға патша отаршылдары дүниежүзілік отаршыл елдердегі миссионерлік тәжірибелерді қорыта отырып келген. Бұған патша генерал-губернаторларының бәрі де ерекше мән бере қарап, тіпті Еділ бойындағы қалмақтарды шоқындыру саясатында олардың қыздарына арнаулы мектеп ашуынан да, қазақ даласында да қазақ қыздары үшін (Қарқаралыда) мектеп ашуы көп нәрсенің астарлы түп төркіндері қайда жатқандығынан хабар да береді.

Осы мақаласында Алекторов кедей-кепшіктерді шоқындыру мәселесіне сенімсіздікпен қарайды. Оның ойынша, кедей адамдар шоқынғанда шын сеніммен шоқынбай, тек тұрмыс мұқтажына байланысты шоқынатынын дәл танып отыр.

Ахмет Байтұрсынов та ағартушылық жолда

А. Е. Алекторовпен танысып, бірер жыл бірге қызмет атқарысады. Осы жылдары ол Алекторовтың сақтықпен сыртын бүркемелеп жүргізіп келе жатқан миссионерлік бағыт-бағдарының сырына қаныққан соң, одан сырт айнала бастаған. Бұл әрекеттің тарихын М. Әуезов 1923 жылы «Ақжол» газетінде жарияланған мақаласында да баса көрсеткен болатын. Тіпті қазақтардың арасында басқа бұратана халықтардың арасынан шыққандардың шоқындыру саясатына қызмет етіп, миссионерлерге көмектескен әрекеттің болғанын Ахмет Байтұрсынов:

Қейбірі шен алмаққа,
Дінін шаншып қармаққа,—

деген өлең жолында айтылған пікірдің астарында әлі де біз біле бермейтін су асты ағымдардың болғанын аңғарғандай боламыз.

Әсіресе, Алекторовтың бүкіл дүниетанымының өзекті тұстары мен айқын көріністерін оның Омбы қаласында ұзақ жылдар бойы оқу орындарында қызмет атқарып, зерттеу еңбектерін жазған тұста аңғара түсеміз. Оның саяси бағыт-бағдары, әсіресе, Омбы дәуіріндегі кезеңдерде айқын ашыла түседі. 1905 жылғы Ресейді дүр сілкіндірген революциялық жағдай тұстарында немесе оның шегініп реакцияның күшейген кездерінде Алекторовтың полицияда тыңшылық етіп, революциялық ниеттегі жастарды қуғындауға қызу атсалысуы, еркін ойлы жастарды гимназиядан аластау қызметі үшін үкіметтен генерал-майор лауазымымен дәрежесі бірдей «действительный штатский советник» атағын алуы — оның кім екенін анықтап тұр емес пе?

Алекторов 1906 жылы Омбы қаласындағы оқу орындарындағы революцияшыл ниеттегі жастардың қарсылығын күшпен жаншу үшін, әскери қарулы күш шақырып, зорлықпен қудырғаны туралы ресми құжаттар Омбы архивінде талай сырды бүгіп жатыр

Алекторовтың тікелей араласуымен 1906 жылы 2 наурызда Омбы гимназиясының бүкіл шәкірттері оқудан қудаланып, озық ойлы жаңашыл оқытушы А. Д. Кван ұсталынып, қамалады. Сол күні гимназияның қабырғасында «Алекторовқа өлім келсін» деген ұранның ілінуі немесе Алекторовты өлтірмек болғанда, оның қашып құтылуының бәрі де, оның кімнің жырын жырлап, мүддесін қорғағанын бүкпесіз аша түседі. Осы айтылған оқиғалардың мазмұны сол тұстың либералдық бағыттағы

«Иртыш» газетінде де (1906, 23 шілде, № 5) өз көрінісін тапқан. Газеттің сол жылғы 20 тамыздағы санында да қатты айыпталып, академиялық салпаң құлақ деген ат тағылады. Сатқындық құлқымен өкіметке жаға білген Алекторовтың 1908 жылы бүкіл Батыс Сібір оқу инспекторы болып жоғарылатылуы да кездейсоқ құбылыс емес еді.

Миссионерлік, патшашыл бағытынан таймаған Алекторов 1917 жылғы ақпан революциясынан кейін Омбыдағы оқу орындарындағы озық ойлы оқытушыларды түгел қуып, қаражүздіктердің қанды шоқпар тобына қосылып кетті.

Эринс, А. Е. Алекторовтың миссионерлік мұрат тұрғысынан жазылған ғылыми зерттеу еңбектерінің біздер үшін әлі күнге дейін сол дәуірдің саяси-әлеуметтік шындығын танып білуде, сын көзімен қарай білсек, пайдалы жағы да бар. Бірақ ол жазған еңбектердің түпкі мақсатын, нені көздегенінен көз жазып, астарлы зардаптарына мән бере алмасақ, адасқанымыз болып шығады. Мысалы, Алекторовтың ең басты еңбегі 1900 жылы Қазан қаласында басылым көрген «Указатель книг журнальных и газетных статей и заметок о киргизах» деген атақты да көлемді еңбегінің дәл бүгінге дейін ғылыми мәні бар нәрсе. Қазақтар туралы алғаш рет басылым көрген әрқилы деректерді тұтас қамтып көрсеткіш жасауы — қай жағынан алып бағаласақ та бірегей еңбек. Бірақ бір ескерер нәрсе, отаршыл үкімет өзінің отаршылдық саясатын жүзеге асырып, бодан елді қимылдатпай шенгелінде ұстаудың ұрымтал жолдарын қарастырғанда, ол халықтың өткендегі өмірін, тұрмыс ерекшелігін, ішкі наным мен салт-санасын, тарихи жолын білуге елеулі мән бере қараған. Өйткені оны жете білу арқылы ол халыққа қолданар саясаттың түрін анықтауға мұқтаж болғандықтан да, қажетті деген информациялық деректерді жүйелеп жинастырып отырған. Барлық отаршыл мемлекеттер тарапынан ғылым атынан жүргізілетін әртүрлі мақсат көздеген зерттеулер мен қазына қаржысымен жабдықталған экспедиция атаулының бәрі де отаршылдық мүдде тұрғысынан жүргізіліп отырған. Осы себепті де патша үкіметі өз мүддесі тұрғысынан жүргізілетін ғылыми зерттеулер мен арнаулы экспедициялардан қаржыны аямаған. Мәселе бүгінгі күнде отаршылдық мақсат тұрғысынан жүргізілген әрекеттердің қай түрі болса да оны қалай танып бағалауға саятынын есте ұстау

ләзім. Бұлай дейтін себебіміз ол әрекеттердің бәрі де біздің тарихымызда біржақты бағаланып, тіпті мадақталып, ащы шындық бүркемеленіп жатуында болып отыр. Халық ұғымын өткендегі бұл іспеттес зарарлы құбылыстардан тазартудың мәселесі бүгінгі өмір талабынан туындалып отыр.

Міне, жоғарыда айтылған мәселелердің түп төркіндеріне назар аударсақ, Мұхтар Әуезов қолданып отырған автоцензуралық құбылыстың саяси-әлеуметтік тамырларын түбірлсіз қарағанда, жазушының кең тұрғыдан айтпақ болған, бірақ артынша сол тұстың жағдайына байланысты өз ой оралымдарын толық ашпай, бүгіп қалуында көп нәрсенің астарлы да сұсты сырлары жатыр. Жазушының автоцензурасында жанамалай ишарамен айтқан тезистерінің астары қалың, бірақ бойлай қалсаң алды-артыңа қаратпай ағыза жөнелер қуатты ой барлығын да сезінеміз.

Жоғарыда М. Әуезов автоцензурасындағы ишарамен жанамалап айтқан ой астарларының бәрі де Ресей империясының отаршылдық саясатынан туындап отырған, әрі өмірде болып өткен нақтылы тарихи оқиғалар желісінде жатқан құбылыс екені ақиқат шындық.

Патша үкіметінің отарлау саясатындағы ең тұрақты сыннан өткен сенімді әдісі — отарланған жерлерге қоныс аударушыларды барынша тоғыта отырып, жергілікті халықтың үнін шығармай билеу ісіне, әсіресе, аралас мектеп арқылы біртіндеп орыстандыру, шоқындыру мәселесіне келіп тіреледі. Бұдан шығатын қорытынды: өткендегі отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиеті тарихын жазу жолында қоғамдық санада елеулі орын алған миссионерлік құбылысты жасырмай, оны боямалап бүркемей шындықты сол қалпында көрсетіп, әділ бағалауды уақыт талабы алға қойып отыр.

ҰЛЫЛЫҚ ҮНДЕСТІГІ

Орыс поэзиясының ұлы тұлғасы Пушкин шығармаларымен қазақ қауымы алғаш рет Абай аудармалары арқылы таныса бастады. Абайдың Пушкин мұрасын жалпы Шығыс ақындарының ішінде аса терең меңгеріп, зор шеберлікпен аудару — қазақ әдебиеті тарихындағы аса тамаша құбылыстардың бірінен саналады.

Мұхтар Әуезовтың өзі де Пушкин шығармаларымен

тұңғыш рет Абай аудармалары арқылы танысқанын «Атам Әуез... ақынның өз өлеңдерін де, аудармаларын да көп оқытатын. Әсіресе, Абай аударған Татьяна жанының нәзік сырын, оған Онегиннің жауабын жаттатын»,— деп балалық шағын еске алғанда ескертіп те өтеді. Ержете келе Семей оқу орындарында, соңыра 1922—1928 жылдар аралығында Ташкент, Ленинград университетінде оқуы — ұлы орыс классигінің барлық шығармаларымен әрі ол жайлы жазылған ғылыми еңбектерді оқумен бұл саладағы танымын тереңдете түседі. Ленинград университетінде жүріп-ақ пушкинтанудан арнайы курс оқитын ұстаздары профессор В. Сиповский, Р. Кулләмен бірге сол кезде-ақ Пушкин мен Абайдың әдеби-творчестволық байланысы жайлы аса күрделі де қызықты зерттеу жұмысымен шұғылданады. Пушкинтанудан дәріс оқушы ғұлама ұстаздары Пушкиннің өлеңмен жазылған романы «Евгений Онегинді» аударып, оған арнайы ән шығаруы арқылы бүкіл халықтық репертуарға ендіріп жіберген Абай өнеріне қатты қызығады. Университет аудиториясында, тіпті Абай мұрасы мен оның аударма өнеріне арналған «Абай сағаты» деген дәріс өткізіле бастайды. Бұл ізденістердің бәрі де шәкірт Мұхтар Әуезовтың тікелей араласуымен жүзеге асып жатқан сәтті қадамдар болатын.

Соңыра отызыншы жылдардан бастап атақты «Абай романын жазуға даярлану үстінде жазушы Абай мен орыс классиктері деген тақырыпқа қайта оралып, үңіле зерттейді. Әсіресе, Абай аударған Пушкин шығармаларының сырын алдыңғы қатарлы орыс ойшылдарының деңгейінде танып білген Шығыстың дана ақыны екеніне көзі жете түседі.

«Абай» романы жөнінде жинастырған ұшан-теңіз деректерін қайта сұрыптау жолында Пушкин — Абай байланысына тағы да қайта оралып, тереңірек тануға ұмтылады. Бұл жөнінде жүргізген ізденістер өзі ескертіп өткендей екі салада қатар жүргізіледі. Алғашқысы таза ғылыми зерттеулерге тірелсе, екінші саласы, романды жазу үстінде жалғастырылды. Мұнда да екі ұлы ақын аралығындағы творчестволық байланыстың ғажайып сырларын аша түсуге бағытталады.

М. Әуезов 1933 жылдан бастап Пушкин мұрасы мен Абай аудармалары жайлы зерттеу еңбектерін жариялай бастайды. Осы тақырыпқа жазылған оннан астам мақала, зерттеулері 1933—1951 жылдар аралығында жарық

көрдi. Абай мұрасының идеялық-көркемдік нәр алған қуатты қайнамадарының ең басты жағы орыс мәдениетінде жатқандығы жайлы ой байламын да М. Әуезов осы жылдары жасаған болатын-ды.

М. Әуезов Пушкин мұрасын зерттеуге, көбінесе, Абай аудармаларына байланысты оралып отырған. Пушкин, Абай мұрасы жайлы зерттеулерінде ол екі нәрсеге: Абайдың орыс классиктерінен Пушкинге деген айрықша бейіл бере бағалау себебі мен Абайдың ақындық мәдениетін европалық биік деңгейге көтерудегі игі ықпалын ашуға мейлінше қатты көңіл бөліп отырған. Бұлай етудің белгілі себептері де болатын. Өйткені, Абай өз заманда қазақ жастарының махаббат сезімін тәрбиелеу жолында Татьяна образы арқылы әйел жүрегінің нәзіктігін, ғашықтық сезімнің қадір-қасиетін танып бағалауға баулуды мақсат етті. «Евгений Онегинді» Абай, негізінен, осы мақсат тұрғысынан өз ой сарынын қоса отырып аударарынын зерттеуші үнемі еске алып отырады.

Абай шығарған Татьяна әні де қазақ арасында 1887—1889 жылдар аралығында қатты жайылды. Осы құбылыс кейін «Абай» романында зор көркемдік шешіммен суреттелді де, Абай аудармасы мен шығарған әніндегі осы іспеттес эстетикалық әсердің қуатты күшіне көңіл бөлген жазушы: «Орыс классиктерінің ішінде Абайға үлгі беруде үлкен ұстаздық еткен ақынның ең үлкені Пушкин»,— деген ой байламын жасайды. Осыған орай Пушкин жайлы ғылыми ізденістер мен «Абай» романының қоса өріліп бірлікте зерттелетіні де ХІХ ғасырдың екінші жартысында бүкіл Таяу Шығыста Пушкин мұрасын барынша терең барлап таныған Абай шығармаларындағы жаңа таным, соны бағыт, ақындық өнердегі жаңашыл өзгерістердің сырын ашуға бағытталып отырады.

Қазақ әдебиетінде Пушкин мұрасы төңірегінде жазылған мақала, зерттеулердің дені көбінесе Пушкиннен аударылған шығармаларды санамаалап, сырттай танып, жалпы сөз етумен шектелетін. Ал М. Әуезов зерттеулері орыс классигінің Абайдың ақындық өнерде заңғар биікке көтеріліп, жаңа сапа табуына аударма өнері игілікті ықпал еткен жайттарды анықтап тануға бағытталды.

Пушкин реализмнің дәстүрлері, әсіресе, Абай поэзиясында табиғат, махаббат, көңіл күй лирикаларында ерекше сезіледі. Бұл сипаттар қазақ поэзиясының ХІХ ғасыр аяғында-ақ европалық деңгейге көтерілуіне тіке-

лей қолқабысын тигізді. Осы іспеттес қазақ поэзиясына Абай ендірген өлең өрнектеріндегі жаңалықтардың бір ұшы да Пушкин мұрасымен байланыста жатқан ерекшелік екеніне де көңіл бөлді. Ақын жайлы екі алып арасындағы ұғым іліктестігі мен танымның қатар түсіп жатуы да алғаш рет М. Әуезов зерттеулері арқылы ашылды. Қос алып шығармаларында бүкіл адамзатқа ортақ әлеуметтік, гуманистік ойлар сарыны қатар жырланатынын, әсіресе, эпопея желісінде бейнеленген дала жастарының сүйіспеншілік сезімдері мен өнерге, жан азығына деген құлшыныстарынан да сезінеміз.

1934 жылдың өзінде-ақ М. Әуезов «Евгений Онегинді» Абайдың зор шеберлікпен аударуын, яғни қазақ ақынның Пушкинге келу жолын рухани өмірдегі тамаша құбылыс ретінде таниды да: Онегин, Татьяна хаттары Абайдың Пушкин желісімен өзі шығарған сөздері болды»,— деп жазады. Ал бұл жаңаша таным тұрғысынан бағалау қазіргі оқушы қауым үшін ерекше көңіл бөлерлік мәні бар пікір. М. Әуезовтың Пушкиннен Абай аударған өлеңдердің сырын танып білуде өзіндік іштей түлеп өсу жолы барлығы сезіледі. Бұлай дейтін себебіміз, бір кездерде зерттеуші Абай аударған Пушкин шығармаларын текстік жағынан ғана салыстырып дәлме-дәл аударманы талап еткен бір шағында, «Абай «Евгений Онегиннің» аударушысы болмай өзгертушісі боп шығады. Абайдың бұл тұста қолданған әдісін теріс деп білу керек»,— деген сыртқы белгіден, тек қана аударма текстің салыстырудан туған асығыс танымның да орын алғаны бар. Бірақ толассыз ізденіс үстінде зерттеуші ойы уақыт өткен сайын толысып екшеле келе Пушкинді Абайдың аудару себебі мен аудармадағы көркемдік ерекшелік сырын ашу жолында, әсіресе «Абай» романының екінші кітабын жазуға даярлық үстінде қайта үңіледі. 1934 жылы «Абай ақындығының айналасы» деген мақаласында айтқан пікірінің нысанасы уақыт талабы тудырған шындыққа орайлас келуі себепті сол ойын қайта дамытып, толықтыра түседі. Соңыра абайтану жайлы тезистерінің бірінде «Низамиден аударған әдісі Пушкинге қолданылады»,— деген ой байламын білдіреді. Бұл пікір Абайдың ден бере аударған алғашқы ақыны да Пушкин болғандығын жыл мерзімі жағынан алғанда да дөп түсіп жататынын білдіреді. Осы себепті Пушкинді аударуға кірісу мерзімі Абайдың алғашқы аудармалық тәжірибесі мен танымына да орайлас келетінін М. Әуезов үнемі

еске алып отырады. Бұған қоса Пушкин поэзиясының гажайып сырын дала қазағына жеткізуде Абай өз тыңдаушыларының даярлығымен, ой-өрісімен де көп санасып отыратын ерекшелігі де еске алынады. Өйткені, аударма дегеніміз — тарихи категория. Оның сипаты мен сапасы, көбінесе, уақыт талабына, тыңдаушылар даярлығына байланысты анықталатындықтан да М. Әуезов «Бұл уақытта Абайдың ақындық аударма турасындағы түсінігі, көзқарасы өзінше, өзгереді болған тәрізді. «Ескендір» поэмасының тақырып желісін Низамиден алып, көп өзгертіп жырлағаны сияқты. Абай бұрын өзі білген, жақын Шығыс классик поэзиясында қолданылып жүрген «Нәзира» жолын қолдана түскен тәрізді. Аударған түпнұсқаның өзінде бар шындық пен сырлардың, халдер мен қасиеттердің көбін арқау етіп ала отырып және де тың арман, мақсұттар қосады»,— деп Абай «Евгений Онегинді» аударуда өз тарапынан оқиға желісіндегі өзгерістер мен өзіндік тың ойлар желісін арқау ету себептері де жаңаша ұғымда ашыла түседі. Абай Пушкин шығармаларын аудару үстінде өзіне бұрыннан етене таныс болған нәзирагөйлік дәстүрін творчестволықпен пайдаланғаны көрініп тұр. Міне осы аса нәзік әдеби құбылыстың табиғатын да ерте сезініп, Пушкиннен аударылған шығармалар бойындағы ерекшеліктерді талдау үстінде ашып береді.

Мұхтар Әуезовтың Пушкин мұрасын танып білу жолында оны негізінен Абай аудармаларымен тікелей байланыста ала отырып, ұлы ақынның аударма өнерінің табиғатын сұңғыла білгірлікпен ашып берді.

ТҮЛКІБАСТЫҚТАР — М. ӘУЕЗОВ ҚЕЙІПҚЕРЛЕРІ

Мұхтар Әуезов творчестволық қалыптасу жолында қай туындысы болса да, оны жазуға кіріспес бұрын көркем шығарма негізіне өмірдегі нақтылы шындықты алу, ол үшін шарқ ұрып іздену, зерттеу, көрген-білгендерін ой сарабына салып, көңілге ұялатып, қойын дәптеріне жазып алу жағына ерекше зейін қойған қаламгер. Қазіргі күнде жазушы архивінде сақталып қалған көптеген қойын дәптерлер тобы осының айғағы іспетті.

Ұлы қаламгер ойға оралған пікірін, оны тудырған нақтылы өмір шындығын дер кезінде латқа түсіріп, ұқыпты түрде жазып отырған. Қойын дәптерлері жазу-

шы шығармасының жазылу тарихын, дүниеге келу жолындағы творчестволық сыры мен көркемдік кілтін ашуға айғақты тарихи деректер көзі болып табылады. Мұхтар Әуезовтың «Білекке білек» әңгімесі үлгі-өнеге тұтарлықтай мәнге ие.

М. Әуезов 1933 жылы Түлкібасқа сапар шегіп, аудан өмірімен етене танысып, еңбек адамдарымен тікелей жүзбе-жүз тілдесіп, сырласу, әңгімелесу арқылы көрген-білгендерін, сезгендерін сұрыптап, қойын дәптеріне түсіре бастайды. Қазіргі күнде жазушы музейінің қорында сақтаулы тұрған № 476 папкідегі «Жолдан» деп тақырып қойған арнайы қойын дәптері мен № 457 папкідегі «Қызыл Шығыс» колхозы жайлы асылыс түскен деректер «Білекке-білек», «Іздер» әңгімесінің жазылу тарихы мен жазушы лабораториясының біраз сырларын шертеді, бұдан жарты ғасыр бұрын бастан кешкен қазақ еліндегі колхоздастыру кезеңіндегі оқиғалар шындығын мол қамтыған. Жазушының ауданның көп жерін аралап, аудан өмірінің бар саласына көңіл бөліп, өмір құбылыстарын тұтастай білуге қызыққанын аңғарамыз. Уақыт талабы алға қойған партия, комсомол, мектеп, техникум, кітапхана, клуб жұмыстары ескі мен жаңаның күресі, ондағы адам тағдыры мен психологиясында болып жатқан өзгерістер суреткер назарынан тыс қалмай, түгелге жуық қамтылған. Қойын дәптерге жазушы аралап, тікелей танысқан 33 колхоз, 14 жер, су атаулары, жүзбе-жүз кездесіп әңгімелескен 40-тан астам әркілы тағдырдағы адамдар өмірі, тіпті Түлкібас ауданының әдемі табиғат көріністерінің нақтылы пейзажы да түсірілген. Бірде орысша, бірде қазақша жазылған осы табиғат көріністерін соныра «Білекке-білек», «Іздер» әңгімесінде шебер пайдаланғаны да анық көрініп тұр.

Мұхаң қойын дәптерде аты аталған адамдармен түгелдей кездескен, әрқайсысымен жеке-жеке сөйлесіп, олардың бастан кешкен ғұмыры мен психологиялық құлқын, жеке басына ғана тән әдетін, әсіресе, сөйлеу тіліндегі жергілікті ерекшелігіне ден қоя жазып алып отырған. Кейбіреулерінің қимыл-әрекетіндегі даралық белгісі мен нақтылы портреттік көріністеріне дейін іріктеліп алынған. Жазушының аудан тұрмысындағы, сана мен әдет-ғұрыптағы өзгерісті, халықтың көңіл-күйін жете білуге, әсіресе, аудан орталығы — Ванновкадағы слетке жиналған еңбек адамдарының психологиясы мен көзқарасында орын ала бастаған жаңалық құбылыста-

рын қалтықсыз тап басып, тереңірек тануға күш салғаны сезіліп тұр.

М. Әуезов өзі тікелей әңгімелескен «Тоқан» сөзі, К-нің сөзі, үгітшілер сөзі, Мирзоян колхозында жазылған сөз ерекше қызықты. Ал іштей табысып сырлас болған, соңыра тіпті достасып кеткен Ж-ның сөзі «Білекке-білек» әңгімесіндегі белгілі кейіпкер Жақып әрекеті арқылы берілетін Жұмағұл Жұмаділовтің прообразы болатын.

Түлкібас пен Жуалыға жазушы сапары жайлы көптеген жаңа деректер № 457 папкіде де молынан ұшырасады. Мұндағы көңіл бөлер бір дерек, «Білекке-білектегі» Несібелі әженің алты жасар ерке немересі Елубай туралы мәліметте жатыр. Осы деректе жазушы «Елубайдың өлені»:

«Ленин — біздің бабамыз,
Саясында жатамыз.
Жауың қарсы келгенде
Қақ жүректен атамыз», —

деп бала аузынан естіген өленді келтіреді. Соңыра әңгімені жазу үстінде дәл осы өзі хатқа түсірген өлең — деректі әжесі мен немересі жайлы эпизодқа пайдаланған. Өлең жолдары бала аузында қалай айтылса, солайша жазылған. Тек қана әңгімеде өленнің үшінші жолы ғана «Жаулар қарсы келгенде» деп сәл ғана өзгертілген. Әңгіме кейіпкері ретінде келтірілген бала Елубай да 1927 жылы Түлкібастағы «Шұқырбұлақ» колхозында туған. Соңыра аудан орталығы — Ванновқада Абай атындағы қазақ орта мектебінде оқып, қазір де сол колхозда адал еңбек иелерінің бірі боп жүр. «Білекке-білекте» суреттелген әңгіме кейіпкерлерінің өмірде болған прообраздары бірде өзгертілмей алынса, кейде өзгертіліп алынған. Жазушы осы сапарында жүзбе-жүз тілдесіп, әңгімелескен 40-тан астам адамдардың ішінен, әсіресе, Сартай, Қалдыбай, Жақып (яғни Жұмағұл Жұмаділов), Досымбет келіні Күлсім, Қ. Тасболатов, Сапар Арықова, политотдел Рамазандар өздері жайлы айтқан әңгімелері мен атқарған қызметтері, бастан кешкен тағдырлары жағынан «Білекке-білек» пен «Іздердегі» кейіпкерлер: Асылбек, Сәрсен, Жақып, баяндамашы қара сұр жігіт, Айша, Рамазан, Мақпалдар екендігі көрініп тұр.

Әңгімедегі бас кейіпкер Мақпал прообразы да нағыз өмір шындығынан ойып алынған. Ол аудандық, облыстық, өлкелік слетке баратын бес адамның бірі Досымбет

келіні Күлсім (қазіргі Жуалы ауданы, Чапаев колхозының «Төңкеріс» бөлімшесі) екендігін қойын дәптерде нақтылы көрсетілген деректен көреміз. Әңгіме кейіпкерлері әрекет ететін әлеуметтік орта «Екпін» колхозы әңгімеде шартты түрде аталған, ал шындығында ол Түлкібастағы «Азатлық» колхозының «Шұқырбұлақ» учаскесі екендігі, онда тұратындар Данияр руының тобына жататындығы № 457-папкідегі қосалқы деректерде тағы да жолай аталып өтіледі

Қай шығармасы болса да өмірдің өзінен өзекті желі тарту, ол үшін толассыз іздену, зерттеу, ой қорыту үстінде болашақ шығарма кейіпкерлерінің тұлғасын жасауға алдын-ала зор творчестволық даярлық жасап баріп кірісу — Мұхтар Әуезов бойына ерте ұялаған қалам машығы еді. Бұл машық жас талап атаулының үлгі алып, үйренер өнеге мектебі деп білеміз.

АБАЙДЫ ҚАЛАЙ ТАНЫДЫҚ?

Тілші: Мекемтас аға, басқа басылымдар тәрізді біздің газет те, әсіресе, соңғы кездері Абай Құнанбаев ақынды хал-қадірінше түрлі материалдар жриялап жатыр. Бірақ оқырмандарымызға өзіңіз тәрізді дуалы сөз иесінің лебізін ұсына қоймаппыз. Оның үстіне біз көбінесе көп Абайдың өзі немесе шығармашылығы туралы сөйлейміз де, сол Абайды бізге кімдер танытқанын ескере бермейміз. Абайтанушы ғалым ретінде сол олқылықтың орнын өзіңіз толтырсаңыз деген қолқамен келіп едік.

Автор: Қолқанды орындаудан қашпаймын, інім. Тек бір ескертуім бар. Абайдың зерттелу тарихы таңды таңға ұрып айтар ұзақ әңгіме. Оған, біріншіден, уақыт тар, екіншіден, көсіле сөйлесем газет көлеміне қиянат. Сол себепті мен тезис түрінде қысқаша айтайын. Сен сол күйі жариялауға тырыс. Келістік пе?

Тілші: Келістік.

Автор: Абайдың шығармалары жариялануын 1889 жылы «Дала уалаяты» газетінде басылған «Жаз» деген өлеңінен бастап жүрміз ғой.

Біз бір ғасыр ішінде Абайды қалай таныдық? Қай тұста ұттық, қай тұста ұтылдық?

Абайдың өлеңдері жазылғаннан бері тарихтың талай беттері паракталды. Жүдеген де кезіміз болды, «түлеген» де кезіміз болды.

Шүкір, қазір «Абайды тану — халықты тану» дейтін дәрежеге жеттік. Абай шығармалары туралы 5—6 докторлық, 25-тен астам кандидаттық диссертациялар қорғалды. Түрлі мағлұмат берер 4 мыңнан астам еңбек жарық көрді.

Енді осыны қорытатын кез келді.

Қорытуды кімнен, неден бастаймыз?

Әрине, «Алаш» қайраткерлерінен бастаймыз. Бұл абайтанудың алғашқы дәуірі.

Абай қайтыс болғаннан кейін Әлихан Бөкейханов «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» деген тақырыппен «Семипалатинский листок» газетінде азанама жариялағаны белгілі.

Абайдың қайтыс болуына 10 жыл толуы қарсаңында бұл оқиғаны елеусіз қалдырмау жөнінде «Қазақ» газеті үн көтерді. Мәселен, осы газеттің 1913 жылғы номерінде Ахмет Байтұрсынов «Қазақтың бас ақыны» деген мақаласында жариялады. 1914 жылы Троицк генерал-губернаторының рұқсатымен Семейде қазақ әдебиеті тарихында бірінші рет әдеби кеш өткізіліп, ол Абай рухына арналды.

Сол 1914 жылы Міржақып Дулатов «Абай» атты мақала жазды.

Қысқасы, Абай таныла бастады.

Абайды тану тәуір жолда келе жатты.

Абай ағартушы, табиғаты ерекше жаратылған классик ақын, халықтың мұңын жоқтаушы ретінде аталды.

Ал Абай қайда бастап барады? Абай Шығысқа да, өз жұртына да қанық, енді ол Батысқа бастап барады делінеді. Расы да сол еді.

Абайдың өлеңде қолданған әдісі здоровый реализм, яғни, сыншыл реализм деген пікірлер айтылды. Бұл да орынды еді.

Сол кезде Абайды орыс тіліне аудару жөнінде біраз әңгіме көтерілді. Біраз іс қолға алынды. Бірақ, тәуір аудармашы табылмады.

Тілші: Тәуір аудармашы әлі де табылмай келе жатыр ғой

Автор: Солай. Осы тұста Абай шығармалары қалай таралды деген мәселеге тоқтала кетейік. Абай өз өлеңдерін бастыруға қарсы болған. Себебі белгісіз. Өлеңдерін жазып болған соң төсек астына тастай салады екен. Тауып алғандар елге таратып жүрген. Осындай себеппен ақын өлеңдері үш жолмен тараған:

көшіру арқылы;
жаттап алу арқылы;
ел аузынан естіп, соны қағазға түсіру арқылы.

Осы себепті текстологиялық ауытқуларға ұшырап отырған. Мәселен, ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының бірі Зейнелгабиден ибн Әміре әл-Жауһари әл-Омскауи 1909 жылы Уфа қаласында жарияланған «Әдебиет қазақия» деп аталатын рисаласында «Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерін» береді. Бірақ мұндағы кейбір өлең жолдары Абайда ұшыраспайды.

Немесе мына мысалды алайық. Абайдың көзі тірісінде 1887 жылы Қазанда басылған «Князь блан Загифа» киссасында князь атанған жігіт пен Загифа деген ақын қыз айтысады. Сонда жігіт өзі арман еткен жылқы мен құстың сипатын баяндайды. Бұл екі өлең — кәдімгі «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» пен «Қансонарда бүркітші шығады аңға». Әрине, төл тумадан ауытқушылық көп. Яғни, Абай өлеңдері бөгде кісілердің атынан да жарияланып жатты. Бұл жерде «Дала уалаятындағы», «Жаз» өлеңінің Көкбай атынан жарияланғанын да еске алып отырмын.

Ал Абайдың шығармалары алғаш рет 1909 жылы (көп қиындықпен) Санкт-Петербургте шықты. Кітап туралы мақалалар жариялана бастады.

Бұрын:

Арғын, Найман жиылса,

Таңырқаған сөзіме,—

деп келген Абай осыдан соң қалын қазаққа таныла бастады.

Абайтанудың алғашқы кезеңі туралы қысқаша әңгіме осы.

Тілші: Сіз құрастырған «Абайды оқып, таңырқа...» деп аталатын кітаптан 1918 жылы «Абай» журналында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтың «Абайдың өнері һәм қызметі», 1922 жылы «Шолпан» журналында Мұхтар Әуезовтың «Абай», 1922 жылы «Ақжол» газетінде профессор Ғабдрахман Сағдидің «Абай» атты мақалалары жарияланғанын оқығам.

Автор: Бұл төңкеріс кезіндегі үнсіздіктен соңғы әңгімелер ғой. Абайтанудағы қиын кезең де, Абайға шабуыл да осы тұста басталды.

Мәселен, Сәбит Мұқанов 1923 жылы «Еңбекші қазақ» газетінде жариялаған «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!» деген мақаласында Абайды

таптық жағынан қатты сынады. Абай қазір ең аяғы өзінің тобықтысына да қадірсіз дегендей сөздер айтты.

Ал 1924 жылы Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толғалы жатыр еді. Өкініштісі, осы кезде Қазақстан қимылсыз қалды. Қазақстандағы бірде-бір баспасөз ұлы ақын қазасының 20 жылдығы туралы үн қатпады. Тек қана Ташкентте шығатын Түркістан орталық атқару комитетінің тілі — «Ақжол» газеті ұлы ақынның қайтыс болуына 20 жыл толуына арнап, бас мақала берді.

Бұл іске Мұхтар Әуезов белсене кірісті. Орыс географиялық бөлімі арқылы мәселе қойып, екі күн бойы әдеби кеш өткізді. Онда Мұхтар Әуезов, Жұмат Шанин, Халел Ғаббасов баяндама жасап, Көкбай естелік айтты. Абайдың тұңғыш толық жинағының нобайы осы жолы жасалып, баспаға ұсынылды.

Дегенмен бұл кезде Абай мұрасы туралы тұрпайы социологиялық көзқарас үстемдік ала бастап еді. Абай осы теорияға телінді.

Мәселен, олар Абай ойшыл ақын деп есептемеді. Ол будда, христиан, мұсылман кітаптарын оқып алып, соны елге жеткізуші ғана, өзіндік ой-пікірі жоқ ақын делінді.

Немесе өлеңде мәселен қанша «к» немесе «ң» әрпі барын санап, ақынның көңіл-күйін, таптық көзқарасын осы тұстан «тауып» жатты.

Ал енді үшінші көзқарас — тұрпайы социологиялық көзқарас үш түрге бөлінді.

Абай феодал табының өкілі, сол таптың ақыны болып есептелді. Мұхтар Әуезов пен Құдайберген Жұбановтан басқалар осы пікірге ұйыды.

Абай сондай-ақ көне феодал табынан буржуазияға бет бұра бастаған ауыл интеллигенциясының өкілі ретінде қарастырылды.

Үшінші көзқарас — Абайды буржуазияшыл, ұлтшыл идеологияның атасы ретіндегі көзқарас ұзақ тұрақтады.

Әйтеуір, заман отызыншы жылдар ойраны арқылы соғысқа ұласқанға дейін Абайды әлдекімдерге жала жабу үшін қолшоқпар ету тиылмады.

Соғыс басталды. Жауынгерлерге рухани азық керек болды. Мәселен, Бауыржан Момышұлы Ондасыновқа «Майданға рухани азық керек. Бізге Абайды жіберіңдер» деп хат та жазды. Соғыс кезінде «Абай» екі рет басылды. Көп оқылып түте-түтесі шыққан бұл кітап Берлинге дейін барды.

Соғыс аяқталды.

Абайдың 100 жылдығы аталып өтті.

Тұңғыш рет академиялық толық жинағы шықты. Абайға арналған көптеген кітаптар, мақалалар басылды. Қазақстан Жазушылар одағының Қазақ ССР Ғылым Академиясының Президиумымен бірлесіп жасаған салтанатты мәжілісінде Мұхтар Әуезов баяндама жасады. Ол Абайдың үш бұлағы — Шығыс, Батыс, өз топырағы туралы концепциясын тиянақтады.

Жалпы абайтануда Әуезов сіңірген еңбек ұшан теңіз. Мәселен, ол жоғары оқу орындарында қазақ әдебиеті тарихына арнаулы курс енгізді. 1943 жылдан бастап Қазақ университетінде абайтанудан лекция оқи бастады. Осы лекцияларын үнемі толықтырып отырды. Кейін бұл лекциялар «Абай Құнанбаев» деген атпен кітап болып шықты. Бұл кітап — Әуезовтың абайтанудағы басты кітабы еді.

Осы 45-ші жылдары Ғылым академиясында алғаш рет Абай тобы құрылып, оны Әуезов басқарды.

Осылайша жақсы жүріп келе жатқан жұмыс 47-ші, әсіресе, 51-ші жылдардан соң іркіліп қалды. Бұл сол кездегі космополитизмге қарсы, «Звезда», «Нева» журналдарына қатысты партиялық қаулылардың кесірі еді.

Дау-дамайдың бұл тұстағы басты себебі — Абай шәкірттеріне байланысты болды. Шәкәрім немесе Абайдың өз баласы Тұрағұл тәрізді көптеген адамдарды Кеңес өкіметінің жауы етіп шығарып, оларды Абай шәкірттері деп аталғаны үшін Әуезов те, басқалар да жазықсыз сын естіді.

Бұл мәселелер соңғы жылдары ашық айтылғаны себепті көп тоқталмаймын.

Қысқасы, абайтанудың Әуезов дәуірі осындай қым-қиғаш оқиғаларға толы болды.

Әуезов өмірден өткен соң Абайды зерттеу тоқталып қырап қалды. Осы кезде бұл іске Қажым Жұмалиев білек сыбана кірісті. Ол абайтануды ілгері апаратын аспиранттар тәрбиелей бастады. Абайтануға сол кезде қосылғандардың бірі өзім едім.

Тілші: Абайдың зерттелмей, танылмай жатқан тұстары әлі де бар шығар?

Автор: Абайдың зерттелуге тиіс тұстары көп. Мәселен, бұған дейін Абайдың Батыстан алған тәлімі айтылып жүрді де Шығысы зерттелмей қалды.

Немесе «Абайдың кітапханасы» деген мәселені алайық. Абай не оқыды? Бұған да жауап аз. Ал шығарма-

ларын зерделеп отырсаңыз, Абайдың «Бабырнаманы» немесе, «Құдатғу білікті» оқығанын аңғаруға болады. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде Абай:

Мұны жазған білген құл,
Ғұламаһи Дауани
Солай депті ол шыншыл,—

дейді Осындағы Дауани кім? Ол — Жәләладдин Мұхаммед ибн Асхад әл Дауани. Бұл атакты Әл Фарабидың жолын қуушы.

Дауани туралы деректер «Бабырнамада» бар. Қазір «Абай мен ғұлама акын Дауани», «Құдатғу білік» пен Абай» тәрізді тақырыптарда диссертациялар жазылуда. Айта берсек, бұл мәселе де ұзаққа созылар еді.

Тілші: Абайдың 150 жылдық тойына өзіңіздің жеке үлесіңіз туралы бірер сөз айтсаңыз.

Автор: Өз басым бірнеше кітап ұсынып отырмын. Олар «Восхождение Ауезова к Абаю», «Абай және Шығыс», «Абайтану тарихы», «Жүрегімнің түбіне терең бойла...» (хрестоматия), «Әуезов дәрістері» деп аталады. Бұған қосымша Абай туралы 1965 жылдан бері жарияланған еңбектердің тізімін қамтитын библиографиялық басылым әзірлеудемін.

Тілші: «Абай жолы» эпопеясы партия әрі сөзді үніле тексеріп отырған кезде жазылды ғой. Осы себептен де Мұхаң көп нәрсені ашып айта алмаған шығар. Кейбір кейіпкерлерге деген көзқарас бүгін басқаша. Мәселен, Шұбар — Шәкәрім...

Автор: Ия, Әуезов көп ойын ашық айта алмады. Дұрысында айтқызбады. Мәселен, эпопеяда Шұбар онша жағымды кейіпкер емес. Бірақ, осында Абайға жанашыр болып, үнемі Абайдың жанынан табылатын Дәрмен деген жігіт бар. Өмірде ондай адам болмаған. Менің ойым айтады, сірә, Шәкәрімнің қасиеттерін Мұхаң осы Дәрменнің образына жинақтаған тәрізді. Өйткені, Мұхаң кезінде Шәкәрімді Абайдың озық шәкірттерінің бірі деп жазған. Және ғұмыр бойы солай бағалап кеткені де анық. Бірақ, олай айтуға мүмкіндік болды ма? Егер Мұханнның соңында қалған қолжазбаларын оқып отырсақ, көп жайдың астары ашылады. Мұхаң «түбі, әйтеуір, біреу зерттер» деген оймен сол қолжазбаларында кітап арқылы айта алмаған көп пікірлерін жазып қалдырған.

Немесе мына жайды алайық. Абайдың баласы Тұрағұлдың қызы Мәкен әкесі жайлы былай дейді: «Мұхтар

Әуезов әкем туралы әңгімелеген кезде Тұрағұл орыс тілінен көптеген көркем шығармалар аударып, басқа кісілердің атымен шығып тұрды. Қаламақысын өзіне жіберіп тұрды» дейді екен. Өйткені, Тұрағұл шынжыр балақ шұбар төстің тұқымы ретінде кампескеленіп, жер аударылған ғой. Енді біз Тұрағұл стилі арқылы ол аударған шығармаларды іздеуіміз керек.

Жалпы Абай мен Әуезов еңбектерін зерттегенде осындай жұмбақ тұстар әлі де көп.

Тілші: Отаршылдық туралы Абай шығармаларында көп айтыла бермейтін тәрізді...

Автор: Ол заңды нәрсе. Махамбет, Кенесары, Дулат заманы мен Абай заманының түрі екі басқа болды. Абай заманында ең биік билік болыста, яғни, ең төменгі сатыда болды. Жоғары жақта қазақ еш бұйрық жүргізе алған жоқ. Бұл кезде күрестің бір-ақ жолы қалды: идеологиялық күрес. Абай сол жолды — білім, өнер жолын меңгеру қажеттігін ұқты, ағартушылық жолға түсті.

Енді әңгімемді тұйықтайын. Шүкір, қазір Абайға қатысты барлық шектеулер жойылды. Жан-жақты зерттеудеміз. Бірақ алда ұзақ жол жатыр. Ел тәуелсіздігі — сол жолдың бірі. Күндердің күнінде өзімізге тән жаңа моральдық кодекс қажет болады. Абай мен халық педагогикасын біріктірсек сол моральдық кодекстің негізі қаланар еді. Осыны ойлай жүруіміз керек. Абай кейінгі ұрпағын дәйім желеп, жебей берсін.

АР ҰЯЛАР ІС ҚЫЛМАС АҚЫЛЫ ЗЕРЕК

Дүкенбай, осы жылдың ақпан айындағы маған жазған хатында жазушылық сезіммен қиял үстінде артық сөз айтып жіберіпін, кешірерсіз депсің. Мен бұныға оншалықты мән бермей газет, журналда ойланбай айтылып кеткен өтінішті пікір болар деп жүре бердім. Бірақ сен Абай туралы көлемі үлкен ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу эссе жазғаныңды айтпапсың...

«Абай айнасы» деп аталатын көлемі 20 баспа табақтан астам (1994 жылы отыз мың таралыммен шыққан) кітабыңды қолыма алып, кеш болса да мұқият оқып шықтым. Сонда барып сенің не себепті алдымды орап хат жазып жүргеніңді сезінгендей болдым. Әрине, табысыңа қуандым. Бірақ бұрын айтылып, ғылыми айналымға түсіп үлгерген пікір танымдарға сілтеме бермей құ-

рау-жамау жолмен білмегенсіп пайдалану, өзін терең танып білмей жатып, бұл күрделі мәселелерден, көбінесе бейхабар оқырманды адастырғаныңа күйіндім.

«Абай айнасы» кітабының әл-киссасы ретіндегі аннотацияндағы «...Абай болмысын ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу» деген ескертуің кімді болса да ойлантарлық нәрсе. Өйткені Абайтанудың жүз жылдық тарихындағы зерттеу жұмыстарында тіс батпай, шығыс тілді дерек көздеріне ене алмай, космополитизм туралы партия қаулысының құрсауынан шыға алмай келе жатқан аса күрделі дүниетанымдық проблеманы зерттеу нысанына алған батылдығың, әрине кімге болса да ой салады. Міне, осы үмітпен кітабыңды оқуға құлай беріліп қызыға кірістім. Еңбегің ғылыми қалыптасқан стильмен емес, беллетристикалық тұрғыда бірде суреттеліп, бірде баяндалып отырады екен. Бір аңғарғаным: сен сөз ететін философиялық желідегі күрделі мәселелерге алдын ала даярлығы аз, зерттеу тарихынан бейхабар қалың оқырманның қызыл сөзге салып құйқылжыта жосылтқан пікіріңе сеніп, елігетіні де хақ. Әрине, қалың оқырманды бұрын айтылмаған, айтыла қалғанның өзінде жүйелі, нақтылы талдаудан туған ғылыми танымға бастау, соны ойлар желісіне бастау қандай ғанибет болар еді. Осы жағдайларды ескере отырып, қалың оқырман қауымды Абай дүниетанымы жайындағы ғылыми танымға, шындыққа қалай қарау керектігі жөніндегі өз пікірімді («Абай айнасының» келесі басылымына пайдасы тиер деген мақсатпен), өз ой-танымымды ортаға салуды мақсат еттім.

Сенің айтуыңша, бұл еңбек ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу болуы себепті де, кітапта кате ұғым, түсініксіз сөздер, ойдан шығарылған жасанды термин сөздерге орын берілмеуі жөн.

Жалпы зерттеу жұмысының ғылыми әліппесі — өзіңе дейін нендей пікір айтылды, қандай деректер көзін пайдаландың — оларға сілтеме беруге міндеттісің. Бұл — ғылымдағы адалдықтың белгісі. Бұл іспеттес алғы шарттар орындалмаса, бұл ғылыми жұртшытық арасында айыпталып, күнә деп есептеледі. Бұл түгіл өзіңнен бұрынғы ғалымдардың ой-пікірін пайдаланып, өз ой-пікірің ретінде қаншалықты бүркемелеп өткізсең де, ондай жұмысты компляциялық туынды ретінде айыптай қарайды. Ара-тұра біреудің еңбегін қымқырып пайдалансаң да, моральдық қылмысқа апарып өзінді қалың оқырман

алдында жексұрын көрсетіп алатын кездерің де болады. Жасыратын не бар, көрмейін десем көзім бар дегендей, осы жанамалап айтылып жатқан кемшін жайлар сенің кітабыңда баршылық екен. Кейде ақылға қонбайтын, жұртты нандырмайтын пікір айтып қалатын тұстарың да бар.

Ұлы ақын екеуіңнің араңда болған диалогта (33-бет) Абайдың:— «Жазушы деген не сөз, ол жамаушы ақын ба, әлде өлеңші ме, жыршы ма, естімеген сөзім ғой бұл»,— деп Абайды баяғы ауыл қазағы қалпына түсіріп көрсететінін бар. Орыс әдебиетінің ұлы классиктерін аударған Абай: «Интернатта оқып жүр» деген өлеңінде:

Ойында жоқ бірінін
Салтыков пен Толстой,—

дейтін ойшыл ақынды жазушы мен ақынды ажырата алмайтын етіп суреттеуіңе ешкім де нанбайды ғой. Ал нандыра алмаған соң қандай туынды болса да салмағы жеңіл тартып кете беретіні бар.

Абайдың 1898 жылы Санкт-Петербургтағы Үкімет-Сенатына жолдаған өтінішінің түпнұсқасы, аудармасы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архив қорында сақтаулы деп жазасын. Екі ұшты ұғым шығады: шағымның түпнұсқасы біздің архивте ме, әлде Ресей мемлекетінің архивінде ме? Абай шағымын архивтен өзің тауып алғандай, қалып танытсан, ол құжаттың табылу тарихымен неге таныстырмайсың? Сенатқа жазған Абай өтінішін толық бересің (69—86-бет) де бұл құжатты өзің тауып алғандай: «...Архив құжаттарының қолға түскені осы» (86-бет),— деп бірнеше құжаттар тауып алғандай сөйлейсің. Шындығында, сен айтып отырған бұл құжат фотокөшірме ғана ғой. Оның төлнұсқасы әлі күнге дейін Санкт-Петербургта сақталады емес пе? Оқырманларды екі ұдай жағдайға түсіргенше, бұл сирек ұшырасатын Абай ғұмырнамасы үшін зор маңызы бар архив дерегін алғаш рет Ленинградқа барғанда филология ғылымдарының кандидаты, доцент Бәзілжан Асылжанов тауып алып, «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялағанын, Абайдың осы өтініші жайлы жазып жүргендердің бәрі де осы нұсқаны малданып жүргенін жазсаң қандай жарасымды болар еді.

Зерттеуінде жасанды сөз жасау, немесе түрің, мағынасын өзгертіп қолдану сияқты құбылыстар да ұшырасады. «Тасдик» деген араб сөзін көрер көзге бұрмалап

«тасимдик» (292-бет), «тасидик» (294-бет) деп бұзып қолданудың қандай қажеттілігі бар? Мұны Абайдың өз қолдануы бойынша «бекіту» деген мағынада:

Дін де осы, шын ойлайсың, тағат та осы
Екі дүние бұл тасдиқ хактың досы —

деген тұрғыдан бір ізге түсіріп қолдану дұрыс болар.

Ал Абайдың «Алла деген сөз жеңіл» деген атакты өлеңіндегі «суаты» (304, 320-б.) деген сөзді «сауыты»; спиритуалистер (латынша рух, жан) деген терминді «сепаратистер» (192-б.) деп мән-мағынасын бұзып қолдануын да келісіп тұрған жоқ.

«Иман жүректі» (94-б.) «жүректің имангүлі» (129-б.), «иман жүректі ашқан» (94-б.) деген ғылыми негізі жоқ жасанды, Абай шығармаларында ұшыраспайтын термин сөздерді қандай негізге сүйеніп алды? Бұл сөздер Абайдың дүниетанымына орай айтылуы себепті, өте сақтықпен қолдануды қажет ететін ұғымдар емес пе? Әр сөздің қолдану орнына, ретіне қарамай әрі ғасырлар бойында қалыптасып кеткен киелі ұғымдарды да қалай болса солай көңіл ауанымен өз ырқына салып сөз мағынасын, қолданыс аясын белден басып кететін тұстар да бар. Мысал ретінде алар болсақ, сен Абайдың 27-қарасөзінен үзінділер келтіргенде: «Бір күні Сократ ғалым (?) өзінің шәкірті Аристотельді (?) алдына шақыртып келтіріп, мынандай сауал қояды, сұхбат құрады» (103-б.),— деп Абайдың 1977 жылғы толық басылымына сілтеме жасайсың. Ал осы сен беріп отырған текста Абайда басқаша беріледі: «Бір күні Сократ хақим бір Арстодим деген ғалым шәкіртіне... айтқан сөзі» (1977 ж. 2-том, 165-б.). Осы екі үзіндідегі асты сызылған сөздерді салыстырып қарасаң, оларда жер мен көктей айырма бар. Термин сөздерді де өзіңше алып бұрмалағансың. Бұл қылығыңды не деп түсінеміз?

Абайдағы 27-қарасөздің тақырыбының астына «Сократ хақимнің сөзі» деген ескерту бар. Онда Сократтың ғалым емес, хақим екендігін көрсетіп тұр. Сен болсаң бір нәрсе білгендей «хақим» сөзінің орнына саналы түрде «ғалым» сөзін ауыстырып қолданып, Сократтың пәлсапа тарихындағы орнын төмендетесің. Оны Абай көрмей, білмей хақим деп атап отырған жоқ қой. Екіншіден, Аристодим ғалымның орнына Аристотельді шәкірт ғалым қылып қоясың, ол жұрт таныған хақим емес пе? Шәкірт деуге келмейді, өйткені Сократ (470—399-б. з. д.

жыл) арасында ғасырға жуық алшақтық жатыр. Аристотель қалайша Сократпен бірге жасаған шәкірт ғалым бола алады? Яғни сенің долбарың қисынға келмейді ғой. Мүмкін Дүкенбай Аристотельді мен шәкірт ғалым деп танымын, ол менің пікірім, онда сендердің не жұмыстарың бар дейтін шығар. Бірақ оған біздің берер жауабымыз Абайдың «Ескендір» поэмасында: «Аристотель хақимге патша келді» (сонда 323-б.) деп көрсететіні бар ғой жоғарыда айтылған пікірлерді жинақтай келгенде:

1. Автор көрер көзге Абай текстеріндегі сөздерді, текстің өзін бұрмалап, мағынасын өзгертіп Абайға қиянат жасап отыр.

2 Аристодимнің орнына Аристотельді қояды. Абай Сократты хақим деп атаса, Дүкенбай оны ғалым деп атайды. Не себепті өзгерткеніне дәлел, түсінік бермейді.

3. Сократты Аристотельмен замандас етіп қояды, сондықтан да Аристотельді шәкірт, ғалым деп танып отыр

4. Хақим сөзі мен ғалым сөзінің мағыналық айырмашылығын ажырата алмауы себепті, Сократтың өзін ғалым деп, Аристодим шәкірт ғалым мен Аристотель хақимді алмастырып адасып отыр. Бұл зерттеуші атаулыға абырой әкелмейтін қате қадам деп білмек керек.

Төлнұсқадағы дәлдікті бұзып қолдану, әсіресе пәлсапалық зерттеу ісінде зор кемшіліктерге ұрындырады. Неге екені белгісіз Дүкенбай Ш. Құдайбердіұлының «Мұсылмандық шарты» (*Орынбор 1911, Алматы 1993*) деп аталатын жұртшылыққа танымалы кітабының атын «Мұсылмандық» деген кітабы»,— деп жазады (159-б.), бірақ не себепті бұлайша атап отырғанына түсінік бермейді.

Нақтылы архив дерегіне сілтеме жасамай-ақ: «Толстой өзінің Шәкәрімге жазған хатында» (319-б.),— деп төндіре жазатыны бар. Көпшілікке мәлім Шәкәрім Толстойға хат жазыпты деген дақпырт әңгіме бар. Бірақ ешбір ғалым архив дерегіне сүйеніп, нақтылы құжатпен дәлелдеген емес. Сондықтан оқырманды екі ұдай пікірде қалдырудан не пайда таппақпыз.

Дүкенбай «Жұлдыз» журналында (1991, № 1, 90—91-б.) басылым көрген Шәкәрімнің: «...қажы марқұм тәкияны мен бастап алсам да, кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді»,— деген сөйлемге күдіктене қарайды да, ол сөйлемді өзінше: өзгертеді өйткені ол сөйлемде стильдік дәлсіздік бар деп қарап, оны өзінше «Қажы

марқұм, яғни марқұм Құнанбай айтып отыратыны есімде қалыпты, ол кісі айтушы еді, тәкия жайды мен бастап алғызсам да, кіші жүз қажылары жерге құрылыс жабдығына көп ақша өткізіп күш жұмсап еді» деп оқылуы қажет» (15—16-б.),— деп редакциялайды. Бірақ оны 1911 жылы Орынборда басылым көрген «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі», немесе осы кітаптың 1991 жылы Алматыда басылым көрген нұскасымен салыстырмайды. Бұл басылымдағы текспен салыстырсақ, ол Дүкенбайша сөйлемейді, Шәкәрімше сөйлейді: «Қажы марқұм Тәкиәні: мен бастап алсам да, кіші жүз қажылары көп ақша берді деп еді. Сол себептен бе, яки құдайы қылғанда Досан қажы атына қалдырған ба, біле алмадым»,— деп жоғарыда аталған екі басылымда да бірдей берілген. Сонда неге Дүкенбай нақтылы басылым дерегіне сүйенбей, өз долбарын ұсына салады. Қатені түзеу жөн әрі сауап делік, ал дұрыс тексті бұзуды не деп атаймыз?

Кейде Дүкенбай пікір айтқанда өз пікіріне өзі қайшы келіп, әрі өз айтқанын нақтылы дәлелдермен шегелеп бекітудің орнына бөгде кісінің айтқан ой пікірін өзінше қымқырып сөйлейтін тұстары көп-ақ мысалы, «Абай біраз өлеңдерін өз қолымен қағазға түсіріп, конвертке салып, сыртына «Из Ченгизской волости от А. Қ.» деп Омбыдағы... Потанинге жібереді... «Жаңа закон» жіберілген (259-б.).— деп мөлдірете жазады. Бәрін өзі көріп тұрғандай көп «жаңалық» ашады. Не керек, әйтеуір, оқырман атаулының бәрі де Абай қолжазбасының төлнұсқасы бар екен деген пікірге келеді. Бірақ осы пікірді айтқан жерден жиырма беттей асқан сон: «Абайдың өз қолымен жазған өлеңінің бізге жеткен бірде бірі жоқ» (288-б.),— деп жоғарыда айтқан пікірін терістей жөнеледі. Жаңа ғана Потанин қолында төлнұсқа бар екен деп нанып отырған оқырман қай пікірге сенерін білмей дал болады.

Бұл қалай деп дағдарып отырсақ, Дүкенбай Абай қолжазбасының өз қолымен жазған төлнұсқасы бар деген «жаңалығын» Ә. Марғұланнның «Абайдың қолжазбасы» (Қазақ әдебиеті, 16.08.1963; Абай тағылымы. Алматы, 1986, 300—304-б.) деген мақаласынан алып, бірақ оған сілтеме жасамай, аздап жиендік еткенін Ә. Марғұланнның: «...бұл өлеңдер тобын Абай өз қолымен жазып жіберген. Конвертте: «Из Чингизской волости от А. Қ.» деген жазуы бар» (*Абай тағылымы. Алматы, 1986,*

302-б.),— деген пікірін екі автордың сөздерінің асты сызылған жерлерімен салыстырып оқысаңыз бұлтаруға келмейтін шындыққа көзің жетеді. Бетпақтыққа салып құрық ала қашсаң да, факты деген қызыл көз бәледен қайда қашып құтыласың?

Екінші жағынан, үлкен ғалым Ә. Марғұланның да аңғалдық жасап алған жаңсақ пікіріне Дүкенбай зерттеуші ретінде жіті танып сыншыл көзбен қарай алмаған «А. Қ.» деген инициал тұрғанымен ол Абай Құнанбаев емес басқа бір көшіруші болса керек. Потанин бұл қолжазбаны алғанымен оқи алмаған. Өйткені Потанин қазақ тілін білмеген, ал Абайды Потанин ағайынды Белослюдовтер арқылы 1911 ж. білген. Бұған нақтылы дәлел ағайынды Белослюдовтердің Абай музейі архивінде сақтаулы тұрған хаттары айғақтап отыр. Ә. Марғұлан айтқандай «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жыры мен «Жаңа закон» өлеңі де Абайға тән туынды емес. Өйткені 1867 жылғы «жаңа низам» заңы туралы Абайдың пікірі «Жаңа закон» өлеңіндегі танымға қарама қарсы қайшылықта тұр. «Жаңа закон» авторы патша саясатын мадақтаса, Абай болыс туралы өлеңдерінде ол саясатты аса зор сыншылдықпен әшкерелейді емес пе?

Пәлсапалық зерттеуге ден қойған адамның қандай пікір айтса да, пікір желісін таратқанда сөзіне қаравыл қойып ерекше сын көзімен қарамаса күлкілі жағдайда қалуы қиын емес. Дүкенбай: мұндайдан айылын тартпай-ақ эмоциялық қиялдың жетегінде кете беретінін оның: «...өз күнәсің, өз мінің көзге шұқып көрсетіп айту әдебиетте (?), мұқым тіршілікте Абайдан басталған» (94-б) — деп пікірін кесіп айтатыны бар. Дәлел мен дерегің сай кеп тұрса, пікірді кесіп айтуға не жетсін. Айтатының мұндайда аксиомаға айналған шындық болса, оған кім талас қылар дейсің. Бірақ бұл құрғырын қармағына үнемі іліне бермей әуре етеді ғой. Шынында, өз мінің өзі сынап қатты айту әдебиетте Абайдан ғана басталған ба? Арғы жағын қоя тұрып Абайдың жігіт шағында дүниеден өткен Дулат ақынды қайда қоясыз (Дулаттың «Сөзім бар да, көзім жоқ» деген өлеңі мен Абайдың «Ойға түстім толғандым» деген өлеңін салыстыра оқыған оқырман әдебиетте өз мінің өзі қазбалп айту дәстүрі Дулатта (*Дулат Бабатайұлы. Замана сазы, Алматы, 1991, 104—105-б.*) жатқанын көрер еді. Екі классик ақын бұл мәселені шеберлікпен жырлауда бірінен бірі өтеді. Бұл дәстүрді Дулат бастаушы болса,

Абай іле жалғастырып, ол дәстүрді дамытушы болып тұрған жоқ па?

Шынына келер болсақ, қазақ халқының қоғамдық ой санасында тұңғыш оянған, өлең құрылысына айтарлықтай жаңалық ендірген және өз заманында отаршылдық жүйе ендірген ел билеушілердің тұлғасын шындыққа сай жырлаған Дулат ақын екенін айтатын уақыт жеткен сияқты. Тарих тағлымына назар аудармаған Дүкенбай пікірі ең болмаса болжамда емес, шындықтан алыс жатқан долбар ғана.

Болмаса дерексіз, жауапсыз, дәлелсіз пікірді, талдап танып барып айтпайтын мекенсіз пікірлерді, яғни: «...сопылық уағызды әсіре жақын танып, Диуана Ғұламаһи (?), Қожа Хафиз үлгілерін үрдіс етіп тартады» (310-б.) деген жеңілтек арзан пікірді автор несіне қажетсінді екен. Ең болмаса Ғұламаһи Дауанидің аты жөнін дұрыс жаза алмай отырып, оның туындысын оқып білмей жатып, соның сопылық уағызын Абай үрдіс етіп таратады деу неменеге керек болды екен. Ғылым атаулының майлы жілігіне түскен жұлымыр құрттай эклектизм деген дерт болушы еді. Осының жазда тиген ұзаққа созылар сасық тұмауы Дүкенбайға тигендей сыңай танытады. Өйткені Абайдың шығыс классиктері поэзиясында орын алған үлгілер әсерімен «Сұлуды сүймектік, Пайғамбар сүннеті» деп шын өмірде болатын махаббаттық сезімі жырлап отырғанын сезінеміз. Ал Дүкенбай болса, осы жастық махаббаттағы асқақ сезімді сопылық поэзияның басты арман-мұраты болған бірінші сүйюмен, яғни Аллаға ғашықтықты армандай жырлаған Сүлеймен Бақырғанидың:

Адамда шағым сансыз көп
Ғашық болмағанның жаны жоқ,—

(312-б.) деген сопылық уағызымен орынсыз байланыстыра қарайды. Екеуі екі бөлек бірікпейтін табиғаты жат нәрселер ғой. Немесе Шекспир жырлаған құмарлық пен құштарлық сезім тартысын С. Бақырғанидың:

Махаббат белдігін беліме байлап алып,

Бұл дүниеге талақ беріп кетейін дер,—
деген өлең жолындағы «махаббат белдігі» сөзінің түп мағынасы Аллаға ғашықтық белгісі (символы) ретінде белделіктің көкәләттығына ұмтылған, шын мәніндегі, сопылық уағызды Шекспирге жапсыра салуға бола ма? Мәселенің түп төркінін ұғынбай, танып білмей жатып

құрғақ қиялмен бетінен қалқу деп осыны айтар болар.

Шың мәнінде, өзінің адал еңбегіне сенген ғалым, өнер иесі еш уақытта да біреудің еңбегінде айтылған ой-пікірді компиляциялық жолмен өзіне сіңіріп барып қымқыру деген жат қылықтан аулақ тұрады. Ал «Абай айнасы» кітабында осы олқылық қатты сезілетінін ашық айту керек.

«Ғылым» баспасынан 1982 жылы басылым көрген «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары» деп аталатын монографияда Абайдың Шығысқа қатысы алғаш рет ғылыми тұрғыдан жүйеге түсіріліп, Абай дүние танымына тікелей байланысы бар шығыстық термин сөздер мен ұғымдар, көптеген исламиятқа қатысы бар ғылыми терминдер мен сөздер алғаш рет ғылыми айналымға түсіп, ғылыми қауым хабардар болды. Әдеби сын мен ғылыми қауым мұны жылы қабылдап, өз лебіздерін білдіріп жатты.

Космополитизм туралы КПСС ОК қаулысынан кейін, әрі партиялық идеологияның қылышынан қаны тамып тұрған кезде М. Әуезовтің Абайдың «шығысы» жөніндегі пікірлерін қалқан ете жүріп әрең дегенде монография басылым көрген болатын-ды. Міне, осы бастаманы мынадай еркін заманда қысымына орай ашылмай бүркеулі қалған жақтарын тереңдей ашудың орнына Дүкенбай өз кітабында жоғарыда арнайы беттері көрсетілген термин сөздер мен ұғымдарды жерден жеті қоян тауып алғандай, ең болмаса монографияға сілтеме де жасамай, өз атынан қымсынбай пайдаланып жүре береді. Әсіресе, өз кітабының 105—109-беттерінде 17 термин сөзге өз тарапынан ешқандай жаңалық қоспастан өз атынан анықтама түсінік бергенде, бұл ісімді біреу сезіп қалады-ау деп қымсынбауына қайран қалам. Абай туралы жазып отырған соң ұлы ақынның «Ар ұялар іс қылмас ақылы зерек» деп ескертуі де жазушыны жолдан қайтара алмаған.

Абай туралы анау-мынау емес ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу жазған танымалы жазушының бұрыннан жұртшылық хабардар кейбір шетін қылықтары еске түсіп, ойшыл Абайдың:

Арсыз адам арсаңдап арсылдайды,
Әр жерде-ақ керегеге танылса да,—

деген қуаты адам өлтірер сөзінен әлі де сабақ алмапты-ау деген байламға келеді екенсің.

Кітап авторы іздегенімді, жаңалығымды оқырман білмей қалар дегендей оқтын-оқтын өзін өзі жарнама-лап: «...осы жолдардың авторы ерінбей ақтарып шықты» (174-б.), немесе «...шындығында шөп ішінен ине іздегендей, ақынның қарасөздерін сан сүзіп түртінектеп жүріп, бірінен ой желісін, келесіден сәуегейлік сарынын ұстап, қалған үш кеселді өзімше жобалап тапқанымызды жасыра алмаймыз» (321-б.) деп дарақыланып өзін өзі көрсетудің жақсы қылық еместігін білген оқырманың күлмей ме? Дүкенбай жаңа ғана шіреніп мақтанған, яғни жаңалық таптым деп хабарлаған үш кеселінің түрі жалған мәлімет болып отыр. Өйткені Абай айтатын ой кеселдерінің төрт түрінің бірі — салғырттық болса, қалған үшеуін Дүкенбай «шөп ішінен ине іздегендей» ақын қарасөздерін нешеме рет сүзіп жүріп тапқаны: ой кеселдерінің үш түрі: 1. жалығу, 2. мақтан, 3. мінезсіздік деп көрсетеді. Әрине, Абай қарасөздерін терең талдап оқымаған қарапайым оқырманның бұл айтылған пікірге сын көзімен қарамауы себепті, автор сөзіне ұюы да қиын емес қой. «Қырсыққанда қымыран іриді» дегендей қарабасқанда Дүкенбай дәл осы жерде, тапа-тал түсте екі бұтаның арасында адасқан соқыр адамдай Абайдың 31-қарасөзі мен 32-қарасөзінің арасында адасып өзін өзі күлкіге айналдыратыны бар. Өйткені Абай ой кеселінің төрт түрі болатынын 32-қарасөзінде көрсете келіп: «...осы сөздің он тоғызыншы бабында жазылған ақыл кеселі деген төрт нәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір нәрсе бар» (1977, 2-том, 175-б.),— деп сілтейтіні бар. Дүкенбай осы сілтеме бойынша 19-сөзді қараған, бірақ онда ол айтылмайды. Шамасы, қарасөздерді реттік саны ауысып кетуі себепті 19-сөздің орнына 31-қарасөздерді қарауы керек еді. Өйткені Абай 31 қарасөзінде: «...ой кеселдері: уайымсыз салғырттық ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу» (Сонда, 2-том, 174-б.) деп ой кеселдерінің түрін бас-басына атап көрсететіні бар. Сонда «шөп ішінен ине іздегендей» ақынның қарасөздерін сан рет сүзіп шыққан, сонша ізденіп еңбектенген Дүкенбайдың еңбегі неге жанбағанына көзіміз жеткендей болады. Яғни ол көрсеткен, көрсеткенде де мақтана көрсеткен ой кеселдерінің Дүкенбай тапқан үш түрі: б 1. жалығу, 2. мақтан, 3. мінезсіздік дегендерінің бәрі де жалған болып шықты емес пе?

Дүкенбай кейде сен айтпаған пікірді сен айтты қы-

лып тізеге басатын жерлері де бар. Абайдың 17-қарасөзіндегі: «...Осы үшеуің басыңды қос, бәрің жүрекке билет,— деп айтушының аты ғылым екен» (сонда, 153-б.) деген сөзін «Ғалым Мекемтас Мырзахметұлы дәл осы оқиғаны Абай көне грек ойшылы Сократтан алған деп келтіреді» (318-б.),— деп мен айтпаған пікірді маған аудар салатыны бар. 17-қарасөздегі жүрек культі туралы мәселенің түп төркіні әл-Фараби мен Ибн-Синада жатқанына сілтеме жасағаным бар, бірақ бұл мәселеде Сократ айтты деген пікір менде болған емес (*қараңыз: Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары. Алматы, 1982, 242—243-б.*).

Дүкенбай «Абай жазған заң» деп аталып жүрген ережені «...әз-Тәукенің «Жеті жарғысы» мен өзге құқықтық құжаттарға сүйеніп ережені жазып шығуды ақынға орыс ұлықтары тапсырған» (154-б.) деп пікір айтқанда нақтылы архив деректеріне немесе сол тұстың саяси-әлеуметтік жағдайларын есепке алмай жалаң эмоцияға түсіп кетеді. Өйткені патша үкіметінің басты саяси мақсаты — қазақ елін империяның мемлекеттік заңының қалпына түсіру болатын-ды. Бұл үшін жергілікті халықтың ұлттық ерекшелігін білдіретін ел билеудегі заңын, кәсібін, салт-санасын, дінін өзгертуге ерекше мән берілетін. Абайдың өзі 3-қарасөзінде ескі құқық заңының ұмыт қалғанын, тіпті ол заңды білетін, өзгерген жеріне төлеу салатын «ондай кісі аз, яки тіпті жоқ»,— деп атап көрсетуінде айрықша мән жатыр. Себебі қазақтың ата салтына лайықтанған құқық заңдарын ислам идеологиясы шарифат жолына салу мақсатымен қаншалықты қудалағанымен, өмірден тайдыра алмады, өміршеңдігін көрсетті. Ал Ресей отаршылдары қазақтарды империя заңдарына бойсұндырып, орталықтың саяси талабына ыңғайластыру үшін қолданылып келе жатқан «Жеті жарғыны» өмірден ысыра бастады. Ал 1867 жылғы «Жаңа нызамнан» кейін мүлде құлдырап, шетке қағылуы себепті, Абайдың 3-қарасөзінде айтылғандай ол заң, яғни халықтың тарихи жадының бір түрі ретінде ұмытылуға бет алды.

Міне, осындай алысты көздеген саясат ұстанып отырған патша үкіметі халықтың ел басқару жөніндегі заң, билік мәселесін отарланған халық өкіліне сеніп, саяси мәні бар заң ережесін жазуға берді деу — балаң сананың белгісі, бұл шындыққа сай келе бермейді. Сол себепті, Абайдың 3-қарасөзінде айтылғандай ол заң,

лып, содан кейін аударылған болса керек. Аударманың татар тілінің кітаби стилімен жазылуы да осы күдікті айғақтайды. Дүкенбайдың саяси мәні бар ережені орыс ұлықтары Абайға сеніп тапсырды деуі — саясат мәселесіндегі балаң ұғымы ғана.

Абайдың өмірбаянын жазу, іздену, толықтыру жолында шала жанған су сінген тезектей бықсып келе жатқан аржағы Абайдың «малға достың мұны жоқ малдан басқа» дейтін тоғышар жаулары таратқан Әйгерім жайлы өсек сөзге Дүкенбай да іш бұра меңзей сөйлейтіні байқалады. Бұл ойын ашық айтпаса да жанамалап меңзей айтатын пікірлері: «...бұл хал Абайдың өз басының сыры, мұңы, шыны болатын. Күйіп-сүюден опа таппаған, ішіне өз шоғын өзі көмген ақын айналып келгенде... асыл деп танып алған жарының опасыз... таикып жоғаларын ішкі бір түйсікпен ерте бастан болжаған еді» (176-б.), — деп сөз төркінін Әйгерімге қарай меңзеп отырғаны байқалып тұр.

Пушкин өлеңін 1887 жылы аударғанда Абайдың оны нәзирагөйлік дәстүрмен аударғанын М. Әуезов те айтады. Осыдан он жылдан кейін, яғни 1897 жылы Оразбай тобы Абайға қастандық жасап, надан тобырдың қылығынан дерттенген ақын 1898 жылы тікелей өз ішкі дүниесін ашқан атакты «Болды да партия, Ел іші жарылды» деген өлеңін жазады. Бұл өлең Оспан мен Оразбай арасындағы жанжалдың өрши келіп, шыңына шыққан 1897 жылында елдің қақ жарылып, бір жағы Оразбай, бір жағы Абайға бұрылған партиягершіліктің ушыққан сарыны осы өлеңде өз көрінісін береді. Бұл кез Әйгерім жайлы өсектің де бықсыған тұсы. Әділетсіз тартыс пен бықсыған өсек сөзге налыған ақын өз басының мұңы мен өсектен тапталған арын, яки жан сезімінің жүрек зарын көлденең көз көріп сезсін дегендей ішкі сырын ашатыны бар:

Япырмау, ненді алдым
Сау коймай арымды?..
Ойымды ақ, жарымды ақ?
Кеңімді, тарымды
Қарасам байымдап,
Сөзін сол сарынды.
Өсекке салмаңдар
Ойымды, жарымды...
Ұрыңнан асырдың,
Сұм тілді қарынды.

Жасырдым, жасырдым
Енді айттым зарымды,—

деген өлең жолдарында ұлы ақынның жан дүниесінің ішкі сыры ашылып, ұғына білгенге Әйгерім туралы бықсық өсектің жалғандығы әшкереленіп тұрғандай. Кейбір өзіндік ішкі есебі бар құнарсыз естеліксымақтар мен кейбір еңбектерде жанамалап айтылып қалатын Әйгерім жайлы бықсық өсекті меңзей сөйлейтіндерге біз Абайдың әділет пен ақылдың көрігіне қорытылып шыққан Абай жан дүниесінің шындығындай:

Ойымды ақ, жарымды ақ...
Өсекке салмаңдар
Ойымды, жарымды,—

дейтін ұлы ақынның адал лебізіне сенеміз!

Дүкенбай ой танымындағы электизмнің анық көрінісі, әсіресе Абайдың «Сәулең болса кеудеңде» деген өлеңінде айтылған «единица», «нөл» туралы саяси-философиялық ұғымды орыстың классикалық әдебиетінде қоғамнан өз орнын таба алмаған басы артық адамдардың (личные люди) типтік образы Онегиннің ұғымы тұрғысынан айтылатын «единица» мен «нөлге» қиыстыру — қанша киюластырсаң да басы бір жерге сыйыспайтын мәні бөлек ұғымдар. Бұл Абайда қоғамды басқару жолындағы орын алған бассыздыққа, яки анархизмге қарсылықта жатыр. Мұны жете танып, тереңдеп түсіну үшін, шығыс танымынан келген Абай өлеңіндегі:

Имамсыздық намазда
Қызылбастың салған жол,—

деген өлең жолының мән-мағынасы мен тарихын танып барып қана түсінсе болады (Қараңыз: «Билемесе бір кемел», Абай, 1992, № 1, 43—47-б.).

Кейде Дүкенбай айтар ойы мен өлең үзіктерін зерттей танып, жете білмей жатып-ақ кесіп пікір айтатыны бар. Абайтану тарихында 1963 жылдан (Абайдың жаңа өлеңдері. Лениншіл жас. 8.12.1963) мәлім бола бастаған. Абай жинақтарында тұңғыш рет 1977 ж. ендірілген «Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек» деп аталатын екі шумақ өлеңі туралы пікір де ойлануды, сын көзімен қарауды талап етеді. Бұл өлең Абай жинақтарына 1977 жылға дейін енбей келген. Оны Зейнелғабиден ибн-һамре әл Жауһари әл-Омскаuidiң «Насихат Қазақия» (Уфа, 1909) рисаласынан алынып, ғылыми айналымға түсті.

М. Әуезов Зейнелгабиден кітабымен таныс болған. Сол кітаптан «Қартайсаң қайғы ойлайсың, ұйқы сергек» деп аталатын Абай өленін ғана жазып алған. Мұны біз «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» жинағына (Алматы, «Ғылым» баспасы. 1988, 39—40-б.) ендірідік. М. Әуезов архивінде мұнан бөлек дерек көздері ұшыраспайды. Ал Дүкенбай болса бұл өлең тарихымен таныспай-ақ:

«Ниетің түзу болса сенің аппақ,
Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ.
Сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп,
Ғылым, өнер, мал таппақ, елге жақпақ,—

деген сөзі сиясы кеппей қазір ғана жазылып, енді ғана ақын аузынан бүгінгі біздерге, келесі ұрпаққа қаратып айтылып тұрғандай... еді дейді дәріс тыңдаушылар» (264—265-б.),— деп адрессіз бір тыңдаушыларға сілтей салады. Абайтанудан дәріс тыңдаушылардың дәптер конспектілері біршама сараланып шыққан болатын-ды. Бірақ оларда бұл іспеттес дерек көздері ұшыраспайды.

Абай Лермонтовтың «Демонын» («Шайтан») 1898 жылы аударған деп көрсетіліп жүр. Зерттеушілер мен оқырман атаулының бәрі де осы мерзімді ойына ұялатқан. Ал, Дүкенбайдың баяндауында: «Абайдың отыз жеті жасқа (1882 жыл, М. М.) толған кезі... ақын оны (шайтанды. М. М.) былай суреттейді: «Ол күнде нұрлы пейіш ішінде екен...» (115-б.),— деп көрсетуіне қарағанда аударма 1882 жылы орындалған тәрізді ұғым береді. Арада 16 жылдай айырма жатыр. «Абай мен Байрон» тарауында бұған жауап жоқ. Әрине, бұл ағаттық хронологиялық жүйені ұстанбағаннан болса керек. Немесе «...мұңлы шайтан бейнесі арқылы ақынның адами ақиқатқа, жүрек культіне, илану біліміне бір табан жақындай түскенін көреміз» (118-б.),— деуіне қарағанда Абай «Демонды» 1898 жылы аударған деп қарасақ тағы да ұғымсыз жағдай туады. Өйткені Абайдағы жүрек культі мәселесі ақын шығармаларында 1886 жылдан басталады емес пе? Сонда Абай туындыларындағы жүрек культі, оған ақынның қатысы «Демонды» аударғаннан келіп бір қадам жақындай түсті, яғни осы өлеңнен кейін басталды деген ұғым туады. Егер жазушы хронологиялық жүйені қатаң ұстанса, онда оқырманның ойында жоғарыдағыдай қайшы пікірлер туындамаған болар еді.

Дүкенбайдың ең осал жері — көбінесе Абайдүниетанымындағы күрделі де қиын мәселені сөз еткенде абайтану тарихындағы санқилы пікір таласының даму тарихынан бейхабар қалуына келіп тіреле береді екен. Мысалы, «Михаэлис, Маковецкий (?), Гросс... Абайдың көзқарасының қалыптасуына себепкер болған» (164—165-б.), — деп, немесе «Гросс Абайдың көзқарасына, ойына игі әсер еткен» (276-б.), — деп жазушы Дүкенбай елуінші жылдарға дейінгі өріс алған таным шеңберінде қалғанын айғақтайды. Соңғы зерттеулер Абайдың орыс достары, яғни халықшылдар туралы әділ бағасын беріп, Абай дүниетанымының қалыптасу жолында шешуші әсер болды деген таным терістелген еді.

Дүкенбайдың Абай өлеңінде ұшырасатын исламият дүниесіне IX ғасырда туындаған мүтәкәллимін туралы танымы — оның исламият тарихынан танымы жоқтығын айғақтап тұр. Мүтәкәллимін жөнінде абайтану тарихында алғаш рет көтерген менің кітабымда айтылған ой толғаныстарды жете танып пікір айтудың орнына: «...ол (Абай М. М.) жан құбылысын рухтан, қасиетті құраннан ажырата білуші мүтәкәллимінші ғұлама, ол хауасты танитын сиқыр иесі... иман жүректі ашқан» (94-б.), — абайтануда тұрақтанып мойындалған пікірге ғылыми тұрғыдан ізденіп келмей, дәлелсіз, онда айтылған пікір табиғатын танымай қарсы пікір айтады.

Алдымен, хауастан бастайық. Хауас — Абайдың танытуында көп қырлы аса күрделі дүниетанымдық ұғым: 1). Сыртқы бес сезім, яғни хауаси хамса заһири, 2) хауас сәлим, 3). сыртқы бес сезім мен ішкі бес сезімнің бірлігі, 4). Алланың бойындағы он сыйпат және 5) хауас — Алла сөзінің баламасы ретінде қолданылады. Абай «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде хауас сөзін — жаратушы ие (түркіше — тәңір, парсыша — Құдай, арабша — Алла) ұғымында таниды. Абай осы өлеңінде ақылмен Алланы танып біле алмайсың, бірақ жүрекпен сезесің десе, Дүкенбай «Абай — хауасты танитын сиқыр иесі», — деп, яғни Абай тәңіріні танушы сиқыр иесі деп киелі ұғымға қарсы пікір айтқанын өзі де білмей қалады. Өйткені Абай жаратушыны жаратылған пенденің ақылымен («Халиққа мақлұқ ақты жете алмайды») тани алмайсың деп отыр:

Өзгені ақыл, ойға қондырады,
Біле алмай бір тәңіріні болдырады...

Ақылдың жетпегені арман емес,
Құмарсыз құр мұлгуге тоя алмаймын. (1977,

І-том, 228-б.) деп Алланы жаратылған пенденің шолақ ақылымен тани алмайсың деп отыр. Себебі «Ақылға сыймас ол Алла»,— дейді емес пе? Олай болса Дүкенбайдың ойланып ақылға салмай, жан-жақты ізденбей, ойға ұялар нақтылы дәлелдер келтірмей-ақ: «Абай — хауасты (Алланы — М. М.) танитын сиқыр иесі»,— деп күнәге батып. Абай танымына топырақ шашып, күпірлік жасап алғанын өзі де аңғармай қалған қалпын көреміз.

Екіншіден, Абай «иман жүректі» ашқан деп «жаңалық» айтқан болады. Мұндай ұғым, не қолданыстағы термин сөз не исламият тарихында, не ғылымда жоқ, жасанды сөз екенін ескертумен шектелеміз.

Үшіншіден, Дүкенбай: «...ол — мүтәкәллимінші ғұлама».— деген танымына келер болсақ, бұл ғылыми дүниетанымынан мүлде алыс жатқан теріс пікір. Мүтәкәллим тарихынан бейхабар адамның ғана пікірі. Өйткені «Абай діні — сыншыл ақылдың шартты діні» болғы себепті де:

Ақылмен хауас барлығын
Білмейдүр, жүрек сезедүр.
Мүтәкәллимін, мантикин
Бекер босқа ездүр,—

деп хауасты, яғни Алланы таныту жолындағы ІХ ғасырда мүтәкәдимнің орнына пайда болған жаңа теологиялық ғылым арнасы мүтәмәллимін мен мантикин (логика) «бекер босқа езеді», яғни Алланы танытудағы мәселені босқа сөз етеді деген мағына береді. Өйткені Абай мүтәкәллимін, мантикин тарихын терең білген ойшыт ақын, әрі оны ақыл тезіне салып сынзушы. М. Әуезов тезисінде «Абай діні — сыншыл ақылдың шартты діні» деп отырғаны да осы жағдайларға байланысты айтылғанын білмек керек екен. Бұдан шығағын қорытынды: Абай мүтәкәлиміншіл ғұлама емес, қайта сол мүтәкәллимінді әл-Фарабиден кейін қазақ жерінде жеріне жете қатты сынаушы ойшыл болып отыр.

Мүтәкәллимінді исламият тарихында тұңғыш сынаушы ұлы бабамыз әл-Фараби еді. Осы өміршең дәстүрді ХІХ ғасырда Орта Азия мен Таяу Шығыста Абай ғана жалғастыра алды.

Дүкенбайдың қатты көңіл бөліп, ауыр айыптау сөздер айтатын тұсы менің: «Абайда айтылатын гуманистік

танымдар мен пікірлерде теологиялық ұғымдар мен шығыстық термин сөздердің мол болуы, әрине, оны қоршаған орта мен тыңдаушылар құрамына байланысты».— деген пікіріме жата қалып жабысатыны бар. Жабысқан жабыс, бірақ түбірлі пікірдің арнасын басқа жаққа бұрмалап, мағынасын өзгертіп оқырманды адастырмауын керек.

Мұхтар Әуезовке жүгінейік: ұлы суреткер Абай мұрасын екі салада қатар алып зерттеді. Яғни ғылыми зерттеу мен көркем шығармалар жазу үстінде өз ой танымдарын шебер ұштастыра білді. «Абай жолы» эпопеясының «Күзқияда» деген тарауында баласы Әбіш пен әкесі Абайдың жоғарыда біз айтқан пікір маңында пікір алысатыны бар емес пе? Сонда Әбіштің әкесінен не себепті діни сөздерді көбірек қолданасыз деп сұрағанда Абай:— Мен олардың арам құлық, жаман қылықтарын айыптаушы сыншы болсам, олардың өзіне ұғымды болатын өз тілдерімен сөйлесемсе шарам бар ма?

— Жанағы иман якини, иман таклиди қазақ баласының тілін сындыратын сөздер, сол себептен келіп жатыр екен ғой? Бірақ бұл олармен жүз көрісіп дауласқан жерде жанағыдай тұста айтылса да, өзіңіз жазған сөзге, еңбекке аз кіретін шығар, солай емес пе?

— Ол кейде менің жазатын сөзім мен жырыма да кіреді» («Абай жолы» Алматы, 2-кітап, 1990, 390-б.),— деп жауап береді. Яғни Абай туындыларындағы діни сөздер, терминдер өзі араласқан әлеуметтік ортасына орай қолданылатынын аңғарамыз. Мен айтып отырған пікірде осы таным тұрғысында болып отыр. Ал сен бұл пікірді бұрып аласың да, пікір арнасын басқа жаққа, яғни дүниетанымдық күрделі мәселеге қарай бұра тартасың да: «...Бұл жерде ақынды маңайындағы әлеуметтік ортасына, тыңдаушысына бола, солар сөзімді, адамгершілік сырымды түсіне білсін деп хақ жолына жүгінді десек — шолақ ойлағанымыз, Абай нанымна, Абай сеніміне, Абай тәубасына топырақ шашқандай қалып танытамыз. «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті»,— дегенді айтқан ақын бұл өленін тыңдаушы құлақ, қысыр кеңесті сүйетін ортасы үшін жазбағаны ақиқат» (127-б.),— сонша тұлданып ауыр сөз айтатын алып бара жатқан қиястық жоқ қой. Өзің айтып отырғандай: «Абайдың: «Сенде сүй ол Алланы жаннан тәтті» дегенін біз бірінші сүю деп білеміз. Абай бірінші сүюді терістемейді, бірақ оны өз шығармаларында

жан-жақты терең таратпай қысқа қайырылып отырады емес пе? Абайдың ден беріп тарататыны — «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым», — дейтін екінші сүю мен, әсіресе, «Және хақ жолы осы әділетті», дейтін үшінші сүюде жатыр. Жәуанмәрттілік ілімінің үш негізінің бірі — әділетті мораль философиясы тұрғысынан тарату жолында тыңдаушыларының танымына орай, оның тұтынып отырған діні исламиятқа байланысты діни және шығыстық термин сөздерді пайдаланды деген пікірде алып бара жатқан дінбұзарлықты көріп отырғаным жоқ.

Сен болсаң, пікірді Абайдың діни нанымына қарай бұрып жіберерсің де, оқырмандарға теріс ұғым қалыптастырасың. Бұл саған не үшін қажет болды екен? Абай дүниетанымын бүгінгі философиялық ғылым биігінен талдап, танып, зерттеп барып танытудың орнына, ұлы ақынды бірінші сүюдің аумағында қалдыру ниетіне бүгінгі кең танымдағы еркін ойлы замандастарың көне қояр ма екен?

Адамның жан сыры жайындағы Абай танымы өте күрделі әрі өлеңмен жазылуы себепті, оның мән-мағынасына екінші бірінің тісі бата бермейді. Бұл үшін Абай дүниетанымының жүйесіне бойлау қажет. Оның бір бөлшегін жеке алып, байланыссыз сөз етумен іс бітпейді.

Сенің: «Иә, ақын адам бойындағы жанның құбылыс қалпын өлеңінде, қарасөзінде тереңірек қазып айта бастаса-ақ базбір ғалымдар дуалистік көне таным деп (*Бейсембиев К. Мировоззрение Абая Кунанбаева, А., 1956, с. 108*), психикалық құбылыс ретінде қабылдайды деп (*М. Мырзахметов «Мұхтар Әуезов және абайтану проблемалары», Алматы, 1982, 181—182-б.*) көбіне бетінен қалқиды» (102-б.) — деп айтасың. Сынаған соң олардың пікіріне талдаулар жасап, нақтылы мысалдармен оқырманыңды дәлелмен сендіруің керек емес пе? Мен айттым, сендер сене беріңдер дегенге кім көнеді.

Сенде ғылыми тұрғыдан талдап барып пікір айту әрекеті сезілу былай тұрсын, әрі ол авторлардың пікірін теріс танытасың. Осы арқылы-ақ абайтану тарихында қалыптасып қалған ой-пікірлер тарихынан бейхабар қалғаныңды қарап отырмай сездіріп аласың. Мысалдарға жүгінейік: М. Әуезов 1948 жылы 15 наурызда Қазақстанның жауапты қызметкерлеріне оқыған лекциясында жазушы ретінде емес, Абай мұрасының ғылыми зерттеушісі болып сөйлейтіні бар. Осы кездесуде Абай дүниетанымы жөніндегі ой танымдарын алғаш рет ортаға сала

келіп: «...у него есть вера как высшая форма морали, у него есть элементы дуализма — душа и тело как два субстрата живут самостоятельно:

Ақыл мен жан мен өзім, тән менікі
«Мені» мен «Менікінің» мағынасы екі.—

деп ой қорытатыны бар (*Мұхтар Әуезов. Абайтанудан жарияланбаған материалдар. Алматы, «Ғылым» баспасы, 1988, 266-б.*). Яғни Абай танымында орын алған дуалистік таным жайлы пікір толғайды.

Осы танымды өзінің зерттеуінде К. Бейсембиев те, М. Мырзахметовте айтады. Бірақ әр қайсысы өз тұрғысынан келіп айтады. Сонда бұл пікірлерде қандай «бетінен қалқу» бар? Шындықтың аумағынан шықпай пікір айтқанына жазықты ма?

Екіншіден, М. Мырзахметов: «...психикалық құбылыс ретінде қабылданады, деп көбіне бетінен қалқиды» (102-б.),— деп сын нысанасына алуына қарсылық жоқ. Сын әділ әрі шын болса ойына ой қосады емес пе? Бірақ сен автордың жан туралы танымын тұтас алып қарастырмай бір қырын ғана жұлып алып, жалаулатып пікір айту арқылы оқырманды адастыратының жаман. М. Мырзахметов өз зерттеуінде Абайдағы «жан» сөзінің төрт түрлі қырына тоқталады:

1. Жан сөзінің бір мағынасы Абайда тіршілік несі адам мағынасында беріледі: «Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық»,— деп жаңды саналы адам ретінде қарайды.

2. Абайда жан сөзінің бір қыры адам психикасы, яки психикалық құбылыс ретінде қаралған. Дүкенбай осы пікірді жеке алып, жалпы қорытынды жасайды. Бұнда адамның ашуға мінген қалпын ғана көрсететін:

Жан шошырлық түрінде,— деген өлең жолынан-ақ байқалып тұр. Мұны басқаша түсінуге келмейді.

3. Жан сөзі Абайда дуалистік көне таным тұрғысынан көрініс беретін ұғым ретінде де беріледі.

Мысалы:

Ақыл мен жан — мен өзім, тән менікі,
«Мені» мен «менікінің» мағынасы екі.

4. Жанның өлмейтіні, мәңгілігі туралы ұғымды танытуда теологиялық таным мен Абай танымының арасындағы айырмашылық:

Мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан,
Менікі өлсе өлсін оған бекі,—

деген пікірдің табиғатын саралап тануда елеулі де үлкен мән жатыр. Бұл мәселеде Абайдың өзіне тән қайталанбас пікірі, таным бар. Әрі жан туралы пікір танымдарында жанның, яғни «менің» өлмейтін мәңгілігі жөніндегі мәселені ерекше көп таратып, сөз еткендегі ой түйіні:

Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған,—

деген байламға келіп тіреледі. Бұл Абай дүниетанымындағы айтарлықтай өресі биік, деңгейі жоғары тұрған таным болатынды. Абай туындыларында көрініс берген жан жөніндегі ой танымдарының ішінде менің мән беріп талдай қарайтыным да осы мәселе еді. Міне, осы жүйелі ұғымды оқырманға өз қалпында танытып, әділ сын айтудың орнына ұшқалақ сезімге беріліп, өзінді де, қалың оқырманыңды да адастырасын.

Дүкенбай жаңа пікір айттым, жаңалық аштым деп отырған Абай өлеңіндегі:

«Адам ғапыл дүниені дер менікі,
Менікі деп жүргеннің бәрі оныкі.
Тән қалып, мал да қалып, жан кеткенде,
Сонда ойла, болады, не сенікі,—

деген шумақтағы «менікі деп жүргеннің бәрі оныкі» деген жолдағы «оныкі» дегенді бұрынғы ғұлама зерттеушілердің бәрі «жаратушы ие «Алла тағаланың» баламасы деп түсіндіріп келеді. Шындығында олай емес», (108-б.),— деген дәлелсіз, ешкімді нандыра алмайтын ой байламын қарсы ұсынады.

Сонда Дүкенбайдың пікірінше, жанның иесі кім? Бұған ол Абайдың «...оныкі деп тұрғаны дененің, тәннің яки адамның болмыс иесі — жан» (103-б.),— деп өз байламын айтады. Не себепті бұлай болғанына нақтылы дәлелдер келтіріп, талдаулар жүргізбей-ақ тасдиқ түрінде пікір айтады да, қалың оқырман ойында туындайтын күмәнді пікірге көңіл аудармайды.

Ақылға салып ойланып көрейік: адам өлген соң тән қалып, мал да қалып, жан да кетсе, сонда олардың иесі кім болмақ? Ал Дүкенбай Абайдың «оныкі» деп тұрғаны жан деп шешеді. Ал өлең тексінде жан да кетіп қалады емес пе? Сонда жанның иесі кім болмақ?

Сократтың пікіріне сүйенсек: 27-сөзде Сократ:— «Олай болса, кім артықша ғажаблануға лайықты: жан-

сыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтұғын суретші ме, я жан несі, ақыл несі адамды жасаушы ма?— дейді.

— Соңғысы лайықты,— дейді (1977, 2-том, 165-б.). Яғни Сократ соңғысы лайықты деп адамды жасаушы жаратушыны (Алланы) қадай айтып отыр ғой, бұған не дейміз? Міне, Абай сүйеніп, пікір білдіріп отырған малдың несі — адам, адмның несі — жан, ал жанның несі — жаратушы Алла болып шығады. Сонда «оныкі» деп отырғанымыз талассыз жаратушы Алланикі болып тұр емес пе?

Дүкенбай маған карата сын айтқанда: «Абай діні сыншыл ақылдың, адамгершіліктің діні деген аксиомаға несіне көлденең сөз қыстырасыз» (126—127-б.) деп бұл сөз балаға да түсінікті, несіне сөзді шығын етесіз дегендей мұрын шүйіре қарайды. Бұл тезис М. Әуезов ұсынып отырған: «Абайдың діні — сыншыл ақылдың шартты діні. Абайдың діні — адамгершіліктің діні»,— дейтін астары терең тезис. Қатаң идеология қыспағында өз ойын, өз танымын толық ашып айта алмауы себепті, келешек ұрпаққа аманат ретінде тастап кеткен сыры терең тезисі болатын. Бұл тезистің сыры мен мағынасын біз Абай шығармаларындағы аса қиын да күрделі хауас, жәуан-мәрттілік туралы беймағлұм ұғым-танымдарды зерттеп барып, әрең дегенде түсінгендей болып едік. Ал Дүкенбай болса М. Әуезов тезисін оп-оңай нәрсе, кім болса сол танып білетін аксиомаға айналған шындық дейді. Артынша кітабының 134-бетінде: «Абай діні — сыншыл ақылдың шартты діні» деген М. Әуезов тезисін алға тарта отырып, ақынның сыншыл ақылы қай ақыл, шартты діні деп меңзеп отырғанын қалай түсінуге болады, осы мәселеге ой жіберейік»,— деп салмақтанып, оқырманын көп нәрседен дәмелендіріп қояды. Ол аксиомаға айналған шындық болса, оның несіне ой жіберіп әуре боламыз. Ол өз-өзінен «түсінікті» нәрсе емес пе? Сондағы ой жіберіп тындырғаны К. Салғариннің «Абай ұстанған дін — ақыл діні»,— деген пікіріне бас изеумен тынады. Қаншама салмақтанып тосын жаңалық ашатындай өзгені сынап отырған жазушымыз Абайдағы сыншыл ақыл, шартты дін тезисіне өз тарапынан жаңаша пікір айта алмай босқа шіреніп, бұл мәселеде өзіндік танымы жоқтығын көрсетіп алады.

Осы мәселе жайында Абай оқып пайдаланды деген түркістандық, отырарлық, сайрамдық (орта ғасырлық) 14 ғұламаның ағы аталып өтеді. Бұлар шындығында,

Абайдың ақындық кітапханасы көлемінде қарастырылатын деректер. Бірақ бұларды Абай танымымен жанастырып байланыстыру үшін, сенімді дәлел, нақтылы ғылыми талдау керек қой. Құр тізім, санамалап өту оқырманға не береді?

Дүкенбай Абайдың 27-қарасөзіндегі Аристодимді Аристотель деп, Сократ хақимді ғалым деп қалай болса солай ауыстыра салатын әдеті бойынша Абайдағы «жүрек суаты» деген мағынасы терең сөзді «жүрек сауыты» деп алмастырып белден басады. Бұл жаңылыс кеткен кездейсоқ қателік дейін десек, олай емес саналы түрде қолданып отырғаны аннотациясында да «жүрек сауыты» — деп арнайы түрде атап өтуінен де көреміз, Абай өлеңіндегі:

Жүректің ақыл суаты
Махаббат қылса тәңірі үшін

(1977, 1-том, 268-б.)

деген өлең жолында үлкен танымдық салмақ көтеріп тұрған «ақыл суаты» деген сөзді Абай ырқынан тыс «ақыл сауыты» деген сөзге оп-оңай ойланбастан, дәлелсіз ауыстыра салады да: «Қараңыз: жүректің сауыты болады деп кім ойлаған. Сөйтсек жүректің сауыты — ақыл екен» (304-б.). — деп зор «жаңалық» ашады да өзі де оңбай адасып қоймай, оқырмандарын да қоса адастырады.

Шамасы, «жүрек сауыты» деген сөз Дүкенбай ойына Абай айтатын «мінездің сауыты» деген сөзге үндесіп туындаған тәрізді. Өйткені Дүкенбайша «мінездің сауыты» болса, неге «жүректің сауыты» болмауы керек деп қараған. Кітаптың 106-бетінде: «Ақыл суаты — ақынның мезгеуінше — жүрек, баз бірде махаббат. Жүректің ақыл суаты, махаббат қылса тәңірі үшін». — деуінде үлкен мән жатыр», — деуінде де үлкен адасу бар. Өйткені сөз міскері Абай «Жүрек — ақыл сауыты», — деп жазып отырған жоқ, «Жүректің ақыл суаты», — деп беріп отырғой. Сондықтан да «жүректің» деген сөз сөйлемнің анықтауыш мүшесіне айналып тұр. Осы себепті де ол «Жүрек — ақыл сауыты», — деп берілсе ол бастауыш мүшеге айналып кетеді. Абай ойының төркіні бұл ұғымға келмейді. Екіншіден, Дүкенбай Абай сөзін өлеңдегі контекстен бөліп алуы себепті, бастапқы беретін мағынасы да өзгеріске ұшырайды. Яғни Абайдың айтуында: «Дененің барша қуаты, өнерге салар бар күшін, ал осы тәрізді

«Жүректің ақыл суаты (яғни жүректің рухани нәр алар сусындар суаты, бұлағы деген мағынада. М. М.) Махаббат кылса тәңірі үшін»,— деген ой байламы бірінші сүюдің өзі екенін Абайдың:

Махаббатпен жаратқан адамзатты
Сен де сүю ол Алланы жаннан тәтті,—

деген пікірі де айғақтап тұр. Осы себептен де Дүкенбайдың «жүректің сауығы болады» дегенді Абайға жапсырудың ешқандай қисыны жоқ, қате таным болып шығады.

Осы іспеттес көп жерде Абай танымын жаңсақ, теріс ұғыну Дүкенбайда әлденеше жерде кездеседі. Оның: «Айралы болмақ, мансап іздемек дәулет жимақ, құшпақ-сүймек — бір адамның бойына үлкен жүк артатын әрі жибилі, әрі кәсіби тілектер» (299-б.),— деп жазуына қарағанда оның «жибилі», «кәсіби» деген сөздердің Абайдағы қолдану аясын, басты мағынасын теріс ұғынатыны көрініп тұр. Біріншіден, Дүкенбай айтып отырған Абайдың сөзі: «...құшпақ, сүймек, мал жимақ, мансап іздемек, айралы болмақ» (1977, 2-том, 222-б.),— әр нәрсенің өлшемі бар деген ұғымға байланысты айтылатын ұғымдар. Екіншіден, мансап іздеп, дәулет жию жолында айралы болмақ — ақылдың ісі, яғни ол кәсіби нәрселер, мұны жибилі қуатқа жатқызуға келмейді. Үшіншіден, құшпақ, сүймек ақылдың ісі емес, сезімнің ісі, олай болса, бұл кәсіби құбылысқа жатпайды, жибилі қуатқа жататын нәрселер.

Бұл арадағы әбестік жан қуаттары туралы толық ұғымы қалыптаспаған және алдын ала бұл мәселеге даярлығы жоқ оқырманға жибилі, кәсіби ұғымға жататындарды қосарластырып жігін ашпай беруде жатыр. Оқырман бұлардың арасындағы айырмашылықты аңғара алмай адасады.

Осы іспеттес оқырман ұғымын адастыру, Дүкенбай сенің: «Абай Сократ ғалым аузымен (?) жанның құбылысының формуласын анықтап беріп отыр» (104-б.), дейтін ғылыми танымға сыймайтын эклектикалық көзқарасыңнан туындап отырған ой-пікірінде де мен мұндалап тұр. Өйткені Абайдың 27-қарасөзінің астындағы «Сократ хақим сөзі» деген анықтама жай тұрған жоқ. Бұл сөз аударма шығарма екенін ескертіп тұр. 27-қарасөздің аударма екенін абайтанушы ғалым Б. Ғабдуллин дәлелде-

ген болатын. Бұнда Сократ сөздерін Абай, негізінен, бірінші сүю жайлы пікіріне жанама дерек ретінде пайдаланған. Бірақ Абайдың жан сыры туралы танымы Сократтан мүлде алшақ, өзіндік тума ойлар. Сол себепті «Сократ ғалым аузымен жан құбылысының формуласын анықтап беріп отыр»,— деу бетімен лағу болып шығады. Яғни қиыспайтын, бір-бірімен ұштаспайтын табиғаты екі бөлек дүниені өзінің субъективтік танымымен карап біріктіріп, байланыстырып карау — эклектизмнің дәл өзі болып шығады.

Соңғы жылдары абайтану саласында жариялана бастаған кейбір туындылар ғылыми стильде жазылмай, көп ізденіп азаптанбай, соны деректер көзін іздеп таппай, өз ойын ғылыми талдаулар арқылы архив мағлұматтарымен негізделмей, сапырылыстырып айта беретін арзан қол беллеристикаға қарай бет бұра бастаған сыңай танылады. «Абай айнасы» да қаншалықты жарнамалап «ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу» деп көтермелесең де, бәрібір беллеристикалық туынды болып шыққан. Бұлай болуы заңды да, өйткені жазушының айтуы бойынша, 1993 жылы наурыз айында Жидебайдағы Абай кесенесіне барып бата оқып келеді де, жазуға кірісіп 1994 жылы, яғни бір жылдан астам уақыт ішінде көлемді еңбек басылып шығады. Ешбір ғалым ғұмырнамалық, пәлсапалық зерттеу ісін, онда да анау-мынау емес жиырма баспа табақтан астам көлемді ғұмырнамалық, пәлсапалық жұмысты мұншалықты қысқа мерзімде жазып шығады дегенге нанбайды. Мысалға М. Әуезовтің Абай өмірбаянын отыз жылдан астам уақыт зерттеп, және онысын бір емес төрт рет қайта жазып азаптанып ізденуі жай еріккеннен болған іс емес шығар, қызыл сөзбен құйқылжытуға келмейтіндіктен болар.

Сенің абайтану саласындағы ғалымдар: С. Қирабаев, Қ. Бисембиев Қ. Мұқаметжанов, М. Мырзахметов т. б. туралы айтқан сын пікірлерің мен өзіңше берген бағаларыңның алақол, әділетсіз болып келетіні несі? Бірер мысалға ғана жүгінсек те соның өзі сенің ұлы Абайдың: «Досыңа достық қарыз іс, Дұшпаныңа әділ бол»,— деген адамгершілік жолындағы биік өлшемінен шыға алмаған қалпыңды танытады. Академик ғалым Серік Қирабаев сәкентану, оқулықтар жазу мен мамандар даярлау саласында айтарлықтай орны бар, салмағы бар ғалым. Бірақ сен айтқандай: «...абайтану ғылымына ай-

тарлықтай үлес қосып жүрген... Серік Қирабайұлының... пікірі ойымызға, зерттеуімізге дәм кіргізер тұздық секілді» (14-б.),— дейтін жарамсақ, арзан бағаларына Сәкеннің өзі де іштей мырс етіп күле қарайтын болар. Немесе абайтану саласында Абайдың әдеби мектебі мен текстологиясын зерттеуде теңдесі жоқ ғалым Қақан жайында: Қ. Мұхаметжановтың «Абай шығармаларының текстологиясы жайында» деген тыңғылықты ғылыми ойлы кітабы бізге осынау ғұмырнамалық, пәлсапалық шығарманы жазуымызға баспалдақ болғанын шын ризалық пейілмен атап өтпекпіз» (218-б.),— деп бағалауың жөн, біз оныға қосыламыз. Бірақ Қақанның тек текстологиялық мақсат тұрғысынан жазылған ғылыми еңбегінің сенің ғұмырнамалық, пәлсапалық шығарма жазуыңа баспалдақ боларлық қандай қатысы бар? Текстологиялық еңбек пен пәлсапалық, ғұмырнамалық еңбектің екеуі екі бөлек мақсаттағы дүние емес пе?..

Ал енді М. Мырзахметовтің абайтану жайлы еңбектеріне келгенде: «...көбіне бетінен қалқиды... жүргізген есебіне сенер болсақ... шолақ ойланған... Абай сеніміне топырақ шашқандай қалып танытады... Абай діні — адамгершілік діні деп арзандатуымыз күпірлік әрі күнә» (102, 126—127-б.), деп барынша жертабандап бағалайсың. Бұлай бағалауыңа менің өкпем жоқ, солай ұғынсан, саған не дейміз?» алдыңнан жарылқасын... Бірақ сенің аңқаусып түк білмегендей, өзің тауып, ізденіп барып олжа салғандай менің Абайдың шығысы жайлы зерттеулерімді, деректерімді, ғылыми айналымға алғаш түсірген термин сөздерді, тіпті басқа ақындардан іздеп тапқан өлең үзіктеріне дейін өз атыңнан пайдаланып, компляциялық жолмен қымқыруың жирендіреді. Есіңде болсын ғылымға сұғанақ қолмен келгеннің абырой алған бірі жоқ, баянсыздың ақыры баянсыздықпен бітеді.

Немесе кеше ғана жерін сатуға, тілін таптауға, төлқұжатта ұлтын көрсетпеуге, ұлттық мемлекетін қартадан сызуға ар алдында шімірікпей қол қойған — Нұржан Сәлкенұлы Суханбердин туралы соншама жарамсақтанып «...ұлтына жаны ашып, шаруа тындырып жүрген Нұржан Сәлкенұлы Суханбердин... Абай деп соққан азаматтың жүрегіне тәнті боласың» (364-б.),— деп, ұлттық, азаматтық танымнан жұрдай болған бәйшікешті мақтаған қалпынан Дулат ақын таңбалағандай:

Сөзім бар да көзім жоқ
Көзім жоқ деп жатпадым:
Бай, мырзаны мақтадым...
Біреудің отын үрледім,
Өз отымды жақпадым...
Адал сопы мен емес
Пірдің сөзін тұтынған,—

деген жарамсақ қылықты сезініп күйінеміз.

МҰХТАРТАНУ

МҰХТАРТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Көп ұлтты совет әдебиетіміздің классигі Мұхтар Әуезовтің ғылыми-творчестволық жолын тану процесі — қазіргі қазақ әдебиетінің ілгері де өнікті саласына айналып отыр. Өйткені ұлы жазушының ұланғайыр әдеби мұрасы республикамыздың бүгінгі болмысының рухани әлеміндегі қайталанбас ғажайып құбылыс болуында жатыр. Жазушы мұрасын көлемі жағынан алып қарағанның өзінде, егер академиялық толық ғылыми жинағын даярлай алсақ, кітап сөресін қайыстырар елу томдық асыл қазына қолымызға тиіп, рухани қорымызды айтарлықтай түрде байыта түспек.

Қазақ даласындағы Қазан төңкерісінен кейін өмірінің соңына дейінгі жарты ғасырға жуық мерзім ішінде М. Әуезов қаламынан туып, ұлттық рухани қазынаға айналған әдеби мұраны танып білу, таныту әрекеті ғылыми-творчестволық жан-жақты, көп салалы ізденістер мен жүйелі зерттеулерді тудырмай тұра алмақ емес.

М. Әуезовтің өмірі мен ғылыми-творчестволық еңбектері жөнінде қалам тербеп, ой толғаған қалам иелерінің жалпы саны мыңнан асып, молығу үстінде келеді. Бұған қоса еңбектер көп ұлтты халықтарымыздың тілі мен шетел тілдерінде жазылуы авторлар құрамының интернационалдық болмысын танытумен қатар кеменгер жазушы мұрасы қазірдің өзінде көп ұлтты еліміздің ортақ рухани қазынасына айналған ерекше сипатын да танытуда.

М. Әуезов мұрасын танып бағалауда күрделі зерттеу еңбектерін жазып, мұхтартану саласын біртіндеп қалыптастыру жолында әдебиетші ғалымдарымыздың қосқан үлесі айтарлықтай салмаққа ие болып отыр. Мұхтартанудың елеулі проблемалары жөнінде алғашқы сын-пікір,

ой-толғаныстарын, зерттеу жұмыстарын да аға буын өкілдері: С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Б. Кенжебаев, М. Қаратаев, Ә. Тәжібаев және басқалар бастап берді. Аға буын өкілдері салған бұл дәстүрді жаңа буын жас ұрпақ өкілдері мұхтартанудың сан қилы мәселелерін тереңдей зерттеп, жалғастырып әкетті.

Жазушының әдеби мұрасын жан-жақты біліп меңгеру, тереңдей танып нәтижесін оқырман қауымға жеткізу жолында қол жеткен табыстарымызға орай алдағы уақытта мұхтартанудың қандай-қандай өзекті проблемалары зерттеу нысанасына алынып, сөз болмақ деген сұрақтың алдан шығары да анық.

М. Әуезовтің бүкіл әлем мерекелейтін 100 жылдық мерейтойына қойылатын басты міндет — жазушының шын мәніндегі ғылыми негізде алдымен қолға алынатын жауапты да күрделі жұмыс — 50 томдық академиялық жинағын даярлауға кірісу. 50 томдықтың барлық нұсқасы М. Әуезовтың жақындап келе жатқан жүз жылдық мерекесіне дейін даярланып кетуі жөн. Ол үшін алдымен жазушының 12 және 20 томдық шығармалар жинағын даярлау үстіндегі тәжірибелерге сүйене отырып, ол басылымдарда орын алған олқылықтардың да ойда болмағы керек. Себебі, бұл басылымдарда текстологиялық жұмыстар шын мәнінде жүргізілген жоқ. Тіпті кей шығармалар баспа тарапынан «сақтық жасаудан» орынсыз қысқартылып кеткені де бүгінде жасырын сыр емес. Бір кезде жазушымыздың ескіше, төте араб алфавиті, кейін латын алфавиті, ал, 1940 жылдан бастап орыс алфавитіне көшу кезеңдерінде уақыт талабына орай сөздердің, әсіресе термин сөздер мен емлелік ережелердің өзгеріп отырғандығы бірізділікке келуде көп қиыншылық тудырды.

Осы себепті елу томдыққа кіріспес бұрын келісіп алынған бір принцип негізінде алдын ала даярлық жүргізіп, бір ізге түсіру — аса қажетті буын болып отыр. Екіншіден, елу томдыққа кіретін шығармалардың бәрі де архив деректері негізінде берілмек. Бірақ ол деректер архивтегі папкілерде бір жүйеге түсіріліп яғни тақырыптық не хронологиялық принципте берілмеген. Осы себепті елу томдықты даярлаудан бұрын архив деректерін жанрлық, тақырыптық, хронологиялық ретке түсіріп, екшей отырып жүйелегенде ғана академиялық басылымға кірісе аламыз. Мысалы М. Әуезовтің Абай мұрасы туралы ғылыми зерттеулері мен көркем туындыларының өзі

және олардың түрлі қолжазба нұсқалары, тезистері, неше түрлі шашпа пікірлері мен баяндамалары сөйлеген сөздері және басқаларының көлемі жағынан 15 томдық туынды екендігі анықталып отыр. Тек қана М. Әуезовтің абайтану саласында жарияланбаған, архив сөресінде сақталған материалдарының өзі ғана көлемі жағынан 30 баспа табақтан асып жатуы көп нәрсені аңғартса керек.

Ал «Абай жолы» эпопеясының сақталған қолжазба нұсқалары, олардың редакцияланып сұрыпталған, екшелген түрлері, ел аузынан жиналған екі томдық жазба деректері, «Абай» трагедиясы, опера либреттосы, әдеби сценарийі, киносценарийі және олардың әртүрлі жазба варианттары, қосымша жасалған текстері бәрі де жанрлық, тақырыптық және хронологиялық тұрғыдан жүйілеп, қапысыз екшеп, жеке-жеке топтастыру орасан ізденісті, көп уақытты талап етеді. Әрі бұл деректер шоғыры араб, латын, орыс алфавиті негізінде жазылғандықтан, оларды жете танып, дұрыс оқып алудың өзі бір қиямет нәрсе.

М. Әуезовтің ғылыми-творчестволық жолының толық көрінісін ғылыми негізде танып білуде жазушының туындылары мен олардың танылып, зерттеліп, бағалануына және де насихатталуына арналған шын мәніндегі барынша толық жеке библиографиялық көрсеткішін жасаудың ғылыми-практикалық маңызы да ерекше болмақ. Осы себепті алдымен жазушының көркем туындылары мен ғылыми зерттеулерін, қоғамдық қызметін тану, зерттеу, бағалау жолы мен мұхтартанудың даму, қалыптасу тарихын білуде бірінші кезекте хронологиялық принципке негізделген көп томды библиографиялық көрсеткіш түрін жасау қолға алынбақ.

Ал осы көрсеткіш негізінде енді бүкіл оқырман қауым мен зерттеушілерге, аспиранттарға және де диплом жұмысын жазатын студенттер мен баяндамашыларға, яғни күнделікті ғылыми-практикалық жұмыстарға арналған тақырыптық принципті ұстанған библиографиялық көрсеткіш түрін жасау міндеті де алдымыздан шығады. Міне, осылардың негізіне сүйене отырып, жалпы көпшілік қауымға арналған, яғни М. Әуезовтің ғылыми-творчестволық мұрасын кең мағынада насихаттап танытудың ең өзекті де ұрымтал тұстарын білдіруге қолайлы ұсынбалы (рекомендательный) библиографиялық көрсеткіш жасау қажеттігі туады. Мұның өзі жазушы қаламынан шыққан әртүрлі жанрлық сипаттағы яғни прозасына,

драматургиясына, абайтануға, аудармаларына, әдебиет тарихына, ғылыми-зерттеулеріне, қоғамдық-педагогикалық қызметіне арналған салалық библиографиялық көрсеткіштер түрін жасауға әкеледі. Міне, осы шаралар жүзеге асқан тұста ғана мұхтартанудың алғашқы шартты қадамы орындалады десе болады.

М. Әуезовтің өмірі мен творчестволық жолын танып білуде ерекше орны бар әрі қазақ әдебиеті тарихында орныға бастаған естеліктер түрін қорландырып, қайта жариялау қолға алынбақ. Қазірдің өзінде бұл қазақ және орыс тілінде жеке-жеке кітап болып басылым көрді. Қазір жазушы архивінде соңғы кезде жинастырылымы молыға бастаған естеліктер шоғырын топтастырып, алдағы уақытта да қорлана беретін естелік-мағлұматтарды екшеп, жүйелеп екі тілде бірдей бірнеше томдық естеліктер жинағын бастырып шығаруға алдын-ала даярлық жұмысы жүргізілуде.

Кезек күтпес мәселенің бірі — Мұхтар Әуезовтің әдеби ортасы мен айналасына келіп тіреледі. Ол үшін мыңдаған картотекаға әзірше қолда бар деректер түсіріле бермек. Ал алдағы уақытта М. Әуезовпен қарым-қатынаста болған санқилы тағдыр иелерінің байланысын анықтау міндеті тұр. Өйткені жазушы замандастары ойсанасында М. Әуезовке байланысты беймағұлым деректер мол. Осы тірі архив иелеріндегі мағлұмат атаулыны хатқа түсіріп алып қалмасақ көптеген қымбат деректерден айрылып қалуымыз мүмкін.

М. Әуезовке арналған энциклопедия жасақтауды асыға күтудеміз. Себебі, бұл энциклопедия бір ғана М. Әуезовтің өмір жолына ғана арналып қоймай, тұтас қазақ әдебиетіне қатысты өрісі мейлінше кең, ерекше рухани дүниелік болып шығатынына сенім мол.

Мұхтар Әуезов тілінің сөздігін жасау — мұхтартану ауқымынан асып, тіл білімі саласында кең тұрғыдан қойылатын айтулы да бірегей мәселеге айналуда. Өйткені, 1979 жылы жарық көрген «М. Әуезовтің «Абай жолы» романының жиілік сөздігі» эпопеяның төрт кітабында ғана қамтылған 16983 жеке сөз бар екендігін анықтап берді. Ал академиялық елу томдығы шыға қалса, ондағы жеке сөздердің сан жағынан қолданылуы екі-үш есе артып түсетініне күмән тумаса керек. Бұл күнде баспадан шыққан он томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» 91429 жеке сөз қоры болса, Әуезов тілінің сөздігі көлемі жағынан мұның үштен бірі немесе

одан да асып түсуі — таңданарлық та, ойланарлық та құбылыс. Өйткені өз замандастары ішінен туған халқының сөз қазынасын М. Әуезовтей бойына сіңіріп, соншалықты молынан пайдаланған бірегей суреткер жогтың қасы. Өткендегі көшпелі өмір болмысын өз табиғатына сай жасаған рухани тіл қазынасын енді М. Әуезовтей ешкім де білгірлікпен пайдаланып, сырлы сөзбен көркемдік дүние жасай алуы екіталай. М. Әуезов қайталанбас көшпелі қауым болмысының қайталанбас суреткері болып қала бермек. Міне, осы ерекшеліктердің өзі де М. Әуезов тілінің сөздігін жасау — кезек күттірмейтін өзекті де ғылыми мәні терең мәселе ретінде қойылып отыр.

М. Әуезовтің бүкіл саналы өмірі мен ғылыми-творчестволық жолының өзекті желісіне, жазушылық стихиясына айналған саласы негізінде ұлы ақын мұрасы айналасында жатыр. Абайтану саласындағы жазушының толассыз ізденістері екі салада қатар жүргізілді. Абай мұрасын ғылыми негізде танып білу, зерттеу әрекеті жиырма жылға таяу мерзімді қамтыса, әртүрлі жанрда жазылған Абай туралы көркем туындыларын жазудың өзі он екі жылға созылды. Міне, ұлы ақын мұрасын баурап, абайтанудың негізін салу жолында М. Әуезов атқарған ғылыми-творчестволық іздену өрістерін терең бойлай біліп танытудың өзі бұл күнде мұхтартанудың өзекті де күрделі мәселесіне айналуда.

Жалпы абайтану тарихында ұлы ойшыл ақын мұрасын ғылыми негізде танып меңгеру жолында М. Әуезов атқарған қайталанбас бірегей ізденістер сырын ашып, қаныға түсудің өзі мұхтартанудың өрісін кеңейтумен қатар абайтанудың өзін де тереңдете отырып, соны қырларын ашуға жетелейтін жасампаз мұраға айнала бастаған ерекшелікті сезінеміз. Сондай өте қажетті де күрделі проблеманың бірі — «Абай мұрасы М. Әуезов творчествосында» деп аталатын тақырып қазірдің өзінде зерттеу нысанасына алынуда. Өйткені бұл мүлде тың мәселе М. Әуезовтің бүкіл ғылыми-творчестволық жолындағы ой-өрісі мен құдыреті көркемдік танымының қалыптасуына әсер еткен ұлы ойшыл ақын мұрасы жазушының іштей түлеп өсу жолында рухани арқау болып өрілген өте нәзік творчестволық құбылыстардың сырын танып білуге бастайды екен. Абай қалыптастырған дәстүрдің жазушы творчествосында көрініс беріп, келісім-

ді жалғастық тапқан соны қырларын ашv мүлде жаңа танымдарға бастайды.

М. Әуезовтің қайталанбас ұлы тұлғасын бұл күнде көркем әдебиет пен өнерде және ғылым саласында танып білу мәселесі тармактанып, кең тұрғыдан зерттеу нысанасына алу процесі де көптен бері жүргізіліп келеді. Мәселе өнер мен ғылым саласындағы зерттеу жұмыстарының нақтылы әрі бір жүйеге түсіріліп, тереңдеуімен ғана мұхтартануға елеулі үлес қоса алатынымызды сезінуде жатса керек.

Абайтану тарихының даму жолына көз жіберсек, М. Әуезов ескерткендей, ұлы ақын мұрасын ғылыми негізде танып бағалау жұмысы көбінесе мерей тойлар тұстарында қарқынды өрістесе де, қалған уақыттарда үзіліп қалып келе жатқаны жасырын емес. Ал мұхтартану саласында әзірше жазушы мұрасы жүйелі түрде зерттеліп, көп жылдық мерзімді қамтитын ғылыми жоспар негізінде жүргізіліп отыруы аздап болса да өз жемісін беруде. Мәселе осы қалыптаса бастаған жақсы дәстүрді абайтану мен мұхтартану саласында да тұрақты жүзеге асыруда жатыр емес пе?

МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТИ ТАРИХЫН ДӘУІРГЕ БӨЛУ МӘСЕЛЕСІ

Бұл тақырыпты дәл осы тұста көтеріп, арнайы пікір сарабына салудың принципті де күрделі мәні бар. Өйткені, жетпіс жыл ішінде талай сапырылыстарға түсіп, ақыры әміршіл-әкімшіл биліктің идеологиялық шеңберіне шырмалып қалыптасқан көптеген ұғым танымдарымыз жариялылық пен демократияның алтын күрек желі ескен соң-ақ құрсауланған ой-сананың сеңі бұзылып, қозғалысқа түсті, қатып-семген көзқарастардың қабырғасы сөгіле бастады.

Міне, әдебиетіміздің тарихында қалыптасып бекіп қалған, тұрақты таным ретінде мектеп пен жоғары оқу орындары программалары мен оқулықтарында үстемдік етіп келе жатқан әдебиет тарихын дәуірлеудің қасаң танымға айналған қағидасын түбірімен өзгертіп, қайта қарайтын күн туды. Себебі, туған әдебиет тарихын дәуірлегенде осы уақытқа дейін ұстанып келе жатқан өлшем-межеміз шартты түрде ұсынылып, орталық-

тың ызғарлы қабағына қарай бейімделуден аса алмай келді.

Қазақ әдебиеті тарихы арнаулы пән ретінде оқытылуы мен оны дәуірге бөлу жөнінде арнайы түрде сөз ету Қазан төңкерісінен кейін ғана қолға алынды. Қазақ әдебиеті тарихының шаңырағын көтеріп, алғашқы ұықтарын шаншу төңкерістен кейінгі рухани қажеттіліктен туды.

Бұл іспеттес тұңғыш талпыныстардың бастамасы алғашқы қадамы Мұхтар Әуезовтің талайына жазылды, яғни үлесіне тиді. Мұхтар Әуезовты мұндай шұғыл әрекетке кірістірген сол тұстың әлеуметтік тілек-талабы еді. 1924—1925 жылы Петроградтағы университетте оқып жүрген жерінен арнайы шақырылып, оған Семейде ашылған Қазақ педагогикалық техникум студенттеріне қазақ әдебиеті тарихынан дәріс беру тапсырылды. Ол кезең үшін өте күрделі де қиын талапқа М. Әуезовтың ұстаздық пен ғылыми іздену жолындағы алдын-ала даярлығы көп септігін тигізді. Қазақ халық ауыз әдебиеті мен әдебиет тарихынан оқыған дәрістерінің негізінде қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің алғашқы нобайларын Мұқаң сол тұста анықтай түседі. 1925 жылы Петроградта оқып жүріп жазған «Әдебиет тарихы» деп аталатын монографиясының қолжазбасын даярлап, 1927 жылы Қызылорда қаласында жариялап та үлгерді. Бірақ асыра сілтеу заманында бұл оқулық жөргегінде тұншықтырылып, аңсаған қалың оқырмандарының қолына жетпей, қолды болып кете барды.

Семейдегі казпедтехникумда Мұхтар Әуезов оқыған дәрістің негізінде жазылған «Әдебиет тарихы» оқулығының бастапқы бөлімі халық ауыз әдебиеті деп басталады да, екінші бөлімі «Зар заман ақындары» деген тақырыппен беріліп, қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлудің тұңғыш межеөлшемі ретінде XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр тұтас қамтылады. Жүз жылға созылған бұл кезеңдегі қазақ халқының отарлану дәуірін тұтас алып, зар заман ақындарының шығармаларында беретін құбылыстардың қай-қайсысы болса да, патша үкіметінің отаршылдық саясатының әдебиеттегі көрінісі екенін ашып айтады. Бұл дәуір әдебиетіндегі уақыт мерзімін іштей XVIII ғасырдың соңы мен XIX ғасыр әдебиетіне жіктей қарайтыны бар.

М. Әуезов бастаған әдебиет тарихындағы жүз жылдық кезеңді дәуірлеу принципі келе-келе соңғы зерттеу-

шілер тарапынан сөз етілген тұста оларды нақтылай түсіп, XVIII ғасырдағы әдебиет, XIX ғасырдың алғашқы жартысы мен екінші жартысындағы әдебиет және XX ғасыр басындағы әдебиет тарихы деп жіктеліп салаландырылған калпын көреміз. Бірақ соңғы зерттеушілер тарапынан әдебиет тарихын дәуірлерге бөліп саралау, көбінесе шартты түрде алынып, ол кезең әдебиеттегі саяси-әлеуметтік жағдай тудырған көркем шығармалардағы басты сарын негізге алынбай сырт қала берді.

Қазақ әдебиеті тарихын арнайы түрде дәуірлеу мәселесіне алғаш рет арнайы тоқталып, өз танымын ортаға салған білікті ғалым Б. Кенжебаев. Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлерге жіктегенде, ол XV ғасыр мен XVIII ғасыр аралығындағы әдебиет тарихын «Қазақ хандығы тұсындағы әдебиет» деп атап, төрт жүз жылдық кезеңді өз алдына жеке алып қарайды. Ал XIX ғасырды екі кезеңге жіктеп, төртінші кезеңге XX ғасырдың алғашқы жиырма жылдығындағы әдебиетті жатқызады.

1959 жылы Қазақ ССР ҒА мен Қазақстан Жазушылар одағы ұйымдастырған қазақ әдебиетінің бүкілодақтық ғылыми-теориялық конференциясында Б. Кенжебаев қазақ әдебиеті тарихының бастау алар шығар көзін VIII—IX ғасырлардағы ойма жазу ескерткіштерінен бастау керектігін мәлімдеді. Себебі, түрік тілді тұрған халықтардың орта ғасырға дейінгі рухани даму жолы, мәдениетінің өркендеу өрісі бір деңгейдегі ортақ құбылыс болғандықтан, ойма жазу дәуіріндегі әдебиет тарихының бастапқы жазба ескерткіштері де ортақ ата мұрамыз деген танымды ұсынды. Ал К. Жұмалиев арнайы баяндамасында қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу туралы, XVIII ғасырдан бастау қажет деген тұрғыдан мәселе көтерді. Конференциядағы қорытынды сөзінде Мұхтар Әуезов бұл талас пікірге қазылық жасағанда мәселеге арнайы тоқталмай сипай қамшылап өтіп кетеді. Сол тұстағы әдеби және саяси-әлеуметтік атмосфераның ахуалға қарай сырғытпа түрде жауап беріп, өзіндік саясатпен ой толғайды.

Біз әдебиет тарихын дәуірлеудің көне, орта ғасырлық кезеңі мен XV—XVII ғасырдың алғашқы жартысына дейінгі салалану, жүйелену және дәуірлерге бөліну жағына бұл арада тоқталып жатпаймыз. Бірақ, қазақ ру-тайпалары байырғы жазба әдебиет пен ойма жазудан қол үзген кезеңде, сол әдебиеттің қызметін көшпелі қазақ халқында ауызша әдебиет атқарғанын үнемі назар-

да ұстап, ол құбылыспен санаспауға болмайтынын еске салып өтеміз. Осы себепті де ауызша әдебиет кең өріс алуына байланысты қазақтың ендігі әдеби тілі татар және өзбек халықтарындағы сияқты жазба әдеби тіл түрінде емес, ауызша әдеби тіл түрінде, негізінен, поэзияда туып, дами бастады. Қазақ хандығында ауыз әдебиетінің қызметі XIX ғасырға, тіпті, оның екінші жартысына дейін созылып келді.

Бұл дәуірдегі әдеби тілдің өзіндік ерекшелігі, жазба ескерткіштер жасалған дәуірдің әдеби тіліндей көне дәстүрмен кетпей, осы XV—XVIII ғасырда қалыптасқан қазақ халқының сөйлеу тілі нормасы негізінде дамыды.

Бұл дәуірде қазақ әдебиеті, негізінен алғанда, бірінші поэзия түрінде болды. Міне, қазақ әдебиетіне тән өзіндік қайталанбас ерекшелікті жете танып меңгермеуден, әдебиет тарихын дәуірлеу мәселесінде жазбаша әдебиеттің қызметін атқарып келген ауызша әдебиеттің қызметін өз дәрежесінде бағалай алмай келдік. Осыдан келіп ауызша әдебиетті халық ауыз әдебиетімен шатастырып алған тұстарымыз да болды.

Қазіргі таңда қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудің, әсіресе, XVIII—XX ғасыр басындағы әдебиет тарихын дәуірлеудің қалыптасқан, оқулықтар мен программаларда орныққан қалпын қайтадан сын көзімен, әсіресе, бүгінгі тәуелсіздік талабы тудырған тұрғыдан танып, өзгертудің кезені жетті деп білеміз. Өйткені, осы кездегі әдебиет тарихын дәуірлегенде сол тұста дүниеге келген көркем туындылардың басты сарынын тудырған әрі оның даму жолын анықтап отырған саяси — әлеуметтік жағдайларды негізге алып құруымыз шарт сияқты.

Тоталитарлық жүйедегі таным шеңберінде қалыптасқан, қасаң қағидаға айналып кеткен кейбір күрделі мәселелерді, атап айтқанда, XVIII—XX ғасыр ішіндегі қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеудегі жасанды әрі шартты ұғымдарды қайта қарап, сын көзімен талдай отырып, жанарту қажет деген пікірге келеміз. Өйткені, өткендегі жүйелеу, яғни әдебиет тарихын дәуірлеу, негізінен, партия тарихы мен өзіміздің сатымсақ тарихшыларымыз жасаған азаматтық тарихты дәуірлеудің мейлінше жасанды әрі шартты түрде алынған ұғымдарға бейімделіп құрылғаны белгілі. Ұлы Сервантес айтқандай: «Жалған тарихшы жалған ақша жасаушы ретінде жазалануы керек-ақ».

Мұның үстіне біздің тарихшыларымыздың халық тарихын бұрмалағаны соншалықты, өз тарихынан, халқының өткендегі тарихи жадынан қол үзген жас буынның ой-санасына отаршылдық пиғылдағы культагерлік — табынушылық әрекеттерді прогрессивті құбылыс деп таныса, осы табынушылық шапанына оранып, соны бүркеніп жасалып жатқан миссионерлік саясатты халықтар достығын нығайтушы құбылыс ретінде танып, насихаттауына не дерсің? Міне, барлық мәселенің түп-тамыры, жалғандылығы мен шарттылығы және қазақ әдебиеті тарихындағы жалған ұғым-танымдардың қоздаған өзекті буыны да Ресей империясының отаршылдық саясатын ақтау, отарлануды прогрессивті мәндегі бақыт санау, оның келеңсіздік жағының бүркемелеген астарлы сырын ашып әшкерелеуге жақ ашып, үн қатпауда жатыр. Бұл, әсіресе, жалған да жасанды ғалымдардың көбінесе қоғамдық ғылымдарда өріс алуының ең өнімді топырағына айналды. Яғни, бұдан тоғыз ғасыр бұрын-ақ Қожа Ахмет Иассауи таңбалағандай:

Ақыр заман ғалымы залым болды,

Залымды қостағандар ғалым болды,—

деген даналық сөзі біздің заманымыздың шындығына арнап айтқандай жаңғырып естіледі. Өйткені, билік әділетті, арлы, нұрлы, ақылды ғалымдардан кетіп, тек жеке бастың пайдасын көздеген, сол үшін М. Әуезов айтқандай бас пайдасы үшін қандай қиянатты іс болса да ойланбай бара беретін суық ақылды ғалымдар тобына өткенін біздің қоғам тарихы бүгін айғақтап, әшкерелеп отыр.

Ресей империясының басты саясатын тарихшы Н. Фирсовтың «Сібір тарихынан мәліметтер» деген іргелі зерттеу еңбегінде: «...орыс тарихының негізгі фактісі — отарлау болып келгені ақиқат. Қай дәуірге көз жіберсек те, біздің күллі саяси және қоғамдық тұрмысымызбен астасып жатқан осынау фактіге ұдайы кездесіп отырамыз», — деп, соқырдың өзі сылдырынан танырдай етіп-ақ көрсетеді.

XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы аралықта дамыған, заман талабына орай жанрлық, стильдік сонылықтарды, идеялық тақырыптық ерекшеліктерді тудырған көркем шығармалардың бәрі де, негізінен, саяси-әлеуметтік лирика шеңберінде жырланып, өзекті бір сарынды төсеніш етті. Осы себепті сөз еткелі отырған дәуірдегі әдебиет тарихын дәуірлегенде, оны бұзып-жармай-

ақ бүтін қалпында «Отаршылдық дәуірдегі әдебиет» деп атауымыз керек деп тұжырымдау орынды сияқты. Себебі XIX ғасыр мен XX ғасыр басындағы әдебиетіміздің басып өткен жолы мен ондағы ортақ әрі басты сарынды тудырып отырған қозғаушы бірегей күш — Қазақстанның Ресей империясының қоластына кірген соң, оның соғыс отарынан жер отарына алмасу саясатына келіп тірелетінін көреміз.

Кезінде ТурЦИК-тің мүшесі Григорий Сафаров: «Орыс царизмі өзінің шын мәнінде Шыңғысханның мұрагері екенін Түркістанда сөзімен ғана емес, ісімен де көрсетті», — деп жазуы терістеуге келмейтін, өмірден орын алған нақтылы тарихи шындық болатын-ақ.

Міне, қазақ елінің рухани құлдық қамытын киіп, отаршылдық қысымға ұшыраудан құтылуға ұмтылуы — осы кезеңдегі қазақ поэзиясының өзекті сарынын тудырмай тұра алмады. Өткен замандағы Асанқайғы, Бұқар, Махамбет, Дулат, Шортанбай, Мұрат, бергіде Абай бастаған жаңа әулет өкілдері, кітаби ақындар туындыларындағы отаршылдыққа іштей қарсылықтан туған ортақ сарынды сезінеміз. Бірақ бұл ортақ сарын әр кезеңдегі әр түрлі саяси-әлеуметтік өзгерістер тұсында өмір сүрген ақын-жыраулар поэзиясында түрлі реңктегі көркем образбен бейнеленсе де, олардағы басты сарынды айқындаушы бір-ақ шындық бар. Ол — отаршылдық саясаттан туындап отырған ел билеу жүйесіндегі әділетсіздікке қарсы батыл үн қатқан ақындар поэзиясындағы басты сарында жатыр.

Поэзиядағы басты сарын — отарлаушы әкімдер жүргізіп отырған қатыгез саясат пен ел билеуші жергілікті сатымпаз атқамінерлердің отаршылдармен тіл табысып, ортақтасқан әрекетіне қарсылықтан туындап жатқан табиғи наразылықтың көрінісі демеске болмайды.

Сонау Әз-Жәнібек ханның тұсында-ақ Асанқайғы бабамыздың:

Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң іздеп қоныс көр...
Ай... Жәнібек, ойласан
Қилы-қилы заман болмай ма,
Суда жүрген ақ шортан
Қарағай басын шалмай ма?
Мұны неге білмейсің?... —

деп ерте кезде-ақ келе жатқан қатерлі отаршылдық қауіптен сескеніп, ескерту жасап, болжаған аталы ой-тол-

ғанысын қалайша терістей алмақпыз. Бар бітіргеніміз ол ойлар төркінін, жаңа буын жас ұрпақтардан жасырып, «қырағы» цензорларымыз баспа бетіне шығуына тосқауыл қойып отырды.

Осы сарынның өзекті сілемі Сыпыра жырау жырларында табы жаңса, келе-келе Асанқайғының тарапынан жұмбақтала айтылып, одан кейін Бұқар жыраудың шешім айтуы да тегін емес.

Бұқар жырау:

Ойлама «шортан ұшпас» деп
«Қарағайға шықпас» деп:
Күнбатыстан бір дұшпан
Ақыры шығар сол тұстан...
Қағазға жазар малынды,
Есепке салар барынды.
Елінді алар қолыңнан,
Әскер қылар ұлыңнан...

Бұл әдебиет айнасына түсіп, халықтың ой-санасынан орын алған шындық еді, бірақ, біз, бұл шындықтан орағытып, саналы түрде бәлеге қалмайық деп қашып жүрдік. Өйткені, біздің тарихымыз Дж. Неру айтқандай, отарлаушылардың көзқарасы, дүниетанымы тұрғысынан жазылуы себепті де, солай болуы заңды құбылыс еді.

Ертеде айтулы қазақ ақын-жыраулары алдын ала болжап қауіптенген бұл шындықтың астарын патшаның ресми саясаткері болған, арғы тегі шоқынды башқұрттан шыққан генерал Тевкелевтің пікірі бойынша: «1722 жылы ұшпақты билік даңққа лайықты патша ағзам ұлы Петр хазіреттері жанында мен Персия жорығы кезінде құпия бас тілмашы болып едім. Сол жорықтан қайтып келген соң, патша ағзам хазіреті ұлы Петр өзінің Отаны орыс империясы үшін пайдалы бір тілек тіледі. Бұл тілегі көптен естіліп келе жатқан, бірақ бұл күнге дейін ешкім анық білмеген қырғыз-қайсақ ордаларын Ресей қоластына қарату еді. Бұл тілекті орындау жұмысына мені қоспақ болды.

— Бұл ордалардың Ресейге бағынуына бар иждаһатыңды сал, миллион сом болса да бұл шығыннан қашпа. Тек бір жапырақ қағаз болса да, бұл ордалар бізге бағынатындығын білдірсін»,— деп маған тапсырды. Неге десеніз 1727 жылы патша ағзам ұлы Петр Персия жорығында және Астрахан қаласында болған уақытында

ол ордалар туралы әркімдерден сұрастырып біліп, ол далалық қырғыз-қайсақ ордалары жеңілтек, ақылсыз халық болса да, бүкіл Азия елдеріне кірудің кілті, дарбазасы деді,— деп астарлы көп дүниенің сырын ашады. Байқап отырсақ, яғни осы нақтылы тарихи деректер көзіне ой жүгіртсек, жалпы қазақ даласын жаулап, отарланған елге айналдырудың саяси программалық мақсаты Петр патша тұсында-ақ империя мүддесі тұрғысынан негізі қаланғанын көреміз. Осы саяси отаршылдық мақсатқа Ф. Энгельстің «Внешняя политика русского царизма», «Традиционная политика русского царизма» деген мақалаларында Бірінші Петр саясатының арғы дәстүрлі төркініне де ой жіберіп, Шығысты жаулап алу — жалпы орыс патшаларының мемлекеттік дәстүрлі саясатына айналған құбылыс екенін атап көрсететіні бар. Дәл осындай ойды Орта Азияны отарлау соғысына тікелей қатысқан орыс офицері Павловтың (Краткая история Туркестанского края, Ташкент, 1910) біздер, орыстар семсерімізге ғана сенеміз, байлық шығыста деген бабаларының сөзін келтіруі де, Ф. Энгельс айтқан ойдың ғасырларға созылған орыс дипломатиясының тарихындағы тұрақты дәстүрлі саясатының сарыны өз белгісін білдірмей қалған кезі болмағанын көреміз.

Батыстан келер ызғарлы отаршылдық қауіптің суық лебін сезіну — қазақ поэзиясында арнайы сөз етіп, пікір айтылуы, тіпті халықтың ой-санасында сақталып келуінде көп сыр жатыр.

Құнбатыстан қараған,
Шашын майлап тараған.
Жаяулап келер жұртына,
Балды май жағар мұртыңа.
Ел қамын жеген жақсының
Сөйлетпей ұрап ұртына,—

деген алдын ала болжаған толғаныстың мазмұны да қапысыз ашып-ақ тұр. Осы өлең жолдарындағы Ресей патшалығының келешекте жүргізер отарлаушылық саясатының айла-тәсілдері де алдын ала болжанып тұр. Себебі халқымыздың тағдыры үшін ең қиын да қысылтаяң кезең, қайғылы тағдыр талқысы XVIII ғасыр басынан бастап-ақ пайда бола бастады емес пе?

Әсіресе, XVIII ғасырдың алғашқы жартысында қазақ даласының батысында Ресей империясы, шығысында қатмақ хандығы мен Қытай империясы сұқты көзде-

рін құйқалы қазақ даласына қадап, қанды шеңгелдерін сала да бастады.

Бір бүйірден Орта Азиялық Қоқан, Бұхар, Хиуа хандығы да қазақ жерінен дәмелі болды. Айнала қоршағандардың бәрі де шама келсе, қарулы күшпен немесе көп күш жұмсамай-ақ саяси дипломатиялық жолдармен байлығы мен жер қазынасы мол қазақ даласын жаулап алуға көптен бері даярлық жасап та келе жатты. Кең байтақ құйқалы дала, үйірлі жылқы, келелі түйе, ақты қой, сыңсыған қалың елді қалайша қолға түсіру керектігі империялардың ұйқысын қашырды, жасырын түрде саяси айла-амалдарын даярлай түсті.

Отаршылдықтың қанды қақпанын құрып, адамзат тарихындағы басқыншылық әдіс айланың бар түрін, әккі де жымысқы дипломатиялық амалдарды қолданып барып табындыру идеясы екі империяның да саясаткерлерінің түн ұйқысын қашырды. Жатса-тұрса екі аралықтағы көшпелі өмір салтын ұстаған, жер көлемі жарты әлемді алып жатқан елді қолға түсірің, бодандыққа айналдырудың оңай жолдарын үнемі қарастырумен келді. Арнаулы ғылыми, әскери экспедициялар шығарып, сайын даланы жайлаған қазақтың жер байлығы мен бұл елдің осал тұсы мен мықты жағын, халықтың ішкі сыры мен психологиясын танып білуге, соның негізінде ол даланы игерудің, онда қолданар айла шарғыларына алдын ала даярлану жұмысы да қызу қолға алынып жатты.

Екі аралықтағы қазақ жерін әскер күшімен қару жұмсап басып алу арқылы отарлау-империя үшін қауіпті әрі орасан қаржы мен шығынды қажет етті. Оның үстіне екі империяның да қарулы күші, негізінен, жаяу әскерден тұратын еді. Көшпелі елдер тұрақты армия ұстамаса да, арқаланып ұран тастаса көзді ашып-жұмғанша жұдырықтай түйіліп, тез арада жасақтала кететін әрі қимылы да тез атты сарбаздар мен оның сескенуді білмейтін дала соғысының айлакер де тәсілқой қолбасшысы батырларынан да талай рет жүрегіннің түгі шайқалғаны да бар еді. Олардың соғыс жүргізу тәсілі мен өз жерінің ұңғыл-шұңғылын, жатысын шебер пайдаланатын артықшылығы да империя генералдарын ойландырмай тұра алмады. Өйткені екі империя аралығындағы рулық жүйедегі қазақ, қалмақ елі оңайлықпен алынбайтын тас қамалдай беріктігін талай рет сездірген де болатын-ды.

Осы жағдайларды ескере отырып, екі империя да тікелей әскери соғыс күшімен басып алудың ауыр салмағы мен қиындығын сезінді де, енді оларды, яғни жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтырып, қырлыстыру арқылы әлсіретудің, соның нәтижесінде көшпелі елдердің жерін айнала жапырақ жеген құрттай шетінен кіріп жеп, әскери бекіністер салып, неғұртым ішіне аспай-саспай біртіндеп ене берудің саяси айла-тәсілдерін қолдануға кірісті де.

Осы мақсат тұрғысынан келіп екі империя да саяси дипломатиялық күрестің кезеңді де әсерлі құралдарын қолдана отырып, біртіндеп сатылап меңгеруді, меңгерген жерді кезең-кезеңмен ретіне қарай отарлауды көздеді. Бұл сияқты отарлаудың саяси айла-тәсілдерін алыстан іздемей-ақ екі империя генералдары мен отаршыл әкімдері жазған құпия қатынас қағаздары мен солар жазған әр қилы басылымдардан-ақ танып-біліп отырмыз. Бұлар, әсіресе, қазақ-қалмақ, т. б. халықтардың ел билеудегі рулық жүйесін терең танып, рулық билікті шебер пайдаланып, өздерін өздеріне айдап салу арқылы тұншықтырып, әлсіретсек, соның өзі жетіп жатыр деп білді. Мысалға алар болсақ, ұлы Петр патша қалмақтар қазақтарға тиіссе, қазақтарға болысуды айтқан екен. Бірақ оның артындағы мұрагерлері жағдайдың күрт өзгеруіне байланысты Ресей империясы тарапынан басқаша қарым-қатынастың болғанын, қайта алдымен қалмақтарды қолдап, солардың қолымен қазақтарды мейлінше әлсіретіп, тұқыртып алуды көздеді. Қалмақтарды айдап салу арқылы қазақтардың санын мүлде сиретіп, әлсірету саясатын екі империя, екі жақтан бірдей қолданғанына көзіміз жетіп келеді.

Өз тәуелсіздігіне ие болып отырған қазақ хандығы мен қуаттанып келе жатқан қалмақ хандығы екі империяның алысты көздеген түбінде толық отарлап алу саясатының тікелей нысанасына алынды. Тілегенге сұраған дегендей, екі империя саясаты көздеген қолайлы жағдай да қалыптасып келе жатты. Қандай жолмен болса да Ресейдің батысымен, солтүстік шығысымен қапталдасып жатқан қазақ елі және Шығыста өзіне сес көрсете бастаған Қытай империясымен жағаласа нығайып келе жатқан қалмақ хандығын бір-біріне айдап салу мақсатымен екі империяның дипломатиялық айла-тәсілдері бір орайдан шығып жатты. Ертеден келе жатқан қазақ пен қалмақ арасындағы мал өрісі мен сауда орын-

дарына талас тартысы бірде өшіп, өртке айналып, бірде сөніп, әлсіреп отырған алмағайып жағдайын екі империя дипломатиясы да жақсы танып-біліп, осы әлсіздікті отаршылдық мақсатқа пайдаланып қалудың шешуші буыны деп қарады.

Екі империя да алдымен саны көп, жері шексіз кең даланы мекендеуші қазақтарды әлсіретіп, реті келсе сиретіп алуды көздеді. Осы саяси мақсат тұрғысынан келіп, екеуі де қалмақ қонтайшыларын қолдап, сол заманның жетілген соғыс құралдарымен жабдықтауға көмектесіп, оларды тікелей қазақтарға айдап салу саясатын қолданды. Ал Ресей империясы болса, қалмақтардың бір тобын белгілі мақсатпен ішке тартып, Еділ мен Жайық арасынан қоныс беріп, Ресей мен қазақ арасында буферлік қалмақ хандығын күшейтіп, айналасындағы халықтарға айдап салып, қалмақтарды әскери қосымша күш ретінде пайдалана бастады. Мысалы, Ресей тарапынан болған мұндай әрекетті ғалым Мойсеевтің еңбектерінде жақсы талданып көрсетілген деректер көзінен де ұшыратамыз...

Сол заманның қаһарлы қару-жарағы «дәу мылтық» — зеңбіректі соларға ғана сатты. Осы қаруға ниет қылған, сатып алуға әрекет жасаған қазақ хандарына теріс қарады. Тіпті, бұл мәселеде дипломатиялық қарым-қатынастың өзінде сыртқа тебу, жалынан сипатпау анық байқалып жатты. Екінші жағынан, екі империя да қалмақтарды жақтап қарулануына қолқабыс еткенімен, саны көп, жері мол қазақтармен бетпе-бет соғыста олардың да қырғынға ұшырап әлсіреуін көздеді. Саяси түпкі мақсат — екеуін де бір-біріне айдап салып, жабайылардың қолымен қырғынға ұшыратқан соң, мейлінше қансырап титықтаған екі елдің жерін оп-оңай иемденіп, саяси айла тәсілдің не бір сыннан өткен отаршылдық әдістерін қолдана отырып, толық бодандыққа алып келетініне олардың сенімі мол болды.

Бұл империялық қатыгез мақсаттың алысты көздеген саясаты, әрине, архив қазынасы мен көркем әдебиетте өз көрінісін бермей тұра алмады.

Бұдан осы екі империяның сырын ішке бүгіп, бүркемелеген отаршылдық саясатын қазақ елі сезінді ме, сезінсе қай дәрежеде сезініп аңғара алды деген тарихи сұрақтың алға тартылары да хақ.

Екі азулы империяның аралығында жатқан ұлы даланың келешекте жаулап алынатынын ойшыл ақын-жы-

раулар тым ерте-ак сезінді. Бұл катерлі қауіпті ерте сезініп, сескене қараған Асанқайғы:

Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұлы, қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?

— деп түбінде Ресей империясы тарапынан отарланатындығымызға XV ғасырда-ақ болжау айтқан еді. Немесе екі империя тарапынан қауіпті ескермей қамсыз жатқан Жәнібек ханға қайырыла тіл қатқанда:

Арасында Қытай, орыстың,
Қорған сап тыныш жатырсын.
Ертісті өрлеп орыс жүр,
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,—

деп, катерлі қауіптің қай тұстан соғарын да дәл болжап, алдын ала сезген көреген жырау танымына басып, таң қалмасак, мынауың теріс еді деп айта алмасак керек-ті. Бірақ бір кездерде отаршылдық саясаттың өзін ақтай сөйлеген тұста әдебиетте Асанқайғыны кертартпа ойшыл ретінде танытуға тырысқан кездеріміз де болды.

Ал, XV—XVIII ғасырлар аралығында өз тізгіні өзінде болған қазақ хандығының философы болған Асанқайғының ой-танымының желісі, яғни отарланудың кара боран дауылы қай жақтан соғарын, әрі болмай қоймас шындықтың Бұқар жырау заманында-ақ жүзеге аса бастауы — ұлы жыраудың алдын болжаған сөзінде:

Қыбыладан келер сол көпір,
Аузы басы жүн көпір.
Есеп алар жұртыңнан,
Солдат алар ұлыннан,

— деп ақиқат жайдың шешімін де білдірген.

М. Әуезов «Әдебиет тарихы» деген еңбегінде қазақ ақын-жыраулар пікірін саралап талдай отырып «...орысқа қараған күнде ел басына құлдық, зорлық, ауыртпалық келетіні ел басшысының барлығына белгілі болатын»,— деп жазуында тарихи шындықтың бар болмысын дәл танып, кесіп айтқан еді.

Асанқайғы (XV ғ.), Бұқар жырау (XVIII ғ.) толғауларындағы бұл өзекті әлеуметтік-саяси сарын өзінің дәстүрлік жалғастығын Дулат жырларында (XIX ғ.)

еркін танып, басты сарынға айналды. Мұның өзі сол тұстағы қазақ еліндегі саяси-әлеуметтік өмір шындығынан туындап жатқан ой-таным екені аян. Дулат ақының:

Күнбатысқа көз салмай,
Күншығысты еске алмай...
Бізді алатын жау жоқ деп,
Ақбөкендей алданып,
Андамай келіп түскенсің,—

деп екі империя тарапынан құрылған әрі алысты көздеген отаршылдық саясаттың қанды қақпанына аңғалдықпен оңай жем болған ел басшысын сынауы — ашы шындық. Дулат ақын екі империяның да қазақ елі мен ұлан байтақ жеріне көз алартып, сұғын қадап, сілекейін ағызып қана қоймай, тікелей қанқұйлы әрекетке кіріскенін:

Шығыстан соққан ызғырық
Боран боп соқты батыстан,—

деп, Қытай империясының ызғарлы саясатынан қавіптеніп жүргенде, Ресей патшалығының отаршылдық қанды қақпанына «ақбөкендей алданып» торға түскен хал-жағдайымызды тарихи шындық негізінде айтып, көрегенділікпен бағалап отыр.

Қазақ ақын-жыраулары ерте сезініп, сескене қараған отарлану қаупінің жүзеге асуында екі империя да жаққан отын басқаның қолымен көсейтін әдісті ұстанып, ұзаққа созылған қазақ-қалмақ соғысында өздерінің империялық саяси мақсаттары үшін, жабайыларды жабайылардың қолымен қырып-жою айласын ұстанған да қазақ ақын-жырауларының шығармаларында шындыққа сай көрінісін беріп жатты. Өйткені, әдебиет — қай заманда болса да өмір айнасы десек, қоғам болмысындағы саяси-әлеуметтік өмір шындығын сәулелендірмей тұра алмайды. Осы тұрғыдан қарағанда, қазақ пен қалмақ соғысына бастан аяқ қатысып, шындықтың табиғатын терең таныған Қожаберген жыраудың атакты «Елім-ай» шығармасынан екі жақты құрылған қанды қақпанның бар сырын алдымызға жайып салатын тіл қатқан тарих шежіресін оқығандай боламыз.

Көршілес екі ірі елге арқа сүйеп,
Жоңғарлар сол жұрттардан күш алып тұр.
Торғауыт, ойрат, жоңғар — бәрі қалмақ,

Оларды екі көрші ел қойған жалдап,
Көршілес екі жұрттан қару алып,
Қалмақтар болды өзінше әулиедей...

деп, Қытай мен Ресей патшалығынан екі жақты күш алып, аузын айға білеген көшпелі, жаугершіл қалмақ жұртының өзі қандай саясаттың құралына айналып, жалданып отырғанын қазақ қауымының саналы тобы жақсы білген. Жырда империялардың жалдамалы жан алғышына айналған қалмақ жұртының да алды-артын ойламай отырғаны сөз болады.

Көрші елдер жауыздармен болып жолдас,

Қазақты қырғызбақ боп желді берген.—
деген уытты ой арқылы екі империяның көздеген саяси дипломатиялық мақсатының мәні, жасырып келген құпия сыры бар болмысымен тұтас ашылып тұр.

Өйткені, қалмақтарды сол заманның теңдессіз қарулы қару-жарағы отпен атылатын мылтықпен, барынша жетілдірген зеңбірекпен қаруландырып, қарусыз қазақтарды шөптей орып, олар жайлаған кең байтақ жерді босату — басты саяси мақсат болатын-ды. Сондықтан да:

Мылтықты көршілес елдер қалмаққа сатты,
Айдап сап малғұндарды қоқаңдатты.
Қырғызып ойраттарға қазақтарды,
Сол жұрттар бекіністерін салып жатты,—

деп тебіренген ақын, екі көрші империя алданған қалмақтардың жасанған қарулы қолымен қазақтарды аяусыз қырғызып, оның босаған жеріне екі жақтан өңмендей келіп, келешекте отарланатын елдерді билеп төстөудің сенімді бекет-бекіністерін, әскери қамалдарын тұрғызғанын төндіре айтқан еді.

Алданған қалмақтар жалған саяси қиялға бой алдырып, өздерінің басшылық мақсатын жүзеге асыру жолында қазақтардан тартып алған жерді Ресей патшалығына сыйға тартып, қарымына қару-жарақ сатып алуды көздегенін:

Алмақшы боп көп мылтық пен жақсы қару,
Мақсұты болғаннан соң жұртты шабу.
Керейден тартып алған **Омбы өзенін**

Көрші елге жыртқыш қалмақ етті тарту,—
деп, негізгі XVIII ғасыр басында салынған қазіргі Омбы қаласының салыну тарихының астарлы сырын ашуымен

бірге, Ресей империясы мен Қалмақ хандығы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың да саяси мақсаты — қазақ халқының трагедиялы тағдырын саудаға салудан арыға бара алмаған арсыз қылығынан нақтылы хабар берумен де құнды. Отаршылдық әмірі жүрген тұста патшаның Сібірдегі сенімді тірегіне айналған Омбы қаласы орта жүз қазақтарының әкімшілік орталығы болуы да жай емес еді. Енді келіп бүгінде Омбы орыс-қазақтарының тағы да бас көтеріп, жер дауын еске салып жатуының тарихы тағы да өткендегі отаршылдық саясаттың «тәтті дәмін» аңсаудан басқа еш нәрсе де еместігін көріп, біліп отырмыз.

Қалмақтарды екі көрші ел қаруландырып айдап салған басқыншылық соғысында қазақ елінің ойсырай жеңіліп «ақтабан шұбырындыға» ұшырауы — екі империяның қалмақтарды қолдап, қаруын соларға сатып қаруландыруы және қазақтармен дипломатиялық қарым-қатынасты саналы түрде үзуі де жырда өз көрінісін берген.

Мылтығын көршілес елдер сатпаған соң,
Қатынас арадағы тоқталған соң,
Сенделді хандар, билер ақыл таппай,
Кенеттен дұшпан жұрты таппаған соң...
Көрші елдер көмек бермей **түпке жетті**
Қалмаққа мылтық сатып күшті ел етті,—

деп, біздің тарихшыларымыз әлі де жасқаншақтап бара бермейтін тарих бұлтарыстарында бүркеулі жатқан дипломатиялық сайқал саясаттың астарлы сырларын ашумен қатар, Қоқан, Бұхар, Хиуа хандығы мен көршілес қандас башқұрт, қырғыз, ұйғырлардың өзі де ағайын болып қол ұшын берудің орнына, жау жағадан алғанда, бөрі етектен аладының керін келтіргені — дәл бүгін де орталықтың от тастап ұшықтыру әрекетімен сабақтас, тарихи тағылым аларлық, саяси сабақ боларлықтай. Яғни, осы кезеңдегі қазақ елінің қайғылы да шарасыз, бейшара халін ұлы Шоқанның:... «көп қасқырдың қоршауында қалған шарасыз қоянның»... халіне теңегені ақиқат шындық.

Тарихшы ғалым Златкиннің ескертуіндей қазақтар тарихын қалмақтарға тірей береді. Шындық олай емес қой. Қайта сыртқы көрші империялар жүргізген дипломатиялық саясаттың басты сарындарында жатыр деген пікірін ұмытпағанымыз ләзім. Өйткені, Ресей империя-

сының ұстанған саясаты орыс ғалымдарының өзі атап көрсеткендей, көрші халықты өздеріне айдап салу — екі империяның да отаршылдық саясатының өзекті желісі болғандығына айрықша назар аудармайынша ақиқатқа жете алмаймыз.

Екі империя алдымен қазақтардың тізесін бүктіріп, бас көтере алмастай ету үшін, қалмақтарды бақайшағына дейін қаруландырып, 1723 жылы қазақтарға айдап салды. Қырғын соғыста қазақтардың үштен екісі қырылып кетті. Қалмақтардың өзі де қаншалықты қаруланса да айтарлықтай қырғын тапты. Қазақтар ес жиып, бірікпесе мүлде құрып кетеріне көзі жетіп, жауға деген кегі кайнап, Орда басында бас қосып, қол жинап қарсы шабуылға шықты. Жау жолында кеткен жерін бірінен соң бірін босатып ала бастады. Міне, осы кезде Қытай империясы өздері қолдап, қаруландырып көмектесіп кеткен қалмақтарды алдынан тосып, еңбектеген баладан еңкейген кәріге дейін сұлатып салды. Өйткені екі империяға да жер керек, қазақ пен қалмақ керек емес еді.

Ал Ресей империясы қалмақтар жеңіліп, қазақ жерінен қуылған соң, қазақтарға жылы қабақ танытып, қарым-қатынасын өзгерте бастады. Бір кездері өздері ішке тартып, Еділ мен Жайықты Аюке бастаған қалмақтарға берген Ресей патшалығы оларды өздерінің саяси мақсаттарын жүзеге асыру ісіне әбден пайдаланып алған соң, құйрығын сыртқа тастап, енді қалмақ хандығын жоюды қолға ала бастады.

Патша үкіметі қалмақтарды Қырым хандығын жаулап алу ісіне пайдаланды. Керекті уақытында қазақ пен башқұртқа айдап салуды да ұмытпады. Тіпті Степан Разин көтерілісіне шамасы келмеген соң, тағы да жауынгер қалмақтардың атты сарбаздарымен қазақ-орыстардың көтерілісін қанжоса ғып тұншықтырды. Енді өз бүйірінен қадала бастаған қалмақ хандығының түбіне су құю үшін, оларды отырықтандырып, шоқындыру саясатын жүргізе бастады. Бұл талапқа көнбеген қалмақтар Еділ мен Жайықтан тік көтеріліп, Жоңғар жеріне бағыт алғанда, оларды қазақтардың қолымен шаруасын тындырудан тартынбады. Сөйтіп, екі империя қазақ пен қалмақты бір-біріне айдап салып, қалың қазақты мүлде сиретіп, әлсіретіп алды да қалмақ халқын мүлде жоқ етіп жіберуге таяп қалды. Яғни жабайыларды жабайылардың қолымен жусатып, отарлаушылық саясатқа қол артты.

Екі империя қазақ пен қалмақтың жеріне жаяулап жылжи түсіп, құнарлы жерлерін отарлап, бір-біріне бетпе-бет келіп қалды. Енді ары қарай отарлап ала беретін қазақ пен қалмақтың жері таусылған соң, екі арадағы мемлекеттік шекараны анықтап, ресми түрде белгілеп алудың жолына түсті. 1881 жылы екі империя Петербург келісімі бойынша, қазақ жерін, оны жайлаған қазақ елін екіге бөліп, ресми түрде шекара межесін картаға түсіріп, бұрын Ресейдің сырты деп саналған қазақ жері енді Ресейдің іші деп атала бастады.

Енді келіп бұл ұлы дала төсіндегі қазақ елі мен оның жерін экономикалық және идеологиялық жағынан меңгеру мақсаты алға қойылды. Бұл жай іс емес, нағыз мемлекеттік мақсат ретінде қолға алына бастады. Бірақ Ресей империясы бұл мақсатты орындау жолында нақтылы әрекетке келу үшін, соғыс отарынан жер отарына алмасу жолында отарлау саясатын асықпай-саспай кезек-кезегімен әр кезеңнің қолайлы жағдайын еске ала отырып, жүргізуді қажет деп білді. Ресей патшасы жүргізген бұл отаршылдық саясатының өзіндік ерекшелігі бар үш түрлі кезеңін қазақ елі өз басынан өткізіп жатты. Олар:

1. 1731 жыл мен 1822 жылдың арасын қамтитын бір ғасырға жуық қазақ елін билеу жүйесін вассалдық түрдегі хандарды бекіту жолымен сыртын империя, ішін хандардың өздері билеген заман болды. XIV—XVII ғасырдағы біртұтас қазақ хандығы ыдырай үшке жіктеліп, отаршылдық саясаттың шырмауына түскен кезең жетті. Бұл дәуірде өмірге келіп, шығармашылық жолға түскен қазақ ақын-жыраулары негізінен ауызша поэзия саласында еңбек етіп өз заманының көкейкесті саяси-әлеуметтік мәселелерін жырлады. Олардың басты тақырыбы ел қорғау жолындағы жанқияр батырлық пен көзсіз ерлік әсіресе елді бірлікке шақыру сарыны басым жатты. Бір тұтас қазақ қауымының болмысына сызат түсіп, отаршылдықтың құрығы бой көрсете бастауына сескене қарап, түбін ойлап сөз айтқанда осы дәуірде айқындала берді. Бұл заман әдебиетінің ең көрнекті өкілі — Бұқар жырау толғаулары, сол дәуір шындығының айнасына айналды.

Бұл тұста Ресей империясы бізді сыртымыздан иемденіп, ішкі билік жүйесі мен рухани дүниемізге әлі де болса суық қолын сұға алмай, қазақ арасына ғылыми-әскери экспедициялар жіберіп, ел тұрмысы мен рухани

болмысын да жан-жақты зерттей түсті. Өйткені, осы тұста-ақ келешекте қолданар отаршылдық саясаттын әр саладағы айла-тәсілдерін қарастырып, даярлаумен болды.

2. Отаршылдық қамытын киген дәуірдегі әдебиеттің екінші кезеңі 1822 жыл мен 1867 жыл аралығында, хандық жүйе жойылып патша үкіметі тарапынан қолданылған кіші жүздегі ел билеудің сұлтан правительдік, орта жүздегі аға сұлтандық секілді жаңа жүйе өмірге енді. Ал Қоқан хандығына қараған ұлы жүздегі отаршылдық билік жүйесі қазақ арасынан шыққан ірі ру басшылары — датқалар арқылы жүргізілді. Мұндағы басты ерекшелік — ел билеудің бұрынғы вассалдық хандық жүйесі 1822 жылғы уставтың қабылдануына байланысты өмірден алыстатылды. Яғни, қазақтардың қолындағы саяси билік тізгіні алынып, бұрынғы хандық биліктегі жерлер облыстарға бөлініп, олар бірнеше дуандарға ажыратылып, билікке аға сұлтандар сайланды. Кіші жүздегі сұлтан правительдер тек қана төре тұқымдарынан сайланып отырды. Ал орта жүзде алғашқы кезде аға сұлтандар да төрелерден сайланып, соңынан төрелерге патша үкіметінің көзқарасын өзгертуге орай, қарапайым қара қазақтан сайлау саясаты жүргізілді.

Қазақ еліндегі вассалдық хандық билігі жойылып, қазақ жері негізінен үш аймаққа бөлініп, әр аймаққа әр қилы саяси-әлеуметтік жағдай қалыптасты, оларды бір-бірінен ажыратып, байланысын шектеп ұстады. Кіші жүз қазақтарының саяси-әкімшілік орталығы — Орынборға, орта жүзді билеудің саяси-әкімшілік орталығы — Омбыға қаратылды. Ал бұдан кейін Орта Азия тұтасымен Ресей тарапынан жауланып алынған соң, ол өлке бес облысқа бөлінді де, ұлы жүз қазақтарының ел билеудегі саяси-әкімшілік орталығы — Ташкент қаласына қаратылды. Осы саяси хал-ахуалды Мәди ақын өзінің өлеңмен жазылған «Туһфа ва жумхурият» рисаласында:

Санада мың тоғыз жүз алпыс жеті
Түркістан уалаятын келіп алды...
Шығарып Түркістаннан бес облыс
Қойып бермек үйіне бір-бір болыс.
Ескі дәулет жебірмен жерін алып,
Қазақтарға тарылды сулы қоныс.
Көшпенді ел қазаққа жер жоқ десіп,
Қазақ жерін мұжыққа берді кесіп,

Шарифатсыз, низамсыз зорлықпен
Ауыр тауды мойнына ілді тесіп,—

деп, ұлы жүз қазақтары қараған Түркістан өлкесінде болып өткен отаршылдық саясаттың өзекті буындарын, ондағы ел билеу жүйесіне енген өзгерістерді шындыққа сай суреттеп беретіні бар.

Сонымен бір кездегі бір тұтас қазақ елі тәуелсіз хандық биліктен айрылған соң, үш өлкеге бөлініп, бірімен бірінің саяси-әлеуметтік байланысы үзіліп, араласып өмір кешуден сырт қалды. Салт-сана мен тілдегі, мәдени тұрмыс пен әдебиеттегі бұрынғы тұтастық та қожырап, бүлінуге бет алды. Отаршылдар жүргізіп, келген «бөлшекте де билей бер» принципінің көздеген максаты да ойдағыдай орындалып жатты.

XV—XVIII ғасырлар аралығындағы біртұтас хандық биліктің ұзаққа созылуы — қазақ елінің саяси-әлеуметтік әрі рухани тұтастығын қалыптастырып та үлгерген еді. Екі империяның екі жақтан қот салып араласуымен және қалмақтарды айдап салып, қазақ елінің «ақтабан шұбырынды» оқиғасына ұрынып, шаңырағы шайқалып, билік пен бірліктен ажырап, тұрмыс жағдайы да тозып, ұсақ вассалдық хандықтарға бөлініп кетуі — ақын жыраулар поэзиясында өз көрінісін тауып жатты.

Ал вассалдық ұсақ хандықтың өзі де Ресей империясының қол сұғуымен, енді елді, хандықты сырттан билеуді қойып, ел тұрмысының ішкі жағына сұғына кірісіп, өз мүдделері тұрғысынан жүргізілген саяси-әлеуметтік шаралары, әсіресе, ел билеу жүйесіндегі өзгерістерден анық сезіліп отырды. Өйткені қазақ тұрмысын терең білген Шоқан Уәлихановтың: «...әкімшілік мәселесінің біздің қазақтар үшін орасан зор мәні бар, оған үстірт қарай алмаймыз»,— деп айрықша атап көрсетуінше, патша үкіметі тарапынан жүргізілетін ел билеу жүйесіндегі әкімшілік өзгерістердің отаршылдық мүдде тұрғысынан жүргізілген арнаулы шаралары, ақын-жыраулар поэзиясында сөзсіз өз көрінісін тапты. Патша отаршылдары ел билеудің сұлтан правительдік, аға сұлтандық жаңа жүйелері арқылы билік құрғанда, қазақ елін жусатып, өргізудің саяси-әлеуметтік тірегін қазақтардың өз ішінен де іздестірді. Елдің сатымсақ атқамінер әкімсымақтары осы отаршылдық мүддені жүзеге асырудың басты тетігіне айналды десе болғандай.

Қазақ елі отаршылдық қақпанға түскен соң, енді екі

жақты экономикалық әрі рухани қанауға ұшырады. Ел алдымен жерден тарылды. Екі жақты салықтан қабырғасы қайысып, өкпесі қысылды. Бұрын-соңды болмаған отаршылдық саяси-әлеуметтік билік сол тұстағы поэзиялық туындыларда ұлт тұрғысынан шыншылдықпен жырланған жалпы отаршылдық, феодалдық қанауға қарсы бағытталған сарынды күшейте түсті. Өйткені, шын мәніндегі реалистік бағыттағы көркем әдебиет отаршылдық дәуір табиғаты тудырған ел билеу жүйесіндегі сырттан еріксіз күшпен өндірілген өзгерістерге бұқара халықтың көзқарасы мен ой-санасын, қарым-қатынасын білдірмей тұра алмады. Міне, осы тұрғыдан келіп, XIX ғасыр басында ғұмыр кешкен ақын-жыраулар поэзиясындағы басты да өзекті сарын — халықтың отаршылдық құрығынан шығуға талпынған бұлқынысы үш аймаққа бөлініп ыдыраған қазақ елінің үш аймағында, үш түрлі жағдайда қалыптасты. Ондағы саяси-әлеуметтік, рухани тіршіліктегі ерекшеліктер сол өлкеден шыққан қазақ әдебиетінің айтулы өкілдері, Махамбет, Дулат, Сүйінбай шығармаларында өзінің қайталанбас шындық қалпын тауып жатты. Бұл, әсіресе, осы ақындар туындыларында пайда болған жанрлық, стильдік, тақырыптық сипаттарды тандау ерекшеліктерінде айрықша белгі беріп отырады. Ел билеу жүйесіндегі жаңа құбылыстарға орай пайда болған атқа мінерлер бейнесін жасау жолындағы соны бейнелер шоғырын дүниеге әкелуде өз көрінісін айқын сомдады.

Осы ерекшеліктерді өз алдына дербес түрде алып қарасак, оларды былайша жіктеуге болады:

а) Кіші жүз өлкесіндегі қазақтарды билеп-төстевде патша отаршылдары жабайыларды жабайылардың қолымен тұншықтырып ұстаудың сыннан өткен кәнігі тәсілдерін қолдануды мақұл көрді. Елді сұлтан правительдер, жаңадан сайланған билер мен старшындар биледі. Бұлар негізінен отаршыл үкіметтің мақсатын жүзеге асырып, халықты жерден, тұрмыстан қысты. Бұқара көпшіліктің басты мүддесі, өрісі, яғни тұрмыстық кеніші болған атамекен жердің қолдан кетуі — бүкіл саяси-әлеуметтік мәселелердің өзекті буынына айналды. Күрес атаулының бәрі де осы мәселе төңірегінде жүргізілді. Махамбеттің:

Еділ үшін егестік,
Жайық үшін жандастық,
Қиғаш үшін қырылдық,—

деуі бұқара халықтың саяси-әлеуметтік күресінің орталық буыны, басты мүддесі неде жатқанын аңғартса, осы күрестің негізгі мақсаты ақынның:

Еділдің бойы ен тоғай,
Ел қондырсам деп едім.
Жағалай жатқан сол елге,
Мал қолтырсам деп едім,—

деген арман тілегінен де толық аңғарамыз. Ал бұқара халық ойындағы жер үшін жүргізілген күрес пен аңсаған азаттықтың жарқын көрінісін сол тұстағы Махамбет бастаған күрескер ақындар поэзиясында бар болмысымен суреттелген еді.

Махамбет поэзиясында ғана көрініс берген ел билеудің жаңа жүйесі тудырған сұлтан правительдер мен билердің, старшындардың бұрын-сонды болмаған образдарының жаңа галереясы жасалып, олар халықтық тұрғыдан шыншылдықпен сыналуы — сол тұстағы қазақ әдебиеті тарихына енген соны құбылыс екендігі, Махамбет поэзиясының жауынгерлік рухы мен ақын поэзиясының басты сарынына айналуы да мен мұндалап айғақтап тұр.

ә) Патша отаршылдарды орта жүзде соғыс отарын жүргізе отырып хандық билікті жойды. Оның орнына ел билеудің аға сұлтандық түрін ендірді. Оның билігі округ көлемінде жүргізіліп, оны аға сұлтан, кіші сұлтан, майор (майыр), ал төменгі жағын старшындар тобы ауыл көлеміндегі билік тізгінін ұстады. Отаршыл үкіметтің негізгі саяси мақсаты жергілікті ру басыларын бауырға тарта отырып, тезірек қазақ жерін тұтас отарлаудың жаңа буындарын қарастырумен болғаны себепті де атақты Дулат ақын:

Дуан салып ішінен,
Айырып қуат күшінен,
Батыстан патша түнегі,
Жеріңе келіп түнеді.
Ішіңе әбден кіреді,
Оны Дулат біледі,—

деп, патша үкіметінің орта жүз аумағында қолданған саяси айла-тәсілдері мен түпкі мақсатын тап басып айтқан. Орта жүзде Кенесары қозғалысы он жыл бойы қарсыласса да ақыры жеңіліп тынды. Осыған қарамай әр жерден-ақ ұсақ қарсылықтар бой көрсетіп жатты. Бірақ

отаршылдар бір халықты екінші халыққа, немесе руды руға қарсы айдап салу, билік құмар ру басыларын билік таласына түсіріп, ең сатымсақтарын қолдап, қуаттау, солар арқылы халыққа билік жүргізудің не бір зымиян амалдарын қолға алды. Ел билеуде билік аға сұлтанға болып көрінгенмен бәрі-бір шешуші тізгін майордың, яғни патша үкіметінің өкілі қолында болуы себепті де Дулат ақынның»

Майырдың алса бұйрығын,
Борбайға қысып құйрығын,
Ел пысығы жортады.
Өзі елді қорқытып,
Одан өзі қорқады,—

деп қадай көрсетуінде әлеуметтік-саяси шындық жатыр.

Орта жүзде патша үкіметі өндірген ел билеудің аға сұлтандық жүйесі тудырған атқамінерлер тобының мүддесі мен қылығы да халықтың наразылығын тудырды. Әрине, бұл саяси-әлеуметтік жағдайдан туындаған халық наразығылы, яғни отаршылдық қатыгез саясатқа қарсылық орта жүздегі Дулат бастаған ақындар поэзиясында айқын суреттелді. Бұл ерекшелік, әсіресе, қазақ әдебиетінің классик ақыны Дулат шығармаларындағы басты сарынға айналуы — түйінді көп мәселенің ортақ белгісін көрсетеді. Өйткені, отаршылдық езгі мен сатымсақ атқамінер бишігештердің халық мүддесін сатуы — Дулатты қатты ашындырып, оның ұлттық санасын оятуға себепкер де болды. Қазақ әдебиеті тарихында алғаш рет ұлттық санасы саналы түрде оялған жаңашыл ақын, халқының бозторғайы боп шырылдаған Дулат поэзиясында отаршылдық билік жүйесі және елін сатқан атқамінерлер бейнесінің тұңғыш тұтас галереясы жасалды.

Патша үкіметі орта жүз бен ұлы жүздің жерін тұтас жаулап отарлауды саяси мақсат ретінде о бастан-ақ ойланса да, әлі де халық тұрмысы мен рухани дүниесінің ішіне қол салуды уақытша шегіндіре тұрды. Өйткені Қытай империясы мен Орта Азиядағы хандықтардың бас-қабағына қарай отырып, өзінің бұл халықтарға қолданар идеологиялық рухани қысымын әзірше сыр білдірмеу мақсатымен бүркемелеп ұстай тұруды мақұл тапты. Шұрайлы ата-қоныс қолдан кетіп, ол жерде әрі бекініс, әрі ел билеудің тірегі ретінде қалалар салынып, келімсектер тартыла бастады. Ол қалалар қазақ жерін-

де салынса да, олардың атаулары орыс тілінде қойылып жатты. Алда ұлы жүз қазақтары мен Орда Азиялық хандықтар жаулап алынуы керек еді. Осы жағдайлардың саяси жағын ойлана отырып, ондағы бұқара халықтың рухани қарсылығын тудырмау мақсатымен орта жүзде ислам дінін патша үкіметінің өзі қолдап, ауыл-ауылға қызу түрде ендіре түсуге атсалысып отырды.

Орта жүзде ислам дінін жая түсуі саясатында отаршылдардың қулығына құрық бойламайтын сұмдығы жатты. Қашан қытаймен екі арадағы шекараны ресми түрде бекітіп, өзбек хандықтарын жаулап алғанша, өзінің алдағы күнде қойылар орыстандыру, шоқындыру саясатын сездірмеуге тырысты. Міне, қазақ елінің басынан өткен орта жүз өлкесіндегі бұл саяси-әлеуметтік шындықтың бәрі де Дулат поэзиясында толық қамтылып суреттелуі — оның шығармаларындағы отаршылдыққа қарсы өзекті буын — саяси-әлеуметтік сарынды тудырды.

б) Ұлы жүз қазақтары қашан Ресей империясының қоластына алынғанша, Қоқан хандығының отарлануында қалды. Ел билеу жүйесі хандық құрылысына сай келетін датқалар арқылы жүргізілді. Дағқа қазақ даласында белгілі бір ірі рудың басшысы ретінде сайланып, оның қолына шексіз билік тұтқасы берілді. Өйткені орыстың генерал-губернаторы ит жеккенге айдап жібере алса да, датқалар сияқты өз бетімен кісіні өлім жазасына тарта алмады.

Қоқан хандығының озбырлығы, яғни орта ғасырлық тағылығы қазақ, қырғызды өзіне қарсы көтерілістер жасауға әкелді. Қазақ, қырғыздың Қоқан хандығына деген өшпенділігін отаршыл генерал Черняев «жабайыларды жабайыларға» айдап салу арқылы өз мүддесіне өте шебер киыстырып пайдалана ақты.

Ұлы жүз қазақтарының Қоқан хандығына қарсы күресіне қатысқан ел қамын жеген батырларды мадақтап, халқын сырт жаулармен қосыла отырып қанаған атқамінерлер мен датқалар образын тыңнан жасаған және оларды көркем әдебиет әлеміне тұңғыш рет ендірген Сүйінбай Аронұлы — қазақ әдебиеті тарихында өзіндік қайталанбас орны бар айтулы айтыс акыны ретінде тарихқа енді.

Міне, отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиетінің екінші кезеңі (1822—1887), алғашқы вассалдық бағыныштылықпен салыстыра қарағанда (1732—1822), патша

үкіметінің қазақ елін тұтас отарлап, бодандыққа айналдыру жолындағы әрекетіне деген іштей туындаған рухани қарсылықтың үш аймаққа еріксіз ыдырай бөлінген қазақ жеріндегі ақындар шығармаларының бәрінде де саяси-әлеуметтік қарсылық, азаттық сарыны бел алып отырғанын мойындамай тұра алмаймыз.

в) Отаршылдық дәуір шырмауындағы қазақ әдебиеті тарихының айтулы үшінші кезеңінде ең ауыр саяси-әлеуметтік дерт мейлінше асқынып, патша үкіметі тарапынан бұрынғы сатылап, баспалдақтап ендіріп келе жатқан саяси-әлеуметтік жүйедегі отаршылдық саясатында шешуші мән ала бастаған жер отары мен бірге елді идеологиялық жағынан да меңгеру мақсаты қойыла бастады. 1862 жылы наурыз айында Александр патша қазақтарға арналған ел билеу реформасы мен оларды орыстандыру туралы пікірін білдірді. Онсыз да Ресей ғалымдары мен арнаулы әскери, ғылыми экспедициялары жарты ғасыр бойы қазақ елін, қазыналы жерін, өткен тарихы мен рухани болмысын жан-жақты зерттеп, келешекте қолданар саясаттың негіздерін анықтап алуда алысты көздеген отаршылдық саясат жүйесі қалыптасып келе жатқан еді.

Патша үкіметі Қазақстан мен Орта Азия жерлерін тұтас жаулап отарлаған соң, бұл өлкеге 1867 жылдан бастап «жаңа низам» ережесін ендірді. Енді жаңа ереже бойынша, ел билеу тізгіні — сатылы болыстық сайлаумен жүргізілетін, ұсақ руларды бір-біріне айдап салып, шайнастыратын партиягершілік саясатына тірелді. Ертедегі вассалдық хандық билік пен соңғы кездегі дуан мен округтік тізгінді ұстаған қазақтар енді келіп ауылдық шеңбердегі ел билеудің болыстық жүйесіне тәуелді болды. Оның өзі аса бір жұқсыз құбылыс — ел билеу жүйесінің территориялық принципке негізделгеннен кейін ауыл-аймақ көлемінде ғана қалып, мүлде тұқыртылды. Жаңа низам ережесін ендіруге қарсы халық көтеріліспен жауап берді. Қазақ әдебиеті тарихының үшінші дәуірінде тарих сахнасына шыққан қазақ ақындары шығармаларының сөз болар басты тақырыбымен өзекті сарының да осы болыстық ел билеу жүйесін халыққа қарсы бағытталған құбылыс ретінде қаралып, негізінен ел тұрмысы мен рухани табиғатына жат сырттан зорлықпен ендірілген билік қалпы да терістеліп жатты. Өйткені, көптеген қазақ руларын тұтастырып бір ру басына билету — саяси жағынан алғанда аса қатерлі іс деп

қаралып, осы рулық билік негізін қиратып, территориялық принципке негізделген болыстық сайлау жүйесін ендірді. Патша үкіметі отаршылдық мүдде тұрғысынан келіп, «жабайыларды» «жабайылардың» қолымен тұншықтырып ұстаудың ең ұрымтал құралы деп қарады. Өйткені, бір-біріне мүддесі сәйкес келе бермейтін әр түрлі бытыраңқы руларды 10—12 ауылдан біріктіріп, бір болыстыққа кіргізді. Осы ауылдардың қай-қайсысы болыстықты жеңіп алса, сонысы үстем болуы себепті, араға пара жүрді, партиягершілік науқаны қызды. Ашыққан ұялас иттерге сүйек тастағандай болыстық билікке таластырды. Атқамінер пысықайлардың, таласқа түскен партияшыл топтардың арқасында орыс чиновниктері параға бөкті. Кім параны көп берсе, билік соған қарай ауды. Надандық шырмауында қалып, ұлттық санасы жанышталған қазақтарды патша үкіметі ешқандай солдатсыз, полициясыз өздерін өздеріне айдап салып, билік жүргізудің ел бүлдіргіш айла-тәсілін оңай тапты.

Болыстық сайлаудағы партиягершілік билік үшін талас халықтың тұрмыс жағдайын төмендетіп, мінез-құлқы, ниет-пиғылы бұзылып, домалақ арыз жазу, өтірік шағым жасау күнделікті әдетке айналып кете барды. Өмірдегі келеңсіз бұл құбылыстардың орын тебiне әрi оның әдейi түрде сырттан енуiне қарсы болған ұлы ақын Абай бәленiң кезi болысты тағайындап қоймай, сайлап қоюда жатқанын тани бiлдi. Осы себептi де «Арызшы орыс олардың олжаласы» деп қазақ арасындағы жаман әдетке айналған домалақ арыздың кiмдер арқылы дендеп отырғанын көрiп:

Өтірік шағым толды ғой,
Өкінер уақтың болды ғой,
Қор болып құрып барасын,—

деп, пәк пиғыл мен мінез-құлықтың бұзылуынан, қараңғылық құшағынан қорлық өмір кешіп жатқан жұртына ызаланған ақын бұл құбылыстардың себебін ізденеді.

Ел-жұрты әділетсіздік зарының әлеуметтік тамыры қайда жатқанын білсін дегендей:

Қайғы шығар ілімнен,
Ыза шығар білімнен,
Ыза мен қайғы қысқан соң,
Зар шығады тілімнен,—

деп тебіренуінде, екі жақты езуде қалып, рухы жан-шылған халқының жан сөзін айтқан еді.

«Жаңа низам» ережесі өмірге енісімен-ақ патша үкіметі жер отары саясатын жүргізе бастады. Бүкіл қазақ жері қазына меншігі деп жарияланып, нулы-сулы құнарлы жерлер тартып алынып, орталықтан келген келімсектер қоныстандырылып, қазақтар шөлді, шөлейтті жерлерге ығыстырылды. Бүкіл қоғамдық ой-санадағы қарсылық пен наразылықтың бәрі де осы жер мәселесі маңына шоғырланды. Мұның үстіне патша үкіметі осы тұста бұрынғы саясатын өзгертіп, енді халықтың ішкі рухани тірегі болған діні мен тіліне, халықтың тарихи жадына қол сала бастады. Екі империя арасындағы шекараны ресми түрде Санкт-Петербург келісім бойынша, бекітіп алысымен-ақ, бұрын құпия түрде даярланып, сақтанып келген миссионерлік саясаты — отарланған бұратана халықтарды православие дініне шоқындырып, орыстандыру саясатына ашық кірісе бастады. Өлкеде ашылған орыс-түзем аралас мектептері де осы саясатты жүзеге асырудың ұрымтал құралы деп қаралды. Ағартушылық саласындағы миссионерлік саясатты жүргізудің мамандары Қазанда ашылған арнайы духовная академияда даярланып жатты. Онда «противомусульманская кафедра» ашылып, оның тұңғыш меңгерушісіне белгілі миссионер ғалым Ильминский тағайындалуы да көп нәрседен сыр береді. Міне, осы саясаттың ызғарлы лебін сезген қазақ арасында ескіше оқыған ақын-жазушылар орыстандыру саясатына қарсы идеологиялық күрес жүргізіп, қазақ әдебиеті тарихында ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен Қазан төңкерісіне дейін созылып келген кітаби ақындар шығармаларындағы діндарлық сарынның кең өріс ала бастауына қозғау салды. Осы кітаби ақындардың пайда болу, даму, тоқталу процесіне көз жіберсек, оның не себепті пайда болып, аяқталу себебіне көзіміз жете түседі. Мұның бәрі патша үкіметінің қазақ елін осы кезеңде оны идеологиялық жағынан меңгеру саясатын ұстанып, жергілікті халықты шоқындыру, орыстандыру мәселесін күн тәртібінде қоюдан туындап жатқаны белгілі болатын.

ХІХ ғасырдың екінші жартысында дүниеге келіп, творчестволық жолда болған ақын-жазушы атаулының бәрі де өз шығармаларындағы өзекті де басты сарын патша үкіметі ендірген отаршылдық саяси-әлеуметтік тақырыптарды суреттегені талас тудырмайтын шындық.

Жоғарыда айтылған қазақ әдебиеті тарихының үш кезеңінде дүниеге келген көркем шығарма атаулының бәріне тән ортақ сарын отаршылдыққа қарсылықтан туындаған құбылыстар болуы себепті, бұл дәуірді тұтас алғанда ондағы басты сарынды тудырып отырған саяси-әлеуметтік құбылыстар екенін ескере отырып, оны отаршылдық дәуірдегі қазақ әдебиеті деп атаған орынды.

Ұлы қазан төңкерісіне дейінгі мерзімдегі әдебиет тарихын дәуірлегенде біздің орта мектеп пен жоғары оқу орындарында оқытылатын әдебиетіміз «XX ғасыр басындағы әдебиеттің өзін іштей тағы да екі бағытқа жіктеп, оны демократиялық — ағартушылық бағыттағы әдебиет және буржуазиялық-ұлтшылдық бағыттағы әдебиет деп жасанды түрде екі салаға жіктеп келдік. Бұл, әрине, бізде үстем болып келген әдебиеттің таптығы, партиялығы деген идеологиялық мәселеге шамадан тыс мән беріп жіберуден туындап отырған құбылыс екені анық жай.

Шындығына келсек, дәл осы XX ғасыр басындағы әдебиетімізде орын алған ортақ құбылысты қалай айқындауымыз керек деген сұрақ алдымыздан шығады.

Ресей империясында жайлаған бұратана халықтардың осы тұста бастан кешкен саяси-әлеуметтік жағдайына ой көзімен қарай отырып, сол кезеңнің тарихи оқиғалары мен халықтың ой-санасында орын алған өзгерістердің пайда болу себептеріне үңілмей, соны жете танып білмей белгілі бір тұжырымды ой байламына келудің өзі қалай болмақ. Өйткені, Ресейде 1905 жылғы болып өткен революциялық жағдай бүкіл империяны, оны жайлаған каналудағы жүздеген ұлттардың дүр сілкініп, ұлттық санасы оянып, саяси-әлеуметтік мәселелерге тікелей араласып жанды қозғалысқа түсті. Көп ұлтты халықтар арасында бұқаралық ұлттық қозғалыстардан келіп баспасөздер көбейді. Әр қилы әлеуметтік жіктер мен топтардың өкілдері Мемлекеттік Думаға қатысып, ұлттық, саяси-әлеуметтік мәселелер көтеріле бастады. Міне, дәл осы кезде Ресейдің ең артта қалған бұратана халықтарының бірі қазақтар арасында да ұлттық санасы оянған топ ресми түрде өздерінің ұлттық талаптарын қоюмен бірге баспасөз бетінде үн көтере бастады. Алғашқы баспасөздер ашылып, ақындар, жазушылар, публицистер саяси-әлеуметтік сарындағы ой-пікірлерін айтуды жиілетумен қатар, көркем шығармалар да жариялап жатты. Бұлардағы басты тақырып ұлттық сананы оятуда, отаршылдық саяси қысымынан шығудың жолын

іздеуге түскен саяси-әлеуметтік ұлттық сарын алға шықты. Әрине, мұның бәрінде қазақ елінің саяси ұлттық ой-санасы жаппай оянып, алды-артына сынмен қарау сарыны басым жатты. Дәл осы тұста басылым көрген көркем шығармалар да ұлттық сананың ояну процесін көрсете алған туындылар болуымен де ерекшеленеді. Мысалға алар болсақ, бір ғана 1909 жылдың ішінде Абайдың тұңғыш өлеңдер жинағы мен А. Байтұрсыновтың «Қырық мысал», М. Дулатовтың «Оян қазақ», Бирунның «Ызыңы» басылым көріп, әдебиетіміздің даму тенденциясын анықтап беруінде көп сыр жатыр.

Осы кезеңде А. Байтұрсыновтың «Масасының» жарық көруі — әдебиетіміздегі бұл аталған бағыт-бағдары мүлде тұрақтанып, орныққанын көрсетті. Осы кезде басылым көрген көркем шығармалардың басты сарыны — халқымыздың ұлттық санасын оятып, мәдениет пен ғылымға араласып, ұлттық теңдік ұранын көтеріп, бостандыққа ұмтылуы — дәл осы XX ғасыр басындағы әдебиетіміздің дәуірін «Ояну дәуіріндегі қазақ әдебиеті» деп аталу керектігін алдыға қойып отыр.

ҰСТАЗДЫҚ ЕТКЕН ЖАЛЫҚПАС

Мұхтар Әуезов ұлы жазушы, ғұлам ғалым әрі өз өмірінің саналы жылдарының бәрін де өнегелі ұстаздық жолына арнаған айтулы талант иесі. Оның, көреген ұстаздың ағарту майданында жүріп өткен ұзақ жолына көз жіберсек, дәріс оқып, тәлім-тәрбие берген өнеге үйреткен оқу ордалары Семей техникумынан басталып, ҚазПИ, ҚазГУ, МГУ-ге дейінгі аралықты қамтиды екен.

Ұстаздық жолға М. Әуезов кездейсоқ келген емес. Ол өзінің жастық шағын еске алғанда әу бастағы арманы қарапайым халық мұғалімі болғандығын айтады. Осындай арман қуған М. Әуезовтің ұстаздық жолы 1925 жылы Семей қаласындағы техникумда қазақ әдебиеті тарихынан дәріс беру әрі қалам қайраткерлерінің жазушылық, ұстаздық, журналистік әрі ғылыми-зерттеу жұмыстарын қатар алып жүргізген қызу творчестволық өсу үстіндегі кезеңіне тұтас келді. Өйткені ол 1924 жылдан бастап Абайдың ғылыми өмірбаянын жазуды қолға алып, Ұлы ақын шығармаларын үздіксіз жинау, толықтыру, «Таң» журналында қызмет ету, қазақ әде-

биетті тарихынан дәріс беру әрі қалам қайраткерлерінің арасынан бірінші рет «Қазақ әдебиеті тарихы» деп аталатын көлемді монографиясын жазу үстінде болатын.

1923 жылдың ішінде-ақ Мұхтарды Абай мұрасының білгірі деген көзқарас баспасөзде қалыптасып қалғанды. АТ, Семей губревкомының Ленинград университетіне жолдаған ресми документінде қазақ әдебиеті тарихынан дәріс беруде талассыз кандидатура тек М. Әуезов қана» деп көрсетілген болатын (*ЛММА п. № 448*).

М. Әуезовтің ұзақ жылдарға созылған ұстаздық жолы 1932—1949 жылдар аралығында жоғары оқу орындарының қара шаңырағы — Абай атындағы Қазақ педагогика институтында өтті. Ол кезде бұл оқу орны екі жылдық оқытушылар институты және төрт жылдық педагогикалық институт деп аталатынды. Осы екеуінде де халық ауыз әдебиетінен дәріс беріп келді. Осында жүріп алғашқы оқулық ретінде «Қазақ әдебиеті» кітабы мен Абай мұрасы жайлы мақалаларын жазды.

Жазушының өз архивінде сақталған қойын дәптерлерінде сол кезеңде оқыған шәкірттерінің толық тізімі, оларға емтиханда қойған бағалары мен өзі үміт күткен үздік шәкірттеріне қоятын арнаулы белгілері сақталып қалған. Мысал ретінде атар болсақ, соғысқа дейін оқыған студенттердің арасынан филология ғылымының кандидаттары Төкен Әбдірахманов, Мәлика Ғұмарова, Сағынғали Сейітовті көрсек, соғыстан кейінгі жаңа буын студенттерге де Мұхаң сол машығын сақтаған. Оқытқан дәрісінен үздік баға алғандардың тұсына белгі қойған. Талапты шәкірттерін дәл тани алғандығына қазіргі филология ғылымдарының докторы Шәмсия Сәтбаева, Нығмет Ғабдуллин, филология ғылымының кандидаттары Айқын Нұрқатов пен Баламер Сахариевтердің қаламынан туған еңбектері айғақ.

Мұхаң республикамыздың ірі ғылыми орталықтарының бірі С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің өмірінің соңғы күндеріне дейін қол үзбей ұстаздық жұмысын жүргізіп келді. Сондағы қазақ әдебиетінің профессоры ретінде жүргізген жұмыстарының ауқымы зор, бірнеше салаларды қамтиды. Ғұлама ұстаз қазақ ауыз әдебиетінен, СССР халықтары әдебиетінен дәріс оқу, өзі тарапынан ендірген Абайтану мен қырғыз әдебиетінен арнайы курс жүргізу, әрі арнайы семинар сабақтарын өткізу, диплом жұмыстарын жаздыру, ізденушілер мен аспиранттарға жетекшілік ету, ғылыми

кеңестерге белсене қатысу — мол қажыр-қайратты, ұланғайыр білім мен жан-жақты даярлықты, шәкіртке деген қамқорлық пен төзімділікті тілейтін қызығы мен азабы көп жұмыстар болатын-ды. Дәріс оқу үстінде шәкірт санасына ғылым сырларын кұюмен қатар оның қабылдану, дару жағына да ерекше мән берген. Әсіресе практикалық сабақтарда осы жағы қатты ескеріліп, әрбір шәкірттің рухани өсуіне көп көңіл бөліп, жіті қадағалап отырған.

М. Әуезовтің лекция оқуындағы ерекшелік — оқылар дәріске үздіксіз даярлық пен ғылыми-зерттеу жұмысын ұштастыра жүргізуінде жатыр. Бұл жағдай оқылатын лекцияның құнын арттырып отырған. Мұхаң даяр деректі жүйелеп қана беретін ұстаздар типінен бөлекше жатыр. Ол ғылым саласын өзі жасап, оны жас ұрпаққа өзі үйретуші, интеллектуальдық жағынан үздіксіз өсу үстіндегі ұстаздардың көш басшысы бола білген санлақ ұстаз дәрежесіне көтерілді.

Университет қабырғасында 1942 жылдан бастап Абайтанудан арнаулы курс жүргізе отырып, оның негізін салып, көлемді монографиялық зор еңбек беруі — осының айғағы еді. Мұхтар Әуезов оқыған лекцияларға жаңаны сезгіш студент қауымы таласа кіріп жатса, тіпті оған басқа ғылым саласының егде өкілдері де үнемі қатысып отырған.

Лекцияны әуелі бөгеліңкіреп барып бастағанымен қыза келе сөз ағыны мен ой тасқыны, тың да соны деректердің нәсері тыңдаушысын үйіріп әкетіп, сілтідей тындыратын ұстаз бейнесі шәкірт атаулының әлі күнге дейін көз алдында. Ұстаз шабыты дәріс үстінде көбінесе тыңдаушыларының ыстық ықыласы мен рухани талабына қарай өрістейтіні жұртшылық аузында көп айтылады.

Мұхаң тапқыр, шешен сөйлеумен қатар өнегелі тыңдаушы да бола білген. Жазушы архивінде жатқан Ленинград университетінде тыңдаған дәрістерінің конспектісі мен 1944 жылы майданнан келген Гвардия полковнигі, жазушы Бауыржан Момышұлының Қазақ ССР Ғылым академиясында Ұлы Отан соғысы жайлы апта бойы оқыған лекциясын зор зейінмен тыңдай отырып, бір том көлемінде жазып алған қолжазбасы — осының айғағы.

Мұхаң ерекше ықылас бөліп оқыған арнайы курс пен семинар сабағын өткізген Абайтануға қатысқан шәкірт-

терінің дәрісті ұғыну, меңгеру жағына айрықша мән бергендігі байқалады. Жазушы архивінде сақталған көптеген жазба деректер, студенттердің емтихан тапсыру, семинарда баяндама жасау, коллоквиум өткізу жайындағы ұстаз мәліметтері көп нәрседен сыр шертеді. Абайтанудан дәріс тыңдап, семинар сабағына қатысқан шәкірт атаулының аты-жөні, алған бағасы, жасаған баяндамаларының тақырыптары түгелге жуық сақталып қалған. Бір ғажабы, осы арнайы курсты тыңдаушылардың бәрі де білімі, сөйлеуі, жазу мәнері, материалды меңгеру дәрежесі жағынан көреген ұстаздың талғампаз сыны мен әділ таразысына бір түспей өткені шамалы. Әрқайсысының аяқ алысынан, сөйлеуі мен қалам тартысынан бұлжытпай танып отырған. Ой жарысында оза шабар деген талаптыға үздік баға коюмен бірге арнайы белгі де қойған. Көңілге ұялай білген шәкірт атаулының бәрі де соңыра өз саласында оза шауып, шаң тастап танымал ғалым, толғамды жазушы, талғамды журналист болмағаны жоқ. «Әке — балаға сыншы» дегендей, аға ұрпақтың жолын қуып, ізін жалғастырар шәкірттерінің ойы төлділерін ғана тандай білуі — көреген ұстаздың шәкіртіне сыншы болудан туатын зор қасиеті десе болғандай.

Ұлы ұстаздың дәл осындай үміт артып, болашағынан жеміс күткен бір кездеге балаң шәкірттері, қазіргі филология ғылымының докторлары: Дүйсенов Мырзабек, Қабдолов Зейнолла, Болғанбаев Әсет, Құрышжанов Әбжан, Әміров Рахыш, Уахатов Бекмұрат, Аханов Кәкен, Томанов Мархабат; филология ғылымының кандидаттары: Тілешова Сәукім, Рүстембекова Рәзия, Ордалиев Сейділда, Ысқақов Бүркіт және басқалар республикамыздың рухани өміріне елеулі үлес қосты.

Мұхаң Абайтанудан дәріс оқумен бірге ұзақ жылдар бойы арнаулы семинар да өткізген. Өмірлік идеалы болған сүйікті кейіпкері Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген ой түйінінің өмірінің ғұмырлық ережесі ретінде ұстанып өткен. Алдында жазушылық зор міндеті тұра, ұзақ жылдар бойы әр күні жас буын, балауса ойлы шәкірттерімен күнделікті араласып, олардың санасына Абай ойының терең көздерінен нәр тартып, сыр құюмен болған. Бұларда әрбір шәкірт ұғыну, меңгеру, өз бетімен ой толғай түсіну жағын ерекше қадағалап отырған.

Шәкірт үшін ұланғайыр білімін, көлкөсір қайрат-жі-

герін, қайталанбас қымбатты уақытын бөліп, барын аяп тартынбай дәрісіне үлкен шабытпен құлшына кірісетін көреген ұстаз бейнесін шәкірттері әлі күнге дейін жыр ғып айтысады. Абайтанудан өтілетін арнайы семинарда ұлы ақын шығармаларынан сан түрлі тақырыптарға баяндама жасатып, оны сағаттар бойы жалықпай тыңдау, баяндамашылар мен пікір айтушылардың сөйлеу мәнеріне, дауыс ырғағына, өлең оқу машығына, ой шалымына жіті барлау жасап, нақтылы сыны мен ұстаздық қуанышын да ортаға салып отырған. Пікірін ауызша түрде ғана айтпай, оны үнемі қағазға да түсіріп отырғанын архив деректерінен көре аламыз.

Мұхаң, әсіресе, Абайтанудан оқыған лекцияларының тыңдаушыларына қалай жетіп жатқанына, оны ұғыну, жазып алу дәрежесіне де үнемі назар аударған. Өйткені лекция әр жылы қайта оқылған сайын оны жаңа ой, тың деректермен үстемелеп, жетілдіре беру, дамыта түсу ұстаз машығы болатын-ды.

Мұхаң көптеген шәкірттеріне диплом жұмысын жаздыру, студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасату арқылы оларды біртіндеп ғылыми-зерттеу ісіне баулуда да тәрбиелік-жетекшілік жұмысына да қызу араласқан. Осы іспеттес жұмыстарға арналған тақырыптардың аумағы тек қана Абайтану саласымен шектелмей, халық ауыз әдебиеті, совет әдебиеті, СССР халықтарының әдебиеті, теориялық-сын мәселелеріне де арналып, шәкірттерін әр салаға салып, ой-өрісін кеңейтіп, танымын тереңдетуге бағыттап отырған.

Мұхаң қазақ әдебиетін зерттеуге, ғылыми кадрлар даярлау ісіне ерекше назар аударып, сол кездің өзінде-ақ (1951 жылға шейін) 22 адамның ғылыми атақ алуына жетекшілік, төрешілдік етті.

Ғылым кадрларын даярлауда кейбір өрісі тар ғалымдар сияқты жетелеп әкелуге тырысатын дерттен бойын аулақ ұстап, әкенің ұлы болмай, Абай аңсаған — халықтың ұлы бола білуінде де ұлылықтың белгісі жатыр. Аспиранттар мен ізденушілерге ғылыми жетекші болудан бұрын, оларға арнайы семинар сабақтарында баяндама жасату, диплом жұмысын жаздыру, ғылыми баяндама жазуға қатыстыру кейде, тіпті, мақала жаздырып икемін тану арқылы өз қабілетін көрсете алғандардың таңдаулыларын ғана сын елегінен өткізіп барып қабылдап отырған. Бұндай талаптың көрінісі, әсіресе, Мұхаңның архивінде сақтаулы жатқан М. Дүйсенов,

С. Тілешова, Р. Рүстембекова, С. Ордалиев жайлы деректерден анық байқалады. Яғни ұлы Абайдың «шәкіртсіз ғалым — тұл» деген даналық сөзінің не екенін нақтылы ісімен де көрсете білген.

Қорыта айтсақ, Мұханның жарты ғасырға жуық созылған аса жемісті ұстаздық ұзақ жолы арнайы ғылыми зерттеуді қажет ететін тақырып дер едік. Бұл саладағы жүргізер жұмыстың бір арнасы, әсіресе Мұхаң алдынан өткен мыңдаған шәкірт атаулының қызу атсалысуы — азаматтық парызы деп білеміз. Өйткені олардың бәрі де ғұлама ұстазды әр қырынан көре білді, күнделікті сабақ үстіндегі жүріс-тұрысын, дәріс беру мәнерін, ұланғаныртың ойлары мен соны деректерін біліп, мақтауы мен сынын естіп өсті. Бірге түскен суреттері, сыйға берген қолтаңбалары Мұхаң дәрісінен жазған конспектілерін отбасы шеңберінен шығарып, арнайы естеліктерімен М. Әуезовтің музей-үйіне топтастыру — мәні зор іс болар еді.

АСЫЛ МҰРА

Мәдениеті жетіліп, ғылымы өрістеген қай халықты алсақ та архив деректерін көздің қарашығындай сақтап, тарихи шындықтар көзін аршып отыратын игі дәстүр бар. Осы санатқа қазақ халқы да қазіргі дәуірде иек артты. Республикамыздағы көптеген ғылым орындары мен архив мекемелерінде өмір шындығына толы дәуір жүгін көтерген сан қилы тарихи деректер — рухани қазынамыздың қорлануы жыл асқан сайын молығу үстінде. Ендігі міндет осы рухани қазынамыздың асыл нәрін саралап ашып, халыққа танытып, жас буын ұрпақ бойына сіңіре беруде жатса керек. Осы тұрғыдан қарағанда М. О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты көркем ойдың дамуында өзекті орны бар қырық мыңнан астам қолжазбалар қорының негізінде көп томды «Қазақ қолжазбаларының ғылыми сипаттамаларын» шығара бастауы елеулі үлес, соны бастама.

Осы бастаманың алғашқы нәтижесі М. О. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейінің ғылыми қызметкерлері тарапынан жазушы архивінде сақталып келе жатқан қолжазба деректер негізінде «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы» (көлемі 50 баспа табақ) деп аталатын архивтік ғылыми сипаттамасының жариялануы деп білеміз.

Бұл еңбек түркі тілдес халықтар әдебиеті тарихында тұңғыш рет жасалған жеке жазушы архивінің ғылыми сипаттамасы екенін атап өту жөн. Құрастырушылар ұлы жазушы архивінде сақтаулы жатқан қолжазба мұраларының бар түрін қамту үстінде орыс әдебиетінің үлгі-өнегесіне сүйене отырып, жазушы архивінің сақталу, реттелу жағдайын, деректердің өзіндік қорлану ерекшелігін сәтті саралай білгені байқалады. Өйткені, құрастырушылар әуелі М. Әуезов архивінің ғылыми сипаттамасына жазушы архивінде сақталып жатқан ұлан-ғайыр деректерден нені ендіру керек дегенді анықтап, олардың өзін белгілі бір жүйеге түсіріп сұрыптаған. Бұл саладағы қиыншылықтар: әрбір деректің бетін, түрін, сақталу жағдайын, көлемін, қай түсті сиямен жазылғаны сияқты толып жатқан техникалық белгілерін түгел тәптіштеп, бір-бірлеп қолдан өткізу — қиынның қиыны. Бұған қоса М. Әуезов қолжазбалары қазақ, орыс, қырғыз тілдерінде жазылса, қолтаңбалары негізінен арап, латын, орыс графикасында болуы, оларды меңгеріп оқу, ажырату ісі де көп қиындық тудырған. Өйткені, 564 папкідегі екі жарым мыңға жуық деректерге бас-басына жеке түрде паспорттамалы ғылыми сипаттама беріп шығу айтуға оңай болса да, орындалуы орасан қиын іс.

М. О. Әуезовтен қалған қолжазба мұралар болашақ ұрпақтар қолына түгел жетуінің бірден-бір кепілі — архив деректерінің бір жерге топтастырылып берілген ғылыми сипаттамасы «М. О. Әуезовтің қолжазба мұралары» болмақ. Келер ұрпақ М. Әуезов қолжазбаларының түгел сақталуын түгендеп іздестіргенде де осы ғылыми сипаттамаға ғана жүгінбек. Аталмыш еңбек қазірдің өзінде-ақ М. Әуезов шығармаларын зерттеушілерге таптырмас қолғабыс, адастырмас бағдар берер практикалық мәні бар деректер көзіне айналып отыр. Өйткені М. О. Әуезовтің қолжазба мұраларынан не бар, не жоғын жазушы архивінде топтастырылған ұшан-теңіз қолда бар деректердің бар түрімен толық түрде таныта да алады.

Бүгінгі көркем ойдың дамуына олжа салған кемеңгер жазушыдан қалған түпнұсқа қолтаңбалар мен қолжазба деректер табиғатын терең біліп, архивтік мұраларын тануға ұмтылып отырған еліміздің түпкір-түпкіріндегі ғылым ордаларынан «М. О. Әуезовтің қолжазба мұраларына» сұрау салып, іздестіріп жатуында белгілі себептер де болса керек. Жазушының қолжазба дерек-

терін түгелге жуық қамтыған ататмыш еңбек баспадан шығысымен-ақ шет елдік сегіз мемлекеттен сұрау түсіп отыр. Осындай сұрау хаттың бірінде Берлинде тұратын филолог — ғалым Зигрид Клаинмихель тарих ғылымының докторы Ләйла Мұхтарқызына арнаған хатында: «М. О. Әуезов архивінің ғылыми сипаттамасы шыққанын білгенімде мен қатты толқып қуандым. Әдебиет тарихы үшін ерекше мәні зор еңбектің сәтті аяқталуымен Сізді, Сіздің коллективіңізді құттықтаймын» деп қуаныш сезімін білдіре жазады. Зигрид Клаинмихель қазақ ақын-жазушыларын түпнұсқадан оқитын ғалым. Ол қазіргі кезде М. Әуезов творчествосы туралы зерттеу жұмысымен шұғылданып жүр. Өткен жылы Қазақстанда болып, халқымыздың өткені мен бүгінгі әдебиетімен танысып қайтқан болатын.

Қазірдің өзінде жұртшылық назарын аударып бағалана бастаған «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасында» көш жүре түзелер дегендей келесі басылымында оңай түзелетін кейбір кемшін жайлардың барлығы да сезіледі. Себебі, мұндай көлемді еңбекте ара-тұра кездесер кісі аттарындағы ағаттықтар, әріп, емле қателерін жіберіп алу, кейбір сөздерді жазушы қолтаңбасын тану қиындығына байланысты дәл тани бермеу сияқты ұсақ-түйек жайлардың болмай тұруы да қиын ғой.

«М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы» келешекте қайта басылып, толықтырылуын тілейтін еңбек. Бұлай деуіміздің үш түрлі себебі бар: 1. Қазірдің өзінде М. О. Әуезовтің әдеби-мемориалдық музейі архивінде жазушы хаттары мен жазушыға келген мыңдаған хаттар, телеграммалар және әртүрлі өте бағалы деректер тобы бар. Мұның үстіне М. Әуезовтің ғұмыр бойы әртүрлі кісілер мен мекемелерге жазған хаттарын, берген телеграммаларын жинастыру қажеттілігі туып отыр. Белгілі қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларға, өнер иелері мен ғалымдарға жазған хаттарын былай қойғанда, өзінің оқушыларымен жазысқан хаттары қаншама? Кейбір оқушыларының хаттарын қарап отырсақ, М. Әуезовтен хат алғанын хабарлап отыратындары да бар. Бұлар ендігі ізденістің қай бағытта жүргізілетінін байқатады. 2. М. Әуезов қаламынан туған, бірақ әлі де жинастырылмай келе жатқан курс, диплом жұмыстары мен диссертацияларға, кейбір ғылыми еңбектерге, жинақтарға жазылған пікірлері, жазушы автографтары, әртүрлі әдеби жиындардағы лебізі, радио-телевизия арқылы сөйле-

ген сөздері, т. б. 3. Әлі де болса ұлан байтақ Отанымыздың әртүрлі архив мекемелері мен жеке кісілер қолында М. Әуезовке байланысты деректер, қолтаңбалары мен хаттары, фотосуреттерінің сақталып жатуы анық. Бұлар келешекте көптеп табыла бермек. Бұл әрі не деректер ізіне түсіп, іздестіру мен зерттеуге де байланысты. Мысалы, қазірдің өзінде нақтылы түрде іздестіре бастағанда Омбы, Семей, Қызылорда архивтерінде жазушы өмірі мен творчествосына байланысты тікелей және жанама түрдегі біршама деректердің табылып отыруы осының айғағы.

Уақыт өте келе әрі жоғарыда аты аталған деректердің көзін аша отырып, «М. О. Әуезовтің қолжазба мұрасы» жайындағы еңбекті өңдеп, толықтырып, қайта бастырудың үстіне, ол еңбектің екінші кітабын даярлауға осы бастан қамдану уақыт талабы екенін ескеру керек.

М. ӘУЕЗОВТИҢ ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

* * *

Халқының қадірмен ұлы, қамқоры, беймезгіл замандағы ауыр күндер қайраткері қазір ол бізбен бірге және біздің нәсілдерімізбен бірге болашаққа қарай қадам басқалы келеді. Сол болашақ ұлы бақытты болашақ жөнін бұл ақын өзінің көрегендік, ақындық қиялымен бұлдыр сағым арасынан да аңдаған еді.

Я бұл ақын жөнінде шынайы зор алғыспен айтарлық бір зор шындық бар. Ол шындық бойынша Абай мынау осы көрініп тұрған бейнесіндей өзінің бар шығармаларымен де енді бізбен бірге жасайды.

Ал осы шаққа, бізге Абай немен жетті, қалай жетті?

Ол бұрынғы шөл ғасырлардың еңбек елі кешкен зармен шерді бізге танытпақ боп келді. Ол бізге сол заман аналарының, қыздарының қайғы-қасіретін әкелді. Сахарада жыртқыштар заңын орнатқан ру басылар, надан дүлей әкімдер ағаулыға сол күннің халқы айтқан қарғысты соларға арнаған жиіркенішті танытпаққа ап келді.

Өз заманындағы қоғамның білім жарығына ынтық болған адал арманын алып келді ол бізге. Ол бізге және де ескі жол-жора, әдет пен шарифат орнатқан қорлық заңдары қарғаған азат жүректер бақыты деп көксеген жастар күйлерін, махаббат мұңдарын жеткізді. Ол және де қалың халық көпшілігі барынша жиреніп айыптаған: қомағайлық, мансапқорлық, жағымпаздық, арамтамақтық сияқты тағы талай жиренішті құлықтарды әшкерелеп келді. Және сол Абай өз заманындағы орыс халқының озғын ой-парасатынан барынша зор махаббат пен құрмет көрсеткенін баян етіп келді. Ол бізге асыл мұра қалдырды. Сонау бір халықтар мен халықтар арасы шалғай қайшылықта тұрған заманның өзінде де ол бізге орыстың гуманистік, демократтық мәдениетіне бұл-

жымастан сенуді, сүйенуді, сүйеніп өсуді уағыз етті. Ол бізге Пушкиннің даналығын білуді, сүюді, қадірлеуді, Лермонтов, Толстойдың мәңгілік еңбектерін қадірлеуді бізге уағыз етті.

Біздің бала шағымызда, жас күнімізде ана тіліміз қазақ тілінде Пушкиннің толғаулары мен Лермонтовтың элегиясын, мұңдарын, лирикасын оқытып тәрбиеледі.

Және оның тарихтық ең зор еңбегінің қасиетінің бірі: біздерді, қазақ жазушыларын, артындағы нәсілін, мұрагерлерін шынайы толық көркем шығарма жазуға, ірі дәрежедегі мәдениетті көркем шығарма тудыруға баулып, тәрбиелеп кетті. Сол үшін ол орыстың және дүниежүзілік әдебиеттің классикалық үлгілерін бізге ұстаз етіп жырлап берді. Осылайша, тек қана қысқа, үстірт ғана атап өткеннің өзінде де Абай қалдырған рухани мұраның тұрған бір зор қасиеті аңғарылады. Ол Абай жанының биік зор сапасын, Абайдың ой дүниесінің терең интеллектін танытатын айғақтар. Бұл сыпаттағы Абай жаманшылық атаулының қасы болатын. Ол ақын-азамат ары қандай десеңіз, Абайдың ары халқының арымен барабар еді. Оның жүрегі сол сыпатта қалыптанған ұлы жүрек болғандықтан сол жүректен туған қасиет атаулының барлығын заман тоздырмай сақтап келді.

Міне, енді бүгін ол біздің бақытты тарихымыздың жаңа буындарына жүзбе-жүз келіп, ауызба-ауыз сөйлескендей. Осы буынмен ол сонау бір шақта, өзінің кейбір өлмес өлең жолдарымен де үн қатысқан еді. Енді бүгін ол бізбен бірге біздің қуанышымызбен бірге қуанбақ үшін, біздің мерекемізді мерекелемек үшін келіп тұр.

Тегі Абай біздің нәсілдеріміздің, буындарымыздың асыл аталарының бірі. Ол біздің енді ғана қарай, биікке қарай өрлей басар сапарларымыздың айнымас серігі... Сол себепті бүгін Абайға арналған ескерткішті ашақан сәтте біз және де оның ұлы аруағының алдында бас иеміз. Жүрек құшағын оған қарсы кең жаямыз.

Осы айтылғандармен қоса көңіл толы зор алғысымызды өзіміздің партия мен өкіметімізге арнаймыз. Халқымыз сүйген ақынның аруағына осындай құрмет еткені үшін оларға зор рахмет!

1960 ж. 10.XI.

Қазақтың көркем әдебиет баспасының бас редакторы Ғ. ОРМАНОВҚА

Сіздің баспа әзірлеген Абайдың жинағының қолжазбасын түгел қарап шығып, өзімше қажет деген жерлерге көп түзетулер кіргіздім. Әзірлеген қолжазбада машинистка қаталарынан өзге, Абай текстіне бұрынғы баспалардан кіріп жүрген, арылмай жүрген аса орасан зор сөз қаталары болушы еді. Бұл қаталықтар 1939 жылы шыққан екі томдық Абай жинағында, және сондағы қаталарды көбінше сынсыз қайталаған 1945 жылғы академиялық баспада орын алған болатын. Сол кездегі Абай текстің қолдарынан өткізген Тіл-әдебиет институтында істейтін, бұл күнде әшкереленіп кеткен жат адамдар. Абай текстіне өздерінің өрескел айшығын салған. Осы реттен қарағанда қазіргі сіздер әзірлеп отырған Абай жинағы көп былық қаталықтардан арылған, шамасынша таза деген талап ойлаймыз.

Түзеген сөздерімді беттерін айтпай, түзеген түрлерін де санай өтейін: Олар: «ығы», «ой желке», «жоталы», «салық», «бол-бол», «ол кісі», «жалғасқан», «Болсашы», «үрген ит», «тебрендi», «ысынып», «төмендеп», «Желғазбыз», «тыюын» деген сияқты бұрынғы баспаларда басқаша айтылып, өлең жолының мәнін өзгертіп, реңін бұзған теріс сөздердің орнына жазылды. Бұл саналғандар кем қойғанда он шақты өлеңнің тексі бұзылғанын көрсетуші еді.

Бұдан басқа 112-бетте «Күз» өлеңіне 1945 жылғы баспадан қалып қойған, 1939 жылғы баспаға ең алғаш рет қосылған аса қадірлі екі шумақ, сегіз жол өлең болатын. Соны кіргіздім.

Екінші бөлімде, 36-бетте, бір жол өлең тасталған екен, оны қостым.

Ендігі ұсынысым: 132-беттегі Онегиннің «Хатыңнан жақсы ұғындым» деп басталатын өлеңді бұл орнынан ауыстырып, 124-бетке апарып қою керек. Үйткені бұл сөздер Онегиннің «Таңғажайып» дейтін ойлану, толғануынан соң Лариндер бақшасында бірінші рет жүзбежүз кездесуде Татьянаға ауызба-ауыз айтылған сөздің ізімен жазылған. Оның орны дәл осы арада. Бұрынғы баспаларда, ескі қолжазбаларда да бұл ретте қаталықтар жасап жүрген болатын.

Ендігі бір ұсынысым: Крыловтан Абай жасаған аудармалар жөнінде. Бұлардың арасында Абай жасаған

аудармалармен қатар өзгерлердің аудармаларын бұрын былықтырып қосып жіберушілер жоқ па екен деп күдіктенемін. Сол себепті Абайдың 1909 жылы басылған баспасын тауып алып отырып, сондағы Крыловтан жасалған аудармаларды ғана Абайдікі деп қосу лайық. Сол баспада жоқтың бәрін шығарып тастау керек. Ол баспа менің өз қолымда қазір болмағандықтан, осы жұмысты баспаның ішкі редакторларының біреуі әдейілеп, ұқыптап тексеріп өтсе деймін.

Ендігі бір ұсыныс, Абайдың кейбір кейінгі баспаларда қосылған ұсақ өлеңдері туралы. Бұлардың ішінде мәнсіз, нәрсіз болудың үстіне, кейбірінде тұрпайы сөздер кездеседі. Сондықтан оларды арнаулы баспа болмаса, жалпылық осы баспа сияқты жинаққа кіргізбесе де болады. Осы ретте шығарып тастау керек дейтіндерім: ең бірінші өлең «Кім екен деп», одан кейін «Шәріпке» және «Разаққа» деген өлеңдер. Одан соң Құнанбай мен Оспанға арналған кейбір өлеңдер де ойланып басуды қажет етеді.

Ең соңғы ұсынысым, Абайдың кей өлеңдерінде тұрпайы сөздер кездеседі. Әсіресе, Абай заманында онша өрескел, сөлекет көрінбеген, бұл күнде біздің жастар айтудан ұялатын, оқыса именіп оқитын: «ойнас», «көт», «ұма» деген тәрізді натурализмдер бар. Енді осыларды баттитып баса бермей, көп точка қойып, кетіп отыру қажет сияқты. Бұл жұмысты да баспаның ішкі редакторы қадағалап қарап шықса деймін.

Соңғы айтылған бірнеше ұсыныстарым жөнінде баспаның редакторы менімен нақтылап сөйлесіп, әр жайын жекелеп, анықтап алуына болады.

Рецензент Мұхтар Әуезов.
27.5.1952.

КӨКБАЙДЫҢ АҚЫНДЫҒЫ

Көкбай Жанатайұлы 1864 жылы туып, 1927 жылы өлген. Жасында мұсылманша оқуды едәуір өндіріп оқыған соң, Көкбай әншілік, ақындыққа кеп ауысады. Басында айтыс өлеңдерге де жиі араласып, ақындыққа ерте жеткен талапкер жастың бірі болады. Бірақ жігіттікке жете бере қырдағы ән-өлең өнерін, сауығын тастап, Семей қаласына келіп Кәмәли хазіреттің медресесіне түседі. Ұзақ жылдар сонда жатып мұсылманша оқу

окиды. Кейін Абай оны әзіл етіп молдалық пен сопылыққа беріліп, әсем әнін, бозбалалықтан кетіп қалды деп сынайды. Көкбай туралы:

Сорлы Көкбай қор болды-ау
Осыншадан құр қалып...,—

дейді.

Жас өнерпаздың діндар медреседе имам, халифелердің алдында мүлгіп жүргенін жақтырмай айтқан.

Бірақ Көкбай медреседе өзінше көп оқып, үлкен молдалыққа жетіп алғаннан кейін, Абайға келіп қосылады. Ел ортасындағы бір сайлаудың үстінде Семейдің сол күнгі оязы — Көкбай берген бір арыз бойынша оны жазаламақ болады. Сонда өнерлі, оқуы бар жігітті Абай аяп кепілдікке алады. Осыдан соң Көкбай өмір бойы, Абай өлгенше оның іні-досы, шәкірті боп кетеді.

Абай өлгеннен кейін бірталай жылдан соң, жасы ұлғая бастағанда, Көкбай қайтадан бұрынғы молдалығына ауысады. Ел ішінде медресе салып, бала оқытады. Бірақ молдалыққа ауысуымен, Көкбай ақындық еңбекті тастамайды.

Бірінші империалистік соғыс кезінде Көкбай медресесін мұғалімге беріп, өзі ескіше бала оқытуды тастайды. Осы жөнінде Көкбайды кіналап, жамандап 1920 жылдарда өлең шығарған бір ұлтшыл алашордашыл ақынсымақ болады. Көкбайды ол молдалығын, медресесін, ескіше ұстаздығын тастады деп кіналайды. Ал Көкбайдың реакцияшыл, байшыл, ұлтшылға берген үлкен өлең жауабы оның жаңа заманға жаңаша қарай білген озғын ойлы адам екенін танытады.

1924 жылдан бастап Абайдың өмірбаянын жазушыларға және барлық толық жинағын құрастыруға Көкбай барынша зор көмек еткен еді. Абайдан қалған мұраның қазақ оқушыларына толық жинақ боп құралып шығуына анық еңбек сіңірген кісінің бірі — Көкбай...

1909 жылы Кәкітай бастырып шығарған жинақ Абай еңбектерінің жарым көлеміндей ғана еді. Көкбай қолжазбада сақталған шығармалар ғана емес, өзінің жанында жүрген, біржола жоғалып кетуге мүмкін болған Абайдың өлеңдері мен кейбір шумақтар, жолдарды хатқа түсіртіп, ұлы ақынның өзге мұраларының қатарына қосты.

Онан соң Абайдың өмірбаянын толық етіп жазуда да Көкбай айтып берген материалдар аса көп еді. Олар

құнды деректер болатын. Тек Көкбайдың Абай тұсында айтқан естегісі толық жазылмады. Бірақ 1933 жылы біз құрастырып жазатын алғашқы толық өмірбаянның көп фактылары Көкбайдың аузынан алынған.

Абайдың көп өлеңдеріне кейінгі толық жинақтарда беріліп жүрген қосымша түсінік деректердің көптен-көбі және де сол Көкбайдың айтуынан алынған-ды.

Одан, Көкбайдың қазақ әдебиет тарихына келтірген осындайлық кесек пайдасы бар.

Одан қалған жазбалардың саны өте аз ғана. Жас кезінде, Абай уақытында айтып, жазып жүрген өлеңдерін өзі көп ұқыппен жинамаған. Бірақ ол кезде Абай айналасындағы бар ақынның ішінде суырып салма, импровизацияға ең жүйрік ақын Көкбай болғаны даусыз. Сол талантын бағалап, Абай бұны өзі жазып жүрген алғашқы өлеңдеріне ие ғып шығарады.

Көп өлеңдерін өзі жазып, Көкбай атынан таратады. Омбыдағы «Дала уалаяты» газетінде басылған бірен саран өлеңі де Көкбайдың атынан басылған. Абай бір өлеңінде:

Сорлы Көкбай жылайды
Жылайды да жырлайды...

дейтін жолдарда, анығында Көкбайды айтпай, өзін айтып отырған болады. Тек бергін келіп, «Жаз» өлеңін жазған соң ғана Абай барлық өзі шығарған өлеңдерін өз атына ауыстырып алды.

Көкбай Абайдан кейін 20 жылдан аса өмір жасап, осы соңғы дәуірінде көп шығармалар жазады. Әсіресе баспаға шығып, бар оқушысына мәлім болған мұндай еңбектері зерттеушілер қолына түспегендіктен Көкбайды бұл күнге шейін сыңаржақ түрде атап, танып келгеніміз бар-ды. Ал соңғы жылдарда Семей қаласындағы Абай атындағы музейдің зерттеушілері жинаған қолжазбаларға қарағанда, біз Көкбайдың анық Абай мектебінің ақыны деген атақты ақтай алатын едәуір мол, елеулі шығармалары бар екенін көріп, біліп отырмыз. Тегінде Көкбайдың анық айтқыш, талантты ақын екенін Абай өзі де өз шығармаларында бірнеше рет атап бағалап, аңғартып кеткен-ді. Ұстаз ақын Абайдың шығармаларына аты кірген шәкірт ақынның өзі де жалғыз ғана Көкбай болатын.

Ән үйренген ырғалып,
Өлең жиған тырбанып,

Сорлы Көкбай қор болды-ау,
Осыншадан құр қалып,—

деген жолдарды біз Абайдың 1909 жылы шыққан ең алғашқы жинағының өзінен де ұшыратамыз.

Сонда Абай қала медресесіне мұсылманша оқуға кеткен Көкбайды көксеп сөйлеген. Бәлкі оның өнерін бағалап, ақын болмай ескі медресе оқуына кеткеніне қынжылып та айтқан сөздері болар. Кейін келе Абай:

Сорлы Көкбай жылайды,
Жылайды да жырлайды.
Ол жыламай қайтып тұрады,
Мынау азған қу заман,
Бір қалыпта тұрмайды.
Біреу малды ұрлайды,
Біреу басты қорлайды,
...болмаған соң
Жылауына зорлайды,—

деген өленді де Абай өзінің ет бауырындай жақын көрген сырлас ақын ініге аса бір мұңдас, күйлес жылылықпен үн қатады.

Бұдан басқа «Бұралып тұрып» деген өленінде Көкбай досына әзіл-сын ретінде әдейі арнап айтады. Сөйтіп Абайдың өзі өз тілімен тірі шағында жақын ақыны есебінде атап кеткен Көкбай барын көреміз. Ал кейін Көкбай шығарған өлендерді алсақ, бұл жағадан да Абайды үнемі өзіне ұстаз, аға тұтқан Көкбай барын айқын танып отырамыз.

Жәннатта жайың болғыр Абай құтып,
Қасында бос жүріппіз шатып-бұтып.
Осындай ең дарияны жайлағанда,
Тым болмаса қалмапын қана жұтып,—

деген жолдармен Көкбай да Абайдың ақындық ұясы мен бауырында өмір кешкен жан екенін жыр етеді.

Абай мектебінің кейіннен қосылатын елеулі, ірі талантты, үлкен ақынның бірі — Әріпке айтқан сәлем сөзінде Көкбай тағы да Абай жайын толғайды:

Семейге Абай келсе бізде думан,
Ән салып босамаймыз айғай шудан.
Бас қосу, бақастасу, мәжіліс құру,
Секілді бір ғылымның жолын қуған.

Тарихтан неше түрлі Абай сөйлеп,
Өзгелер отырады аузын буган,
Бір барсаң мәжілісінен кеткің келмес,
Кәкімдей Афлатон аңрап тұрған.
Келбегі біліміне лайықты,
Япыр-ау, мұндай адам қалай туған,—

дейтұғын үзінділерде Көкбай ұстаз ақын Абайдың қауымында жүрген басқа шәкірт ақындардың да барлық шынын, дәл қалпын бейнелейді. Өзінің де үлкен ұстаз жанында өсіп келе жатқан анық ет-бауыр жақын дос екенін мәлімдейді.

Абайдың өзі барда атын аузына жиі алатын Көкбай кейінгі ұзақ өмірінде де Абайды қадір тұтқан қалпынан жаңылған емес. Өмірінің соңғы кездерінде бір жалақор тап дұшпанына қарсы айтқан өлеңінде Көкбай және де Абайды аузына алады:

Абай марқұм ескіге ермеуші еді.
Ескіні онша жақсы көрмеуші еді.
Жаңадан төте жолмен оқу шықты,
Сол қашан келеді деп шөлдеуші еді,—

деген шумақта Көкбай ескі оқудың, мешіт-медресе ұстаудың керексіздігін айтқан. Өзі сол медресені жауып тастап, мұғалім арқылы жаңаша мектеп ашуға өздігімен жол бергенін білдірген. «Молдалықты тастады, мешітін жапты» деп Көкбайды ескі діншіл, реакцияшыл ақсақалдық ғұламалық көне жолға қайта тартқысы келген байшыл-ұлтшыл болған еді. Соның Көкбайды жалалап, қаралап сөзіне орай, Көкбай тарихтық жаңа ашық сананың, кең мәдениеттің жоқшысы боп сөйлейді. Және осы молда жаңағы байшыл-ұлтшылдан өзінің де, Абайдың да аулақ екенін саралап, айқындап ашық береді.

Өзімнің жасым кәрі, көңілім жас,
Іштегі айтпаса да болады паш.
Абайдан құлағымға бұрын тиген
Дүние болады деп бір тайталас.
Түсіндім мен де сөйтіп жаңалыққа,
Жаспенен кіріспедім алалыққа.
Тура жол дүниедегі жалғыз-ақ сол —
Басқа жол іздегенмен табалық па?
Босаттым медресемді мұғалімге
Иесі сол берейін енді кімге?

Медресем балаларға орын болып,
Қағанағым қарқ боп тұр осы күнде,—

деп келіп, Көкбай өзінің бұдан бұрын біраз уақыт молдалыққа түсіп кеткен кезеңін мүлде сынап, серпіп тастай алады. Тарих пен өмірдің жаңалығы халықпен бірге боп, ден қоюға, бет беруге өзінің әзір жүргенін танытады.

Екеуміз сынатайық ағайынға,
Сендағы айтар дауың тағайында.
Сен сөкті деп ескіше бала оқытып,
Көшкен жұртқа қаңғырып лағайынба!
Шырағым, өзің қаңғыр менен аулақ,
Жамандасаң жаманда мені жаулап,—

деген өлеңмен Көкбай байшыл-ұлтшыл, кертартпа санашылдың жолынан өз жолын мүлде аулақ салады. Советтік мәдениеттің бұның халқына әкеле жатқан негіздер мен жаңалықтарын барлық шыншыл, дос-жар көңілімен құшақ жая қарсы алады.

Абай мектебінен шыққан Көкбай ақынның бұрынғы-соңғы кездерде шығарған өлеңдерінде ұшырайтын салт-саналық кемшіліктер бола жүрсе де, Көкбайдың Абай мектебі өкілі деген атағын ақтайтын ең қадірлі бір шығармасы тағы бар. Бұл оның ең жарқын қасиетті, ең асыл адамзаттың өзін танып сол адам туралы бар шыншыл бейілмен өміріне жырлаған ақынды көреміз. Әзір атағалы отырғанымыз, Абай мектебінің ақыны қарт Көкбайдың ең соңғы асыл шығармасы «Ленинге» деген өлеңі.

1923 жылы шығарылған осы өлеңде Көкбай өзі қаты ауырып жүрсе де, өлер шағының бір зор сүйініші есебінде Лениндей ұлы жанды тауып, танығанын баян етеді.

Осы жол ауырсам да көңілім шат,
Түсім де іс көргендей бір ғаламат.
Лениннің кім екенін анық білдім,
Тек ұзақ өмір берсін сау-саламат.
Ұғындым Ленин жайын бір адамнан,
Зат екен артып туған барлық жаннан.
Ленин тұрса ел болар қазақ жұрты,
Жарықты бірдей көріп алтын таңнан.
Сот еді қуанышым қойнымдағы,
Мұны айту борыш еді мойнымдағы.
Ғаділет кімде болса жолын қыл деп,

Тіледім саждаға бас койдым дағы.
Жығылмас мәңгі дедім Ленин туы,
Көкке өрлеп, көтеріліп алтын буы.
Ежелден езгі болып келе жатқан,
Өмірін тіле қазақ көп руы.

Міне, басы Абаймен біте қайнасқан, шәкірттіктен басталған Көкбайдың ақындық жолы ең аяқтар шағында, осындай ең қасиетті жайды жыр етуге шарықтап жетіп тынады.

Абайдың артында тірі қалған шәкіртінің соңғысы өзі болып және Қазақстан өлкесіне советтік дәуір, дәурен орнай бастаған алғашқы жылдардың өзінде Лениннің туын құттықтаумен тоқтатуы Көкбайдың «Абай шәкірті» деген атақты ақтауы екенінде күмән жоқ. Және осы өлеңнің аяғында, алашорданың халыққа қас қара ниет өкілінен өзінің әлеуметтік ойын, адамзаттық мүддесін біржолата бөлектеп, аулақтап алғанның өзінде де үлкен тарихтық мән бар.

Біз Көкбайдың ақындық жолының басы менен аяғын өзінен қалған дәл деректерге, елеулі еңбектерге сүйене отырып шолып өттік. Ал Көкбайдың бұл аталғандардан басқа да көп шығармалары бар. Әзір барлығы жиылып қолға түспесе де, бүкіл табылған шығармаларының тағы бірнешеулерінен Көкбайдың Абай жырлаған тақырыптарды өзіне тақырып етіп алып, Абай сынаған ру басы жуандарды, болыс билердей бұзақыларды, ел ұйтқысын бұзушы қанаушыларды, дәл Абайша өткір сатирамен әйгілеп, әшкерелеп жырлағандарын білеміз. Осы қатарда Абай өлеңінде қатты сыналған Дүтпай болысқа Көкбайдың да Абайша қатты сыншы шабуыл жасап, жыр жазғанын еске аламыз.

Дозаққа біреу кетсе Дүтім кетер,
Дүтім кетсе, Көкшенің көбі кетер.
Кісінетіп қара айғырды байлап қойып,
Артынан тоғыз биді күпілдетер,—

деген жолдарда Көкбай азынаған айуандай Дүтпай болысты паракор тоғыз бимен қоса соққыға ұшыратады. Сол ретте «Семей саудагерлеріне» дейтін өлең, «Мұсажанға» деген өлеңі және Совет өкіметі орнауымен қатар ел ішіне келген совет сотының адамдары жақсылыққа, Хафизге айтқан өлеңдерінің бәрі де біржағынан халық, елді қанап жүрген пәлекор, саудагер, ұры залымдарды

әшкерелеуге арналады. Екінші жағынан, ел ортасына советтік тәртіп орнап, жаңағыдай бұзықтарға, халық қаскөйлеріне тиым салынғанына сүйсіне қуанады. Өз дәуірі үшін аса қажет болған шын бағалы шығармалар тұдырады. Ауылдың советтану дәуірінде ең алғашқы жылдарда 1920—23 жылдар арасында советтік жаңа мектепті, сотты халық атынан қадірлеп жырлауы, ұлт-шылдардан безуі және әсіресе ұлы Ленин қасиетін барынша қадыр тұтқан шын бейілмен жырлауы, Көкбайдың сол кездегі ел ішінде болған бұрынғы ақындардың бәрінен озғын көрегендік танытқанын дәлелдейді. Бұл сипаттары да Абай мұрасының барлығын және ұлы ұстаз ақынның өмірбаянын кейінгі нәсілге түгел жеткізіп беруші болған тарихтық еңбегімен қатар, Көкбайдың анық Абай шәкірті деуге толық татитын адам екенін баяндайды.

Біз Абай мектебінің ақындарын айтқанда, сол Абай шәкірті деген атаққа лайығы бар тағы бір топ ақындар жайын әзірше жазғамыз жоқ. Бұл қатарда алдымен аталатын Әріп ақын және Әсет сияқты әнші ақындар қатарынан шыққан, халық ақындарынан құралған бір топ әдебиет, көркемөнер қайраткерлері бар екені даусыз.

Бұл жөнде мысалы — Әріптің Көкбайға ұқсаған және одан гөрі де молырақ, таланттырақ шығармалар тұдырған бағалы еңбектері бар екенін білеміз. Әріптің әсіресе, совет дәуірінде азғана жыл өмір сүріп, 1924 жыл өзі қайтыс болған кезіне шейін пролетариаттың ұлы көсемі Ленин турасында жазып кеткен үш шығармасының өзі-ақ оның қазақ әдебиет тарихында елеулі орын алып, айрықша зерттелетін ақын екендігін айқын дәлелдейді.

Бұл ақынның да сан өтеңдерінде Абай аты аталып, үлгі-өнеге осыдан тарап отыратыны. Әсіресе, Әріп жазған өлеңдердің көп мазмұны — ғылым туралы, еңбек туралы, әйел халі туралы және әсіресе елді зорлаушы жуан содырлар туралы жазылған сыншыл, сатиралық шығармалардан құралады. Осындай мұраларының бәрінде де Әріп Абайға аса жақын келіп, ой-сана жағынан да, шеберлік, стиль, үлгі жағынан да ұлы ақынның реалистік дәстүріне үнемі нық сүйен отыратындығын сездіреді.

Ақындық ерекше үлгілері Абаймен аса жақын түйісіп отыратын тағы бір белгілі ақын Әсет болатын. Оның

да Абай атын атап айтқан. өзіне соны үлгі етіп сөйлеген сөздері аз емес.

Бұл алуандас шығарманы біз әнші ақын Мұқадан да кездестіреміз. Әзірше осы соңғы аталған: Әріп, Әсет, Мұқа сияқты ақындарды Абайдың әдебиеттік айналасын зерттеп, шолуда қоса тексеріп, тану керек деген пікірді түгел қуаттаймыз. Болашақ арнаулы ғылымдық зерттеулерде бұл адамдар да Абаймен байланыстары жағынан толық тексерілуі керек деп білеміз.

Дәл осы жолғы еңбекке бұлардың кірмеуіндегі себепті ғана айтайық. Қазақ әдебиеті тарихының көлемінде тегінде Абайдың ақындық мектебі мен Абай әсерін кең көлемде зерттеу жұмысы енді басталады. Сонда тек Абайға жерлері, елдері жақын болған ақындар ғана емес, ХІХ ғасыр аяғында және ХХ ғасыр басында әдебиет майданына шыққан оқымысты, жазушы ақындардың да бірталайының шығармалары «Абай шәкірттері» деп тексерілмесе де, Абай ақындығының әсерін, ықпалын көрген ақындар шығармалары деп белгілі жақтарынан арналып тексерілуге тиіс.

Сол шақта тексеру, зерттеу нәтижелерінде, ғылымдық дәл, мол деректер талданып болған кезде, бәлкі Абай шәкірттері, Абай мектебі дейтін көлемнің өзі де кеңейіп, молайып, Абай шәкірттерінің қатары да көбейе түсер.

Әзірше әдебиет зерттеу ғылымымыз сондайлық нақтылы кең зерттеулерге молыға алмай тұрған кезде, біз бұл том көлемінде «Абайдың шәкірттері» деген топты азғана сан, нақтылы кіші көлемде алып отырмыз. Тегінде әдебиеттік мектеп мағынасы тарихтық басы ашық, даусыз, деректі көлемде алу да бар. Онда «шәкірт» деп белгілі ақынның қасында, қатарында жүріп күнделік байланыс арқылы тақырып, үлгі, ұстаздық, сын-өнеге алып жүрген ақындар тобын даусыз «мектеп» деп айтуға болғандай. Абай шәкірттерінің Абаймен жалғастық, ақындық араласы үнемі үздіксіз болған Ақылбай, Мағауия, Көкбайларды ғана бұл тексеруге айрықша бөліп атап кіргізіп отырғанымыздың себебі сол жаңағы айтылған жағдайдан туады. Бірақ бұларды әзірше «Абай шәкірттері» деп бөліп атаумен қатар, Абай шәкірттерінің жалпы қатары мен тобы тек бұлармен ғана мүлде түгелденіп тоқтайды деп айтпаймыз. Осы жайды айрықша мықтап ескертумен әзірше «Абай мектебі» жайындағы сөзді тамам етеміз.

ЯПОНИЯ

Бұл күнде қай халық болсын тәртіпсіз, ғылымсыз, елеусіз қалыптан асып, алдыңғы дәрежеде жүрген халықтармен тізелесіп отырарлық теңдікке жетуі — тездікпен болатын оңай жұмыс емес. Бұрынғы бір беткей лас, ғылымсыз қара күштің заманында ілгері дәрежеге тез жету халықтың ауыр еңбегімен, басшының епті саясатымен ғана әзер болатын. Ал бұл заманда надан халықтың қатарға кіріп кетуіне себеп болатын жүз тараулы шарттар бар. Ол шарттардың бәрінде бас-басына терең оймен, еппен, қажымайтын қайратпен малды басты аянбай жолына сарп етерлік талап, екпінмен ғана орнына келтіріп, сонан кейін қатардағы орыннан үміт қылуға болады. Бұл тарихта әрбір жетілем деп талпынған жұртқа неше жүз жылдардан бері қарай құлағын бұрап жаттап келе жатқан тарих болғандығы бір негізі. Бірақ тарихтың осы айтылған жолы Японияға келгенде өзгеше бір рақымдылыққа түсіп, өзі демей бойын зорайтып, көркейтіп қалпына бүткіл дүниесі әрі ғажаптандырып, әрі қызғанып, ішін қайнатып отыр. Японияның әуелгі мешеу болып, дүние жарығынан меңіреу болып, өзінің, өзгенің не күйде екенін білмей отырған қалпынан шығуына себеп болған нәрсе — өзге Англия, Франция, Голландия секілді білімді жұрттардың Японияның надандығымен пайдаланғысы келген қомағайлығы болды. XIX ғасырдың әуелгі жартысында Қытай мен Америка һәм басқа Европа патшалықтарының саудасы қызды. Бұлардың бір-біріне қатынасатын жолында Япония болды. Білімді жұрттар Японияның да ісіне өз саудасын кіргізіп, олардың қанын соруға айналды. Япония ғылымды жұрттардан келетін зиянды көрген соң оларға өткел бермегісі келді. Бұған бастығы Америка болып Европаның көп патшалықтары ықтиярсыз өткел беруге мойын ұсындырды. Бұл уақиға 1853 жылы болды, Японияның бұларға қарсы бетке ұстайтын қаруы болмады. Көп айлалы қомағай, білімді жұрттардың ортасына түсіп, өздігінен айрылып, халыққа жем ботатын уақыт келді. Осы себеп қамшы болып, Японияның сүйегіне сінген ұлтшылдық, жігерлілік қаны ойнады. Айлалы, азулы жауға өзінің ұстап келген қаруындай қару ұстап, өзінің сүйенген тәртібіндей тәртіпке сүйенбесе, басқа ылаж болмайтын болды. Жұрт басшысы, қамқорлары бұл халді ұғып, осының жолына бастарын сарп етіп,

жаңа жол табуға ізденді. Солардың талпынуының себебінен 1868 жылдағы жаңалық (реставрация) дүние жүзіне келді. Бұл жаңалықтан бұрын Японияда Микадо (патша) болса да оны ешкімге билетпей, бар билік қолынан тарайтын, бұрын соғыс басшысы жандарал Сиогундікі болатын. Сиогундарды әуелде патша сайлайтын болса да, соңғы уақытта Сиогундер күшейіп кетіп Токугава деген тұқым 265 жыл бұл дәрежені ұстап тұрды. Сиогундардың көбі бір жағынан патша секілді халықтың бар міндетін артқан кісісі болмаған соң, екінші жағынан, қолында үлкен күш болған соң халыққа, патшалыққа зиянды көп істер істеді. 68-жылдың бір жаңалығы сол сиогундардың ең соңғысы Токугава Кэнки деген кісіні жаңалықты бастап жүрген халық қамқорлары орнынан түсіріп, Сиогун деген дәрежені жоқ қылды. Бұдан соңғы бір жаңалығы: бұрын Японияда әрбір тайпаны бір даймиос, яки князь билейтін. Бұлардың бәрі де қол астындағы халқынан алым алып, қолдарына көп батырлар, яки әскер сақтайтын. Бұлардың өзі білімсіз, өзі жуан болған соң елге келтіретін зияны көп болады. Жаңалық оларды да орнынан домалатты. Бірақ Японияның бетін түзеп алып, ретке кіруге аяқ басқан 68-жылдан бері қарай деуге болмайды. Бойға сіңіп қалған надандық мысқалдап шыққанша, ескіден шығып, жаңаға түсініп кетудің ауырлығы жеңгенше, бірталай жылдар өтеді. Японияның дәлді бетін түзеп алып, ілгерілеуге аяқ басқанының басы 1885 жылдан бері қарай басталды. Бұл — Японияның ғылымға нағыз жұмылған уақыты. Ал басқа жұрттардан үйреніп, фабрика, завод ашып, солардың ғылымдарын өздеріне жұқтырғысы келгендік сиогундар заманында да бар еді.

Японияның жаңалықтан кейін озып ілгерілеп кетуіне себеп болған — екі уақиға дейді. Японияның Маркиз Энтон деген президенті (министрлер советінің бастығы). Бұл кісі Японияның ең көрнекті халық басшысы, өзге жұртты Япония жатырқап жүргенде, солармен араласуына, ғылымға аяқ басуына себеп болған Херобуомы Итоның мұндағы көрсететін уақиғаларының бәрі — Япониядағы патшалық түрі өзгергені. Халық алдында жауапты министрлер болады. Патшаның өмірі бұрынғысынан әлсіз болып, конституция кірді. Бұл уақиғаны 1889 жыл әкелді. Японияға 25 жылдай патшалық құрып келген тұқымның ақырғы патшасы бұл жаңалыққа көніп, өзі орнында қалды. Мұның себебінен халыққа әділ би-

лік орнады. Үкімет пен халық арасы жақындап, теңдік туды. Үкімет басындағы кісілерді халық өзі сайлайтын болды. Японияның ілгерілеуіне екінші себеп болған нәрсе — 1894 жылда болған Қытай-Япон соғысы. Бұл соғыстан кейін Япония ғылым, шаруа, сауда жолында аса көзге көрінерлік екпінділік істеді. Мысалы, 1880 жылы Японияның сауда пароходы 310 еді, 1890 жылда 1221 болды. 1887 жылда Японияға кіретін һәм одан шығатын бал пұлдың бағасы 97,5 миллион иен еді (иен 1 сом 29 тиын). Бұл 1900 жылда жарты миллиардқа барды. Оқу жолында 1901 жылдағы есепте Япониядағы оқуға жасы дәл келген еркек баланың школда жүргенінің саны 94 % (жүзден 94), әйел баласының саны 81 процент болды. Бұл талап — сол талаптың осындай жемісі әр жұртты осындай болсам деп үміттендіріп, екпін, жігер беріп, талпынтатын тарих жүзіндегі үлгісі — мол бір сабақ. Жаңалық басталғаннан-ақ Япония жастары ғылым дүкені құрылып тұрған жақтарға ағыла бастады, бәрінің әр жерге келгендегі мақсаттары жалғыз Японияның бақытты болу қамы болды. Сол себепті бұлардың Европа ғылымын біліп алғандары тоқтамастан жеріне қайтып, жиып барған ғылымдарын елдеріне егіп отырды. Японияның бір патшалықтың ішіне кіріп, оқу оқығандары сол патшалықтың жұрт билеу тәртіптері қандай, шаруалардың қандай түрлері бар, өзге патшалықтармен арасындағы саясат (дипломатия) қандай, — солардың әр тарауынан Японияның гүлденуіне керек бұйымдарды қойны-қоныштарын толтырып әкеліп отырды. Японияның әрбір европа патшалықтарының іштеріне барған жақсылары, сол патшалықтардағы жақсы халықтарымен жалғас жүрген қандай міндеті бар, солардың жетсек-ау деп жүрген қандай таза, жана түрлері бар, олардың бәрінен де толық мағлұматтармен қайтып жүрді.

Япония Европа нені істесе, соған көз жұмып ере берген жок. Әрқайсысының жиып апарған білімін ретке салып, өздерінше қолайлы жақсы дегендерін ғана алатын болды. Бұл турасында бір профессордың айтқан сөзі бар: «Біз күнбатыстың жақсысын сініруге дайын тұруымыз керек, бірақ ол уақытта өзіміздің жақсымыз да ұмытылмасын», — деген.

Жаңалық бола бастаған соң Японияда әртүрлі өнерліге, әр түрлі білгіштерге мұқтаж болды. Ол мұқтаж адамдары Европада мол. Сол себепті олар күнбатыс-

тан профессорлар, өнерлілерді шақырып әкеле бастады. Бірақ шындап келген адамдарға шарт қойып отырды. Ол шарттар — Японияның ұлттығына зиян келтіретін нәрселерді оқытып жүрген шәкірттердің жүрегіне сіңірмеулері. Мұндай мінездері байқалған адамдар болса, қызметтеріне кіргізбеді. Бұл уақытта Японияда жаттан келген профессорлар да, өнерлілер де жоқ деуге болады. 1900 жылдағы есепте Японияда тұрған жат профессорлардың саны оншақты-ақ болған. Бұлардың азаюының себебі Япония өзінен білгіштер шыға бастаған соң, жат адамдарды бір-бірден шығарып, орындарына өз кісілерін қоя бастады. Японияның патшасы, министрлері түгелімен білімді адамдар болған соң, бәрінің де жаттап алған жолдары — малды, басты аямай, Японияға ғылым, өнер кіргізу. Осы себепті Японияның жас оқығандарының халыққа істейміз деген жақсылық мақсаттары болса, бәріне әлгілер алдымен өздері көмекші болып тілеген жаңалықтарын орнатып беріп отырады. Японияның алға басу жолындағы тағы бір көзге көрінген мінездері — басшылары, білгіштерінің арасындағы ұйым береке. Бұлар біріміздің істемек бір мақсатымыз болса, сол мақсатымыз алдымен патшалықтың күшті болуына зиянды болатын болмасын. Екінші халыққа ұрлық келтіріп алатын болмасын деп өздеріне шарт қоятын. Осымен бұл күнде Япония тура күшею жолында, алғы іске жұмылған халық болды. Япония халқы — тарамыс, жігерлі, зейінді жұрт. Бұл турасында Европаның Японияға таңданып айтатын мына бір сөзі бар: «Күн батыс халқындағы бір мінез — жас күндерінде адамдары зейінді, талапты болып келіп, үлкейген соң талабы азайып, зейіні солғындап істен қала беруші еді. Япония адамдары жас күндеріндегі күн шығысқа тиісті зейінді талаптылыққа үлкейгенде күн батыс халқының тарамыс ісшілдігін қосып алатын болады».

Японияның басты адамдарының әуелгі Япония жетістіктеріне нәрсесі халқының буыны бекіп, піспей тұрған кезде соғыстан аман сақтау болды. Бұл туралы тілмей тұрған уақыттағы қатты сақ болып, естерінен өз араларында айтысып жүрген белгілі пікірлері. «сыртымыз басқа жұрттармен тату, сыпайы болсын, іштен тұрқы (өнер-білім) аса бағалы болып, еркін өссін» деген. Осы себепті сырттан келуші өнеге аларлық адамдарға Японияда қағусыз, соғусыз еркін жол беріліп отырды. Өзге жұрт еркін болғанда, Японияны илеп-би-

леп кете ме деп қорыққаны көршісі Қытайдың осалдығы еді. Осыны ойлап, Қытайды ұйқысынан ояғам деп те Япония адамдары сыртқы ашқарақ жаудан қысылып жүріп асығумен Япония ғылымының бірталай сатысына шығып қалды. Бірақ өнер-білім жолында қандай шарықтағанымен пайдалы жақсы жұмыстардың талайы ескерусіз, солақай қалуы мүмкін еді. Бар мақсаты күшею болған соң, әлгі айтқандай көп пайдалы жұмыстардың басынан аттап кетпеді деуге болмайды. Ғылым, қуат қай жұртқа болсын мысқалдап бірте-бірте сіңбек, орнамақ һәм бойға баптанып, кемеліне келіп, жай орнаған нәрсе тығыз, берік болмақ. Өзге жұрттың ептеп жай жеткендерінің бәрін түгелімен тез сіңіріп ала қою мүмкін жұмыс емес. Мұндай бірбеткей сыңаржақ қалғандық Японияның ішкі хал-жайын тексерсек көрінеді. Әуелі Япониядағы оқу жолын қарастырайық.

Япония үкіметі жаңалық кірген соң-ақ халық жалпы оқуға міндетті болсын деп жарлық шашқан. Бұл жарлық бойынша жасы алтыға толған бала сабаққа беріледі. Япониядағы төменгі дәрежелі мектептер және университеттер Европа үлгісіне ерте түскен. Мысалы, 1880—90 жылдарда Европадағы не түрлі университеттер болсын, Японияда да ашылды. 1890 жыл мен 1900 жылдардың арасында сол университеттерді бітірген Япония студенттерінің саны 3126 болған.

Япония оқушыларына осы күнге шейін қиындығы кетпей жүрген бір нәрсе — Қытай мен Японияның әдебиеті ерте уақытта қосылып кеткендігі. Бұл қосылу себепті Японияның жазба сөздерінің бәрін қытай тілі кернеп, Японияның өз тілін жеңіп кеткендік. Міне сондықтан Японияның кітап тілі мен сөйлейтін тілі жат, екі басқа. Оқушылар әуелі қытай тілімен таныс болып һәм басқа жұрттардың тілін тағы үйренуі қажет.

Енді Японияның әйелінің жайына келейік. Бұрынғы уақытта әйелі елеусіз күйде болып, ескі ата-бабаларының салтымен әйелге өсіп-өну көзімен ғана қарайтын. Бұл күнгі жаңалық ағымы ол салтты қалдырып, әйелді де мемлекеттің құрметті мүшесінің бірі деп біліп, қатарға кіргізіп барады. Әйелдер үшін төменгі дәрежелі мектептер өз алдына, жоғарғы дәрежелі мектептер де салына бастады. Японияда әйелдер оқитын мектептердің тәртібі — бұл күнде Европа әйелдерінің мектептерінен артық бір тәртіпті. Әйел оқығанда бір жағынан үй ішінің шаруасын үйрену керек, бір беткей оқумен кететін

европаша әйелдері үй шаруасына ыңғайы аз, еркек секілді сөлекет болады, өмірден алыстап кетеді деп бар әйелдер мектебінде шаруа жағын құнттап тәрбие қылады. Японияда бір мектептегі оқушылар бір-ақ жерде тұрады. Мысалы, бір мектепте бес жүздей кісі болса, жиырма-жиырмадан топқа бөлініп, әр топты басқаруға бір үлкен қатын қойылады. Бұл қатынды бір топтың ішіндегі қыздар шешесіндей көріп, өз араларында апалы-сіңлілі кісідей жақын жүреді. Онан соң күндегі тамақ дайындау, кір жуу, үй тазалау және тиісті басқа шаруа, есеп-қисап — бәрі ол қыздардың мойнында болады. Қыздар әрі ғылым үйреніп білімі артады, әрі шаруа жүзінде өмірге керекті тәжірибе алады. Бұл — Японияның басқа халықтардың ықласын көріп тапқан өзгеше түрі.

Өзге Европа халықтарымен қатар қоюға бөгет болатын бір нәрсе — Японияның діні. Япония бір дінді тұтқан халық емес, қашаннан неше дінді ұстанып келе жатқан жұрт. Бұлар Будда дінін де, Конфуциан дінін де тұтынды. Мұның үстіне Қытай мен Японияны көбінесе ілгері бастырмауға себеп болған ата-бабасының ескі салтын қуып, жолын ұстау болды. Мысалы, өлгеннің аруағын құрметтеу (культ предков). Бұл сияқты әдеттер неше түрлі қараңғы наным, зиянды туғызды. Будда діні мұндай салтқа қарсы болатын, бірақ халықты түзеуге шамасы келмей, ол діннің өзі былғанып бұрынғы тазалық, жақсылықтың бәрінен айрылып қалды. Конфуциан діні де ескі ата-бабаларының салтымен асты. Оның да әсері артық сіңбеді. Ол діндерді қойып Японияны төмен қалпынан көтеріп әкетіп отырған Европа әсері де ата-бабаның ескі жолын әбден жоя алмай отыр.

Ескі салттың күші неке, талақ, мирас жолдарында аса айқын көрінеді. Мысалы, Япония халқының ұғуынша дүниеде артында бала қалмағаннан жаман нәрсе жоқ. Сондықтан бала таппаған қатынды шығаруға жол бос. Қатын бала таппайтын болса, тұқым үзіледі, тұқым үзілсе, ата-бабаның аруағы ұмытылып кетеді дейді. Және Японияда атаның қанын өзгертпеу керек деген бір әдет бар. Қатын алғанда өзімен тұқымдас жақын атаның қызын алу керек. Басқа атаның қызын алса, қан өзгеріп кетеді-міс. Қатын жүріс қылып, осалдығы білінсе де, шығарып жібереді. Себебі, әйелдің мінезі бұзылды, еріне қиянат қылды емес, атаның қанын бұзғысы келді деп шығарады. Бұл әдеттер осы күнге шейін күш-

ті. Японияның оқығандары ескі салттан жерініп, көбі басқа дінге шығып кеткен. Кейбіреулері мүлде дінсіз, бірталайы европа философтарының жолдарын тұтынды. Японияны көбінесе аударып бара жатқан христиан діні. Бұл күндегі оқып жүрген шәкірттерге ешбір дінді зерттеп оқытпайды.

Енді Японияның баспасөзінің жайына келейік. Японияда ретті газеттер шыға бастаған уақыт 1870 жылдардың шамасында. Газет шығарумен таныстығы ертеден бар-ды. XVIII ғасырдың басында Японияның ең алғашқы газеті шыққан. Ол уақытта Японияның Қытайдан басқа жұрттармен қатынас жері болмайтын. Ол уақыттағы газеттерде керекті мағлұмат берерлік ешнәрсе болмайтын. Оның үстіне тақтайға басылып, алып жүруі де ыңғайсыз болатын. Жаңалыққа шейін баспасөз сол газеттер маңынан ұзай алған жоқ. Жаңалықтан кейін 1899 жылда шығатын газет-журналдың саны 978 болған. Бұлардың ішінде саяси ғылыми, әдеби, діни жолдарын тұтынғандары да бар. Газет, журналдың саны болмаса, Япония әдебиеті аса гүлдене алмаған. Японияның әдебиеті басталғалы талай заман болды. Бұл күнге шейін тұтынып келе жатқан — ескі әдебиеттің жолы. Өзге жағының ілгерілеуіне қарағанда, солағай, кем қалған нәрсе — Японияның әдебиеті. Бұл турада Япония жайын жақсы білген адамдар: «Япония өзге жағынан онша бой салып, әдебиетке айналысуға қолы тимеген», — дейді. Сондықтан Японияда адамның адамшылығын түзеп, дүниенің терең мағынасын ұқтыратын кітаптар аз. Бірақ бұған қарап Япония оқығандары терең ғылымнан хабары аз деуге болмайды. Япония оқымыстыларының Европа білгіштерімен тайталасып, ғылымға қызмет қылып жүргендері де бар. Мысалы, жер сілкіну өзгерісін оқитын «сейсмология» ғылымына Япония білгіштерінен жетік Европада оқығандар жоқ деп саналады. Бұдан басқа да әртүрлі ғылымдарға түр кіргізбеуге еңбек қылып, үлкен атақ алып жүрген адамдары бар.

ҚӨКТЕМНЕН БЕРІ

Алатау басына көктен шөккен қарлы қыс кешеден бері бөктерге де сырғып түсті. Кең төскей, сары бөктердегі көп колхоздың егін далаларын жаңада айдалған сүдігерлерін қазірде бір қабат қар басты. Кешелер қара

жатқан бергі беттегі балапан Алатаулар бүгін ала-құла боп қырауытқан шал бас тау бопты.

Күн ұзын бөктер ойымен арғы төмен ойқыл далаларда қалың сұр тұман қалықтап жүр. Шумақталып, ұйлығып, жәй жылжитын ауыр тұман. Баяу тұман. Алыс шеттері тығыз, аксұр бұлт болып қат-қат түсіпті.

Алатаудың ет бөктерінде биікте тұрған бізге осы қалың бұлт — тұманның үстінен аспанға асылғандай боп, Құландының қарлы басы, Қаратаудың жотасы, Күйіктің де төбесі көрінеді.

Әншейіндегі аласа адырларды төмендеп орнаған қалың бұлттар арқаларына міндіріп, аспандатып әкеткен сияқты.

Колхоздың шеткі бір үйінен шығып, орталығындағы үйлеріне таман келе жатқанымызда, ауыл кеңесі Анарбай:

— Апырай, мына тұман жүдә қою бопты да. Ырымы жақсы, жақсы ғой бұ тұманның.

— Қандай ырым болушы еді?

— Айтат қой шаруа. Мал баққан ел шыли есептеп айтпайтынбет,— деп, Анарбай дәл шешуін айта алмағанда, қасымызда келе жатқан егделеу бір колхозшы:

— Тұман, су ғой. Жерге дым түсе береді. Егіндікке наяғы пайдалы ғой бұ. Ырымы со да қазақтың түге... деді

Бұлт үстіндегі қарлы, суық жотасына көп көлеңке үйездеген Қаратау көз тартады. Соған қарай-қарай жүре отырып, біз топ үйлерге жеттік.

— Мынау біздің көпіретіп,— деп Анарбай шеткі бөлек үйді көрсетті. Басына мейрам күні ілінген қызыл ту әлі тұр. Кеш мезгіл жабық екен. Одан өте бергенімізде, екінші үйді көрсетті. Алдындағы айуаны да, өзі де үлкен

— Бұ мешіт ет. Тұқымын құртып, биыл жүдә қамба қылдық,— дейді. Бұрын мектеп болған екен.

Анарбай қатардағы бір есікті көрсетіп:

— Мынау біздің колхоздың избачительниесі — кітапхана,— дейді.

Тап-таза, орташа бөлме. Қабырғаларында айнала жапсырылған көсемдер суреттері, плакаттар. Бірақ аудан қазақ тілімен жазылған плакатқа жарлы ма, әлде не?

Бір плакаттан басқаның бәрі орысша. Ортада қызыл

жабылған биік үстел. Айнала ұзын орындық. Үстел үстінде қазақ әдебиеті.

Зор жетіспегендік: бізде бір газет жоқ. Кімнің кінәсі екенін біліп болмайды. Әйтеуір Бурный айналасында қазақ газетін мезгілімен көру былай тұрсын, тіпті, ныспымен көрмейтін жерің толып жатыр. Мынау кітапхана жаңадан ашылған.

Жалғыз кітапхана емес, бұл колхоздың бүгінгі бар дүниесі де осындай жаңа, жас. Себебі бұл колхоздың тарихының өзі де жас. Әр бір жәйін: «көктем», «көктемде», «көктемнен бері» деп бастайды мүшелері.

Үйткені, бұлар көктемге дейін басқа бір колхоздың ішінде болған. Ол көп үйлі, көп жерге шашылған ыңғайы, икемі аз колхоз болған. Содан бөлініп шыққан 75 үй осы колхоз. Соңғы кезде 75 үйге бұрын көшіп кеткен елден тағы 35 үй келіп қосылыпты.

Осындай тарихын көктемнен бастайтын колхоздың аты «Мирзоян».

«Бурный» политотделінің қарамағындағы 19 колхоздың бірі әзірше қатардан озып кетпесе де, бұл колхоз бірнеше күрделі істің жобасын көрсетеді.

Бұрынғы мешіт бүгінгі қамба мен кітапханадан өткен соң келесі бір үйге тақалдық. Төбесі қалың жабылған, сырты ұқыпты боп жақсы сыланған. Бұл — мектеп.

— Бұны биыл салғыздық. Бұл биылша оқылатын орын. Келесі жазда анау жазықтан ұзын қып тұрып клубын, кітапханасын бәрін қосып бір-ақ саламыз да, мынаны колхозға береміз деседі жолдастар.

Мектепте екі класс бар екен. Соларға арналған екі бөлме. Іштері жарық, көңілді. Колхоз өз күшімен өз іс-мерлеріне кәдімгі парта жасатып қойыпты.

— Ағаш табу, әйнек табу қиын. Осы бізді қинайды. Мектеп үлгілері салынулы. Бірақ терезесіз, — деп аудандық оқу бөлімі нық күйзеліп отырғанын көріп ем. «Мирзоян» колхозы барды сатып, жан-жақтың бәрінен ізденіп жүріп, әзіргі мектебінің аспабын түгендеп апты.

— Биыл гәнә іс бастаған. Осыдан басқа не істей қойды дейсің? — деп, мен енді көрмелеріміз осымен тамамданған шығар деп ем. Жоқ Анарбай мен мұғалім Әмірәлі тағы ілгері ерте бастады. Екінші сондай үйге келдік. Жанында мектеп жасына жаңада ілінген 20 пақты бала күн шуақ жаққа топтанып, қайнап жүр екен. Бұрыштан шыққан бізді көрісімен, қалт етіп тұра қалысты.

— Бұл балалардың ынтырнаты...

— Қай баланың? Қанша баланың?

— Бізде мына «Игілік» колхозының балалары да оқит. Ауылдары қашан. Және киімдері нашар... Қыс суықта оқи алмай қалатта. Сосын осында ынтырнат ашып отырмыз...

— Азығын кім береді?

— Сол колхоздан алдық. Үйлері байғұстар наразы болмастан таяр қылды. Балалар оқу жылына азыққа камтамасызданған,— дейді мұғалім.

Жиырма баланың үйлері кең бөлме. Жалғыз-ақ нары жоқ. Оны жақында әзірлемек. Қазір пеш салып жатыр колхоздың бір ұстасы. Астарында киіз көрпелері.

Қарсы бөлме мұғалімдікі.

— Пеш салынып біткенше, киімі жұқа балалар жаурап қалмасын деп, өз үйіме жатқызып жүрдім. Бұрын бірталайы аткөшніктің балалары,— дейді осы араның тілімен сөйлейтін осы жерлік мұғалім.

Бұл үйге қарсы тағы бір осындай үй тұр. Оған келгенде:

— Бұл ысталабай,— деседі.

Ауызы ас үй. Төргі бөлмеде үстел, ұзын орындықтар. Әлі іші сыланып болмаған.

— Пешінің бабын таба алмай тұрмыз да енді осынның. Қыш (кірпіш) қинайт жүдә. Арбамен кісі жіберіп соны паромхоздан сұратып ап жатырмыз осы пештерге. Онда да аз, жетпей жатыр. Темір пеш қоюға болмайт деп жатыр Районо.

— Оның да бабы табылат, табамыз,— дейді Анарбай.

Осы салынған жаңалықтың барлығына басшы болған соның өзі. Омыраумен, екпінмен жүріп майдан бері ағарту жөнінде көп іс істеген көрінеді.

— Көреміз, енді осымен біткен шығар,— деп ойлай бергенімде, алдымызда төбесіне қызыл ту орнатылған тағы бір үйге көзім түсті. Солай беттедік.

— Бұл жаңада салынып біткен моншамыз.

— Қашан бітті?

— Осы мына Октябрь мейрамына қарсы бітіріп, тақ мейрам алдында бар колхоз мүшесін түсіріп шығардық.

Қатарымызда келе жатқан бір колхозшы:

— Жүрегінің ыстығы бар адамдар көтере алмай да қалды... Жүдә ыстық.

— Анарбай монша салғызып, колхоз мүшесін өлтіріп

апты,— деп жүрмесін біреу деп нашатырның спирт алғызып қойып ем. Басы зеңіп, елти бастағандарына соны иіскетіп адам қыла бердім,— деп, Анарбай бізбен бірге күліп қояды.

Бұрын бұл орындардың ешбірі болмаған жаңа жасай бастаған жас талапты колхоздың бір биылғы жазда тапқан жаңалықтары осы.

Енді төрт-бес күнде мектепке радио орнайды. Ол — шешілген мәселе. Ақшалары әзір. Барлық колхоз мүшелері ауданға жүргелі отырған Анарбайға:

— Әпкел, осы жолы тастамай ала ке,— десіп кезек-кезек тапсырысады.

— О, болат әкемей қоймайым жүдә. Әне күні тайындап кеткем ғой. Таяр о,— деп алып Анарбай бір арманын айтады: әттең осы балалардың киім жағы, әсіресе, аяқ киім! Сол жүдетіп тұр да қызың... аптан.

Алматыларда екі жердің бірінде кездесіп, кәдірі нық бағаланбайтын радионың бұл арада қаншалықты қымбат қонақ болатынын түсінесің.

Қыс келеді. Ұзақ кештер бос. Колхоз газетті де реттеп ұдайы ала алмай жатыр. Көпшілік, ересектер сауатсыз. Өзі Алатаудың дәл түбінде қойын өрде жатқан аз үйлі колхоз. Жолдан қиғаш. Қыс кіре бұл бөктердің «табаны күректей» мықты поездарды жүргізбей, шабаланып, қамап тұрып алатын ақ бораны басталады. Ұмтыларман боп колхоз мүшелері қалады. Сонда әндетіп, күйлетіп, сауаттандырып, дүниеден тіл, хат әперіп тұратын радиоға кім жетеді. Колхозшылармен бірге мен де:

— Радио, радио,— дедім. Үлкен қалаларда кәдірін ұқпай жүргендерім бұл жерде жуылып, шайылып кетіпті.

— Радиоға шақырмасаң әм келетін болат. Сонда кітапханада кәзет, кітап оқып, сауатсыздарға мектебін ашып адам бомаймыз ба сүйте-сүйте.

Осы әңгімемен тобымыз бірінші бригаданың ат қорасына тақадық. Күн батқан еді. Аттар су ішіп кеп, қорасына кіріп жатыр екен.

— Әй, екіншінің атшысы! Ертең ана жегінге шығатын аттарыңа шөпті дұрыстап салғыз,— деп, колхоз бастығы Тоқаң (мұны бар колхоз мүшесі солай атайды) дауыстап тұр екен.

Өзі біріншінің атшысына ілесіп, оттық-оттыққа шөпті дәлдеп салғызып жүр.

Бұл колхоздың үлкен ойы — «мал-мал».

— Мал басымыз аз. Сиыр елу үйімізде бар. Жартысында жоқ. «Бөлінгенде ағанымыз сотұғын. Жылқымыз 73. Уақ мал жоқ. Ертеде ада болған. Енді кәй жерден жиятынымызды кім білсін?»— деп Тоқаң мал жәйін айта кеп:

— Кредит деген сөз бар ет. Пұл тисе жиып-ақ алар ек,— деген кезде, жайланып болған аттардың қасына кетіп, тобымызбен жақындағы үйдің ығына келдік. Тоқаң:

— Мал тисе, тісті тіске қойып, баласындай күтуді бұл колхозшының бәрі ұғып болды.

— Ұқпағанда кәйтет... Малды бауыздағаны өзін бауыздағаны емес пе колхозшының.

— Әке, көріп отырсың ғой «Игілікті», тіпті, өкімет тауысқан жоқ соның малын. Немен ада болды?..

— Енді ме, пешенеге бермесе амал жоқ, әйтпесе... ешкі де болса беріп көрші... десіп колхозшылар бірінен бірі іле жөнелісті. Колхоз бастығы соңғының сөзіне күлімсіреп:

— Ешкі болса да дейсін.

— Жәй айтам-ау, ешкі-сиыр, сиыр ғой жүдә... деп әлгі жігіт тағы үн берді.

— Ешкіні мен саған айтайын,— деп Тоқаң тәжірибелі, есті жүзбен бір әңгіме бастады. Жиырма екінші жылы бір көк шолақтан басқа ешнемем жоқ. Бір күні ыстансаға екі жарым бұт арпа апардым. Сатып көне әкелмекпін. Қарасам сол пұлыма бір ешкі тұр екен, соны әкелдім. Келесі жылы егіз лақ тапты... Оның келесінде өзі екеу, ана екі лақ бір-бірден тапты... Содан қойшы жүре бастады. Аяғы кеп осы мына сиырым болды. Бір жақсы ат та болды. Сойғаным, киім киген, сүтін ішкенім төбесінде. Ақыры со ешкіден жиылған малды колхозға әкеп қостық. Кредит тисе, жүдә, мен ешкі алар ем, осы колхозға түге,— дейді. Отырған колхозшының бәрі шұлығын мақұлдайды.

— Енді мә, сірә енді,— дескендей бәрі де. Бұлардың алдыңғы істері, ұйымшылдығы, көз қырағылығы, жаңа егіс науқаны мен астық жинау ісін де кеуделеп алға шыққандықтары — барлығы да жас колхоздың жас талап, жас екпіні сенімді, өнімді екеніне сендіргендей болады.

1933

«НЕ ДЕГЕН ҰЛЫЛЫҚ, БАЙЛЫҚ, КӨРКЕМДІК»

Ардақты Мұхтар аға!

«Абайдың» бірінші кітабының жарыққа шығуына да өте қуаныштымыз. Бұл хабар қазақ әдебиетінің тұңғыш ұл баласының қайта туғанындай болып естіледі, амандық болса оқып көріп пікірімізді адал ниетпен айтармыз деп үміттенемін. (18.08.1942 ж.)

...Тайгасовтан беріп жіберген «Абайды» алдым. Өте көңілді, Сізге бас иіп рахмет айтамын. Уақтылы-уақтылы терең оймен жұмарылып оқымасам -да, ат үстінен шетінен кеміріп жүрмін, сындауға, міндеуге, оны терең ойлауға уақыт керек қой. Әсіресе, кәсібі сыншы, мінші емес, әдебиеттен тысқары қара бұқара адамға, сөйтсе де «Абайға беретін менің бұқаралық бағам: ...Мен және мен сияқты бұқара оқушылар бұрын «орта жастағы Абайды», «жасы келіп қалған «Абай», «қарт Абайды ғана» танитынбыз.

Сізге таныс та, тамыр да емеспін. Қошамет етіп жалпапштанар жайым жоқ. Мен солдаттың ерлігіне, ептілік шеберлігіне, әдіс-айласына дұрыс әділ баға беріп үйренбеген солдатпын. Мен Сізге, Сіздің жазған тарихи Абайға көзқарасымды өзгертіп, ұстаған жолымнан таймақ емеспін, көргенімді өзімше айтпақпын.

«Абай» өте көркем, шеберлік, арғымақтай сынды, таптұйнақ, пысық, қысқа, өте мазмұнды (артық сөзсіз) қазақтың жалпақ әдемі жұмыр тілімен жазылыпты. «Словам тесно, мыслям просторно» деген екен баяғыда бір оқыған. Бұл Сіздің талантыңыздың табысы екендігінде сөз жоқ. Егерде «Абайдың» бірінші кітабын Сіздің кейбір бірадарларыңыз жаза қойған болса, былжыратып аумағын аз дегенде «құрандай» етіп жазуы да сөзсіз.

Зере мен Ұлжан жалғыз Абайдың емес, барлық халық анасы, аналық (халыққа) сезімі мол, елдің мұнын мұндап, жырын жырлаған аналар болып ақиқат көрсе-

тілген. Оларға қарсы мейірімсіз, қатыгез феодал, деспот Құнанбайға жолыққанда денең түршігеді. Бала Абай осы екі оттың — екі ықпалдың арасында толығынан көрсетіліп, тарихи анық айқындалған. Мен «Абайды» таныдым, көптен бергі сұрақтарыма Сізден мазмұнды, мәдениетті, тарихи шын жауап алдым. Қазақтың салт-санасы, әдет-ғұрпы толық, айқын, көркем көрсетілген. (мен олардың шет жағасын көргемін, сондықтан түсініп, біліп отырмын, тек айтылған сөз деп таппаңыз). Қоғамдық жұрт мәселелері жағына Сіздің еңбектеріңізге «Слог охарактеризует не только человека, но и общество данной эпохи» деген Н. Гогольдің айтқанынан басқа айтарым жоқ.

Әзір «Абайды» оқып парақтап отырып, ең аяғында «мазмұны» деген бетті оқып отырып, біраз кейін шолып қарасам: «Қайтқанда», «Қатқабатта», «Өрде», «Қияда» деген аттар тек жазушының қоя салған аты емес көрінеді-ау. Оларда мән бар екен. Оныңызға да азғана болса да түсінгендей болдым-ау деймін. Бұрын олар ойыма да келмейтін ғой. Жаңа ғана білсем не істерсіз. Менің қысқаша пікірім осылай.

Б. Момышұлы.

18.10.1942 ж.

Аса құрметті ақсақал Мұхтар Әуезов!

Біз, мен және менің жақын-жуықтарым, Сіздің тарихи романыңыз «Абайды» аса зор ықыласпен оқып шықты. Бұл — тұтас бір халықтың өмірін түбегейлі де түбірлі суреттеген тамаша кітап. Мойындауымыз керек, бұл кітаптың талай беттеріне көз жасымыз тамшылады. Онда қаншама махаббат пен трагедия толқындары жатыр десеңізші.

Біз сіздің өз романыңыздың келесі басылымында оның ақырғы бетіндегі «соңы» деген сөзді алып тастауыңызды және оны жалғастыруыңызды тілейміз. Өйткені, Абай әлі жас... Оған әлі көп өмір сүру керек. Ол өз Әигерімімен қайта табысты. Оның Мағаштай сүйікті ұлы бар. Оның қазақ жастарын Европа мәдениетімен сусындатуы сияқты өміршең мақсаты тағы бар.

Денсаулығыңыздың мықты болуына тілектеспін.

В. С. Вонсовский
Феодосия қаласы.
Қырым.

16 февраль 1949 ж.

* * *

Құрметті жолдастар!

Мұхтар Әуезовтың «Абайы» маған өте қатты ұнады. Мазмұнына безендірілуі сай екен. Онда қазақ халқының адамгершілік қасиеттері мен тұрмысы, ең бастысы — жарлы-жақыбайлардың әділеттілік күресі, жана нұрлы өмірге талпынысы барынша айқын бейнелеу тапқан.

Мен, шынымды айтсам, бұл кітапты қалай бағаларымды білмеймін. Бірақ мен өз тарапымнан осы кітап бойынша кинокартина түсірілуін ұсынар едім. Бұл 1897 жылы туған ардагерлердің тілегі деп біліңіздер.

19 сентябрь 1949 ж.

Анисим Разгильяев,
*Лесозаводск қаласы,
Приморье өлкесі*

* * *

Құрметті жолдас Әуезов!

Сіз жазған тарихи роман «Абайды» оқып отырып, мен қазақ халқының өміріне өзімді ұмытып, сүңгіп кеткендеймін... Сіздің еңбегіңіз халыққа көп пайда келтіреді, ол әлемдік әдебиеттің асыл қорына кіретін жана бет болып табылады.

Сәлеммен С. Ильдарава,
Тәжікстан КП Теміржолы аудандық комитетінің партия, кәсіподақ және комсомол ұйымдары бөлімінің меңгерушісі.

28 июнь 1949 ж.

*Сталинабад қаласы,
Тәжік ССР-і*

* * *

«Абай» романы... мүмкін мен оқымадым тек қана әндеткен сияқтымын. Ертеде өткен қазақтардың өлеңін әндеттім. Мен Абай, Әйгерім, Тоғжан және олардың барлық достарымен бірге әндеттім... Мен үшін Сіздің кітабыңыз — қазақ халқының тарихы. Бұл халықтың адамдық асыл мұраты үшін алысқан қасиетті күресінің тарихы. Не деген ұлылық, байлық көркемдік... Оқушы жанында қуаныш дауылын соқтырып, сезім мұхитын

тудырған Сіздің еңбегіңізге шын жүректен терең алғысымды айтамын.

Қазақ халқына, ақын, әнші халыққа Орал шахтерінен жалынды сәлем!

20 март 1950 ж.

А. Столяров,
Гремячинск қаласы,

Роман соншалықты қызық болғандықтан көптеген жерлерін бірнеше рет қайталап оқыдым. Шығарма өте көркем, нәрлі тілмен жазылған...

Мен — құмықпын. Біздің тіліміз тәжіктен басқа барлық орта азиялықтармен, әсіресе қазақ халқының тілімен үлкен ұқсастықта. Романды мен қазақ тілінде оқуға өте құштармын... Мұхтар Әуезов романындағы тұрмыс, мінез-құлық, әдет-ғұрып, қолданылған халықтық мақал-мәтелдердің басым көпшілігі біздің халқымыздың бойындағылармен бірдей десе болғандай.

А. Батыров.
Махачкала қаласы,
Дағыстан АССР-і
4 апрель 1950 ж.

Аса қымбатты Мұхтар Омарханұлы!

Сіздің «Абайыңыз» мені сұмдық толғантты. Кітабыңыз ғана емес, кейіпкерлеріңіз Зере, Ұлжан, Тоғжан, Салтанат осы қазір бізбен бірге өмір сүруде. Олар мәңгілік жасайтындай.

Мен ақ шашты мұғаліммін. Елу жылдық стажым бар. Қазір 78 жастамын. Пенсияда болсам да, оқушылармен өз бетімше үйде жұмыс жүргіземін. Бұл тіршілігіме аталған кітабыңыз көмек бергендей жігерленіп жүрмін.

Е. В. Аккерманова,
пенсионер.
Дербент қаласы.
10 июнь 1951 ж.

Мен қазақтардың әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерін білемін. Маған олардың ауылында мұғалім болып жұмыс істеуге тура келген. Сіздің шығармаңыз мені екінші рет сол еңбексүйгіш халықтың ортасына оралтты.

Сіздің кітабыңыз «Абай» — бұл қазақ халқының болашақ үшін күресінің, қайта тууының шежіресі. Ашығын айтсам, Қәмшаттың ауыр тағдырын оқығанымда

жылап жібердім. Тоғжан мен Салтанат тағдырларының қайғылы аяқталғанын білгенде де солай болды. Иә, балбөбек Қәмшаттың «Апа! Аға! Аға-Ата!..»— деген үнін есту қандай аянышты. Иә, өз бауыр етінен тірідей айрылған ана Айғыздың қасіреті қандай ауыр. Бұл — қаталдық. Бұл... Бұл... Сіз мұны шығармаға неге кіргізген деп те қиналдым. Әрине, өмір шындығынан аттап кете алмаған шығарсыз. Мен бүгін көрші қазақтармен (қазақ тілін біраз білемін) Сіздің кітабыңыз туралы тілдестім. Олар да аса разы. Алайда кітабыңыздың қазақшасын табу да өте қиын.

Менің шын жүректен шыққан сәлемімді қабыл алыңыз

Романды бүгін оқып шықтым, бас алмастан құныға оқыдым! Мен Сенкевич, Шиллер, Иван Франко, Майн Рид, Мольерлердің бәрін де түп-нұсқадан оқығанмын, бірақ «Абай» романына салыстыра теңерлік еш нәрсені таба алмай отырмын...

Сіз жазған «Абай» бүгінгі қазақ халқының қайта туып өркендеуінің бейнесі.

Оқытушы Г. Лядин

муғалім.

8 март 1952 ж.

Омбы облысы.

* * *

Жолдас профессор Әуезов!

Сізге хат жазып отырған бейтаныс оқырманыңыз. Бірақ мен Сізді білемін. «Абай» романыңыз арқылы. Ол бізге өте ұнады. Жұрт қолдан-қолға тигізбей оқыды. Олар «Осындай Абайлар көп болса»— дегенді айтты. Көп оқырманға Сіздің қонақжай халқыңыз — қазақтар да қатты ұнады. Тіпті біраз адамдардың Қазақстанға барып, сондай халық арасында тұрғысы келеді. Менің де, көшіп барғым келіп жүр.

Мен Хорши орыс бастауыш мектебінде сабақ беремін. Мен татар тілін біршама білемін. Енді қазақ тілін үйренгім келеді және оны тез меңгеріп кетем-ау деп ойлаймын. Оған себеп — әрине, өз романыңыз екенін біліп те отырған шығарсыз.

Т. П. Городецкая,

Хорши совхозы,

Миха-Цхакая ауданы,

Грузин ССР-і.

22 март 1953 ж.

Кымбатты Мұхтар Омарланұлы!

Сәлеметсіз бе? Бұл хатты Сізге өз диплом қорғаушы шәкіртіңіз жазып отыр. Егер маған өзімді солай атуға болса. Есіңізде ме, мен 1953 жылы Ленинград мемлекеттік университетін бітірерде Сіздің кітаптарыңыз «Абай» және «Абай жолы» бойынша дипломдық жұмыс жазғанмын, Сонда Сіз маған: «Дипломдық жұмысқа тақырып таңдаудағы батылдығыңыздың жемісті болуына тілектеспін»,— деп жазғансыз.

Мен диплом қорғауда алған бағамның үздік емес, жақсы болуына қарамастан, дипломдық жұмысымның жемісті болғанын айтуға тиіспін. Расында да ол өте жоғары бағаланды, бірақ Ленин еңбегінен цитаттардың екі түрлі басылым бойынша алғаным және негізгісі — жұмысымның тілі тым көркем болғаны үшін оған «төрт» деген баға қойылды. Бәлкім төгілген тіл — елеулі кемшілікте шығар. Алайда мен «жастығымнан, ақылсыздығымнан» оны мін деп түсінбедім, тіпті қазір де солай деп ұқпаймын. Неліктен дипломдық жұмыстың және барша зерттеушілік еңбектердің тілі тақ-тұқ болуға тиіс. Мен қазір де ғылыми жұмыстардың тілі өз объектісіне сәйкес жарқын, бейнелі, сұлу болуға тиіс деп ойлаймын. Ал Сіздің «Абайыңыздың» ғажап бейнелі, бедерлі тілі жан-жүрегімді тұтқындап алғандықтан да, мен дипломдық жұмысымды тақ-тұқ ғылыми тілмен жаза алмадым. Сіз мені дұрыс түсініңіз, Сізге шағым айтып отырған жоқпын. Ұққым келетіні — адам жанының алтын айшықтары туралы жазуға Маяковскийге неге болады, ал маған неге болмайды? Оны айтпағанда ондай алтын айшықтар Сіздің жарлы-жақыбайларыңызда да бар ғой. Сонда барды жоқ деймін бе? Менің айтайын дегенім бұл да емес — Сіздің Абай ұрпақтары жайлы жаңа кітабыңызды асыға күтсеміз.

Мен келесі 1956 жылы СССР халықтары әдебиеті бөлімінің аспирантурасына оқуға түскім келеді. Мақсатым — қазақ сөз өнерін зерттеу. Мен Сізге көпшік қойып отырғаным жоқпын (ол қолымнан келмейді де), бірақ Сіздің «Абай» мені қазақ даласына деген және әнші әрі ән шығарушы халыққа деген махаббат дертіне ұшыратты. Мен бұл халықты сергек санасы мен дархан жаны үшін сүйіп кеттім. Мүмкіндік қалай туса, солай Қазақстанда болмақпын.

Сізді келе жатқан Жаңа 1956 жылыңызбен құттықтаймын.

И. Клепцова,
Серпухов қаласы,
Москва облысы.

25 декабрь 1955 ж.

* * *

Мен қарапайым жұмысшымын. Менің көзім су қараңғы болса да Сіздің керемет кітабыңыз маған да жетті. Ол тек қана көзі бар оқырмандар үшін емес, біз үшін де басылыпты. Сіздің «Абай жолы» романыңызды бұдан бес жыл бұрын оқыған едім. Содан бері қарай мен қазақ сөзі мен қазақ музыкасын естісем жайбарақат тыңдай алмайтын халге жеттім. Сіз менің алдыма Абай образын соншалықты алапат күшпен таныттыңыз, бірақ та өзімнің осыған орай Қазақстанда ешуақытта бола алмағанымға қатты өкініштемін.

Сіз туралы, Сіздің романыңыз жайлы жазылғандардың бәрінен де бихабармын, өйткені мен соқырмын. Радиодан Сіздің сөзіңізді екі рет тыңдадым. Сіз Москвадан сөйлегенде бойымда пайда болған жан тебіренісімді қағазға түсіру арқылы жеткізе алмаспын. Менің көз алдымда тағы да Абай қайталанбас талантымен, ұлы да нәзік жанды қалпымен тұрып алды. Мен енді қазақ халқын жақсы білемін әрі бар жаныммен сүйемінде.

Қазақ музыкасы мен өлеңі орыс өнеріндегі жақын туысым болып кетті. Осының бәріне мен, Мұхтар Омархан ұлы Сізге қарыздармын. Менің шын жүректен жарып шыққан терең алғысымды қабыл етіңіз. Мен дәл Сізге маған ақылды, талантты қазақ халқын сүйеге үйреткеніңіз үшін орыстардың қастерлеп айтатын зор рахметін жолдаймын. Сіз жазған және келешекте жазылатын шығармалардың бәрі түгелдей орыс тілінде басылуын бар жаныммен тілер едім.

Раиса Хохлова,
Талбов,

17.12.1958 ж.

Қадірлі Мұхтар аға!

Деніңіз сау, жаңа творчестволық биік деңгейге көтеріле беруіңізге шын жүректен тілектеспін.

Осы хатты Сіздің баға жетпес рухы биік, теңдесі жоқ романыңыз «Абайды» оқып шыққан соң бүкіл жан дүниемнің терең тебіренісіне бөлене отырып жаздым

Мен ешуақытта ақын туралы күшті жазылған мұндай романды оқыған емеспін. Осы күнге дейін мен Эфенди Қапиевтің Сүлеймен Стальский туралы жазылған суреттеулеріне толқып еміреніп келсем, енді менің іштей жүрек лүпілімен толқып, тебіренуім түгелдей Сізге қарай ауып отыр

Абайдың туыстары немесе немересі бар ма, болса маған хабарлауыңызды өтінер едім? Абайдың қазақ тілінде басылым көрген өз кітабын жіберуді де қалар едім. Бұл мен үшін ғана қызықты емес, ол менімен бірге қызметтес жауынгерлер үшін де өте қажет болып тұр. Өйткені олардың Сіз жазған романды жарыса оқып пікір таласына түсіп қызыл шеке болуын тұтас қалпында жеткізуге тіл байлығым жетер емес, қиналып отырымын.

Сіздің Семейлік жерлестеріңіз Григорий Кузьмин мен Борис Корнилов мен арқылы шын жүректен сәлемдерін жолдап отыр. Дәл қазір менімен бірге отырған Фуат Сұбханқұлов Сіздің бақыты, ұзақ ғұмыр сүруіңізге өз атынан арнайы сәлем жолдауды тапсырып отыр.

Ол Сіздің романыңызды оқып, 676 бетіне кейін оқып келіп қалды.

Тағы да Сізге деген зор рахметімізді жаудыра отырып, адамзат баласының сан ғасырлар күресімен қол жеткен бүгінгі өміріміз үшін бар күш жігерімізді, тіпті өмірімізді де аямай қызмет ете бермекпіз.

Менің мекен-жайым:

Башқорстан, Мура қаласы.

77926-әскери бөлім.

*Башқорт халқының ұлы, қарапайым
солдат Догин Бабичев*

Уфа. 19.04.1959 ж.

Құрметті профессор!

Сіздің «Абай» деген романыңызды оқып шықтым. Кітапты оқу үстінде ішкі жан дүниемде болып өткен алай-түлей қуаныш сезімді сөзбен жеткізуге тілім жетпей қиналу үстіндемін. Сіз сияқты жазушысы бар қазақ халқы қандай бақытты халық. Кітапты оқу үстінде өзімді өзім ұмытып бүкіл жан дүниеммен соған еніп кеткендеймін. Мен қазақ елінде болмасам да менің көз алдыма Абай тұлғасы мен қазақ халқы көз алдымда тұр. Мені өз халқымның «Абай» романының геройы ұлы ақын Абайдай болу арманы билеп алды.

Кітапты оқу үстінде мен Сіздің халқыңыз бен Құзнец Алатауын жайлаған кішкене ғана Шор халқы арасындағы ортақ ұқсастықты танып білдім. Екі халықтың да әдет-ғұрпы, салт-санасы, тұрмыс тіршілігі, тіпті көптеген сөздері де бір-біріне соншалықты ұқсайды екен

Қазақ халқында көп әйел алу салты болса, ол бізде қазіргі өмірде болмаса да, біздің батырлар жырларымызда ол салт жақсы сақталған. Хандар, батырлар немесе эпос геройларының көп әйел алғандығы жырланады Зерттеуші профессор Котопов пен Диренков ескі дәуірдегі Шор халқы жаяу аңшы болған деп қарайды. Ал біздегі батырлық жырлардағы батырлар да Құнанбай, Сүйіндік, Бөжей сияқты мыңғырған малы, байлығы болған. Олардың даңқы мен күші қолындағы мал мүлктің молдығымен айғақталған. Өткендегі және қазіргі күндегі шор халқы таулы тайғаның аңшылары болғаны сияқты дала халқы да тек малмен шектелмеген тәрізді. Өйткені өткен өмір, тұрмыс биігі екі халыққа да ортақ, бірыңғай ұқсас болған деп айта аламыз. Көптеген аңыз әңгімелерде қырғыздар шор халқына шабуыл жасаған делінеді. Тек бірбеткей шабуыл бола бермей, алыс-тұрыс, достық қарым-қатынас та болса керек-ті. Мал бағу өнерін шор халқы екі ара қанша алыс болса да қазақтардан алғанға ұқсайды. Кейбір аңыз әңгімелерде шор халқы қолда бар мүлкін малға айырбастап алыс-беріс еткені айтылады

Профессор Потапов мал шаруашылығы өнерін далалық малшылардан, телеуіттерден алды дегенді мақұлдады. Сіз өз халқыңызды суреттеп беру арқылы біздің шор халқының да өткен өмір тұрмысын қоса суреттеп

отырсыз, бұл мен үшін аса қымбатты, бағасыз көріністер.

Мен шор халқының фольклорын, яғни батырлар жыры, ертегі, аңыз, мақал-мәтелдерін жинап жазумен айналысып келемін. Бірақ менің жазып жинаған мүліктерім Отаным үшін әзірше пайдасыздау болып тұр. Өйткені бұл орыс оқырмандарына жетпей жатыр. Бұл қолжазба мүліктер, менің ойымша аса маңызды рухани қазыналар болса керек. Бұл жиналған фольклорлық шығармаларды орыс тіліне әдеби жатық тілмен аударатын адамды таба алмай жүрмін. Жазып жинастырғандарым өте көлемді мол дүние.

Сізді қол жетпес ұлы табысыңызды шын жүректен қуана отырып құттықтаймын!

Сізді алдағы уақытта да табысты еңбек ете отырып, зор денсаулық арқасында біздің екі туысқан халқымыздық бақыты үшін ұзақ өмір сүре беруіңізге шын жүректен тілектеспін!

Сіздің кітабыңыз менің жұмысыма зор пайдасын тигізіп отыр.

Сізге деген құрметпен

С. Торбеков

Таулы Шория, Оңтүстік Кузбас

20.XI.1951 жыл.

Құрметті редактор!

Газет арқылы Мұхтар Әуезовке төмендегі біздің және біз сияқты жас оқырман мөряктардың хаты мен тілегімізді жеткізуді Сізден ерекше өтінеміз.

Таяу күндер ішінде мен «Абай» романын оқып шықтым. Автор суреттеп отырған өлкеде мен болған емеспін. Бірақ осы кітапты оқып отырып, мен қазақ даласы мен ол халықтың тұрмыс болмысын көргендей сезім қанатында отырмын. Романдағы оқиға желісі төңкеріске дейін болып өтсе де, автор оны бүгін көз алдымызда болып жатқандай жандандырып, нандыра суреттейді.

Автор өз суреттеуінде қазақ халқының өмірін кең көлемде қамти отырып, қоғам ішіндегі қанаушы тап пен олардың арасындағы өзара талас-тартысын, қаналушы жарлы-жақыбайлардың шерлі мұң-мұқтажын қанық өмір бояуымен безендіре көрсетуі сөзсіз жазушының қол жетпес ерен биік табысына айналғаны талас тудырмаса керек-ті. Мұның нақтылы әрі жарқын мысалына

жергілікті өкіметтің халықпен қарым-қатынасы, Құнанбаидың Қодарды жазалауы, Базаралының елден қудалануы, сондай-ақ баласы Тәкежан болыстың өктемдігі мен өзім білемге салынған әрекетінен көрініп тұр. Бұл көріністер жас оқырман жаңа қауымның ескі үстем салт-санаға деген ашулы ызасы мен кектене жанығу сезімін тудырып жатады. Өздерінің аш-жалаңаш тұрмысына қорланған жарлы-жақыбайлар ең болмаса ауылға жаңа түскен жас келін Абай қалыңдығы Әйгерімнің жүрек тербер сазды әуенін тыңдауға да уақыт таппау жағдайы да өзінің бар болмысымен қайталанбас көрінісін тапқан.

Жазушы Абай тағдырын қоғам өміріндегі ірілі-ұсақты оқиғалар желісімен берік те тығыз байланыста алып отырады.

Автор өзі бейнелеп суреттеп отырған кейіпкерлерін оқырман атаулының бірге туған бауырындай қабылдап жіберетіні бар. Әсіресе, Абайдың шын махаббат сезіміне бөленген, ғашық жарын аңсап жан дүниесінің қиналған тұсында онымен оқырманның бірге қиналып күйіп-пісу сезімін бастан кешетіні бар. Абайға таңылған жалған өсекпен Әйгерімнің біртіндеп салқын қабақ танытуы оқырманның жан дүниесін ызғарлы сезім бұлты торлап алаңдауы да жай нәрсе емес-ті. Мұны Абай өзінің батыл да әділетті әрекетімен серпіп тастап оқырман ықыласын өзіне баурап алатыны бар. Абай бойындағы қасиет оның адам жанының ішкі сарайына үңіліп, онда болып жатқан құбылыстың болмысын бірден сезіне алуы себепті күн өткен сайын оның айналасына адал, таза жанды адамдар жинақталып топтала береді. Тікелей Абайдың шарапатты адамшылық әсерімен оның сергек, сезімтал сенімді досы Ербол жетіліп шығады. Ол Абаймен бірге от пен суға түсуге де даяр. Бұл кітапты ондаған жылдар бойы Абайдың күдіретті ақындық үні жаңғырып, жасөспірім жаңа буын жастарды құрес жолына шақырып:

Баламды медресеге біл деп бердім,
Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім,—

дейді.

Бұл кітап бүгінгі жастар үшін өнегелі, әдепті тәлім-тәрбие беретін мән-маңызы бар айтулы туынды. Роман оқырманды өзінің туған халқымен қарым-қатынасқа түскенде барлық жағынан да адал, әділетті, шыншыл,

таза арлы болуға баулады. Осы себепті бұл шығарма оқырман атаулының терең құрмет сезіміне бөлену бақытына ие болып отыр. Бірақ роман аяқталмаған, онда Абайдың болашақтағы тағдыры да, сонымен қатар оның ақын шәкірттерінің де алдағы өмірі беймағлұм қалып отыр. Қалың оқырман қауым Абайдың ақын шәкірттерін өз халқының бақыты үшін болашақ күрес майданында, әсіресе 1917 жылғы Қазан төңкерісі алдында көргісі келеді.

Аса зор құрметпен курсант

Романчук К. М.

Рига қалсы, 97 «г» почта жәшігі.

Аса құрметті ж. Әуезов!

Бүгін сіздің аса таңғажайып «Абай» романын оқып шығып, менің алыстан айтылған алғыс сезіміне бөленген рахметімді Сіз есітсеңіз екен деп армандаймын.

Мен алыстағы қазақ халқының тұрмыс қалпын, өмір болмысын танып білуге әр кезде-ақ қызығумен келемін. Сіздің тамаша романыңыз мені қазақ елімен таныстырып, қана қоймай, қайта сол халықпен, оның геройларын бар жаныммен сүйеге алып келіп отыр. Сіз сомдаған Абай, Тоғжан, Әйгерім, Салтанат, Базаралы, Ербол және тағы басқа кейіпкерлер аса жарқын еліктеуге тұрарлық тұлғалы образдар ретінде менің жадымда мәңгілікке қалмақ.

Халықтың әдет-ғұрпы, салт-санасы, дәстүрін, өмір болмысын және қайталанбас табиғат көріністерін суреттеу Сіздің тамаша халқыңыздың өмірі мен тарихы туралы толық таным бере алады.

Тез арада, өте білгім келетін нәрсе Сіздің халқыңыздың өмірі Ұлы Қазан төңкерісінен кейін қалай қалыптасты, қазір қалай тұрмыс құруда?

Сіздің романды талдап білу, таныту сыншы, мамандардың ісі. Сіз жазған роман қарапайым оқырмандарға, мен сияқты от басында отырған әйелді шын мәніндегі жан тебіренісіне түсіріп рахат сезімге түсіргені бұл бұлтарғысыз факты. Бұл Сіз жазған ізгілікті шығарманың бос кетпей, халық жадында мәңгілік қабылданып қалуы деуге керек. Сіз өз халқыңызды тарих алдында тарихи шындықтың шымылдығын түріп, бүкіл оқырман

қауымға таныттыңыз, бізге өте жақын туысқан да еттіңіз.

Жақсы кітабыңыз үшін Сізге тағы да рахмет айтамын. Деніңіз сау болып, көп жыл жасап, шығармашылық табысқа жете беріңіз деген менің шын тілегімді қабыл алғайсыз.

Алдағы уақытта Абайдың өмірі жайлы романның жаңа тарауларын оқитын болармыз деген сенімдемін.

Бақытты болыңыз!

Сіздің таланттыңызға табынушы — **Марианна Уомая.**

27 07. 1951 ж.

Мұха!

Сіздің өте жылдам берген жауап хатыңыз, қымбатты Мұхтар, мені қатты қуанысқа бөлеп, тебіреніп қобалжытты.

Өмір мені жақсы адамдардың аздығына үйретті, жастық шақта жақсы адамдар мол болар деп ойлаушы едім. Осы себепті де Сіздің хатыңыз мені ерекше қуантты. Сіздің кеңесіңіз бойынша Нүсіпбеков пен Адалетке хат жаздым. Осымен қабат менің Сізге жазған бірінші хатыммен бірге Санжар Асфандияров туралы Президент Сәтбаевқада хат жаздым, бірақ жауап хаты әлі күнге дейін болмай тұр.

Сіздің жазған хатыңызға қарағанда Сіз Мәскеуде ақпан айына дейін болатын сияқтысыз. Сіздің бізге өте жақын араласқаныңызға қуаныштымыз, маған телефон шалуыңызға да болады. Егер Сіз Ленинградқа келе қалсаңыз маған хабарласыңыз. Сіз менің үйдегі ең құрметті сыйлы қонағым боласыз. Газеттер арқылы қазақ өнерінің табысы мен жетістігінен хабарлар болып тұрмын. Әсіресе, Сіз, Сіздің кітабыңыз туралы жазылған сын мақалаларды оқу айрықша қуанышты. Қазақ Халық ағарту институтында оқыған менің шәкіртім Құрманбек Жандарбековтың фото суретін көру мені қуанысқа бөледі. Менің жадымда ол биік дауысты әнші, дирижер бала ретінде қалыпты, ал фотосында москал тартқан ата болыпты. Осы сияқты жадыңызда мен де 20 жастағы бой жеткен қыз ретінде қалсам керек, енді ше? Ой, оны айтпай-ақ қойғаным дұрыс болар!

«Әже де өксіп жыр айтар

Жыл өтсе өмір қартайтар — дың кебі келіп тұр емес пе?

Менде москал тартып, көріліктің жақсылы жаманды жағымен жүріп жатқан әжеге айналдым.

Сізбен ұшырассам деймін, өткен-кеткенді, достар мен таныстар жайлы әңгімелесіп, сұхбат кешін құруға өте құштармын.

Санжар Асфандияровтың (еңбектерін жариялау, мерей тойы т. б.) ісі туралы хабарлауыңызды өтінемін. Сіз қандай кеңес берсеңіз, мен солай қызмет етуге даярмын. Сіздің уақытыңыз қарбалас болуына (қаншалық автографтар бердініз деп ойлаймын) карамай қолыңыз қалт еткенде ең ыңғайлысы кешке қарай маған телефон шалыңыз. Телефон Г—2-45-78

Сіздің Асфандрияр қызы Рогазаныз.

МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМНЫҢ СОҚТЫҚПАЛЫ СОҚПАҚТАРЫ

Абайға барар жолда	3
САГУ-дың аспиранты	13

АБАЙТАНУШЫ ҒҰЛАМА

Абай мұрасының бірегей білгірі	25
Мұхтар Әуезов: Абай және Шығыс жұлдыздары	28
«Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысы» (М. Әуезов — Абай шығармаларының текстологі)	38
«Сырымды тоқтатайын айта бермей»	
Бір автоцензура хақында	100
Ұлылық үндестігі	153
Түлкібастықтар — Әуезов кейіпкерлері	157
Абайды қалай таныдық	160
Ар ұялар іс қылмас ақылы зерек	166

МҰХТАРТАНУ

Мұхтартанудың өзекті мәселелері	192
Мұхтар Әуезов және қазақ әдебиеті тарихын дәуірге бөлу мәселесі	197
Ұстаздық еткен жалықпас	224
Асыл мұра	229

М. ӘУЕЗОВТИҢ ЖАРИЯЛАНБАҒАН ЕҢБЕКТЕРІ

Алматыда Абай ескерткішін ашқанда сөйленген сөз	233
Қазақтың көркем әдебиет баспасының бас редакторы Ғ. Ор- мановқа	235
Көкбайдың ақындығы	236
Япония	245
Көктемнен бері	251

«НЕ ДЕГЕН ҰЛЫЛЫҚ, БАЙЛЫҚ, КӨРКЕМДІК»	257
--	-----

Ғылыми-көпшілік басылым
Мекемтас Мырзахметұлы
ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ АБАЙ

Қазақ тілінде

Суретшісі **Т. Ордабеков**
Көркемдеуші редакторы **Н. Нұрмуханбетов**
Техникалық редакторы **А. Ткаченко**

№ 5769

Теруге берілді 8.08.96 ж. Басуға код қойылды 29.11.96 ж. Қалпы 84×108^{1/2}. Қағазы № 2. Гарнитурасы «Әдеби». Шығыңқы баспа. Шартты баспа табағы 14,3. Есепке алынатын баспа табағы 15,24. Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 4302.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Халықтар достығы орденді «Қазақстан» баспасы, 480009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143.

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат істері жөніндегі ұлттық агенттігінің Республикалық «Кітап» өндірістік бірлестігі, 480009, Алматы қаласы, Тагарин даңғылы, 93-үй.